

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

7-8-9

ИЮЛЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КҰР АЛТЫН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXVIII ЖЫЛ ШЫРУЫ

№ 9

С Е Н Т Я Б Р Ъ

1959

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Коммунист — жетіжылдықтың қажырлы күрескері	3
А. РАХМАНОВ — Партия оқуы жүйесінде оқу жылын жақсы әзірлікпен бастайық	10
А. ДАНИЛОВ — Социалистік елдердің экономикалық ынтымағы	16
К. ШӘЙМЕРДЕНОВ — Қытай Халық Республикасына он жыл	22
К. БОРОДИН — Табандылықпен жүзеге асыратын міндет	28
М. РЫМЖАНОВ — Малшылар арасындағы саяси жұмыс	34

## СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XVI тарау — Соғыстан кейінгі дәуірде социалистік халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолындағы партияның күресі (1945—1953 жылдар)	40
---	----

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

А. БЕРДАЛИН — Бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары	69
Х. БАҚАУОВ — Коммунистің жеке ісін қарауда Уставтың талаптары қатаң сақталсын	73
К. ӘБІЛДАЕВ — Партиялық бақылау дұрыс жүзеге асырылсын	79

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ОИ-ПІКІР ТАРИХЫНАН

О. СЕГІЗБАЕВ — Ш. Уәлихановтың философиялық көзқарасы	84
---	----

## ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Т. ЫДЫРЫСОВ — Астық үшін аттаныс	90
Ж. ҚАБДЫШЕВ — Ұйымдастыру жұмысының жемісі	95
О. ҚОЖБАНОВ — Қоғамдық тәртіпті қорғаушылар	97

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

А. ТУҒАНБАЕВ — Африка халықтары тәуелсіздік үшін күресте	100
--	-----

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ә. ЖҰМАБАЕВ — Ұлы көсемнің ұмытылмас бейнесі	105
--	-----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	112
-----------------------------	-----

## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ—Коммунист—передовой боец семилетки	3
А. РАХМАНОВ — Организовано начать учебный год в сети партийного просвещения	10
А. ДАНИЛОВ — Экономическое сотрудничество социалистических стран	16
К. ШАЙМЕРДЕНОВ — Десятилетие Китайской Народной Республики	22
К. БОРОДИН — Технический прогресс и горком партии	28
М. РЫМЖАНОВ — Массово-политическая работа среди животноводов	34

### ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

XVI глава — Борьба партии за восстановление и развитие социалистического народного хозяйства в послевоенный период (1945 — 1953 годы)	40
---	----

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

А. БЕРДАЛИН — Отчетно-выборные собрания в первичных партийных организациях	69
Х. БАКАУОВ — Строго соблюдать требования Устава КПСС при рассмотрении персональных дел коммунистов	73
К. АБИЛЬДАЕВ — За правильное осуществление партийного контроля	79

### ИЗ ИСТОРИИ ОБЩЕСТВЕННОЙ МЫСЛИ В КАЗАХСТАНЕ

О. СЕГИЗБАЕВ — Философские взгляды Чокана Валиханова	84
--	----

### ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Т. ИДРИСОВ — В битве за большой хлеб	90
Ж. КАБДЫШЕВ — Коммунисты во главе соревнования	95
О. КОЖБАНОВ — Народные дружины — блюстители общественного порядка	97

### ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

А. ТУГАНБАЕВ — Народы Африки в борьбе за независимость	100
--	-----

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

А. ЖУМАБАЕВ — Воспоминания о В. И. Ленине на казахском языке	105
--	-----

ПАРТИЙНАЯ ХРОНИКА	112
-------------------	-----

★



# Коммунист — жетіжылдықтың қажырлы күрескері

Коммунист... Бұл сөздің терең мағнасы кімді тебірентпейді. Ұлы Октябрьдің алай-дүлей күндерінде мойымаған, тапжылмаған өрендер коммунистер болды. Шетел империалистерінің, акгвардияшылардың, капиталистер мен помещиктердің сұрапыл қасарысуын тойтарып, Советтердің жаппай іле орнауына мұрындық болған аяулылардың арманы мен ойы коммунизм салтанаты еді.

Азамат соғысында, интервенция кезінде күйзелген шаруашылықты жолға қою қамын қарастырушы тындырымды тегеурінді санлақтар да коммунистер арасынан құлшынып шықты. Ішкі және сыртқы жаудың сағын сындырып, алғашқы бесжылдықтарды қолға алғанда Ленин партиясының мүшелері түйінді, шешуші жерде ұйтқы болып, белгілі мәреден асу жайын толғады.

Советтік Отанымыздың тарихындағы сын сағатта, кешегі сұрапыл күндерде неміс-фашист басқыншыларына өр кеудесімен тосқауыл болғандардың дәл ортасында қарапайым коммунист тұрды. Соғыс кезінде коммунистердің тең жартысы майданда жүріп, жеңісімізді шындады. Брест қамалын қорғаушылардың қаһарман қимылында жалын атқан кек тілеп Берлинде жеңіс туын қадауға жеткізді. Осы үрдіс кезінде лениндік партия мүшесінің шоктығы биік бейнесі, тамаша қасиеті ерекше көзге түсті. Ол қасиет партияның бұқарамен ажыраспас берік байланысы екені анық.

Бұқара, халық тарихтың көрікшісі, қоғам дамуының қозғаушы күші деп білетін партиямыз еңбекшілердің саналылығына, белсенділігіне, ұйымшылдығына, бірлігіне, өнерпаздығына үлкен маңыз береді. «Мемлекет бұқараның саналылығымен күшті» деген лениндік сөздер біздің бұл саладағы ісімізге арқау болды. Осыған орай Совет Одағы Коммунистік партиясының Уставында: «Партия мүшесі бұқарамен байланысын күн сайын нығайтып отыруға, еңбекшілердің тілектері мен мұң-мүддесіне дер кезінде жауап беріп отыруға, партияда жоқ бұқараға партияның саясаты мен қаулыларының мәнісін түсіндіріп отыруға міндетті, біздің партиямыздың күштілігі мен жеңілмейтіндігі — оның халықпен біте қайнасқан, берік байланысында екенін естен шығармауға міндетті» деп көрсетілді.

Бұқарадан үйрену, бұқараны үйрету, халықпен байланыстың барлық дәнекерін кіршіксіз таза, берік ұстау коммунистің тікелей борышы. Бұқарамен тығыз байланысты адам өмір тынысын, жананың күшін анық сезеді. Үлкенді-кішілі қайраткер немесе шаруашылық басшысы бұқарадан қол үзетін болса оны тот басады, кір шалады, әрі беріден соң дамудың өзі-ақ ондай адамды жолдан ысырып тастайды. Бұқарамен байланысы жоқ адам қандай данышпан болғанмен өмірден артта қалады, томаға-тұйық қағидалардың шырғауында шырғалады. Өмір талабын, даму барысын дәл ұғып, толық сезіп қимылдауға мұндай адамның шамасы келмейді, өресі жетпейді. Сондықтан да партия өзінің әрбір мүшесіне халықпен тығыз, мығымас берік байланыста болулы міндеттейді.

Партия бірлігі, ынтымағы, ұйымшылдығы, беріктігі болаттай қамал болғанмен, халықсыз, оның қолдаусыз баянды әрекет жасай алмайды. Партия халықтың алдыңғы қатарлы тобы, бұқараның ең сенімді жокшысы. Партияның бүкіл қызметі халық мүддесіне, бұқара

мақсатына, еңбекші тілегіне бағындырылады. Халыққа қызмет етуді коммунистік партия үлкен абырой деп біледі. Партия өзінің бүкіл жұмысында халық мүддесін, мақсатын, тілегін толық бейнелеуге ұмтылады. Осы талаптың дәрежесіне көтерілгенде, яғни халықтың көкейкесті ойын білдіргенде партияның әрбір ісі, ұраны, бастамасы, жоспары толық мақұлдау, бірауызды қолдау табады халықтан.

В. И. Ленин былай дейді: «Халық бұқарасының ішінде біз не дегенмен де теңіздегі тамшыдаймыз, сондықтан біз халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс көрсетіп отырған күнде ғана басқара аламыз. Мұнысыз коммунистік партия пролетариатты соңынан ерте алмайды, ал пролетариат бұқараны соңынан ерте алмайды, сөйтіп бүкіл машина бүлінеді».

Олай болса коммунист халықпен тығыз байланысты болсын. Бұқараның мұң-мұқтажын, қажетін, тілегін сезу, ұғу, оған мейлінше сергек қарау коммунистің айнымас қасиеті болсын. Жасыратыны жоқ қайсыбір коммунист еңбекшілердің мұң-мұқтажын елеуді өзгермейтін парызым деп білмейді. Мұндай адамдар еңбекшілердің қажетін аттап өтуден тайынбайды. Өз басының қамын ойлағанда қызмет бабын пайдаланудан да шіміркенбейтін, ұялмайтын бірлі-жарым коммунист әлі де болса біздің арамыздан кездеседі. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы қоныс аудару және жұмысшыларды ұйымдасқан түрде қабылдау Жоғары басқармасы бастығының орынбасары П. А. Баришполь дәл осындай адам болып шықты. Ол қызмет бабын пайдаланып, мемлекет мүлкіне арсыздықпен қол сұқты. Баришполь мұнымен де тұрмады. Мемлекеттік және партиялық тәртіпті бұзып, өзінің қарамағында эп-әдемі үйі бола тұра жаңа пәтерге баса-көктеп кіріп алды. Басшы қызметкерге, коммунистке лайықсыз қылықтары үшін П. А. Баришпольды партия қатарында қалдырмай, Қазақстан КП Алматы қалалық комитеті әбден дұрыс істеді.

Коммунист—саяси қайраткер, саяси жауынгер. Ол қоғамдық, мемлекеттік мүддені бәрінен де артық санайды. Коллектив еркі, ұйым ұйғаруы коммунистің бұлжымас ережесі, заңы. Ұйым қабылдаған шешімді, қаулыны жүзеге асыруда табандылық көрсету, қажырлы күрес өрістетуге партия мүшесінің дәстүрлі салты.

Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті жаппай, батыл, шебер, үздіксіз өркендетуді қолға алған партиямыздың қаулы-қарарларын, белгілеген жоспарларын орындау, асыра орындау жолындағы жауынгер күрескер болу әрбір коммунистің айқын міндеті. Ішкі мүмкіндіктерді табу, іске қосу, жаппай өрлеу туғызу, жаңа техниканы қолдану, ең жарлыққа, кертартпалыққа қарсы күресу сөз жоқ осы міндеттен туады.

Еліміздің, республиканың, облыстың, ауданның, совхоз немесе колхоздың, кәсіпорынның міндетіне орай әрбір коммунист өз асуын, өз өткелін, өз орнын анық басып, талап тұғырына көтерілуге тиіс. Партияның Орталық Комитеті коммунистен осыны талап етеді, осыны күтеді.

Мұның зор мәні бар. Советтік демократия барған сайын дамытылып, миллиондаған еңбекшілер коммунистік құрылысқа барынша қатыстырылып отырғанда ұйымдастыру жұмысының да маңызы артады. Социалистік құрылыстың бүкіл кезеңінде біздің партиямыз ұйымдастыру жұмысына зор мән беріп келгені мәлім. Ал коммунистік құрылыс кең өрістетілген кәзіргі дәуірде кадрларды өсіру, тәрбиелеу, орналастыру, істің орындалуын тексеру жұмысының ширай түсуі өте орынды.

Ұйымдастыру жұмысының негізгі салмағы бастауыш партия ұйымдарында жататыны мәлім. Сондықтан да партияның Орталық Комитеті бастауыш ұйымдардың жауынгерлік қабілетін арттыра беруге үздіксіз көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді. Өнеркәсіп, транспорт және

құрылыс кәсіпорындарының, сауда ұйымдарының бастауыш партия ұйымдарында әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссиялар құру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің жуырда қабылданған қаулысы мұның айқын дәлелі.

Міне осындай жағдайда, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын орындауды бақылауды мейлінше күшейту мәселесі алға қойылған жағдайда бастауыш партия ұйымдарының, бүкіл коммунистердің ширақ болуы өте қажет. Ұйымдастыру жұмысының күрсауы мығым жерде, талаптылық, жауапкершілік күшті жерде шаруашылықты шапшаң-ақ өркендетуге болатынын тәжірибе көрсетті. Ал жауаптылық төмендеп, жоспарды, тапсырманы орындау жолындағы күрес бәсеңсіген жерде жұмыс өнбейді.

«Белгіленген мақсатқа жету үшін, — деді Н. С. Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында, — көбірек күш салып, байқалған кемшіліктерді мейлінше батыл сынап, кемшілік атаулыға төзбейтін большевиктік ымырасыздық көрсетіп отыруымыз қажет. Ал кемшіліктер — елесті ұғым емес, қайта бұл кемшіліктер белгілі бір адамдарға байланысты. Өз досыңызға шындықты айтудан қорқудың керегі жоқ, қорықпаңыз! Егер сіз оған шындықты айтсаңыз, егер ол сіздің шын досыңыз болса, онда ол сіздің мұны принцип тұрғысынан айтып отырғаныңызды түсінеді. Ал егер ол сізді түсінбесе, онда ол сіздің досыңыз емес. Демек, ол қарапайым нәрселерді түсінбейді. Өзіңнің ар-ожданымды саудаға салуға болмайды. Ар-ожданымды бұлай саудаға салушылық тек біздің коммунистік құрылысымызға нұқсан келтіруге ғана мүмкін».

«Жалған партия мүшелерінің бізге текке де керегі жоқ» деген лениндік нұсқаумен үндесіп жатқан бұл сөздер кәзір партия мүшесіне қойылатын талаптың анық өлшемі. Дегенмен біздің арамызда самарқау, селқос, жайбарақат коммунистер де жоқ емес. Істегі кемшіліктер біздің кейбір басшының жанына батпайды, оны толғантпайды. Қолхоздың немесе совхоздың аз-мұз табысын бетке ұстап, кемшілік атаулыны көруден, сезуден аулақ тұратындар да бар. Көрген кемшілікті, олқылықты бүгіп қалатын, айыпты кінәлінің бетіне басудан жалтаратын «жауырды жаба тоқитындар» да кездеседі. Ымырашылдықтың, жолдас-жоралықтың, арайыншылықтың, жерлестіктің шырғауында шырғалып, мемлекеттік іске зиян келтірушілер де жоқ емес. Жақында Павлодар қалалық партия комитетінің пленумында мынадай факті келтірілді. Астық өнімдері басқармасы бастығының орынбасары Перхалев жолдас Исаев-Трунов деген танысын бас инженерлікке ұсынып, оған арнаулы жоғары еңбек ақы белгіледі. Шынында Исаев-Трунов ешуақытта инженер болып көрмеген адам. Оның мінез-құлқы да кіршіксіз емес. Перхалев осыған қарамастан, Исаев-Труновты партия қатарына өткізбек болды. Қазақ темір жолының Павлодар бөлімінде кадрларды іріктеудің, орналастырудың лениндік принципі бұрмаланып отыр. Жол бөлімінің бастығы Тарасенко жолдас көз жұмбайға салып, теріс істерді көрмеген болып, қулыққа салынады.

Партиялық принципті дос-жарандардың байламына сату, оған құрбан ету партияның лениндік дәстүріне қайшы келеді, Уставтың талаптарымен сыйыспайды.

Бізге ұйымдастыру жұмысының міндеттерін келте түсінетін жолдастар да бар. Олардың ойынша тиісті ұран тастау, талапты, міндетті, жоспарды толық көрсетіп қаулы қабылдау істің табысты болуы үшін жеткілікті шарт көрінеді. Бұлай ойлағанда мұндай адамдар біздің халқымыздың партияға, Отанға берілгендігіне сүйенеді. Партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын, белгілеген шараларын бірауыздан толық мақұлдап отырған совет адамдары жоспарды өз бетінше, ұйымдастыру жұмысынсыз-ақ жүзеге асырады деп топшылайды олар.

Бұлай ойлау ағаттық болады. Ұран тастаумен ғана қанағаттанудың күткендей, ойдағыдай нәтиже бермейтінін Н. С. Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында толық дәлелдеді. Жердің жүз гектарына есептегенде әртүрлі колхоздың әрқелкі өнім беретінін талдай келіп, Н. С. Хрущев жолдас «Істің тетігі кадрларда, ұйымдастырушыларда, колхоз председательдерінде болып отыр» деп атап көрсетті.

Бұл сөздердің ақиқаттығына ешбір талас жоқ. Осы абзал пікірдің шындығын Калинин облысындағы Вышневолоцк мақта-мата комбинатының жіп иіру фабрикасы бригадасының бригадирі жас коммунист Валентина Гаганованың бастамасы да дәлелдейді. Фабрикадағы 120, ал бүкіл комбинаттағы 168 бригаданың бірен-сараны ғана озат болып, көпшілігі жоспарды орындай алмағанына қынжылатын, күйінетін Валентина Ивановна басқа бригадалардың жайын ойлап, көп толғанды. Өзін дұрыс түсінгендерге жаныашыр сөзін, кеңесін айтып жүрді ол. Оның ондағы ойы, мақсаты озат бригадаларды көбейту, бүкіл фабрикада еңбек өнімділігін арттыру еді. Гаганованың достық ақылын шаншу көрген Л. Шибалованың сөзі қамшы болып, Валентина Ивановна артта қалған бригаданы қабылдайды. Комбинаттың бүкіл жоспарының қамын жеген Гаганова жаңа бригадада еңбекақысы бұрынғыдан кем болатынына да қараған жоқ.

«Талаптыға нұр жауар» дегендей, Гаганованың сөзі мен ісі бір жерден шықты, мерейі үстем болды. Бұрын да тың ұсыныстарымен, тиянақтылығымен көзге түскен осы бригадир аса пайдалы, тамаша үлгі көрсетті. Валентина Ивановнаның бастамасына бүкіл партия, ел сүйсініп, оның патриоттық ісі аса жоғары бағаланды. Жарты жылдың ішінде комбинаттағы 50 адам жана бастамаға ерді. Бұрын жуан ортада, белде жүрген 20 бригада құрмет тактасына жазылды, тағы 12 бригада үздік коллектив қатарына қосылды. Валентина Гаганова өзі кеше қабылдаған, бұрын артта қалған бригаданы жарты жылда озаттар санатына қосты. Бұл бригада 6 айдың жоспарын мерзімінен 25 күн бұрын орындады, кәзір бригада тәуліктік тапсырманы үнемі 115—118 процент орындайды. Валентина Ивановна енді артта қалған басқа учаскеге көшкісі келеді, жұмысы жақсарған осы бригадасын ол баяғы Шибаловаға тапсырмақ.

В. И. Ленин өзінің «Ұлы бастама» деген шығармасында «Еңбекшілердің саналы, ерікті, жанқиярлық, ерлік ісі».. «нағыз коммунизмнің қарапайым, шамалы, күнделікті, бірақ өсіп келе жатқан өркендері» деп көрсетті.

Сол өркендер шын мәнісінде гүл ашып толысқанын биыл анық көрдік. Бір ғана В. И. Гаганова емес, Николай Мамай, Александр Кольчик сияқты бүкіл елге әйгілі өрендер «жылы орынды суытпай» жүру әдетімен қоштасып, артта қалған бригадаға барды. Партияның XXI съезі туғызған саяси және өндірістік өрлеудің нақты көрінісі осындай.

Ақмола облысындағы Ярославский совхозының таңдаулы тракторегіс бригадасының бригадирі Михаил Довжик Қазақстанда бірінші болып В. Гаганованың бастамасын құлшына қостады. Республикамызтағы мандай алды бригаданы құраған, шынықтырған М. Довжик ұлы істің өркені үшін жұмысы өнбей жатқан коллективке ауысты.

Қостанай облысындағы атақты механизатор, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Иван Рудской, Қарағандының байырғы кеншісі Социалистік Еңбек Ері Ғалиолла Хайруллин, Алматы облысындағы зоотехник Кенехан Құдабаев жолдастар нағыз патриотқа тән мінез көрсетіп, шаруашылықтың осал жерін мойнына алды. Коммунист өрендер Жансұлтан Демеев, Аманкеллі Исаков Қостанайдың тынында жайқалған мол астықты жинауда шабытты еңбек қарқынын үдете түсуде. Мемлекетке мол астық өткізу жолындағы аттаныстың озаттарының бі-

рі осылар. Ауыл шаруашылығындағы шешуші күш — машинаны толық қуатында пайдалана білетін «бармағынан бал тамған» шеберлерді, оның ішінде маман коммунистерді үздіксіз көбейту міндет. Машинаның құлағын ұстаған коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқаруын қамтамасыз етіп, жетіжылдықтың мерзімінен бұрын орындалуына лайықты үлес қосу абзал. Партия комитеттері бұл жөнінде үздіксіз қамқорлық көрсетуге тиіс.

Жасыратыны жоқ, тікелей өндірістегі коммунистер саны республикамыздың партия ұйымында өте баяу өсіп келеді. Мысалы, Ақмола облысының партия ұйымдарында комбайншы, тракторшы, сауыншы, шопан коммунистер тым аз. Бұл облыста селодағы коммунистердің тікелей өндірісте істейтіндері де аса көп емес. Мұнда қайсы бір бастауыш партия ұйымы коммунистердің авангардтық ролін арттыруға, оларды өндірістің шешуші саласына орналастыруға мүлде мән бермейді. Кейбір аудандық партия комитеттері бастауыш ұйымдардың мұндай кемшілігін кезінде байқап, шебер түзетпейді. Аудандық партия комитеттері коммунистерді орналастыру, олардың авангардтық ролін арттыру, партия қатарына маңдай алды адамдарды алу мәселесін үздіксіз зерттеп, оқтын-оқтын қарап отырмайды. Сондықтан да Ақмола облысындағы мал фермаларының тең жартысында, трактор-егіс бригадаларының үштен бірінде коммунист жоқ деген қынжыларлық фактіге жол берілді. Ал оның бер жағында кейбір совхоздарда шоғырланған коммунистер не сан! Олар дұрыс орналастырылып, өндірісте тұтқа болса не дерің бар?! Екінші сол, істің жайы басқаша болып отыр. Мысалы, Қима ауданындағы Ворошилов атындағы совхозда 85 коммунист бар. Олардың тең жартысынан астамы түрлі ұсақ-түйек жұмыста жүр. Ал Еркіншілік ауданындағы Фрунзе атындағы совхозда 30-дан астам коммунистің бесеуі ғана өндірісте істейді. Мұндай жағдайда коммунистердің өндірістегі жетекші ролі туралы сөз қозғау бос мылжынның ісі болар еді.

Коммунистік партия өз қатарын әрқашан да үздік жұмысшы, колхозшы, интеллигент есебінен ұдайы толықтырып отырады. Өзінің туған партиясын қадірлейтін, құрметтейтін, оның ісін, идеясын, программасын тән нәрсем деп қабылдайтын патриоттар көп-ақ. Ондай адамдар айғайсыз, шусыз өнімді еңбек етеді, ортақ ісімізді ілгері дамытады. Жұмыста, тұрмыста, қоғамда үлгі мұндай адамдардан Ақмола облысы да кенде емес. Новочеркасск совхозындағы Ленин орденді механизатор Токалов жолдас дәл осындай адам. Оның біраз күн қоймада уақытша қызметте болғанын сылтау етіп, Новочеркасск аудандық партия комитеті Токаловты партияға алмай қойды. Еркіншілік ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың жанындағы бастауыш ұйым КПСС мүшелігіне кандидат Сарыновтың партия мүшелігіне алуды өтінген төрт арызын да аяқсыз қалдырды.

Мұндай теріс, зиянды практика тезірек жойылуы міндет. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің партияға адам алу, жас коммунистерді тәрбиелеу туралы қаулысы осыны талап етеді. Партияның қатарын толықтыру, коммунистерді тәрбиелеу ісін жақсартқан үстіне жақсарту қажет. Соңғы уақытта партия комитеттері ішкі партиялық жұмысқа бұрынғыдан гөрі молырақ көңіл бөле бастады. Сөз жоқ бұл жағдай—аудандық, облыстық партия комитеттерінде жас коммунистерді тәрбиелеу, партия мүшелерінің өндірістегі авангардтық ролін арттыру, партияға адам алу ісін жақсарту беру мәселесін зерттеу, қарау партияның құрамын тандаулылармен толықтыруға көмектеседі. Мүшелерінің санын ғана көбейтуге емес, қайта олардың сапасын арттыруға қам жасап отыратын біздің партиямыз маман жұмысшылар, үздік колхозшылар, маңдай алды өндірістік-техникалық интеллигенция есебінен үнемі толықтырылуға тиіс. Шығыс Қазақстан облыстық пар-



тия комитетінің жуырда болған пленумында мәселе дәл осылай қойылды.

Коммунист халық шаруашылығының қай саласында болса да алғыр, ұстамды, жаңашыл жан болуға тиіс. Ол бір норманы орындаумен немесе кеңседе сегіз сағат отырумен ғана қанағаттанып қалмауы қажет. Үздіксіз іздену, білімін молайту, тіл ұстарту, озық, тың құбылысты батыл қолдау, сын мен өзара сынды кең өрістету, өндірісте жетекші роль атқару сияқты қымбат қасиеттерді өрбітіп, сіңіріп, жетілдіріп ұштап алу міндет. Жетіжылдықтың тұңғыш жылының жоспарын асыра орындау жолындағы күресте бұл қасиеттер мол, толық, айқын көрінсе оңды болады.

Ауыл шаруашылығындағы даусыз табыстарымызбен қатар едәуір кемшіліктеріміз де бар. Мысалы, колхоздардың біразы өз шаруашылығын жанжақты, табысты дәрежеге әлі жеткізе алмай келеді. Әрбір жүз гектарға өнім өндіруде артта қалып отырған колхоздарымыз бар. Ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды, әсіресе мақта жинауды механикаландыру жайы мәз емес. Мысалы, өткен жылы мақтаның 7,8 проценті ғана комбайнмен жиналды. Сонда орта есеппен бір комбайн 18 тонна ғана мақта жинады, озаттардың тәжірибесіне қарағанда, комбайнның мүмкіндігі мұнан үш-төрт есе артық. Ауылшаруашылық машиналарын Қызылорда облысының колхоздары да нашар пайдаланады. Мұнда кейбір колхоздарда сеялка тұрғанда тұқымды қолмен себеді, культиваторды былай қойып, егістікті қолмен өңдейді.

Ауыл шаруашылығының табысты тиімді саласын өркендетуге баса назар аударудың орнына, Қызылорда облыстық ұйымдарында кеңсешілдікке, мәжілісқорлыққа жол берілді. Күріш өсіру үшін жағдайдың жеткіліксіздігіне қарамастан, облыс басшылары осы егістің көлемін ұлғайтуға әуестенді. Облыста шаруашылық жұмыстары өте ұзаққа созылады. Мәдени құрылыс, тұрғын үйлер салу мүлде салақсытылған. Ауылдағы тұрғын үйлердің көбі әбден тозып бітті. Бірақ ауылды көркейту, тұрмыс мәдениетін арттыру үшін облыстық ұйымдар күрделі шара қолданбай келеді.

Республика өнеркәсіп орындарының бәрі бірдей жоспарды кезінде ойдағыдай орындайды деп айта алмаймыз. Жоспарды орындағанмен өнімнің түр-түрін беру тапсырмасын толық жүзеге асырмайтын кәсіпорындар да бар. Өнімнің ескі түрін шығаруды доғарып, машинаның жаңа үлгісін игеру ісінде де баяулық байқалады. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту саласында да олқы жерлер жоқ емес.

Міне осындай кемшіліктерді жою, болдырмау, оның алдын алу коллективтің, коммунистің қолынан әбден келеді. Бүкіл шаруашылық алдындағы міндетті жүзеге асыру жайына көз жіберіп, сын пікір, ұсыныс айту әрбір коммунистің борышы. Өзіне тапсырылған істің шеңберінде ғана тұйықталмай, іздену, талпыну арқылы тың соқпақ табу, мүмкіндікті сезу, резервті ашып көрсету коммунистке тән қасиет. Кемшілікке, бойкүйездікке, жайбарақаттыққа, токмейілсуге қарсы батыл күресу, жоспарды мерзімінде, түр-түр бойынша орындауға ат салысу, тұрмыс, мәдениет мәселелеріне үздіксіз көңіл бөлу коммунистің айбынды міндеті.

Мұндай абзал парызды, борышты ойдағыдай жүзеге асыру үшін комсомолецтерге, кәсіподақ мүшелеріне, бүкіл еңбекшілерге сүйену керек, кемшіліктерді жоюға, жоспарды орындауға оларды тегіс жұмылдыру қажет. Коммунистің іскерлігі, қасиеті, беделі, ықпалы дәл осы тұста барлық жағынан мол көрінуге тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің XV пленумы республикамызда бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмысты КПСС XXI съезінің шешімдеріне байланысты жақсарту шараларын белгілегені

мәлім. Республикамыздың партия ұйымдары, бүкіл коммунистер Қазақстан КП Орталық Комитеті XV пленумының қарарын және КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру бірінші дәрежелі міндет деп біледі.

Республиканың партия ұйымдары бүкіл Қазақстан бойынша биыл да былтырғыдай мол астық жинап, мемлекетке астық тапсырудың жоспарын асыра орындау үшін, мемлекетке 800-мың тонна ет, 850 мың тонна сүт, 74,5 мың тонна жүн сату үшін, 15 миллиард сом күрделі қаржыны игеріп, өнеркәсіп өнімін шығару жоспарын асыра орындау үшін еңбекшілерді жұмылдыра түседі. Осы келелі нысанаға жету күресінде Қазақстанның өнеркәсіп орындарының жұмысшылары елеулі табысқа жетті. Республикамыздың өнеркәсібі 8 айдың жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындап, жетіжылдықтың тұңғыш жылын жақсы бастағанын тағы да бір дәлелдеп өтті.

Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері үстіміздегі жылды зор табыстармен атап өтуге ұмтылады. Республика малшыларының ерен табысына бүкіл одақ сүйсінді. Мемлекетке ет тапсырудың жылдық жоспарын жеті айдың ішінде асыра орындаған Қазақстан осы жылғы ноябрьге дейін Отанға 800 мың тонна ет тапсырып боламыз деп социалистік жарысты үдете түсті. Жүн, қаракөл елтірісін, сүт дайындау жөнінде де қол жеткен елеулі жетістіктеріміз бар.

Республикамыздың Алматы, Жамбыл, Семей облыстары астық сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын ойдағыдай орындап шықты. Бұл күндері негізгі астықты өңір—Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында Отан алдында қабылданған социалистік міндеттемені мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы қажырлы еңбек өрістей түсуде. Ростов облысындағы Вешенская станицасында болған митингінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас Қазақстан егіншілерінің зор қимылына аса жоғары баға берді. «Қазақстанның колхоздары мен совхоздары, — деді Н. С. Хрущев, — егіннен жақсы өнім жинауда. Олар мемлекетке өткен жылы қанша астық сатқан болса, дәл сондай мөлшерде, мүмкін тіпті одан сәл көбірек астық сатамыз деп міндеттеме алды».

Осы міндеттемені жүзеге асыру Қазақстан еңбекшілерінің жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолындағы бүкіл халықтың күресіне қосқан лайықты үлесі болмақ.

Халықтардың бейбітшілік, демократия, социализм жолындағы күресіне тын қуат, мол сенім қосылды. Еліміздің ғылым мен техника саласындағы даусыз табыстары, дәйекті сыртқы саясатымыз Совет Одағының даңқын асырды. Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущев жолдастың АҚШ-қа баруы, Құрама Штаттар президентінің біздің елімізге келетіні бейбітшіл күштердің ізгі сенімін нығайтты. Біздің жетіжылдық жоспарымыз бейбітшілік сарайының бейне ірге тасы сияқты. Жетіжылдықтың осы маңызын бүкіл совет халқы айқын түсінеді. Қостанай облысы Октябрь ауданы еңбеккерлерінің Н. С. Хрущев жолдасқа жолдаған хатында биылғы табыстар ел қуатын, бейбітшілік ісін нығайтатын үлес деп орынды айтылды. Советтік екінші космос ракетасының тарихта тұңғыш рет 14 сентябрьде айға жетуі, дүние жүзіндегі тұңғыш «Ленин» атом мұз жарғышының дайын болуы таңғажайып табыс болды.

Жетіжылдықтың қажырлы күрескері — коммунистер ұлы аттаныста қажымай, талмай, жалықпай, тынбай адымдап, ерлік еңбекпен коммунизмнің сәулетті сарайын салысады.

# Партия оқуы жүйесінде оқу жылын жақсы әзірлікпен бастайық

А. РАХМАНОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің насихат және  
үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Республика партия ұйымдары үстіміздегі оқу жылына бірсыпыра жақсы әзірлікпен келіп отыр. Бастауыш партия ұйымдары насихатшылардың, аудандық партия комитеттері қызметкерлерінің көмегімен коммунистер арасында жеке-жеке әңгіме өткізу арқылы олардың ықтиярына, жалпы және саяси білім дәрежесіне, қызметі мен мамандығына сәйкес саяси оқу түрін тандап алуына көмектесті. Ал партия оқуы жүйесінде оқудың түрі алуан салалы екені мәлім. Республикадағы коммунистердің едәуір бөлегінің орта, жоғары білімі бар. Олар көбінесе кітап карап, өздігінен саяси білім дәрежесін арттырудан тәжірибесі мол жолдастар. Осыған байланысты барлық партия оқуы жүйесінде өздігінен оқу биыл да партия оқуының негізгі түрі болмақ. Мұнда мықтап ескеретін бір жағдай кейбір жолдастардың өздігінен оқуды сылтау қылып, оқудан сырт қалуына жол бермеу, өздігінен оқу ісіне басшылық пен бақылауды жақсарту болып отыр.

Өздігінен білім алушыларға көмектесіп, олардың жұмысын бақылаудың сыннан өткен жақсы әдісі — бақылаудың коллективті түрі: семинарлар, конференциялар және өздігінен оқушылармен үнемі өткізіп отыратын әңгімелер. Өткен жылы республикамызда 2500-ден астам теориялық семинар жұмыс істеді, онда партия тарихы, философия, саяси экономия, нақты экономика, халықаралық жағдай және коммунистік тәрбие мәселелері, марксизм-ленинизмнің жеке проблемалары оқылып талқыланды. Бұл семинарларға 55 мыңнан астам тыңдаушы қатынасты. Өздігінен оқып саяси білім алатындар арасында семинарлар ұйымдастыру тәжірибеде өзінің артықшылығын айқын көрсеткен әдіс болды, өйткені ол тыңдаушылардың өздігінен үнемі кітап оқып, білім алу ісін жеке теориялық мәселелерді семинарларда талқылаумен жақсы ұштастыруға мүмкіншілік береді.

Көптеген партия ұйымдарында осындай семинарлар жоғары теориялық дәрежеде ұйымшылдықпен өткізіліп келді. Мәселен, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында нақты экономиканы оқып үйренетін семинар үш жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда экономикалық теория мен социалистік шаруашылық мәселелері оқылады, тыңдаушылардың өздігінен оқуы өндірістің негізгі мәселелерін семинарда талқылаумен жақсы ұштастырылып отырады. Тыңдаушылардың семинарда оқыған лекциялары, рефераттары мен сөздерінде теория мәселелері комбинаттың нақты міндеттерімен тығыз байланысты өтеді, теория мәселелері туралы сыпаттамалар мен дәлелдер комбинаттың өндірістік өмірінен алынады. Сабакты талқылаудың бұл түрі Коммунистік партия мен Совет үкіметінің экономикалық саясатын тыңдаушылардың терең ұғынуына, өндіріс экономикасын жете түсінуіне, сөйтіп еңбек өнімділігін арттыру, өндіріске жаңа техника енгізу, өндірісті машиналандыру және автоматтандыруды жүзеге асыру үшін белсене күресуге кең жол ашады. Семинар сонымен бірге еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерінің жаршысы да, өйткені мұнда тыңдаушылар алдында өндіріс озаттары, рационализаторлар, инженер-техник қызметкерлері жұмыс тәжірибесін

жиі айтып тұрады. Тыңдаушылардың семинарда айтқан көп ұсыныстары өндіріске енгізіліп, цехтар мен сменалардың, бригадалардың жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға көмектесті.

Өздігінен оқуды ұйымдастыруда семинарлардың басшылары мен консультанттарды іріктеп алуға ерекше зер салу керек екенін тәжірибе растап отыр. Өйткені сабақтың идеялық дәрежесінің жоғары болуы ең алдымен осы кадрларға байланысты. Сонымен бірге маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқитындарға көмек ретінде партия комитеттері мен консультация пункттері жанында үнемі лекциялар циклін өткізіп тұруды дұрыс жоспарлау, сондай-ақ маман лекторлар іріктеп алып даярлау маңызды орын алады. Бұл ретте Ақмола облыстық партия комитетінің партия тарихын оқып үйренетін үйірмелердің насихатшыларына арнап облыстық семинар өткізгенде бұған штаттан тыс лекторларды, консультанттарды, партия тарихын оқып үйренетін семинарлардың жетекшілерін де қатынастырып, өте дұрыс жасағанын атап айту керек. Бұл кадрлар арасындағы жұмыста оқу жылы басталар алдында бір дүркін өткізілетін курстар мен семинар шақырумен ғана тынуға болмайды. Олардың арасында үнемі үздіксіз жұмыс ұйымдастырған жөн. Мәселен, насихатшылардың тұрақты жұмыс істейтін семинарлары жанынан семинар жетекшілері мен консультанттардың өз алдына жеке тобын ұйымдастырып, мұнда теория мен методика мәселелері жөнінде олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу дұрыс болар еді.

Өздігінен оқуды коллективті сабақ ұйымдастыру ісімен ұштастыра қатар жүргізгенде жеке жоспар бойынша жұмыс істейтін коммунистерді де назардан тыс қалдырмау керек. Партия комитеттері олардың не оқып жүргенін біліп отыруға, жиі консультация беріп отыруға, үнемі, кем дегенде айына бір рет, олармен оқып жүрген мәселелері бойынша теориялық әңгімелер өткізіп отыруға міндетті.

Саяси білімінің минимумы және жалпы білім жағынан жеткілікті даярлығы жоқ коммунистер мен партияда жоқтар үшін көптеген саяси мектептер жүйесі құрылашақ. Бұған бұрын бұл сияқты мектептерде оқымаған жолдастар тартылады.

Өткен жылдағыдай биылғы оқу жылында да үйірмелер мен семинарларда партия тарихын оқып үйренуге көп көңіл бөлінеді. Бұларда сабақ жуырда баспадан шыққан «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы» деген оқулық негізінде жүргізіледі.

Коммунистік партияның тарихын оқып үйренгенде оның Октябрь революциясынан кейінгі кезеңіне, әсіресе Ұлы Отан соғысы алдындағы кезеңге ерекше назар аударылуға тиіс. Бұл кезеңдерде партия социалистік қоғамды нығайту және дамыта беру жолында күресті, ал Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі жылдарда партия соғыста күйзелген шаруашылықты қалпына келтіріп, социализм құрылысын аяқтап, коммунистік қоғам құрылысын жаппай өрістету кезеңіндегі жалпыхалықтық күресті басқарды. Бұл кезеңдерге ерекше назар аудару қажет болатын себебі бұрын партия оқуы жүйесінде бұл мәселелер терең оқымай келді.

Үстіміздегі оқу жылында Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын оқып үйренгенде оны көптеген насихатшылар Қазақстан Компартиясының тарихымен де тығыз байланыстыру қажет деп, жұмысты осылай ұйымдастыруда жақсы бастама жасап отыр. Республикамыз Советтік Қазақстанның қырық жылдық мерекесіне әзірленіп жатқанда бұл мәселеге айрықша көңіл бөлу керек екені түсінікті.

Биыл «Марксизм-ленинизм негіздері» деп аталатын жаңа оқу құралы тұңғыш рет жарыққа шыққалы отыр. Осы оқу құралы негізінде марксизмнің құрамды үш бөлегін оқып үйренетін үйірмелер жүйесі ұйымдастырылады. Бұл үйірмелерде оқу екі жылға есептелген. Бұған бұрын саяси мектептер мен партия тарихы үйірмелерінде оқыған тың-

даушылар тартылады. Өткен жылғы тәжірибе коммунистердің осы тәрізді үйірмелерге ынталы екенін көрсетті. Оқу құралы жоқ бола тұрса да өткен жылы марксизм-ленинизм негіздерін оқып үйренетін 500-ден астам үйірме құрылып, онда 9 мыңға жуық тыңдаушы оқып шықты.

Үйірмелердің көбінде оқу жақсы өтті. Мәселен, Семей облысының Бородулиха ауданындағы Сталин атындағы колхозда марксизм-ленинизм негіздерін оқып үйренетін үйірмеде 23 адам оқыды. Мұнда насихатшы Тоқтағанова жолдас сабақты тыңдаушыларды тартарлықтай жақсы ұйымдастырғанын, оқылған материалдарды тыңдаушылардың күнделікті өндірістегі жұмысымен тығыз ұштастыра білгенін атап өту керек. Тоқтағанова жолдас «Маркстік философия — Коммунистік партияның дүниеге көзқарасы» деген тақырыпты айтып түсіндіргенде маркстік философияның творчестволық сипатын және В. И. Лениннің оны ілгері дамытқанын терең ашып көрсетті. Ол сонымен бірге Ленин қайтыс болғаннан кейін маркстік философия Коммунистік партияның қарарларында онан әрі дамытылғанын, коммунистік қоғам орнатуда диалектикалық және тарихи материализм қағидаларының практика жүзінде қандай маңызы бар екенін түсіндірді. Ақмола облысының № 1 совхозындағы марксизм-ленинизм негіздерін оқып үйренетін үйірмеде де (насихатшы Колесникова жолдас) сабақ жоғары идеялық-теориялық дәрежеде өтіп отырды. Бұл сияқты үйірмелер толып жатыр.

Өткен оқу жылында маркстік-лениндік философияны оқып үйренетін тыңдаушылардың саны едәуір артып, жыл аяғында 18 мыңға жеткені белгілі. Жаңа оқу жылында семинарлар мен үйірмелерде маркстік-лениндік философияны оқып үйренуді бұрынғыдан да кең көлемде жүргізу ұсынылады. Бұларда сабақ баспаға әзірленіп жатқан «Маркстік философияның негіздері» деген кітап негізінде өткізілуге тиіс. Сонымен қатар теориялық семинарларда марксизм-ленинизмнің жеке проблемаларын, коммунистік тәрбие мен эстетика мәселелерін, биология, физика, химия және сондай ғылымдардың философиялық проблемаларын оқып үйрену талабын барынша қостап отырған жөн. Әсіресе жоғары дәрежелі оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымдарында ұйымдастырылған осындай семинарлар жұмысты жақсы істеп келгенін атап айту керек. Өткен жылы коммунистік тәрбие жөніндегі семинарлар ғана республикада 450 болып, онда 10 мыңдай адам оқыды.

Жаңа оқу жылында бұрынғыша кадрлардың экономикалық білімін көтеруге көп көңіл бөлінеді. Өйткені коммунистік құрылыстың міндеттері біздің кадрларымыздың, коммунистер мен комсомолецтердің, партияда жоқ активтің марксизм-ленинизмнің экономикалық ілімін меңгеруін, нақты экономиканы, ең алдымен өздері жұмыс істейтін шаруашылық салаларының экономикасын жақсы білуін талап етеді. Осыған байланысты биыл экономикалық оқудың мына түрлері ұйымдастырылды:

**Саяси экономияны оқып үйренетін семинарлар мен үйірмелер.** Бұларда сабақ «Саяси экономия» оқулығының түзетіліп, толықтырылып баспаға әзірленіп жатқан нұсқасымен сондай-ақ саяси экономия жөнінде баспаға әзірленіп жатқан көпшілік оқу құралы негізінде жүргізіледі;

**нақты экономиканы оқып үйренетін семинарлар мен үйірмелер.** Бұларда сабақ «Социалистік өнеркәсіп орындарының экономикасы», «Социалистік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикасы», «Құрылыс экономикасы», «Совет саудасының экономикасы» деген атпен баспаға әзірленіп жатқан оқу құралдары негізінде өткізіледі;

**Екі жылдық экономикалық мектептер.** Бұл мектептерде тыңдаушылардың құрамы мен талабына қарай өнеркәсіп немесе ауыл шаруашы-

лығының экономикасы болмаса құрылыс пен сауданың экономикасы оқылуы мүмкін. Өткен жылы республикада көбінесе қалалық және аудандық партия комитеттері жанында 116 экономикалық мектеп жұмыс істеді. Сонымен бірге бірсыпыра аудандарда оқытушы кадры бар жерлерде экономикалық мектептер ірі-ірі кәсіпорындары мен колхоздарда да, совхоздарда да ұйымдастырылды. Бұл тәжірибе өзінің артықшылығын іс жүзінде ақтап отыр, өйткені бұл төменгі активті, өндіріс озаттарын экономикалық оқуға тартуға кен жол ашады.

Экономикалық оқуды семинарларда, үйірмелер мен мектептерде ұйымдастырумен қатар шаруашылықты басқарудың практикалық мәселелерін саяси экономия заңдары мен категориялары тұрғысынан талдап түсіну үшін экономикалық конференциялар өткізіп тұру да қажет екенін тәжірибе растап отыр.

Коммунистер мен партияда жоқ актив ағымдары саясат мәселелерін, кәзіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар, коммунистік және жұмысшы қозғалысы, халықтық демократия елдерінде социализм құрылысы туралы мәселелерді білуге де өте ынталы. Осы тілекке сәйкес жаңа оқу жылында жоғарыда аталған мәселелерді оқып үйренетін үйірмелер мен семинарлар көптеп ұйымдастырылып отыр. Бұл семинарлар мен үйірмелерді ұйымдастырғанда ең алдымен оларды басқаруға әзірлігі жақсы, тәжірибесі мол насихатшыларды бөлу керек. Бұлай болмағанда сабақ көбінесе газет, журналдарды оқып берумен ғана тынатындығын өткен жылдың тәжірибесінен байқадық. Партия оқуы жүйесінде оқитын тыңдаушыларды халықаралық және ішкі жағдайлармен үнемі таныстырып отыру үшін өткен жылы Алматы, Қарағанды, Теміртау қалаларындағы үйірмелер мен саяси мектептердің көп насихатшылары сабақ сайын 20—30 минуттық саяси хабар айтып келді. Өткен аптаның немесе он күннің ішінде болған оқиғалар жайында тыңдаушылардың өздері кезек-кезек хабар айтып тұрды. Тәжірибе үйірмелер мен саяси мектептерде осындай саяси оқиғаларды баяндап тұрудың керекті шара екенін көрсетеді, бірақ бұл шараны негізгі программа бойынша өтетін материалдар оқылып болғаннан кейін сабақтың соңында өткізген жөн, сонда тыңдаушылардың назары сабақта оқылған негізгі тақырыптан өзге мәселеге аударылмайтын болады. Ал насихатшылардың міндеті тыңдаушыларды саяси хабарлауға, ойындағысын түсінікті етіп айта білуге, әңгіме өткізгенде картаны және сол сияқты көрнекі құралдарды дұрыс пайдалана білуге жаттықтыру.

Бірқатар партия ұйымдары ғылыми атеизм мәселелерін оқып үйренетін үйірмелер мен семинарлар ұйымдастырып отыр. Бұл ерекше мақұлдауды, қостауды керек ететін шара. Мұнда марксизм-ленинизм классиктерінің дін туралы, партия мен мемлекеттің дінге қатынасы жөніндегі еңбектерін оқып үйренуге, дінге қарсы насихаттын кәзіргі жағдайдағы түрлері мен әдістерін үйренуге болады. Осындай үйірмелер мен семинарлар атеистік насихат жүргізетін маман кадрлар даярлауға мүмкіншілік береді.

Көп қалаларда қалалық партия комитеттерінің ұйғаруы бойынша жалпы оқитын немесе тарих, философия, экономика факультеттері бар екіжылдық марксизм-ленинизм университеттері бұрынғыша жұмыс істей беретін болды. Партия ұйымдары университеттерге тыңдаушыларды мұқият іріктеп алумен қабат университеттердің жұмысын үнемі бақылап отыруға міндетті.

Әрбір коммунистің өзіне лайықты оқу түрін таңдап алуына көмектесу жұмыстың бастамасы ғана. Негізгі міндет — партия оқуы жүйесінде оқу жылының өнебойында оқуды дұрыс ұйымдастыра білуде, сабақтың мазмұнын, идеялық дәрежесін жоғары сатыға көтеруде. Партия оқуының барлық жүйесінде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін, КПСС XXI съезі мен партияның Орталық Комитетінің пле-

нумдары көтерген теориялық мәселелер мен практикалық міндеттерді терең оқып үйренуді қамтамасыз ету қажет. Теориялық оқу республиканың, облыстың, ауданның, әрбір кәсіпорны мен құрылыстың, РТС-тің, әрбір колхоз бен совхоздың алдында тұрған нақты міндеттермен тығыз байланысты болып, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға, әрбір жұмысшы мен колхозшының алған социалистік міндеттемесін орындауына бағытталуы керек.

Сабақтың идеялық дәрежесі ең алдымен насихатшыларға, олардың сабақты ойдағыдай ұйымдастыра білуіне байланысты екені түсінікті. Соңғы жылдары республика партия ұйымдары насихатшылар кадрын іріктеп алып, даярлау және қайта даярлау бағытында бірсыпыра жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде үйірмелер мен саяси мектептерді басқаратын насихатшылардың 70 процентінің кәзір жоғары және жоғарыға жақын білімі бар. Насихат жұмысына партия, совет қызметкерлері, кәсіпорындардың басшылары, инженер-техник қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары көптеп тартыла бастады. Алматы облысында, мәселен, 2576 насихатшы болса, соның ішінде партия, совет қызметкерлері — 479, инженер-техник қызметкерлері — 636, жоғары дәрежелі оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары — 592, ауыл шаруашылығы мамандары — 238 болды. Мұның өзі партия оқуы жүйесінде сабақты жақсы өткізуге мүмкіншілік берді. Біз алдағы уақытта да насихатшылардың, лекторлардың, семинар жетекшілері мен консультанттардың құрамын жақсарту беруге, олардың теориялық білімі мен сабақ беру шеберлігін арттыра беру үшін үнемі көмектесіп отыруға тиістіміз.

Насихатшылар арасындағы жұмыстың тәжірибеде сыннан өткен бір жақсы түрі — қалалық және аудандық партия комитеттері жанынан ұйымдастырылатын насихатшылардың тұрақты жұмыс істейтін семинарлары. Бұл жөнінде Алматы қаласындағы Сталин аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесін атап өту керек. Мұнда насихатшылар арасында жұмыс нақты жүргізіледі. Бұл ауданда саяси мектеп насихатшыларының семинарын Қазақтың Мемлекеттік университетінің оқытушысы Кузьмин жолдас, нақты экономика үйірмелері насихатшыларының семинарын профессор Бровер жолдас басқарады. Бұл семинарларда сабақ айына бір рет үнемі өтіп тұрады. Семинарларда теориялық, методикалық мәселелер талқыланады, насихатшылардың жұмыс тәжірибесі ортаға салынып тұрады.

Биылғы оқу жылына әзірлік үстінде партия комитеттері насихатшылардың білімін, шеберлігін, жетілдіруге көп көңіл бөлді. Ақмола, Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттері партия тарихын оқып үйренетін үйірмелердің насихатшыларына арнаулы бір апталық курс, ал қалалық және аудандық партия комитеттері жанынан екі-үш күндік семинарлар өткізді. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті оқу жылы басталар алдында партия тарихының насихатшылары үшін ауданаралық семинарлар, сондай-ақ насихатшылардың қалалық, аудандық жиналыстарын өткізді. Аудандық партия комитеттері насихатшылардың тұрақты жұмыс істейтін семинарларының жұмыс жоспарын жасады, методикалық советтер құрды. Бұл советтер оқу жылы барысында тандаулы насихатшылардың жұмыс тәжірибесін жинақтайды, қорытады, насихатшылардың өзара сабаққа қатынасып тұруын ұйымдастырады, насихатшылар семинарларының жұмысын ойдағыдай өткізуге көмектеседі. Насихатшылардың семинарларында жаңа оқу құралдарын оқып үйренуге, насихатшылардың жұмыс тәжірибесін ауыстыруға, оларды жергілікті материалдармен қамтамасыз етуге айырықша көңіл бөлу дұрыс.

Насихатшылар арасындағы жұмыстан, партия оқуының барлық жүйесінде саяси оқуды ұйымдастырудан саяси оқу үйлері мен каби-

неттерінің алатын орны ерекше. Республикада қалалық, аудандық партия комитеттері мен ірі-ірі бастауыш партия ұйымдары жанында 300-ден астам саяси оқу үйлері мен кабинеттері бар. Бұлардың басым көпшілігі коммунистерге және партияда жоқ активке де саяси білім беретін көпшілік оқу орнына айналды, бұлар насихатшыларға, үгітшілерге, саяси баяндамашыларға, өздігінен оқушыларға үлкен көмек көрсетіп келеді. Мәселен, Павлодар және Лениногор қалалық партия комитеттерінің, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Георгиев және Ильичев аудандық партия комитеттерінің, Қостанай облысындағы Мендіқара аудандық партия комитетінің саяси оқу үйлері мен кабинеттері әдебиет витриналарын үнемі ұйымдастырады, партия оқуы жүйесінде оқылатын тақырыптарға керекті әдебиет тізімдерін ұсынып отырады, баяндамашылар мен насихатшылар үшін фотомонтаждар, көрнекі құралдар әзірлейді, жергілікті материалдар жинақтайды, лекциялар циклін, консультациялар мен теориялық конференциялар ұйымдастырып тұрады. Бұл аудандарда КПСС XXI съезінің материалдарын насихаттау жақсы ұйымдастырылды. Барлық саяси оқу үйлері мен кабинеттері де XXI съездің материалдарын терең насихаттауға ат салысулары қажет. Олар сонымен бірге насихатшылар мен үгітшілерге, партия және комсомол оқуы жүйесінің тыңдаушыларына көмекшілік ролін арттыра беруі дұрыс.

Басқа облыстар мен республикалардың тәжірибесіне сәйкес кәсіпорындары мен құрылыстар, колхоздар мен совхоздар жанындағы ірі-ірі бастауыш партия ұйымдарында қоғамдық негізде саяси оқу кабинеттерін ұйымдастыруды батыл қолға алған жөн. Бұларды қажетті кітаптармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етуге ерекше зер салу керек, мұның үшін кітапханалардың көмегі керек болады.

Партия ұйымдарының тағы бір елеулі міндеті комсомолецтердің саяси оқуы жүйесін жақсы ұйымдастыруға, тәжірибелі насихатшылар бөліп, оларды тұрақты жұмыс істейтін семинарларға тартуға көмектесу, комсомол оқуы жүйесінде сабақтың идеялық дәрежесі жоғары болуын қадағалап отыру.

Кәзір коммунизм құрылысын кең көлемде жүргізу кезеңінде еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызы ерекше. Осыған байланысты партия ұйымдары халықтың қалың бұқарасы арасында партиялық насихатты күшейте түсуге, партияда жоқ активті, өндіріс озаттарын, интеллигенцияны партия оқуының барлық жүйесіне кеңінен тартуға міндетті.

Саяси жұмыста идеологиялық ықпал етудің баспасөз, радио, телевидение сияқты аса қуатты құралдарын жанжақты пайдалана білу керек. Идеология жұмысының бұл органдары марксизм-ленинизм теориясын мазмұнды да түсінікті етіп насихаттауға, партияның XXI съезінің тарихи шешімдерін совет адамдарына жанжақты терең түсіндіруге, насихат жұмысының ұтымды тәжірибелерін қорытып, кеңінен таратуға тиіс. Біздің газет, журналдарымыз насихатшылар мен партия оқуы жүйесінің тыңдаушыларына көмекші материалдарды көбірек басуға, кадрларымыздың саяси білімін көтерудегі кемшіліктерді өткір сынның қырына алып отыруға міндетті.

Партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылын жанжақты жақсы әзірлікпен бастап, оқу жылы бойында сабақты саяси идеялық және теориялық жоғары дәрежеде өткізуді қамтамасыз ету — республика партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.



# Социалистік елдердің экономикалық ынтымағы

А. ДАНИЛОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Елімізде социализмнің орнауы, Совет Одағының дүниежүзілік екінші соғыста жеңіп шығуы, Европа мен Азияда азаттық қозғалысы өрістеп, бірқатар елде халықтық демократия тәртібінің орнауы нәтижесінде шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасы қалыптасты. Ол дүние жүзіндегі жердің 26 процентін алып жатыр, онда 950 миллион халық тұрады, бұл дүниедегі барша халықтың 35 проценті, социалистік елдер бүкіл дүние жүзінде шығарылатын өнеркәсіп өнімінің 38 процентін, ал дәнді дақылдардың тең жартысына жуығын өндіреді.

Шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасының пайда болуы кәзіргі тарихи даму кезеңіндегі заңды құбылыс. 1920 жылы-ақ В. И. Ленин: «...барлық ұлттардың пролетариаты жалпы жоспар бойынша тәртіптеп отыратын, бірыңғай, тұтас дүниежүзілік шаруашылықты жасау тенденциясын ескеру керек, мұндай тенденция капитализм тұсында-ақ әбден айқын білінді және бұл тенденция социализм тұсында сөзсіз ілгері қарай дамытылуы, толығынан аяқталуы керек» (Шығармалар, 31-том, 140-бет) деп атап көрсеткен болатын.

Бұл қағиданың дұрыстығын кәзір қалыптасып отырған шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасынан аңғара аламыз. Бұл система тең праволы дербес социалистік мемлекеттердің өзара тығыз байланысты ұлттық шаруашылықтарынан тұрады, оны халықаралық социалистік еңбек бөлісі мен ажырамас берік ынтымақ, өзара туысқандық көмек шындай түседі.

Социализм елдерінің өзара қатынасы пролетарлық интернационализмге, коммунизм орнату жолындағы мақсаттың бірлігіне сүйенеді, шаруашылықтың бірыңғай социалистік түріне негізделеді. Сондықтан социализм елдерінің өзара қатынасы капитализм дүниесіндегі мемлекеттер арасындағы қатынасқа мүлде ұқсамайды. Капиталистік елдердің арасындағы қатынас әлді мемлекеттер әлсіз, мешеу мемлекеттерді өзіне бағындырып, пайдалануға негізделген. Ал шаруашылықтың социалистік системасында экономикалық дамудың жаңа заңдары, бұрын адамзат қоғамында болмаған заңдар әрекет етеді. Партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Шаруашылықтың социалистік системасында жоспарлы, пропорциялы даму заңы әрекет етеді, бұрын экономика жағынан артта қалған елдер осы заңның арқасында басқа социалистік елдердің тәжірибесіне, ынтымақтастығы мен өзара көмегіне сүйене отырып, уақытты тез ұтып, өздерінің экономикасы мен мәдениетін алға бастырады. Сөйтіп, барлық социалистік елдердің экономикалық және мәдени дамуының жалпы өрісі теңеле түседі».

Социалистік елдер өзара қатынасын толық тең праволылық, территорияның тұтастығын, мемлекеттік тәуелсіздік пен суверенитетті құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара жанжақты туысқандық көмек пен ынтымақтасу талаптарына негіздеп құрып келеді. Сондықтан да социалистік елдердің ішкі ара қатынасында ешқандай қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық деген болмайды. Социалистік ел-

дердің арасындағы қандай күрделі мәселені болса да риясыз жолдастық жағдайда талдап шешу мүмкін екендігін өмір шындығы толық растап келеді.

Бұған дәлел бола алатын бір жағдай соңғы жылдары Совет Одағы мен барлық халықтық демократия елдері арасында партия-үкімет делегацияларының катынас жасап келгені. Сол делегациялардың жүргізген келіссөзі арқылы социалистік елдердің бірлігі нығая түсті. Ол елдер империалистік агрессиялық күштердің ешқандай арандату әрекетіне жол бермейтіндігін, социалистік елдердің арасына іріткі салу әрекетінің қандайына болса да, мәселен, Венгриядағы сияқты, күйрете соққы беруге әзір екенін анық айтты. Социалистік елдердің бірлігі социализм мен коммунизм орнату жолындағы, дүние жүзінде бейбітшілік сақтаудағы жұмыстың табысты болуына толық кепіл. Сондықтан империалистер социалистік системадағы елдердің ауыз бірлігін көре алмай, араларына іріткі салмаққа жан таласады.

Социализм орнатушы елдердің арасында қалай да іріткі салуды көздеген империалистік буржуазия осы күні «ұлттық коммунизм» дегенді дәріптеп жүр. Әсіресе 1956 жылдың күзінде Венгрияда болған контрреволюциялық бүліншілік кезінде әртүрлі азғындар мен опасыздар «ұлттық коммунизм» идеясын кең таратуға тырысып бақты. Венгрияның бұрынғы опасыз басшыларының бірі Имрә Надьтын социалистік лагерьге қарсы шығып, фашистердің Венгриядағы қанды бүліншілігіне сырттан дем беріп отырған империалистерден жалбарынып, жәрдем сұрағаны мәлім. Югославия коммунистері Одағының басшылары да «ұлттық коммунизм» бағытын ұстап келеді, өздерінің ақырына дейін ревизионистік программасында революциялық пролетарлық интернационализмнен аттонын ала қашып, буржуазиялық ұлтшылдықтың туын тігіп отыр.

Шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасының өркендеп нығаюы социализм елдерінің экономикалық ғынтымағының барған сайын күшейіп, нығаюына байланысты. Ал бұл экономикалық ғынтымақ халықаралық социалистік еңбек бөлісіне негізделген. Халықаралық социалистік еңбек бөлісі зорлық, зомбылық, бәсеке күресі арқылы емес, тең праволы дербес социалистік мемлекеттердің туысқандық социалистік өзара көмегі арқылы жүзеге асырылады. Халықаралық социалистік еңбек бөлісі капиталистік елдердегідей өнеркәсіп өндірісін жетекші жеке елдерде ғана шоғырландырып, экономика жағынан мешеу әлсіз елдерді солардың шикізат жетістіріп тұратын шылауына айналдырып жіберу дегенді білмейді. Оның мақсаты социалистік дүниежүзілік системаға кіретін елдердің бәрін де социалистік жолмен индустрияландыру. Социализм системасындағы елдерде бір елдің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру жөнінде үстем болуына, ал басқа елдердің тек соған шикізат жетістіріп тұруына ешуақытта жол бермейді. Әрбір ел экономика жағынан тиімді болса ғана, өз еліне және өзімен серіктес елдерге қажетті болғанда ғана өнеркәсіптің белгілі жеке тарауларын үздік өркендете алады. Социалистік еңбек бөлісі экономикалық дамудағы әркелкілікке жол бермейді. Капитализмнен мирас болып қалған экономика мен мәдениет саласындағы алшақтықты бірте-бірте жою, артта қалған елдерді алдыңғы қатарлы озық елдердің дәрежесіне жеткізу — дүниежүзілік социалистік системаның даму заңдылығы. Бұл заңдылықтың көрінісін бұрын патшалы Россияның шет аймағындағы мешеу өлкесі болған, кәзіргі Совет Одағының шығысындағы социалистік республикалардың күллі тәжірибесі айқын сипаттайды.

Дүниежүзілік социалистік система құрыла бастаған кезде оған кірген елдер, Совет Одағын, Чехословакия мен Герман Демократиялық Республикасын қоспағанда, өнеркәсібі нашар, шетел капиталына тәуел-

ді аграрлы ел болатын. Сол елдер өнеркәсібі өркендеген туысқан елдердің көмегіне сүйеніп, социализм орнату жолында зор табысты болды. Мәселен, 1958 жылы социализм елдерінде өнеркәсіп өнімі 1937 жылмен салыстырғанда 5 есе өсті. Әсіресе бұрын артта қалған елдердің тез өскені байқалады. Мысалы, Қытай Халық Республикасы 1950 — 1958 жылдары өнеркәсіп өнімін 10 есеге жуық арттырды. 1958 жылы өнеркәсіп өнімі соғыстан бұрынғы дәрежесіне қарағанда Болгарияда шамамен 9 есе, Албанияда — 18 есе, Польшада — 5,5 есе, Румынияда — 4 есеге жуық, Венгрияда — 4 еседен астам, Чехословакияда — 3,3 есе, Герман Демократиялық Республикасында — 2,5 еседен астам, Корей Халық Демократиялық Республикасында 1949 жылға қарағанда 3,5 есе өсті.

Бұл мәліметтер өзара ынтымақтасу, көмектесу арқасында социализм елдерінің экономикалық даму өрісі бірте-бірте теңеле бастағанын көрсетеді. Бұрын өнеркәсібі нашар дамыған мешеу елдер кәзір индустриялы немесе индустриялы-аграрлы елге айналып отыр. Ал кейбір халықтық демократия елдері кәзір социализм құрылысын аяқтау дәуірінде тұр. Олар көп ұзамай Совет Одағы сияқты коммунистік қоғам құрылысын кең көлемде жүргізу дәуіріне аяқ баспақ.

Социализм елдерінің жаппай тез ілгері өрлеуіне негізгі себеп — экономикалық ынтымақтың күшеюі. Экономикалық ынтымақтың түрі әрқилы. Экономикалық ынтымақтың ең жоғарғы түрі — халық шаруашылығы салаларын өзара байланыстыра жоспармен дамыту. Бұл міндет экономикалық өзара көмектесу Кеңесі деп аталатын халықаралық орган арқылы жүзеге асырылады. Бұл Кеңеске Албания, Болгария, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы, Польша, Румыния, Совет Одағы және Чехословакия кіреді. Халық шаруашылығы салаларын өзара тығыз байланыстыра жоспармен дамыту әр елдің экономикасын неғұрлым күшті қарқынмен өркендетуді, сонымен бірге әр елдің өсуін бүкіл социалистік системаның жалпы мүддесімен тығыз ұштастыруды көздейді.

Әлбетте, бұл әрбір мемлекеттің дербес тәуелсіз ел болуына нұқсан келтірмейді, олардың ұлттық және мемлекеттік мүдделері мен ерекшеліктерін мұқият еске алып отырады. Мұнан бүкіл социалистік система бірыңғай, бір жоспар жасайды деген ұғым тумасқа керек. Дұрысында әр ел өзінің мемлекеттік халықшаруашылық жоспарын жасайды, бірақ жоспарлаушы органдардың өкілі өзара ақылдасып, кеңесіп, жоспарларын сәйкестіріп отырады. Мұндағы негізгі мақсат — әр елдің өзінің табиғи және шаруашылық жағдайына орай мамандана түсуіне жету, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының неғұрлым тиімді тарауларын басым өркендету. Мұның нәтижесінде өндірістің жеке саласы, кейбір жеке өнімдер өндірісі бір елде немесе бірнеше елде болмақшы. Әрбір социалистік елдің өнімінің барлық түрін де өзінде өндіруге ұмтылуы еңбектің халықаралық социалистік бөлінісінің талаптарына қайшы келеді. Мәселен, Польшада, Герман Демократиялық Республикасында және Чехословакияда кен шығаратын машиналар жасауға қолайлы жағдайлар бар. Сондықтан өзара экономикалық көмектесу Кеңесі осы жабдықтарды жоғарыда аталған үш елде ғана өндіру туралы ұсыныс енгізді. Сол сияқты Герман Демократиялық Республикасы негізінен цемент заводтары мен трикотаж өнеркәсібінің жабдықтарын өндіруге, Чехословакия энергетика және темір соғу-пресс жабдықтарын, сондай-ақ былғары және аяқкиім өнеркәсібі жабдықтарын, Венгрия дизель-моторлар, тепловоздар, көп орынды автобустар, байланыс құралдары мен аспаптарын өндіруге мамандануы тиіс.

Социализм елдерінің осы тәрізді мамандануы өнімді неғұрлым көп шығаруға, техниканың жалпы дәрежесін көтеріп, еңбек өнімділігін анағұрлым арттыруға, бұйымның түсер құнын арзандатып, сапасын жақсартуға толық мүмкіншілік береді. Мұның өзі әрбір елдің ішкі өндіріс-

тік қуатын толық пайдаланып, бұйымның жаңа түрлерін өндіру үшін күш-қаражатты үнемдеп пайдалануға жағдай жасайды.

Дүниежүзілік социалистік системаға кіретін елдердің экономикалық ара қатынасынан сыртқы сауда маңызды орын алады. Жоспарлы товар айырбасы арқылы әрбір ел өзінде тапшы, бірақ басқа елдерде мол бұйымдар мен товарларды қажетті мөлшерде алып отырады. Капиталистік сыртқы сауда айырбасы бір елдің байып, басқа елдердің кедейленуіне негізделген болса, социалистік елдердің сыртқы саудасы әр елдің мүддесін ескереді, әділ баға арқылы сауда жасап отырады. Социалистік дүниежүзілік рынокке тән бір нәрсе — бірыңғай бағаның болуы, яғни әр товарға қай жерде, қай елде өндірілгеніне қарамастан, бір баға қойылуы. Белгілі бір товардың бағасының әртүрлі болуы тек транспорт шығындарына ғана байланысты.

Барлық социалистік елдерде өндірістің жылма-жыл күшті қарқынмен үздіксіз өсуіне байланысты капиталистік рыноктың шеңбері барған сайын тарылып, үлкен қиыншылыққа ұшырап отырған болса, дүниежүзілік социалистік жаңа рынок бұл сияқты және товардың өтпеуі сияқты қиыншылықтарды білмейді. 1950 — 1957 жылдары социализм елдері арасындағы товар айналымы 2,6 есеге жуық өскен болса, капиталистік сауданың жалпы мөлшері тек 1,5 есе ғана артып отыр.

Совет Одағының социалистік елдермен товар айналымы жыл сайын артып келеді. 1946 жылдан 1958 жылға дейін оның көлемі 3,1 миллиард сомнан 25,5 миллиард сомға дейін өсті. Совет Одағының сауда айналымында Герман Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы бірінші орын алады.

Социалистік елдердің бәріне тән жалпы даму заңдылығы — халық шаруашылығының өсу қарқынының мейлінше күштілігінде. Осыған сәйкес сауда айналымы да өсіп отырады. Мәселен, 1965 жылы Совет Одағының социалистік елдермен сыртқы сауда айналымы 1958 жылға қарағанда 1,5 еседен астам өспек. Сонымен бірге халықтық демократия елдері де Совет Одағына көптеген товар өткізіп тұратын болады және оның мөлшері анағұрлым өседі.

Совет Одағының социалистік елдермен сауда қатынасында комплектілі жабдықтар беріп тұру ісі ерекше орын алады. Қазір социалистік елдерге жөнелтілген түрлі жабдықтың тең жартысы осындай комплектілі жабдықтар. Совет Одағы қажетті жабдықтарды жетістірумен бірге, оны орналастыруға тікелей көмектеседі. 1946 жылдан 1958 жылға дейін социалистік елдерде Совет Одағының көмегімен 600-дей кәсіпорын, цехтар мен жеке қондырғылар салынды және салынып жатыр. Совет Одағы Польшаға 78 кәсіпорны үшін, Румынияға — 80, Болгарияға — 70, Қытайға — 211 кәсіпорны үшін түрлі жабдық пен материал беріп тұрады. 1959 жылғы 7 февральда қол қойылған қосымша келісім бойынша Қытай Халық Республикасында 1959 — 1967 жылдары 78 ірі металлургия, химия, көмір, мұнай, машина жасау, электр техникасы, радио техникасы кәсіпорындарын, құрылыс материалдарын өндіретін орындар, электр станцияларын бірігіп салуға келісілді. Сол сияқты Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Монғол Халық Республикасында да Совет Одағының туысқандық көмегімен алуан түрлі кәсіпорындары салынды және салына бермек. 1962 жылға дейін Совет Одағы социалистік елдерде 462 кәсіпорны мен 120 жеке цехтар салып іске қосуға қажетті жабдық жетістіріп береді.

Совет Одағымен қатар басқа социалистік елдер де комплектілі жабдықтарды басқа елдерге жіберіп тұрады. Мәселен, Совет Одағы энергетика мен электр техникасы жабдықтарының үштен екісін Чехословакиядан алып тұрады. Чехословакия социалистік елдерде салынып жатқан электр станциялары, химия және цемент заводтары үшін де комплектілі жабдықтар жіберіп тұрады. Герман Демократиялық Республи-

касы электр станцияларын, прокат цехтарын, химия кәсіпорындарын, цемент заводтарын және бірсыпыра жеңіл, тамақ өнеркәсіп орындарын салып іске қосуға қажетті комплектілі жабдықтар беріп тұрады. Польша күкірт қышқылы, цемент, қант заводтарын салуға қажетті комплектілі жабдықтар беріп келеді. Бұл жабдықтарды басқа социалистік елдермен бірге олар Совет Одағына да беріп тұрады.

Экономикалық ынтымақтың бірігіп өнеркәсіп орындарын, ірі-ірі бу және су электр станцияларын салу, мемлекет аралық энергетика жүйесін жасау сияқты жана түрлерінің маңызы ерекше. Мәселен, Румыния, Герман Демократиялық Республикасымен, Польшамен және Чехословакиямен бірлесіп, Браиловта ірі целлюлоза комбинатын, жасанды торқа мен жіп иіру комбинатын салып жатыр. Польша мен Герман Демократиялық Республикасы және Чехословакия бірлесіп, бұл үш елдің жалпы мүддесіне сәйкес Польшаның көмір өнеркәсібін өркендетіп келеді. Чехословакия Польшада табиғи күкірт шығаруға қатынасады. Румыния мен Венгрия Румынияның табиғи газын пайдалану және Ока-Муриш қаласындағы сода заводын қайта құру жұмыстарын бірлесіп жүргізді. Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы және Монғол Халық Республикасы қосылып осы үш елді өзара жалғастыратын темір жол салды. Бұл жол Москва мен Пекиннің арасындағы жолды 1000 километрдей қыскартады.

Социалистік елдер экономикалық ынтымағының тағы бір түрі — комплектілі өнеркәсіп жабдықтарын, түрлі машиналарды, материалдарды және тұтыну заттарын сатып алуға қажетті қаражат беріп отыру. Социалистік елдердің арасындағы қаражат алыс-берісінде ешқандай саяси шарт қою деген болмайды. Бұл шара дос елдердің экономикасын көтеру, тәуелсіздігін нығайту мақсатын көздейді. Социалистік елдер бір-біріне қарызға қаражат бергенде жылына 1—2 проценттен артық өсім алмайды, алғашқы жылдары кейбір елдер өсім төлеуден мүлде босайды. Кей жағдайда қарыз қаражат ешбір өсімсіз-ақ несиеге беріледі.

Дүниежүзілік социалистік системадағы елдердің ішінде Совет Одағы қаражатты қарызға көп береді. Ол соғыстан кейінгі жылдары 28 миллиард сомнан астам қаржы берді. Соңғы жылдары халықтық демократия елдері де бір-біріне қаржы бере бастады. Мәселен, Албания мен Қытай Халық Республикасына Совет Одағымен бірге Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы, Польша қаржы беріп отыр. Биыл Қытай Халық Республикасы Вьетнам Демократиялық Республикасына 300 миллион юань қарыз берді.

Социализм елдерінің экономикалық қатынасынан тегін экономикалық-финанс көмегі елеулі орын алады. Мысалы, американ басқыншыларына қарсы соғыс кезінде өте-өте көп бүліншілікке ұшыраған Корея Халық Демократиялық Республикасына едәуір жәрдем көрсетілді. Совет Одағы Кореяға 1 миллиард сом, Қытай — 800 миллион юань мөлшерінде көмек көрсетті. Чехословакия автомобиль заводын тағы бірсыпыра кәсіпорындарын салуға қажетті жабдықтарды корей халқына тегін берді. Ал Польша паровоз, вагон жөндейтін мастерскойды тегін салып берді, үш көмір кенін қалпына келтіруді өз міндетіне алып, бірсыпыра техникалық көмек көрсетті, тегін азық-түлік жеткізіп берді. Румыния цемент заводын, аспирин фабрикасын салып, балық аулайтын кеме, түрлі вагон, құрылыс материалдарын, тұтыну заттарын берді. Сондай-ақ Вьетнам Демократиялық Республикасына және 1956 жылы контрреволюциялық бүліншілік кезінде көп шығынға ұшыраған Венгрияға көптеген тегін көмек көрсетілді.

Социалистік елдер экономикалық ынтымақтау ретінде бір-біріне ғылыми-техникалық және өндірістік көмек көрсетіп отырады. Бұл көмектің бәрі (тиісті документтерді жасауға жұмсалған тікелей шығынды

есептемегенде) тегін беріледі. 1947 — 1958 жылдары Совет Одағы социалистік елдерге ғылыми-техникалық көмек ретінде күрделі құрылыстардың, машина-жабдықтар өндірісін, технология жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті 17 мыңдай жоба-сызбаларды тегін берді. Өзі социалистік елдерден осындай 3400 жоба-сызба документтерін алды. Польша мен Чехословакия экономистерінің есебіне қарағанда, Совет Одағынан алған документтер бойынша жұмыс ұйымдастыру нәтижесінде және Совет Одағының өндірістік тәжірибелерін қолдану арқасында Польша 1 миллиард сомдай, Чехословакия — 1,2 миллиард крондай қаражат үнемдеген.

Совет Одағының 281, ал халықтық демократия елдерінің 311 ғылыми-зерттеу институты өзара үнемі пікір алысып, күрделі ғылыми мәселелерді шешуге ірге қатынасады. Тек Совет және қытай оқымыстылары ғана бірлесіп, 122 күрделі ғылыми мәселелерді зерттеп шешуде. Социалистік елдердің ғылым саласындағы ынтымағына Біріккен ядро зерттеу институтының құрылуы айқын дәлел.

Социалистік елдердің достық қатынасында техникалық кадр даярлау ісі де үлкен орын алады. Совет Одағы, Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы, Польша, Венгрия өнеркәсіпке, транспортқа, ауыл шаруашылығына керекті кадрлар даярлайтын мемлекет аралық үлкен орынға айналды. Бір ғана Совет Одағының жоғары дәрежелі оқу орындарында барлық халықтық демократия елдерінен 12 мыңнан астам студент пен бір жарым мыңдай аспирант оқиды.

Ғылым мен техниканың озат табысын өзара алмасу, түрлі маман даярлау, өндіріс тәжірибесін ауысу барлық социалистік елдерде техникалық прогресті тездетуге, ең жаңа машина-жабдықтар мен алдыңғы қатарлы өндіріс тәжірибесін өнеркәсіпке, транспортқа, ауыл шаруашылығына неғұрлым тез ендіруге көмектеседі. Осының бәрі еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын арзандатуға жағдай жасап, барлық социалистік елдердегі халықтардың тұрмысын жақсартуға беруге көмектеседі.

Социалистік елдер өзара ынтымақтаса отырып, басқа елдермен де қажетті қатынас жасайды. Мәселен, социализм елдері мен әсіресе Индия, Индонезия, Ирак, Бирма, Финляндия, Біріккен Араб Республикасы арасында экономикалық қатынас жақсы жолға қойылған. Совет Одағы мен экономикасы нашар елдер арасында да товар айналымы ұлғайып келеді. Оның көлемі 1953 — 1958 жылдардың арасында 6 есе артты.

В. И. Лениннің социалистік және капиталистік елдер бейбіт қатар өмір сүре алады деген нұсқауына сүйеніп, социализм елдері шаруашылық және мәдениет құрылысында капиталистік елдермен жарысқа түсуді жақтайды. Екі системаның осы бейбіт экономикалық жарысында өте мөте прогресшіл қоғамдық құрылыс болып отырған социализм капитализмнен сөзсіз озады. Мысалы, Совет Одағының жетіжылдық жоспары және басқа барлық социалистік елдердің халық шаруашылық жоспарлары орындалғанда дүниежүзілік өнеркәсіп өніміндегі социализм елдерінің үлесі 50 проценттен асып түсешек. Сөйтіп, қоғамдық дамудың негізі — материалдық өндірісте социалистік системаның артықшылығы даусыз үстем болып шығады. Бұл — социализмнің капитализммен бейбіт экономикалық жарысындағы аса ірі жеңісі болады.

# Қытай Халық Республикасына он жыл

К. ШӘЙМЕРДЕНОВ

1949 жылдың 1-октябрі ұлы қытай халқының тарихындағы аса маңызды кезең. Коммунизм құрылысын кеңінен өрістету дәуіріне аяқ басқан совет халқы үшін 7 — 8 ноябрь қандай ыстық, қандай ардақты, қандай қуанышты болса 650 миллион қытай халқына да 1-октябрь сондай ыстық, сондай ардақты, сондай қуанышты. Бұл күні Пекиннің Тяньаньминь алаңының үстінде бостандықтың бес жұлдызды ал қызыл жалауы желбіреп ұлы қытай халқы өзінің халықтық республика құрғанын жер жүзіне асқан салтанатпен жариялады.

Міне биыл қаһарман қытай халқымен бірге совет халқы және бүкіл прогресшіл адамзат Қытай Халық Республикасының осы тарихи жеңісіне 10 жыл толғанын зор қуанышты сезіммен атап өтеді. Коммунистік партия бастаған Қытайдың жұмысшы табы мен шаруалары мызғымас берік одақ құра отырып, реакцияшыл Чан Кай-ши арамзаларын талқандап, олардың азған қалдықтарын материктен біржола қуып шықты. Қытай халқы Октябрь революциясы салған жарқын жолға, социализм жолына түсті. Қытайда революцияның жеңуі қытай халқының бостандық жолында көп жылдар бойы жүргізген ерлік күресінің нәтижесі еді.

Қытай халқының тағдыры үшін Октябрь революциясының маңызын Мао Цзэ-дун жолдас былай деп сипаттады: «Октябрь революциясының зеңбірек дүркіндері бізге марксизм-ленинизмді әкеліп жеткізді. Октябрь революциясы дүние жүзінің және қытайдың прогресшіл элементтеріне пролетарлардың дүние тану көзқарасын ел тағдырын шешу және өз проблемаларын қайта қарау үшін қолдануға көмектесті. Орыстардың жолына түсу — қорытынды осы болды».

Октябрь жеңісінен нәр алып жаңа күшпен жігерлене түскен қытай халқы империалистік және феодалдық қанауға қарсы талай рет көтеріліс жасап күреске шықты. Бірақ ол көтерілістер күшпен басылып келді.

Қытай революциясының дамуында аса көрнекті кезең болған ірі қозғалыс бұдан 40 жыл бұрын 1919 жылы 4 майда басталды. Бұл күні Пекин қаласының студенттері шетел империалистерінің озбырлығына қарсы ереуілге шықты. Студенттердің бұл бейбіт ереуілі күшпен басылып бірнеше мың адам тұтқынға алынды. Бірақ революциялық қозғалыс жаңа қарқынмен өрлей түсті. Енді Пекин, Шанхай, Кантон тағы басқа қалалардың жұмысшылары да бас көтеріп студенттерді қолдады. Бұл күрес қытай халқының тарихында «4 май қозғалысы» деп аталады. Жақында барлық қытай халқы осы қозғалыстың 40 жылдығын үлкен салтанатпен атап өтті. «4 май қозғалысының» тарихи маңызы — ол халық бұқарасының санасын оятты, қозғалыстың нәтижесінде өзінің дербес тап екендігін сезе бастаған, таптық мүддесін қорғауға дайын қытай пролетариаты саяси күреске шықты. Сөйтіп 1921 жылы пролетариаттың саяси партиясын — Коммунистік партияны құруға негіз салды. Елдегі ұлт азаттық және революциялық қозғалыстың жаңа кезеңін бастады. Мұның өзі арада 30 жыл өткеннен кейін

Қытай Халық Республикасын жариялаумен аяқталды. Сөйтіп Тынық Мұхиттың жағалауынан бастап төбесі көк тіреген Тяньшанның шыңдарына дейінгі ұлан байтақ өлкені алып жатқан Қытай мемлекеті үшін де Октябрь шапағы нұрын шашты.

1917 жылғы Октябрьден кейінгі дүниежүзілік тарихтың нағыз елеулі оқиғасы осы болды.

Қытай халқы дүниежүзілік империализмге, реакцияға күйрете соққы берді. Бүкіл әлемдегі социализмнің, бейбітшіліктің және демократияның күшін орасан өсіріп тірегін нығайтты бұл жеңіс. Қазірде социалистік елдер дүние жүзінің төрттен бірін, халқының үштен бірін қамтиды. Дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің үштен бірін өндіріп береді.

Сонымен бірге ол отар және тәуелді елдердегі ұлт азаттық қозғалысын жаңа сатыға көтеріп, күшейтуге, өрбітуге үлкен әсер етті. Қытай революциясы, әсіресе Азия халықтарының тағдырына, күресіне зор ықпал жасады.

Бұдан қытай халқының тарихи жеңісі тек Қытай өмірінде ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзат тарихынан да аса көрнекті орын алатынын көреміз.

Қаһарман қытай халқы өз елінде демократиялық революцияны аяқтап қана қоймай, сонымен бірге социалистік революция мен социалистік құрылыста өткен он жылдың ішінде ұлы жеңістерге жетті. Революция жеңіп, халықтық республика құрылған күннен бергі өткен он жыл онша көп уақыт емес. Дегенмен осы тарихи қысқа мерзімнің ішінде жаңа Қытайдың қоғамдық өмірінде, экономика, мәдениет жағынан дамуында және халықаралық жағдайында аса ұлы өзгерістер болды.

Өткен он жыл ішінде Коммунистік партияның басшылығымен ұлы қытай халқы айтарлықтай игілікті жұмыстар істеді. Экономикалық және мәдени тұрмыстың барлық саласында орасан зор табыстарға жетті. Еңбекшілер бұқарасының патриоттық қозғалысы өрістеп халықтың саяси сана сезімі артты. Ел ішіндегі контрреволюциялық элементтердің зиянкестік әрекеттері жанышталды, елдің қорғаныс күш-қуаты да нығайып, өткен жылы американ империалистерінің басып кірмек болған агрессиялық жоспары күйретілді. Үш жылдың ішінде қытай халқы ұзақ соғыстың ауыр зардабын жойып, 1952 жылы халық шаруашылығын қалпына келтірді. Коммунистік партия енді өтпелі дәуірдің міндеттерін белгіледі. Оның басты міндеті «елді социалистік жолмен индустрияландыруды бірте-бірте жүзеге асыруда, ауыл шаруашылығын, майдагерлік өнеркәсіпті және жеке меншікті сауда мен өнеркәсіпті социалистік жолмен қайта құруды бірте-бірте жүзеге асыруда болып отыр» деп көрсетілді.

Коммунистік партия белгілеген сара жолмен өркендеген Қытай 1953 жылы бірінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыруға кірісті. Мұқалмас жігер, қажымас қайрат көрсеткен қытай халқы бұл жоспарды мерзімінен бұрын асыра орындап шықты. 3 мыңға жуық өнеркәсіп орны салынды немесе қайта құрылды. Екі ел арасындағы келісім бойынша Совет Одағының көмегімен салынған 21 ірі өнеркәсіп орны ауыр өнеркәсіптің ұйтқысы болып отыр.

Бірінші бесжылдықтың қорытындысында 1957 жылы Қытай 5,9 миллион тонна шойын, 5,3 миллион тонна болат, 128 миллион тонна көмір, 19 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндірді.

Капиталистік және майдагерлік өнеркәсіпті, сондай-ақ жеке меншікті сауданы социалистік жолмен қайта құрудың орасан зор маңызы болды. Партия жүзеге асырған бұл саясат бүкіл табыстың кілті еді. Қытайда халық революциясы жеңгеннен кейін капиталистік сектордың үлес салмағы басым болатын. Мысалы, 1949 жылы елдегі барлық өнімнің 63,3 процентін, ал 1952 жылы соның 39 процентін капиталистік сектор шығаратын еді. Онда үш миллион адам жұмыс істеді.



Марксизм-ленинизм ілімін Қытай жағдайына сәйкес қолдана отырып, Қытай коммунистері жеке меншікті, сондай-ақ капиталистік меншікті бейбіт жолмен социалистік меншікке айналдыру саясатын тамаша шеберлікпен жүзеге асырды.

1955 жылы капиталистік жеке меншіктің бүтіндей салалары мемлекеттік капитализмге көшіріле бастады. 1956 жылдың аяғында 70 мың жеке капиталистік өнеркәсіп орны аралас мемлекеттік жеке меншікке айналды. Бұлар жеке меншіктегі өнеркәсіп өнімінің 99,6 процентін беретін. Сауда орындарының дені де аралас мемлекеттік жеке меншікке немесе мемлекеттік меншікке айналдырылды. Сөйтіп елде капиталистік сектор жойылып, социалистік сектор негізінен үстемдік алды.

Қытай ұлт буржуазиясының бұл сияқты өз меншігін социалистік жолмен қайта құруға оңай келісуінің себебі мынадай еді:

1. Ұлттық буржуазия басқа таптарға қарағанда азшылық еді.
2. Ол экономикалық және саяси жағынан әлсіз болды. Ал халықтық демократия диктатурасы күн сайын нығайып, елдің экономикасында социалистік сектор жедел өсе бастады.

3. Қолайлы халықаралық жағдай елде социализм құру ісін жеңілдетте түсті. Ұлы Совет Одағы бастаған дүниежүзілік социалистік системаның материалдық, моральдық көмегі зор болды.

4. Коммунистік партияның данышпандық және көрегендік саясаты ұлттық буржуазияның тура ашық күрес ұйымдастыруына мүмкіндік қалдырмады. Әрине, бұдан капиталистердің бәрі түгелдей социалистік жолға оп-оңай түсті деп ұғынуға болмайды. Олардың ішінде Қытайды капиталистік жолға қарай итермелеушілер де болды.

1957 жылы Қытай коммунистік партиясының саясатына қарсы шыққан Чжан Бо-цзюнь, Ло Лун-цзи тобы осы капиталистік элементтердің қолшоқпары еді. Бірақ бүкіл халықтың сеніміне бөленген Коммунистік партия бұл азғындар тобын аз күнде-ақ талқандап аластады.

Сонымен азат етілген еңбектің қуанышын түсінген ұлы қытай халқы өз Отанының техника, экономика жағынан ғасырлар бойы артта қалуын жойып, социализм орнатудың негізін қалады.

Социалистік қайта құру ісі Қытайдың ауыл шаруашылығында да жеңінен жүзеге асырылды. Жер реформасы бойынша, жер помещиктерден тартып алынып, шаруаларға бөліп берілді. 300 миллионнан аса шаруаларға 47 миллион гектар жер тиді. Қытай қоғамындағы ең реакцияшыл тап — помещиктер жойылды. Мұның өзі ауыл шаруашылығын өте қысқа мерзімде қалпына келтіріп қоймай, 1952 жылдың өзінде-ақ астық пен мақтаның жалпы түсімін өткен жылдардағы ең жоғарғы өнімнен асыруға мүмкіндік берді. Коммунистік партияның басшылығымен шаруалар жеке шаруашылықтан социалистік кооперативтік шаруашылық жолына көше бастады. 1956 жылдың аяғында 120 миллион шаруа үйі яғни барлық шаруа үйлерінің 96 проценті кооперативке кірді. Елдегі барлық егістік жердің 90 проценті олардың қарамағында болды. Бытыраңқы 125 миллион шаруалар үйінің орнына 700 мың кооператив құрылды. Халық демократиялық елдердің ішінде бірінші болып Қытай Халық Республикасы ауыл шаруашылығын социалистік жолға түсірді. В. И. Лениннің даңқты кооперативтік жоспарын іске асырды. Бұл ұлы халықтың тарихи жеңісі болды.

Ауыл шаруашылығын социалистік жолға түсіру елдің өндіргіш күштерінің өсуіне жол ашты. Дәнді дақылдар өндірудің бірінші бесжылдық жоспарында белгіленген тапсырмасы 1957 жылы асыра орындалды. Ал 1958 жылы мол өнім алынып, 250 миллион тонна астық өндірілді. Бұл 1957 жылғыдан 35 процент артық. Қытай былтыр жан басына 380 килограмдай астық жинады. Мақта өнімі 1957 жылғыдан 28 процент артып, 2,1 миллион тоннаға жетті.

Мал шаруашылығын дамытуда да күрделі табыстарға қол жетті. Өткен жылы шошқаның саны 160 миллионға жетті. Ірі қара мал мен қой да едәуір өсті.

Өткен жылы август айында Қытай коммунистік партиясы саяси бюросының ашық мәжілісінде бүкіл Қытайда халық коммунасын құру жөнінде мәселе қаралды. Барлық шаруашылық саласы дамуының, әсіресе, ауыл шаруашылығындағы ірі табыстардың нәтижесінде ұсақ артельдерді біріктіріп, ірілендіру, яғни оларды халық коммуналарына айналдыру керек екендігі атап көрсетілді.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуының нәтижесінде экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық саласын бұрын сонды болып көрмеген қарқынмен жедел дамытуға жарқын жол ашылды. Енді Коммунистік партия мен Қытай халық үкіметі елді барынша тез гүлдендіріп осы заманғы өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы бар, ғылымы мен мәдениеті дамыған ұлы социалистік мемлекетке айналдыру үшін бүкіл халықты жұмылдырды.

Ұлы қытай халқы партия ұсынған сара жолмен барлық күшті жұмылдырып алға ұмтылып «көп те тез, жақсы да үнемді» деген принцип бойынша өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өрге бастыруда. Былтыр 1958 жыл қытай халық шаруашылығының барлық саласында да зор өрлеу жылы болды. Бір жылдың ішінде өнеркәсіпте өнімнің жүз мыңнан аса жаңа түрлері игерілді. Ал 1959 жылдың бірінші жартысында өнеркәсіптің жалпы өнімі өткен жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 65 процент өсті.

Социалистік индустрияның орасан зор табыстарына сүйене отырып, Қытай Халық Республикасы 1957 жылы декабрьде таяудағы 15 жыл ішінде болат және өнеркәсіптің басқа да басты өнімдерін өндіру жөнінен Англияны қуып жетіп, басып озу мақсатын алға қойды. Қазір қытай халқы бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырып жатыр. Оны дәлелдеу үшін көмір мен болат өндірудің өсу қарқынын айтсақ та жеткілікті. 1957 жылы Англия 227 миллион тонна көмір өндіргенде Қытай небәрі 130 миллион тонна көмір шығарды. 1958 жылы Англияда 215 миллион тонна ғана көмір шығарылса, ал Қытайда көмір өндіру екі есе артып, 270 миллион тоннаға жетті. Сөйтіп, Қытай көмір өндіруде Англияны бір жылдың ішінде қуып жетіп, басып озды. Қытай Англияны болат қорыту жөнінен де ұзамай қуып жететіні айқын болып отыр. Бір жылдың ішінде Қытайда болат қорыту 5,35 миллион тоннадан 11 миллион тоннаға жетті. Ал, Англияға осы мөлшерде өнім арттыру үшін 32 жыл, Америкаға жеті жыл уақыт керек болған еді.

Ауыр өнеркәсіптің тірегі — машина жасау ісі де таң қаларлықтай жылдам дамуда. Өткен жылы 1957 жылмен салыстырғанда металлургия жабдықтарын жасау 15 есе, электр станцияларын салу 5 есе артып, станок шығару 28 мыңнан 90 мыңға жетті. Революциядан бұрын Қытайды «халықаралық автомашинаның көрмесі» деп күлкі етуші еді. Өйткені Қытайдың отандық машина жасау өнеркәсібі болмағандықтан 60 түрлі автомашиналарды жиырмадан аса елден сатып алатын. Қазір жағдай мүлдем өзгерді. 1958 жылдан бастап отандық автомашина көптеп шығарыла бастады. Чаньчун заводы автомобиль шығаруды бір жылдың ішінде 30 мыңнан 150 мыңға жеткізді. Өндіріс қуатын арттыруға қосымша қаржы жұмсалған жоқ. Ішкі мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану осындай табысқа жеткізді. Бұрын Қытай трактор дегенді білмесе, қазір ол трактордың бірнеше түрін шығарады. Қазір Қытайда реактивті самолеттер, 4 мың аттың күші бар электровоздар, тепловоздар, осы заманғы станоктар жасайтын кәсіпорындар жұмыс істейді.

Ауыр өнеркәсіпті осы сияқты басымырақ өркендетумен бірге Қытайда жеңіл өнеркәсіп те шапшаң дамып келеді. 1952 жылдан 1957 жылға дейін көпшілік тұтынатын товарлар шығару 80 процент артты.

Жуырда болып өткен Қытай Компартиясы Орталық Комитетінің VIII пленумы 1958—1959 жылдары өнеркәсіп саласында қол жеткен зор табыстарға талдау жасай келіп, енді өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін өндіру мөлшері жағынан Қытай Халық Республикасы Англияны бұрын айтылып келгендей 15 жылда емес, 10 жыл ішінде қуып жетеді деген тұжырым айтты.

Бес мың жылдық тарихы бар қытай халқы мәдениет пен ғылымның нешетүрлі үлгілерін берді. Тұңғыш рет жібек құртын асыраған, шай өсіруді ең алдымен тапқан, мылтық дәрісін шығарған, сондай-ақ компасты бірінші болып қолданған қытайлықтар еді. Бірақ шетел империалистерінің көп жылдар бойғы езгісінде торыққан Қытайдың экономикасы, ғылымы мен мәдениеті дамытылмады, бірқалыпта тұйықталып, тоқырап қала берді. Ескі Қытайда халықтың басым көпшілігі сауатсыз болды. Ғылым мен мәдениет есігі еңбеккерлер үшін жабық болатын. Тек Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін ғана ғылым мен мәдениеттің қарыштап дамуына даңғыл жол ашылды. Қытай Коммунистік партиясының бастауымен өрістеген мәдени революция нәтижесінде сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей бастауыш білім беруді жүзеге асыру, оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесін кеңейту, тазалық сақтау дәрежесін жоғары сатыға көтеру, физкультура мен спортты дамыту, социалистік әдебиет пен көркем-өнерді өркендету, жұмысшы табы интеллигенциясының сан миллиондаған армиясын құру ісі жүзеге асырылуда. Халықтық үкіметтің тұсында тұңғыш рет Қытайда ғылым академиясы құрылды. Кәзір ғылым академиясының 70 ғылыми зерттеу институты мен мекемесі бар. Шет аймақ пен қалаларда академияның жаңадан 15 филиалы құрылды. Кәзір Қытайда сауатсыздықты жою және білім алу үшін аттаныс бүкілхалықтық сипат алып отыр. Тек 1958 жылдың өзінде жүз миллион адам сауатын ашты. Бұл одан бұрынғы 8 жылғыдан үш жарым есе артық. Енді алдағы 4—5 жылдың ішінде сауатсыздықты мүлдем жою міндеті қойылып отыр. Қытайда орта және жоғары білім алу ісі де кеңінен өрістеді. Биылғы оқу жылында оқу жасындағы балалардың 94 проценті қамтылды. 540 мыңнан аса бастауыш мектепте 92 миллион бала оқиды. Орта мектепте биыл 15 миллион адам оқиды. 1 408 жоғары оқу орындарында 1 миллион студент білім алуда.

Қытай Халық Республиканың экономикасы мен мәдениеті жедел қарқынмен өркендеуінде Совет Одағы мен Қытай арасындағы берік достық пен ынтымақ елеулі орын алады. Қытай Халық Республикасы жарияланған күннің ертеңінде 2 октябрь күні оны бірінші болып таныған Совет Одағы іле дипломатиялық қатынас орнатты. 1950 жылдың 14 февралінде совет-қытай арасында достық, одақ және өзара көмек туралы келісімге қол қойылды. Совет Одағы өзінің экономикалық күші және бай тәжірибесі арқылы Қытайдың индустриялы елге айналуына тікелей жәрдем беріп отыр. Тек 1953—1959 жылдарда Совет Одағы 289 ірі өнеркәсіп орнын салу, қайта құру және бұларды жабдықтау туралы келісім жасады. Биылғы жылдың басына дейін соның 80 кәсіпорны қатарға қосылды. Қытай металлургиясының алыбы Аньшань металлургия комбинаты соның бірі. 1959 жылғы келісім бойынша Совет Одағы тағы да 78 ірі өнеркәсіп орны мен электр станцияларды салуға Қытайға көмек көрсетпек.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының қарым-қатынасында үнемі дамып келе жатқан сауда үлкен орын алады. 1953 жылы екі ел арасындағы товар айналымы 2 306,1 миллион сом болса, 1959 жылы үш есе артып, 7 200 миллион сомға жетеді. 1951 жылдан бері Совет Одағында 7 мыңдай қытайлықтар практика алды. Мыңнан аса қытай мамандары Совет Одағының ғылым мен техникадағы алдыңғы қатарлы өндіріс тәжірибелерімен танысты. Совет Одағының

университеттері мен институттарын 6 500 қытай студенттері бітіріп шықты. Ал, қазір Қытайдың 5 500-ден аса жас жігіттері мен қыздары Совет Одағы жоғарғы оқу орындарында оқып инженер, конструктор, дәрігер, агроном, ғылыми қызметкер болуға даярлануда.

Өткен жылы Қытай мен Совет Одағы арасындағы кіршіксіз достық қатынас онан әрі күшейе түсті. Мао Цзэ-дун мен Хрушев жолдас-тардың 1958 жылы августа Пекинде болған кездесуі осының ең маңызды белгісі. Бұл тарихи кездесу екі елдің ынтымағын онан сайын дамытып бүкіл социалистік лагерьдің қоян қолтық бірлігін бұрынғыдан да күшті нығайта түсетіні анық.

Қытай халқының керемет табыстарына сүйсіне түскен қазақ халқы да бүкіл Совет Одағының халықтарымен бірге қытаймен достық байланысты барған сайын нығайтып келеді. Былтыр Қазақстанда совет-қытай достығы одағының бөлімшесі құрылды. Мұның өзі көршілес туысқан екі халықтың достығы мен ынтымағын, бірлігі мен байланысын бұрынғыдан да күшейте түседі. Ұзамай салынып бітетін Ақтоғай — Ланчжоу темір жолы Совет Одағының Қытаймен байланысын жақсартта түседі.

СССР мен Қытай Халық Республикасының ынтымағы, достығы, қарым-қатынасы, өзара көмегі Қиыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау, нығайту, халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі шешуші фактор. 850 миллионнан астам халқы, сарқылмас материалдық қоры бар аса қуатты екі елдің — СССР мен Қытайдың достығы дүние жүзінде үстемдік құруға дәмеленіп отырған империалистік есуастардың жолындағы үлкен бөгет болып отыр. Қытай халқының үш жылға созылған Кореядағы соғысты тоқтату, Үнді Қытайда бейбітшілік орнату, Орта және Таяу Шығыс халықтарына қарсы империалистердің басқыншылық әрекеттерін ауыздықтау және халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы он жыл ішіндегі күресі осыны дәлелдейді.

Ұлы Қытайдың алып адымы империалистерге мүлде ұнамайды. Түрлі арандату әрекетін қолданып, шетел капиталистері Қытайды әділетті, парасатты қоғам құру жолынан тайдырғысы келеді. Тайвань аралын АҚШ-тың демеуімен немденген Чан Кай-шиға зор үміт артқан арамзалар нақты, шын Қытайды танығысы, білгісі келмейді. Қытайдың Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орны Чан Кай-ши өкіліне емес, Қытай Халық Республикасының өкіліне беруге алдымен АҚШ үкіметінің қарсы шығуы халықаралық қатынастардағы сұрапыл әділетсіздік болды. Совет Одағы бұл сияқты теріс, орынсыз әрекетке батыл қарсы шықты. Совет Одағының және басқа да бейбітшіл елдердің күш салуымен Қытай Халық Республикасы көп ұзамай өзінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын алады.

Іргесі жарасқан, ынтымағы нығайған, мақсаты айқын, қадамы нық екі ұлы елдің достығы прогресшіл адамзаттың ізгі арманын тербеді. Бейбіт, жарасты, жарқын өмірді көзіне елестетеді. Жаса, екі ұлы халықтың достығы дегізеді.

# Табандылықпен жүзеге асыратын міндет

К. БОРОДИН,

*Өскемен қалалық партия комитетінің секретары*

Соңғы жылдары Коммунистік партия техниканы үздіксіз ілгері дамыту бағытын мейлінше берік ұстап келеді. КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы атап көрсеткендей, техниканы дамытудың өзекті мәселесі өндіріс жұмыстарын түгел механикаландырып, автоматтандыру болып есептеледі. Механикаландырып, автоматтандыру арқылы ғана еңбек өнімділігін күрт арттыруға, жұмыс жағдайын барынша жеңілдетуге, өнімдердің түсер құнын арзандатып, сапасын барынша жақсартуға болады. Өнеркәсіптің түрлі саласында құрал-жабдықтардың күрделілігі, кейбір өндірістің адам денсаулығына зияндығы, операциялардың өте дәлме-дәлдігі себепті көптеген технологиялық жұмыстар автоматикасыз жүзеге асырылмайды. Демек, автоматтандыру— өнеркәсіптің барлық саласының, техникалық дәрежесін көтерудің басты жолдарының бірі, бұл еңбек өнімділігін еселеп арттырудың және СССР-дің негізгі экономикалық міндетін— экономика жағынан неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін шешудің басты тетігі.

Өскемен қаласы соңғы жылдары республикамыздың кенді Алтайдағы ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Мұнда түсті металлургия, металл өңдеу, ағаш ұқсату кәсіпорындары онан әрі ілгері дами түсті. Машина жасау, аспап жасау, электротехника іспеттес өнеркәсіптің жаңа салалары құрылуда. Құрылыс жабдықтары мен бөлшектерін шығару ісі де өсіп өркендей бастады. Ауыр өнеркәсіппен қатар жергілікті, тамақ және кооператив өнеркәсіп орындары да кеңейтіліп, өріс алып отыр. Қала кәсіпорындарында жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің еңбектегі шабыты шарық ұрып, олар жұмысты еңсеріп істейтін болды. Коммунистік еңбек бригадасы атағын алу қозғалысы барған сайын күшейе түсуде.

Партияның ХХ съезінің тарихи шешімдерін табандылықпен жүзеге асыру нәтижесінде қаланың кәсіпорындарын техникамен кенелту, оны жетілдіру бағытында бірқыдыру жұмыс істелді. Шаруашылық құрылыста партия ұйымдарының ролі едәуір артты, мемлекеттік жоспарларды орындау, бар мүмкіншіліктерді пайдалану үшін, техниканы ілгері дамыту үшін олардың жауапкершіліктері күшейді. Қазіргі уақытта партияның ХХІ съезінің жетіжылдық жоспар жөніндегі шешімдерін орындау қозғалысы құлаш сермеп кең өрістеп отыр.

Съезд бен КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының алға қойған кесек міндеттері қалалық партия комитеті мен бастауыш ұйымдарына зор жауаптылық жүктеді. Июнь Пленумының терең мазмұнды үндеуінде айтылғанындай, енді бүкіл істің табысты болуы партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының күш салуына, олардың ұйымдастыру және саяси жұмыстарды шебер жүргізуіне байланысты. Ал бұл істе нағыз түйінді мәселе барлық коммунистер мен партияда жоқ активтерді партия ұйымдарының шешімдерін жүзеге асыру күресіне жұмылдыру. Егер коммунистер мен актив өндірісті түгел механикаландыруға, автоматтандыруға асқан ынта-жігермен кіріссе, өнді-

рістің озаттары мен өнертапқыштарының құнды тәжірибесіне зейін қоя, үніле қараса істің табысты болатынында ешбір күмән жоқ. Қалалық комитет жаңа техниканы, өндіріс озаттарының жетістіктерін қолдану жөнінде бастауыш партия ұйымдарының жұмысына көбірек назар аудара бастап еді, істің жалпы әлпеті күрт жақсаруға айналды. Осыған орай жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің белсенділігі едәуір артты.

Мысалға біздің қорғасын-мырыш комбинатын алуға болады. Ал бұрын осы кәсіпорын жұмысты үздік-создық істейтін, онда осал жерлер көп болатын. Техниканың және технологияның жаңасымен қатар көнесі де, тозығы жеткені де қолданылып жүрді. Күйдіру цехтарындағы істің жайы өте мүшкіл еді. Ескі күйдіру пештерінің жұмысы оншама берекелі болған жоқ, ал мұның өзі мырыш алу мөлшерін ұлғайтуға кедергі жасап келді. Ескі пештерді ауыстырып, концентратты «қайнаған қабатта» күйдіру әдісіне көшу қажеттігі туды. Қалалық партия комитеті өз мәжілісінде күйдіру пештерін қайта құру жөніндегі жұмыстардың жоспарын қарап, жауапты адамдарды бекітті, жұмыстың барысына қатаң бақылау орнатты.

Қорғасын-мырыш комбинатының партия комитеті (секретары Қозлов жолдас), мырыш өндірісінің партия ұйымы (секретары Додин жолдас), қалалық комитеттен оларға көмекке бөлінген қызметкерлер социалистік жарыс ұйымдастырды, жұмыстың барысына ұдайы бақылау жасап отырды, жаңа пештерді салу жөніндегі жұмыс графиктерінің орындалуы жайында күн сайын қысқа, жедел кеңестер өткізілумен болды. Мырыш заводы коллективінің тынбай жұмыс істеуі, Алтай қорғасын құрылысы тресінің құрылысшылары мен монтажшыларының көмегі арқасында 3 айдан кейін іс мүлде ондала бастады. Жаңа пештермен жұмыс істеу жолында алғашқысында сәтсіздіктер болды, қиыншылық кездесті, бракқа жол берілді. Бірақ мұның бәрі түзетілді. Жаңа пештер іске қосылғанда озық техниканың барлық артықшылығы іс жүзінде көрінді, қайта құру жөніндегі жұмыс онан әрі жақсы орындалды.

Кәзіргі уақытта күйдіру пештерінің бәрі қайта құрылып, «қайнаған қабатта» күйдіру әдісіне көшіру іске асырылып отыр, мырыш өндіру жұмыстың осал жері болудан қалды.

Қалалық партия комитеті жаңа техниканы енгізу, өндірісті автоматтандыру, механикаландыру шараларын жүзеге асыру жөнінде қарар қабылдады. Комбинаттың партия комитеті жаңа техниканы қолдану жөніндегі жұмыстың барысын үнемі қадағалап отырды. Бақылаудың ұйымдастыру жұмысының жолға қойылғаны істің табысты болуына үлкен әсер еткенін кәзір батыл айтуға болады.

Комбинаттың партия ұйымындағы коммунистер жаңа техниканы қолдану күресіне барлық цехтар коллективін жұмылдыра білді. Осы күндері комбинатта өндірісті автоматтандыру жөніндегі жұмыс кең көлемде жүргізіліп жатыр. Өндірісті автомат арқылы бақылау көп ұзамай іске асырылады. Бұл жұмыстың кең көлемде жүргізіліп жатқанын мынадан-ақ аңғаруға болады. Автоматика кабельдері мен сымдардың ұзындығы 120 километрден асады, цехтарда екі мыңнан астам автоматты бақылау нүктелері орнатылған.

Мырыш концентраттарын күйдіру, күміс «көбіктерін» қайта өңдеу сияқты күрделі жұмыстарды автоматтандыру амалдары іздестіріліп табылды.

Жұмыстарды түгел механикаландырған жағдайда ғана өндірісті автоматтандыруға болады. Өндіріс жаңашылдарының, рационализаторларының өрелі ой-өрісі еңбекті көп керек ететін жұмыстарды түгел механикаландыруға бағындырылған. Электролит цехының механигі коммунист Котов жолдас мырышты қалыпқа құятын машинаны елі-

мізде тұңғыш ойлап тапты. Кәзіргі уақытта комбинатта осындай үш машина орнатылып отыр. Алматы машина жасау заводында 5 машинаны біз үшін әзірлеу аяқталып келеді.

Мырышты қалыпқа құюды механикаландыру сол учаскеде кемінде 20 жұмысшыны басқа жұмысқа босатуға, жұмысты автоматтандыруға, еңбек жағдайын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Коммунистік еңбек озаты, электролит цехының слесары, партия мүшелігіне кандидат Вахрушев жолдас катод пешіне катод мырышын автомат арқылы толтыру қондырғысын Совет Одағында бірінші болып ойлап шығарды. Кәзір бұл машина жұмыста сынап байқалуда.

Қорғасын өндірісінің бас механигі Волков, бас энергетигі Кунгуров, механигі Щербаков, механика мастерскойының бастығы Донченко жолдастардың ұсыныстары бойынша мырышты қалыпқа құю, құймаларды (чушкаларды) алып қалау жұмыстары автоматтандырылды. Бұл ұсыныс рафинат цехында мырышты қалыпқа құю жұмысын түгел механикаландыруға, он адамды басқа жұмысқа босатуға мүмкіндік берді. Ал мұның өзі жылына 150 мың сом үнемдеуге жол ашады.

Комбинатта өндірісті басқару ісін автоматтандыру және технологиялық процестерді реттеу жөнінде бірқыдыру жұмыстар істелді.

Кәзір қорғасын-мырыш комбинатында өндірісті түгел автоматтандыру жөніндегі шаралардың үлкен жоспары жобаланып отыр. Жоспар бойынша автоматиканың схемаларын жасауға түсті металлургияның Бүкілодақтық және Қазақстанның ғылыми-зерттеу жобалау институттары кеңінен қатысатын болады.

Қалалық партия комитеті біздегі жаңа кәсіпорындарға—машина жасау және конденсатор заводтарына да үлкен көңіл бөліп келеді. Өнімнің жаңа түрлерін игеруге, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітіп, оның сапасын көтеруге, өндірісті түгел автоматтандыруға коллективтерді жұмылдыру жөнінде бұл заводтардың партия ұйымдарына көмек көрсетілуде.

Завод партия ұйымдары өндіріс ісін терең зерттеп, өздерінің алдына өндірісті механикаландыру және автоматтандыру дәрежесін арттыруды қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Машина жасау заводының болат құю цехында қалыптау және шихта материалдарын, қалыпқа салынатын жаңа қоспаны, ыстық топырақты жиыстыру жұмыстары тұтас механикаландырылған. Болат қорыту пештерін толтыру машинамен атқарылады. Металл конструкциялары цехында түрлі жұмыстар істейтін автоматтар орнатылып жатыр. Заводта тәжірибе жасау цехын құру және конструкторлар бюросын ұйымдастыру ұйғарылды.

Жаңа кәсіпорында өндірістің жаңашылдары өсіп жетілуде. Құюшылар Парфенов, Непомнящий, қалыпшылар Шальнев, Новиков, слесарь Жуков және басқалары жұмыс процестерін жетілдіру бағытында бағалы ұсыныстар жасады.

Конденсатор заводының коллективі конденсатор әзірлеу жөнінде технологиялық жіпті іске қосты. Рас, завод әзірге толық жұмыс істеп жатқан жоқ, жеке учаскелердің жабдығы орнатылып, құрылысы онан әрі жүргізілуде. Бірақ конденсатор кәзірдің өзінде шығарылып жатыр. Сонымен бірге кадр жедел даярлануда, конденсатор жасаудың отандық, сол сияқты шетелдік тәжірибесі қолданылуда. Завод коллективі жаңа техниканы енгізу, өндірісті түгел механикаландырып, автоматтандыру мәселелерін батыл алға қойып, шешуде. Мысалы, заводта орағыш станок жобаланып, жасалды. Қолда бар конструкцияларға қарағанда оның бірқатар артықшылығы болып отыр. Бұл станоктың түсер құны бұрынғы 42 мың сомның орнына 30 мың болып отыр. Станокқа жұмсалған металл мөлшері 1,6 есе кеміді. Кәзірдің өзінде осындай 7 машина жасалды. Станоктың конструкциясын жасау жұмысына аспап цехының бастығы Шемякин, бас инженер Варшавский, кон-

структор Симоненко, слесарьлар бригадирі Щельнов, слесарьлар Верхов, Собченко және басқалары қатысты.

Өндіріс жұмыстары түгел механикаландырылып, автоматтандырылған кәсіпорынға айналдыру үшін завод коллективі әлі де көп жұмыс істеулері керек.

Қала құрылысшылары алдында да үлкен міндеттер тұр. Ол міндеттерді орындау үшін кәсіпорындарын едәуір кеңейту керек, құрылыс ұйымдарын кәзіргі заман механизмдерімен және жабдығымен қамтамасыз ету қажет. Бұған қала құрылысшыларының мүмкіндіктері бар. Ағаш өңдейтін ірі цех іске қосылды. Осы заманғы жабдықтар орнатылған арматур цехын салу аяқталу қарсаңында тұр. Ол цех жылына 10 мың тонна арматур шығарып отыруға тиіс. Салынып жатқан бетон-ертінді заводдың қуаты керемет күшті болмақ.

Ірі панельді үйлер мен қабырға аралықтарының құрастырмалы бұйымдарын шығаратын цехтар салынып бітуге жуықтады, енді көп кешікпей олар іске қосылады.

Әсіресе прокат әдісімен шығаратын қабырға аралық бұйымдар цехының болашағы зор. Мұнда бұйымдар ағаш немесе металл қалыптарға салынбай, прокат станында қалыптанады, ал оның бер жағында прокат станы жұмысты үздіксіз атқаратын болады. Қабырға аралықтары жасалатын қоспа шлак пен гипс ұнтағынан құралады. Олар тептегіс болып жасалады, оны сылақтаудың керегі жоқ. Мұндай қабырға аралықтарын бірден орнатып, бояуға болады. Жаңа цех жылына 250 мың шаршы метр қабырға аралықтарын жасайды. Ал бұл көлемі жүз мың шаршы метр тұрғын үйлердің барлық аралықтарын жасауға толық жетеді. Ірі панель әзірлейтін цех шығарған бұйымдарынан жылына көлемі 50—60 мың шаршы метр төрт, бес қатарлы 24 тұрғын үй құрастыруға болады. Бұл цехта құрастырылатын үйдің барлық бөлшегі жасалады. Үйдің ішкі сыртқы қабаттарының панельдері, төбеге жабатын панельдер, баспалдақ, балкон, санитариялық узел блоктары—бәрі осында даярланады. Оларды жинастырып, құрастырғаннан кейін тек киыстыру керек, бояп мәнерлеу қажет.

Биыл қалада ірі панель блоктарынан екі үй салу жобаланып отыр. Череповецк металлургия құрылысы тресінің тәжірибесі назар аударарлықтай, онда осындай үйлердің бұйымдарын өндіру және оны құрастыру жақсы жолға қойылған. Мұндай тұрғын үйде әр шаршы метрдің түсер құны 1000 сомға тең, ол жай құрылыстағыдан бір жарым есе арзан. Осындай үйді құрастырып, пайдалануға беру үшін 50 күннен артық уақыт керек емес. Біздің қаланың құрылысшылары осындай мақсатқа жетуге ұмтылуда. Құрылыс басқармаларының партия ұйымдары жұмысты механикаландыру дәрежесін арттыру шараларын қолданып келеді. Техниканы ілгері дамытуға, өндірісті жақсартуға бағытталған бастама үнемі қолдау тауып отырады. Трестің бас механигі, КПСС мүшесі Колесник жолдас жаңа техниканы, технологияны өндірісте батыл қолдану жөнінде әрбір коммунист міндеттеме алу керек деп ұсыныс жасады. Бұған учаске бастықтары, инженерлер мен техник-құрылысшылар қызу қосылды. Кәзіргі уақытта Алтай қорғасын кәсіпорындары құрылыс тресінің инженер-техник қызметкерлерінен 300 адам осы игілікті іске қатысушы болып отыр.

Қалалық партия комитеті кәсіпорындардың партия, кәсіподақ ұйымдарына бұл бастаманы құптап, оны кеңінен таратуды ұсынды.

Халыққа қолайлы да әсем мебельді көп берейік! Мебель фабрикасының коллективі КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының үндеуіне іспен жауап беру үшін жұмысты осындай ұранмен істеуде.

Машина құрал-сайманды толық та өнімді пайдалану, тасымал жұмысын түгел механикаландыру—мебельшілердің алға қойған мақсаты осындай. Олар жылдық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын—20 де-



кабрьде орындауға, халыққа тапсырмадан тыс 900 мың сомның бұйымдарын беруге, мебельдердің кемінде 92 процентін бірінші сортпен шығаруға ұйғарды.

Кірпіш заводында жүргізіліп жатқан жұмыс та жұрт назарын аударарлықтай. Биыл апрельде завод өкілдері — директор Лупенко, жұмысшы Петров, мастер Соколов жолдастар ірі кірпіш блоктарын жасап, құрастыру жөніндегі озат әдіспен танысу үшін Киев қаласына барып қайтты. Біздің жағдайымызда мұндай блоктар еңбекті тым көп керек ететін. Киевте олар «Д-18» машинасының жұмысымен танысты, осындай машинаны өздерінде жасауды ұйғарды. Ол агрегат жасалып, іске қосылды. Соның нәтижесінде еңбек жеңілденді, өнімнің сапасы жақсарды, жұмысшылардың еңбек өнімділігі 6 есе артты. Тағы да осындай екі агрегат жасау жолында жұмыс істеліп жатыр. Сонымен қоса завод цехтарында кірпішті келтіру, күйдіру жұмыстарын автомат арқылы бақылайтын аспап орнатылуда.

Жергілікті кооператив және тамақ өнеркәсіптерінің еңбеккерлері де техниканы жетілдіру жолындағы жорыққа аттанып отыр.

Бір кезде қала халқын бөлке-нан тағамдарымен қамтамасыз ету ісінің жайы нашар болды. Нан заводтары жұмысты үздік-создық істеді. Қалалық комитет нан заводтарының жұмысымен жанжақты танысып, оның осал буындарын зерттеп білді. Нан комбинаты коллективіне жұмысы мардымсыз ескі пештерді қайта құрып, бөлке-нан тағамдарын шығаруды 30 тонна көбейту ұсынылды. Кейіннен бұл орындалды. Қайта құруға аз ғана қаржы жұмсалғанымен одан үлкен нәтиже шықты. Бөлке-нан тағамдарын пісірудің көлемі ұлғайтылды, олардың түр-түрі де едәуір көбейді. Ең бастысы өндірістік қуаттың қосымша резерві жасалды.

Кәзір кәсіпорындарда өндірісті түгел механикаландыру және автоматтандырудың нақты шаралары жасалып, бекітілді. Партия ұйымдарында жаңа техниканы қолдану, технологияны жетілдіру ісіне бақылау комиссиялары құрылды.

Өндірісті жақсарту шараларын жүзеге асыру кәзірдің өзінде көзге көрінерліктей нәтиже бере бастады. Жалпы өнім шығарудың жеті айлық жоспары асыра орындалды, жоспардан тыс 90 миллион сомның өнімі берілді. Қала кәсіпорындарының коллективтері жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындауға бел байлап, ден қойып отыр. Бізде Валентина Гаганованың патриоттық бастамасы бойынша озат бригадалардан артта қалған учаскелерге барып жұмыс істеуге көшу қозғалысы да кең қанат жая түсуде. Мұның өзі жұмыстың осал жерлерін жөндеуге оңтайлы жағдай туғызып отыр.

Техниканы ілгері дамыту жөнінде тындырылған жұмыстарды мәні күшті зор істің тек бастамасы, оның алғашқы баспалдағы деп білген жөн.

Дегенмен кәсіпорындарды механикаландыру және автоматтандыру ісінде олқылықтар, жеке кемшіліктер жоқ деп айтудан аулақпыз. Бізде ескі жабдықпен, атам заманғы тәсілдермен жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорындар әлі бар. Жаңа механизмді қолдануға, жанғыртуға ат үсті карайтындар да жоқ емес. Металл бұйымдары заводы, аракликер, Красин атындағы май заводтары жөнінде дәл осыны айтуға болады. Қаланың кәсіпорындары мен құрылыстарында толық шешілуін күтіп отырған техникалық проблемалар көп. Механизмдермен, автоматтармен қатар қол еңбегі де әлі көп жұмсалады. Қосымша жұмыстардың механикаландырылуы кенже қалуда. Шикізатты, даяр бұйымдарды тасу, түсіру, тиеу жұмыстары осы уақытқа дейін қолмен істеледі. Құрылыстардың денінде жұмысты механикаландыру дәрежесі төмен. Атам заманғы ескі техниканы әлі де кездестіруге болады. Жергілікті, кооператив, тамақ өнеркәсіптерінде жұмысты машинамен

істеуге көшіру қарқыны шабан. Жөндеу жұмыстарында да жағдай осындай.

КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумы атап көрсеткеніндей, партия ұйымдары техниканы ілгері дамыту мәселесімен күнделікті де батыл шұғылданып отыруы міндет. Амал не кәсіпорындардың жеке партия ұйымдарында техниканы ілгері дамытуға науқаншылдықпен қарау бар, оны өткінші іс деп бағалаушылық кездеседі. Бұдан жедел арылуға тиістіміз.

Қалалық партия комитеті жаңа техника мен автоматиканы қолдану ісінде кәсіпорындардың техникалық күшін әлі де жеткіліксіз пайдаланып келеді. Озаттардың тәжірибесін қорыту, тарату, оны жұртшылықтың игілігіне айналдыру, рационализаторлық жұмысты дамыту ойдағыдай деуге болмайды.

Өндірістік-техникалық интеллигенция арасындағы жұмыс бүгінгі күн талабына сай емес. Қалалық партия комитеті өзінің күнделікті жұмысында бұл кемшіліктерді тез де батыл жоюға бағыттап отыр.

Жетіжылдық жоспарды әр кәсіпорыны бойынша мерзімінен бұрын орындаудағы және асыра орындаудағы басты шарттың бірі—өндірісті толық та тегіс механикаландырып, автоматтандыру.

Партияның лениндік Орталық Комитеті елдің барша еңбеккерлерін мынаған шақырды:

— Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы, техниканы ілгері дамыту жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысты кеңінен өрістетейік!

— Еңбек өнімділігін мейлінше арттыру үшін, өндіріс жұмыстарын барлық жағынан түгел механикаландырып, автоматтандыру үшін күресіндер, техника саласындағы кертартпалыққа, тоқырауға, мешеулікке қарсы күресіндер!

— Жаңа жабдықтарды батыл қолданғандар, жұмыс істейтін станоктар мен машиналарды жаңартыңдар, технологиялық жұмыстарды жетілдіріңдер, өндіріс қуаттары мен резервтерін жақсы пайдаланыңдар!

— Озық ғылымды барынша дамыта беріңдер, жаңа техниканы қажырлылықпен меңгеріңдер, жарыс озаттарының, өндіріс жанашыларының тәжірибесін кеңінен таратып, өндіріске енгізіңдер, рационализаторлар мен өнертапқыштардың жалпы қозғалысын өрістетіңдер! Ғылым мен еңбектің творчестволық одағы нығая берсін!

Партияның Орталық Комитетінің жауынгерлік бұл шақыруларын мүлтіксіз орындауға бүкіл қала еңбекшілерінің—кәсіпорындары жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің ынта-жігерін пайдаланамыз. Бұл үшін қалалық партия комитеті өзінің бұқаралық-саяси, үгіт, ұйымдастыру жұмыстарының бәрін тікелей осыған бағындырып, техниканы ілгері дамыту күресінде коммунистердің, комсомолецтердің жетекші орын алып, олардың қалың бұқараға үлгі-өнеге көрсетуін қамтамасыз етеді.



# Малшылар арасындағы саяси жұмыс

М. РЫМЖАНОВ,

*Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары*

Партияның Орталық Комитеті «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында халықтың барлық күшін жетіжылдықтың тапсырмаларын орындауға және асыра орындауға жұмылдыру кәзіргі басты міндет деп көрсетті. Бұқара арасында жанжақты партиялық саяси жұмысты мейлінше кең өрістету, еңбекшілердің өндірістік және саяси өрлеуін дамыта беру, ол үшін әңгімелер, баяндамалар, лекциялар өткізу, баспасөз, радио, телевидение мен мәдени-ағарту мекемелерін тегіс, толық пайдалану міндет. Партия ұйымдары өрістеткен көп салалы жұмыстың нәтижелі, нақтылы, пәрменді болуы жаппай атсалысуға және тапсырылған іске жауаптылықты күшейтуге тікелей байланысты.

Мал шаруашылығы біздің облыс экономикасында көрнекті орын алады. Демек, колхоздар мен совхоздарда ет, сүт, май, жүн және мал шаруашылығының басқа өнімдерін мейлінше көп алу, елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне мықты үлес қосу күресін үдетіп, оған жұртшылықтың назарын аудару облыстың барлық партия, совет ұйымдарының кезек күттірмейтін борышы.

Еңбеккерлер арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын сөз еткенде, шалғай мал жайылымдарында тұратын, қысы-жазы бірдей жарғақ құлағы жастыққа тимей қажырлы еңбек етіп жүрген малшылар арасында бұл жұмыстың өз дәрежесінде емес екені айтылып жүрді. Солай бола тұрса да, соңғы жылдарға дейін осы салада істің жайы оншама өзгермей келгені аян ғой. Бұл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумында да сөз болды. КПСС Орталық Комитетінің еліміздің ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі қаулыларына және КПСС XXI съезінің тарихи шешімдеріне сәйкес малшылар арасындағы саяси жұмысты мейлінше жақсарту, мал басындағы кісілерге мәдени қызмет көрсету мәселелерін мықтап қолға алу ерекше міндет болып қойылды.

Жетіжылдықтың тапсырмаларын орындау және асыра орындау мақсатын көздеген қуатты социалистік жарысқа қосылған облыс колхозшылары, совхоз, РТС жұмысшылары үстіміздегі жылдың аяғына дейін ірі қара мал санын 340 мыңға, қой мен ешкіні — 2 200 мыңға, шошқа санын — 30 мыңға, жылқыны — 62,5 мыңға, құс санын — 814 мыңға жеткізуге міндеттеме алғанды. Әсіресе мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі міндеттеме өте жауапты да абыройлы. Былтырғымен салыстырғанда облыс бойынша ет өндіру екі есе арттырылып, мемлекетке 60 мың тоннадан астам ет тапсыру мақсаты алға қойылды. Ет дайындаудың жылдық жоспары бірінші августа асыра орындалды. Социалистік жарыстың 1959 жылдың алғашқы жарытысындағы қорытындысы бойынша ет өндіру және дайындау мөлшерін арттырғаны үшін облысымызға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл туы берілді және мал шаруашылығының таңдаулы қызметкерлерін көтермелеу ретінде 50 мың сом қаржы бөлінді. Облыстың колхоздары мен сов-

хоздары 1958 жылдың осы уақытындағымен салыстырғанда ет өндіруді 10 296 тонна немесе 88,4 процент арттырды. Сонымен қабат мал шаруашылығының өзге де өнімдері сүт, жүн былтырғыдан едәуір көп алынады.

Партияның Орталық Комитетінің кезекті пленумын еңбектегі елеулі табыстармен қарсы алу жөнінде Бөрлі ауданының еңбеккерлері игілікті бастама көтерді. Қолхоз, совхоз өндірісін мейлінше өрге бастыру мақсатын көздеп, олар жаңадан көтеріңкі міндеттемелер қабылдады, облыс ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерін өздерінен үлгі алуға шақырды. Облыстық партия комитеті бөрліліктердің бастамасын мақұлдай отырып, облыстың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына бұл үндеуді барлық колхоздар мен совхоздарда, РТС-терде, бригадалар мен фермаларда талқылап, қабылдаған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаудың нақты шараларын белгілеуді міндеттеді.

Бөрлі ауданының еңбекшілері берген сертіне сай еңбек етіп, астық майданында тамаша табысқа жетті: мемлекетке астық сату міндеттемесін мерзімінен бұрын абыроймен өтеп шықты. Мұнысы олардың өрелі де өнегелі ісі болып отыр.

Партиямыз қандай болса да маңызды да жауапты міндеттерді ең алдымен өз мүшелеріне тапсырады, коммунистердің жетекшілік ролін ұдайы арттырып отырады.

Мал шаруашылығын мейлінше мықтап өркендету міндеттемелерімен байланысты және бұл саладағы еңбеккерлердің арасында саяси, тәрбие жұмыстарын анағұрлым жақсарту үшін облыс партия ұйымдары жауапты буындарға коммунистерді жіберіп және басқа да кадрлармен толықтырып отырады. Мәселен, Фурманов, Жаңақала, Қаратөбе, Чапаев аудандарында коммунистердің 60—70 проценті мал шаруашылығында жемісті еңбек етіп келеді.

Мал шаруашылығындағы коммунистердің дені жұмыста басқаларға үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін атап айтуға болады. Чапаев ауданының Чапаев атындағы совхозында аға бақташы Қазақ ССР Социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері, КПСС мүшесі Ғаббас Ізтілеуов жолдас мал семіртуде жылма-жыл жақсы көрсеткіштерге жетуде. Ол өткен жылы өз бағымындағы 199 бас ірі кара малдың әрбіреуінің тірілей орташа салмағын етке тапсырғанда 448 килограмға жеткізді, олар түгелдей қонды болды. Ал биыл Ғ. Ізтілеуов жолдас мал семіртуде одан да жоғары көрсеткішке ие болды, оның жақында етке өткізген 157 ірі қарасының әрқайсысының тірілей салмағы 455 килограмнан айналды.

Қазталов ауданында Сталин атындағы колхоздың аға шопаны, Қазақстан КП облыстық комитетінің мүшесі Құсайын Молдағалиев жолдас биыл мал қыстатуды ойдағыдай өткізді, әр жүз саулықтан 142 қозыдан өсірді. Ол тек озат шопан ғана емес, сонымен қатар үгітші де. Өз отарындағы малшылар арасында жиі болып, облыс, аудан, өз колхозы алдында тұрған түбегейлі міндеттерді, газеттердегі, радио арқылы естіген жаңалық хабарларды оларға әрдайым түсіндіріп отырады. Оның өз үйінде шағын кітапханасы дайын, радиоқабылдағышы бар. Республикалық, облыстық және аудандық газеттерді, бірнеше журналдарды алдырып оқиды.

Мал шаруашылығын өркендету аттанысына комсомол ұйымдары да елеулі үлес қосуда. Шопандар, бақташылар, сауыншылар, құс өсірушілер қатарының жастар есебінен жылма-жыл толықтырылуы көңіл аударарлық жай болып отыр. Мұның өзі біздің жастарымыздың Коммунистік партия аяға қойған міндеттерді мал шаруашылығы өнімдерін жан басына өндіру жағынан АҚШ-ты таяудағы жылдары қуып жетудегі бүкілхалықтық істі ойдағыдай орындауға құлшына кірісіп отыр-

ғандықтарын ыспаттайды. Тек былтыр ғана малшылар қатарына 1500-ден астам жастар қосылды, соның тең жартысына жуығы комсомолецтер. Қазіргі уақытта облыста жастардан құралған 61 сиыр фермасы, 88 қой фермасы, 104 гурт пен 605 шопан бригадасы бар.

Фермалардағы тұрақты жұмысқа жастардың көп келуі малшылар арасындағы саяси, тәрбие жұмысының түрлерін жетілдіріп, еңбеккерлерге мәдени жағынан қызмет көрсету дәрежесін арттыруды талап етті.

Облыста соңғы жылдары кең өріс алған саяси және мәдени жұмыстың бір түрі — «Малшылар күні» өткізу болып келеді. Малшылар күні колхоздар мен совхоздардың фермалары мен бөлімшелерінде, сонымен қатар әдейі құрылған мәдени орталықтарда өткізіліп тұрады.

Партия ұйымдарының баса назар аударып келе жатқан мәселесі — колхоз-совхоз орталықтарынан да, фермалар мен бөлімшелерден де шалғай тұратын малшылардың арасында саяси, мәдени шараларды іске асыру болып отыр. Осы мақсат үшін арнаулы мәдени орталықтар ұйымдастырудың қажет екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мысалға, Тайпақ ауданының Орал қаракөл совхозының (бастауыш партия ұйымының секретары Сабилов, совхоз директоры Иманғалиев жолдастар) «Құмқұдық» деген жердегі мәдени орталығының жұмысын ерекше атап өтуге болады. Малдың бұл отар учаскесі совхоздың орталығынан 80 километр қашықта тұрады, онда екі ферманың 19 қой отары орналасқан. Онда 220 адам жұмыс істейді, көбі шопандар.

Бұл учаскеде тек өткен бір жыл ішінде ғана стандартты 2 пәтерлік 4 тұрғын үй, кино залы, клуб, кітапхана, электр станциясы, магазин, монша және мәдени-тұрмыстық, шаруашылық басқа құрылыстар салынды. Мәдени, шаруашылық орындарының іші-сырты еңбекшілерді қабылданған социалистік міндеттемелерді орындауға шақырған көрнекі ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Сөйтіп, бұрын құлазыған мал отары кәзір шағын қалашыққа айналды. Ондағы шопандардың мәдениеті артып, тұрмыстары жақсара түсті. Алдағы уақытта мектеп, балалар бакшасы, тұрғын үйлер салу және көгалдандыру белгіленіп отыр.

Мал жайылымдағы мәдени орталық совхозбен радио арқылы байланыс жасап отырады, радиоторап жұмыс істейді, оның үстіне шопандардың көпшілігінің үйінде өздерінің радиоқабылдағыштары және бар.

«Малшылар күні» алдын ала әзірлікпен ай сайын өткізіліп тұрады. Сол күні аудан немесе совхоз орталықтарынан құрамында лекторы, дәрігері, мал маманы, көркемөнерпаздар коллективі және малшыларды тұрмыстық жағынан қамтитын адамдары бар мәдени бригада келеді. Малшылар тек лекция, баяндама, концерт тыңдап қана қоймайды, сонымен қатар өздеріне қажетті өнеркәсіп, азық-түлік, мәдени товарларды сатып алады. Өйткені аудандық тұтынушылар одағы оларды «Малшылар күніне» арнап ерте бастан магазинге әкеліп қояды. Монша, шаштараз т. б. жұмыс істейді. «Малшылар күні» ауданның, совхоздың партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық ұйымдарының басшылары саяси баяндама жасайды, малшылар алдында тұрған міндеттерді, социалистік міндеттемелердің орындалу барысын айтады, малшылар өзара тәжірибе ауысады, зоотехниктердің, мал дәрігерлерінің кеңесін тыңдайды. Кейде бұған көршілес учаскелердің малшылары да, облыстың өзге аудандарынан да қонақтар келіп қатысады.

Қазіргі уақытта мұндай мәдени орталықтар әр ауданда бірнешеуден құрылып отыр.

Біз мәдени орталықтарды және оларда «Малшылар күнін» ұдайы өткізіп тұруды шалғайдағы мал отарында істейтін малшыларға мәдени тұрмыс жағынан қызмет көрсетудің, олардың арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсартудың бірден-бір қолайлы түрі деп есеп-

тейміз. Сонымен қатар мұның өзі басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің қалың бұқарамен байланысын жақсартуға, олардың саяси-бұқаралық жұмысты өздері тікелей жүргізудегі жауапкершіліктерін арттыруға себін тигізеді. Мұны тәжірибе айқын көрсетіп отыр.

Облыстық партия комитеті қолхоз, совхоз партия ұйымдарын мәдени орталықтар құруды кең өрістетуге, малшылар күнін өткізуді дағдыға айналдыруға, сөйтіп малшылар арасындағы бұқаралық-саяси, мәдени-ағарту жұмыстарын түбірінен жақсартуға бағыттап отыр. Бұлай істеуге бізде мүмкіндіктің бәрі бар. Ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде Коммунистік партия жүзеге асырған ірі шаралар қолхоздар мен совхоздардың экономикасын едәуір нығайта түсті. Мұның өзі өндірістік құрылыстар салумен қатар, белгілі дәрежеде ауыл-село мәдениетін, малшылар тұрмысын жақсартуға, оларға арнап клубтар мен оқу үйлері, кітапханалар, тұрғын үйлер, емханалар, балалар және мәдени-тұрмыстық басқа да мекемелер салуға, ауылдар мен селоларды көркейтуге қаржы бөлу үшін мүмкіндік беруде. Енді мәселенің түйіні тек жергілікті партия, совет, шаруашылық басшыларының бұл жұмысты шебер ұйымдастыра білулерінде болып отыр. Малшылар қамын жанжақты ойластырып, тиісті дәрежеде мәдени-тұрмыстық жағдай жасамайынша мал шаруашылығын шұғыл өркендету, ет өндіруді еселеп арттыру міндетін ойдағыдай шешу мүмкін емес екендігін мықтап ескеруіміз қажет.

Облысымызда жұмыс істеп жүрген адамдардан, өте-мөте жастардан соңғы уақытта түрлі хорлар мен ансамбльдер құрыла бастады. Мысалы, Қазталов ауданында шопандардан домбыра оркестрі ұйымдастырылды, Жымпиты, Фурманов аудандарында сауыншылардың хоры бар. Мұның бәрі ауыл-село халқының жалпы мәдени дәрежесінің қарыштап өсіп отырғандығын ыспаттайды. Сонымен қабат бір мамандықтағы еңбеккерлерден құралған көркемөнерпаздар коллективтері еңбек адамдарын ардақтайтын күшті құрал болып саналады. Облыстың партия ұйымдары халыққа тәрбие берудің осы тәрізді әдістері мен түрлерін бұдан былай да кеңінен пайдалана беруді ұйғарып отыр.

Одақтың өзге де аудандарының үлгісімен біздің облыста халық театрлары, мәдениет университеттері құрылып жатыр. Жымпиты, Фурманов, Теректі аудандарында халық театрлары кәзірдің өзінде тәуір жұмыс істей бастады.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде киноның ерекше орын алатыны баршаға мәлім. Солай бола тұрса да, соңғы кезге дейін малшыларға кино көрсету жұрт күткендей болмай келді. Ал бұл жөнінде кәзіргі кезде бірқыдыру нәтижелі жұмыс істелгенін айтуға болады. Малшыларға арналған жылжымалы 14 кино бар. Бірақ мұндағы бір кемшілік — киноны тек қараңғы түскенде, жазды күні, түн ортасына таман уақытта көрсетіп жүрміз. Ал мұның өзі күндіз жұмыстан шаршап келген еңбек адамдарының дем алуына қолайсыздау жағдай. Мұны ескерген кино қызметкерлері фильмдерді күндіз көрсететін аппарат жабдықтап іске қосуда. Таяу уақытта осындай автокинолар барлық аудандарда да болмақшы.

Еңбекшілердің рухани тілегін неғұрлым жақсы қанағаттандыру үшін партия ұйымдары соңғы кезде халық арасына кітап таратуды мықтап қолға ала бастады. Бұл түсінікті де. Өйткені жалпы ой-өрісі күннен күнге керемет өсіп отырған совет адамдары, оның ішінде ауыл шаруашылығы қызметкерлері де кітапты өздерінің рухани азығына айналдыруда. Жуырда Жаңақала ауданының бір топ шопандары облыстың бүкіл қой өсірушілеріне хат жазып, «әр шопанның меншігінде шағын кітапханасы болсын» деген ұран тастады. Олар облыстың барлық шопандарын өз меншігінде шағын кітапхана ұйымдастыруға, ол

үшін жыл сайын кемінде 300 сомның кітаптарын сатып алып отыруға шақырды.

Мұндай игілікті бастаманы қолдай отырып, облыстық партия комитеті осы жылғы 1 июньнен 1 июльге дейін кітап тарату айлығын жариялады. Айлық кезінде халықтың кітапқа деген құштарлығының артып отырғандығы ерекше байқалды. Аудандық, қалалық партия, комсомол комитеттері бұл мәселеге айырықша назар аударды. Облыстық, аудандық тұтынушылар одақтары бұрын жұмыс істеп жүрген 18 автодүкенге қосымша 10 автомашина бөлді, автодүкендердің көпшілігі кітап саудасын тікелей малшылардың, пішеншілердің, егіншілердің қалың ортасында жүргізді. Тек тұтынушылар қоғамдары арқылы ғана 632 адам қоғамдық кітап таратушы болып қызмет атқарды. Бұлардан басқа облыс бойынша 19 кітап магазині, 20 жайма дүкен, мәдени товарлар сататын 14 магазин және 700-ден астам селолық магазин кітап сату жұмысымен айналысты. Кітап базарлары өткізілді.

Осындай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде айлық кезінде облыс бойынша 1 миллион 300 мыңнан астам сомның әдеби, саяси және шаруашылық кітаптары таратылды. Бұл айлық жарияланудан бұрынғы бес ай ішінде сатылған кітаптың көлеміндей. Кітап тарату, әсіресе Жаңақала, Тайпак, Бөрлі, Шыңғырлау сияқты аудандарда бірсыдырғы тәуір ұйымдастырылғанын атап өту керек болады. Көптеген колхозшылар мен совхоз жұмысшылары айлық кезінде шағын кітапханалар жасақтап алды. Мысалы, Жәнібек ауданында Свердлов атындағы колхоздың аға шопаны Ғарифолла Әбдулов, Жаңақала ауданы Киров атындағы колхоздың механизаторы Ә. Құтқожин әр қайсысы 500 сомның, Фурманов ауданы Сталин атындағы колхоздың шопаны С. Елеуов, Қаратөбе ауданы «Қаратөбе» совхозының бақташысы С. Тұрғанбаев әрқайсысы 300 сомның кітаптарын сатып алды. Мұндай мысалдардың бірнешеуін келтіруге болады. Озат тәжірибені насихаттайтын және еңбекшілер арасындағы бұқаралық жұмыс туралы тартымды жазылған кітапшалар тапшы. Республиканың баспа органдары, әсіресе, Қазақ мемлекет баспасы алдағы уақытта бұл жағдайды ескергені абзал.

Ауылдық жердегі еңбеккерлердің, оның ішінде малшылардың саяси және мәдени дәрежесінің арта түскендігін мына мысалдардан да көруге болады. Биыл газеттер мен журналдар былтырғыдан едәуір артық таратылды. Кейбір аудандарда газет, журналдарға әрбір мың адамның 600—800-і жазылды. Енді әңгіме сол газеттер мен журналдардың өз иелеріне, соның ішінде шалғай жерде тұратын малшыларға уақытында жеткізіп берілуінде болып отыр. Бұл жөнінде партия, шаруашылық ұйымдары тарапынан елеулі шаралар істелуде, колхоз, совхоз почташылары бөлінуде. Бірақ әлі де болса кей жерлерде бұл істе оралымсыздықтың, салдыр-салақтықтың кездесіп қалатындығын айта кеткен орынды. Аудандық партия комитеттері, колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары алдағы жаңа жылға газет, журналдарға еңбекшілердің жалпай жазылуын ұйымдастырумен бірге, оның жазылушыларға кешіктірілмей жеткізіліп отырылуын қамтамасыз етулері тиіс. Мұны көзден ешбір таса етпейтін маңызды іске айналдырған жөн.

Малшылар бүкіл елімізде, республикада және өз облысымызда болып жатқан күнделікті жаңалықтарды тек баспасөз арқылы ғана емес, радио арқылы да естіп, біліп отырады. Кәзір тек селолық жерлердегі радиоқабылдағыштардың саны жеті мыңнан асып жатыр. Малшылар шалғай учаскелерде тұратын болғандықтан, оларды колхоз, совхоз радиоторабы арқылы радиоландыру ісі белгілі қиыншылық келтіреді. Сондықтан селолық жерлерді радиоқабылдағышпен толық, қамсыз ету мәселесі сауда ұйымдарының назарынан тыс қалмауға тиіс. Әсіре-

се радиоқабылдағыш батареяларын уақытында жеткізіп берудің маңызы бар. Ал енді осы батареяларды республика ішінде жасап шығаруды ойластырған жөн деп есептейміз.

Біз облыс партия ұйымдарының малшылар арасында жүргізіп жатқан бұқаралық-саяси жұмыстарының өріс алған кейбір әдістері мен түрлеріне, бұл жөнінде азды-көпті істелген жеке жұмыстарға тоқталдық. Сонымен бірге кейбір партия ұйымдарының малшылар арасындағы жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екенін мойындамауға болмайды. Жеке аудандарда бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнына бақылау жеткіліксіз, саяси үгіт кейде жалаң, үстірт жүргізіледі, әрбір колхоздың, совхоздың алдында тұрған нақты міндеттермен шебер ұштастырылмайды, еңбек пен қаржыны аз жұмсап, ауыл шаруашылығына жарамды жердің әр жүз гектарына келетін өнімнің мөлшерін арттыру, оның түсер құнын арзандату күресінің табысты болуына тікелей бағындырылмайды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XV пленумының қарарларын жүзеге асыра отырып, еңбекшілер арасындағы саяси, үгіт, тәлім-тәрбие жұмыстарының әдістері мен түрлерін барынша жетілдіру, мазмұнын жақсарту, ықпал-әсерін күшейту, оның бәрін жетіжылдықтың ұлы міндеттерін мерзімінен бұрын орындау күресіне қалың бұқараны мықтап жұмылдыруға бағындыра білу—облыс партия ұйымының ардақты міндеті.

КПСС Орталық Комитетінің кезекті пленумы құрметіндегі жарысқа ұласқан облыс колхозшы шаруалары, совхоз жұмысшылары мал шаруашылығын өркендету, оның өнімдерін өндіру және дайындау мөлшерін арттыру ісінде келелі де жаңа табыстарға жетеді, сөйтіп ет, сүт және мал шаруашылығының басқа өнімдерінің жан басына келетін мөлшері жағынан АҚШ-ты тез қуып жету ісіне лайықты үлес қосады деп кәміл сенуге болады. Бұған олардың Отанға, партияға деген сүйіспеншілігі, шексіз берілгендігі, саяси өрлеуі, асқан бейсенділігі, еңбектегі алғыр шабыты толық кепіл.





# Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

## XVI ТАРАУ

### Соғыстан кейінгі дәуірде социалистік халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолындағы партияның күресі

(1945—1953 жылдар)

#### 1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық жағдайда болған негізгі өзгерістер. Екі лагерьдің құрылуы

Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін совет халқының барлық күші халық шаруашылығын қалпына келтіріп, онан әрі дамытуға, социализм құрылысын аяқтап, біртіндеп коммунизмге өтуге жұмсалды. Партияның ішкі және сыртқы саяси шаралары осы міндеттерді шешуге бағындырылды.

Партияның сыртқы саяси істерінің басты мақсаты берік және ұзақ бейбітшілікті қамтамасыз ету, дүниежүзілік аренада социализм позициясын нығайту, капитализмнен қол үзген халықтардың жаңа өмір құруына жәрдемдесу болды. Халықаралық жағдайдың аса маңызды ерекшелігі дүниежүзілік аренада күштердің арасалмағының капитализмге зиянды, ал социализмге пайдалы жағына қарай негізінен өзгеруінде болды.

Совет Одағы соғыстың негізгі ауыртпалығын көтерді. Ол материалдық шығынды да, адам шығынын да басқа мемлекеттердің бәрінен де көп тартты. Бірақ СССР соғысқа кіріскен кезіндегімен салыстырғанда бұл соғыстан саяси жағынан неғұрлым күшейіп шықты: халықтың, партияның және үкіметтің бірлігі нығайды, Совет мемлекетінің беделі мен моральдық-саяси қадірі артты, оның халықаралық ықпалы өсті. Енді дүниежүзілік саясаттың бірде-бір ірі мәселесі СССР-дің қатысуынсыз толық шешіле алмайтын болды.

Совет мемлекетінің сыртқы саяси істерінің өрісі кеңіді. СССР-дің басқа елдермен байланысы неғұрлым белсенді және әртарапты болды. Партия жұмысында сыртқы саясат мәселелері анағұрлым көп орын алды.

Капиталистік дүниеде оқиғалар басқаша бағытта дамыды. Соғыстың нәтижесінде капитализм системасы көп шығынға ұшырап, соғысқа дейінгісіне қарағанда анағұрлым әлсіреп қалды. Капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезені өрістеді; мұның ең басты көрінісі революциялардың жаңа толқыны болды. Европада капитализм системасынан Албания, Болгария, Шығыс Германия, Венгрия, Чехословакия, Польша, Румыния және Югославия бөлініп шықты. Осы елдердің әрбіреуіндегі революцияның дамуында жалпы заңдылықтардың әсері болды және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың айырмашылықтарынан туған ерекше өзгешеліктер болды. Бұл елдерде құрылған халық өкіметі бірқатар маңызды демократиялық өзгерістерді жүзеге асырды. Халықтар кең демократиялық праволар мен бостандықтар алды. Деревняда аграрлық реформа жүргізілді. Жерге помещиктік меншік (бұрын помещиктік меншік болған жерлерде) жойылды; шаруалар жер алды.

Демократиялық міндеттердің шешілуіне қарай бұл елдердің жұмысшы табы саяси және экономикалық өмірде социалистік өзгерістерді жүзеге асыра берді. Жаңа халықтық өкімет барлық жерлерде неміс және итальян империалистерінің және жаумен ынтымақтасқан адамдардың бәрінің меншігіндегі мүліктерін конфискациялады. Арпалысқан тап күресінің үстінде буржуазиялық элементтер талқандалды. Мұның өзі өкімет билігі туралы мәселені біржола шешкендік еді. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінде халықтық демократиялық республика түрінде пролетариат диктатурасы үстем болды. Өнеркәсіпті, банктерді, транспортты национализациялау ісі жүргізілді. Экономика социалистік жолмен дами бастады.

Бұл елдерде халық бұқарасының буржуазияны тез жеңуі коммунистік партиялардың дұрыс басшылығының, жұмысшы табының басшылық ролінің арқасы. Бұл елдердегі халықтардың азаттық күресінде Совет Одағы көмегінің зор маңызы болды.

Халықтық демократиялық елдермен өзінің қарым-қатынастарында Коммунистік партия мен Совет үкіметі олардың ішкі істеріне қол сұқпау принципін берік сақтап отырды. СССР бұл мемлекеттердің халықтық үкіметтерін таныды, оларды саяси жағынан қуаттады. Өзінің интернационалдық борышын адал орындайтын СССР соғыс кездерінде құлдырап азайып кеткен қорларынан халықтық демократиялық елдерге астық, тұқым, шикізат бөліп беріп отырды; мұның өзі ол елдердің халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуге және көптеген өнеркәсіп орындарын тез арада іске қосуға мүмкіншілік туғызды. СССР-дің Қарулы Күштерінің халықтық демократиялық елдерде болуы ішкі контрреволюцияның азамат соғысын ашып жіберуіне мүмкіншілік бермеді, интервенцияны болдырмады. Совет Одағы демократиялық елдердің ішкі істеріне шетел империалистерінің қол сұғу әрекеттерін тойтарып отырды.

Азияда да империализм шебі мықтап бұзылды. Помещиктер мен компрадорлық буржуазияға қарсы, шетел империалистеріне қарсы ұзақ жылдарға созылған қарулы күрестің нәтижесінде жұмысшы табы бастаған қытай халқы Коммунистік партияның басшылығымен гоминдан үкіметін құлатып, өкіметті өз қолына алды. 1949 жылы октябрьде жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген Қытай Халық Республикасы құрылды. Буржуазиялық-демократиялық революция социалистік революцияға ұласты. Пролетариат диктатурасының орнатылуы Қытайдың социалистік жолмен дамуына мүмкіндік туғызды.

Қытай халқының жеңісі — соғыстан кейінгі дәуірдің аса маңызды оқиғасы. Адамзат тағдырына өзінің маңызы, әсері жағынан дүниежүзілік азаттық қозғалысының тарихында қытай революциясы Октябрь революциясынан кейін екінші орын алады. Бұл революция капитализмге, әсіресе оның отарлық системасына тағы да мықты соққы болып тиді, дүниежүзілік көлемде күштердің орналасуы мен арасалмағын бұрынғыдан да бетер социализм пайдасына қарай өзгертті.

Мұнымен бірге Азияда ұзақ күрестен кейін Корей Халықтық-Демократиялық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы социалистік дамудың жолына түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін небәрі 700 миллионнан астам халқы бар он бір мемлекет капиталистік системадан бөлініп шықты. Мұның өзі Совет Одағының халықаралық жағдайын негізінен өзгертті. СССР-дің ұзақ дәуір бойында дүниеде бірегей социалистік ел болып өмір сүруі осымен аяқталды. Халықаралық социализмнің дамуында жаңа кезең басталды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін жер шарындағы территорияның 17 проценті және халықтың 9 проценті социалистік системаға жа-

тушы еді; ал соғыстан кейін жер шарындағы территорияның 26 проценті, халықтың 35 проценті социалистік системаға жатады. Дүние жүзінде капиталистік системаның сферасы мықтап азайды.

Капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңінің тағы бір басты көрінісі — ұлт азаттық қозғалыстың күдіретті толқыны, империалистердің отарлық үстемдігінің күйреуі болып табылады. Октябрь революциясы отарлық системаның тереңдей түскен дағдарысының басы болды. Фашистік агрессорлар талқандалғаннан кейін оның ыдырауы басталды. Капитализм системасынан бөлініп шыққан, сөйтіп социализм құрылысына кіріскен Қытай Халық Республикасын, Вьетнам Демократиялық Республикасын, Корей Халық-Демократиялық Республикасын былай қойғанда, ғасырлар бойы отарлық езгіде болып келген Индия, Бирма, Индонезия, Цейлон және көптеген басқа елдер дербес даму жолына түсті. Азаттық жолындағы күрес Африка елдерінде де қыза түсті. Халықтарды отарлап қанау үшін империалистердің мүмкіншілігі азайды.

Ұлт азаттық қозғалыстың өрістеуі империалистік күштерді әлсіретті, халықтардың азаттық майданын нығайтты, бейбітшілік пен демократияны жақтаушылардың позициясын; сондай-ақ социализмнің позициясын күшейтті. Отарлық системаның ыдырауы ең алдымен Совет Одағының беделі мен ықпалының өсуі арқасында, дүниежүзілік көлемде социализм позициясының нығаюы арқасында жеделдей түсті. Өз тағдырын билеуге әрбір халықтың правосын табандылықпен қорғап келген СССР, Қытай Халық Республикасымен және басқа социалистік елдермен бірге отаршылардың агрессорлық әрекеттерін тежел отырды және бірқатар жағдайларда азаттық қозғалысты қарулы күшпен басып тастауға жол бермеді. Совет Одағы барлық елдерде де ұлт азаттық күресті моральдық және саяси жағынан қолдап, отарлық езгіден азат болған халықтармен достығын нығайтуға күш салды.

Капиталистік елдердің экономикалық және саяси дамуындағы әрекетшіліктің онан әрі күшейе беруі де капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңінің көрінісі болып табылады. Бұлардың шаруашылық өмірі бұрынғыдан да бетер қайшылықты, кеселді сипат алды, шіру мен паразитизм белгілері күшейді. Ұзақ уақыт Италия, Жапония және Батыс Германия экономикасының шырқы бұзылып келді. Франция бұрынғы ролінен айрылды. Британ империясы ыдырай бастады. Ағылшын империализмнің күдіретті шағы сөне бастады. Англия мен Францияда өнеркәсіп өндірісі ұзақ уақыт тоқырау халінде болды. Бұған карама қарсы АҚШ-тың экономикалық және әскери потенциалы кенет жоғарылап кетті. АҚШ іс жүзінде капиталистік дүниенің экономикалық, финанс және саяси орталығы болып алды.

Соғыстан кейін капиталистік елдерде жаппай жұмыссыздық басталды. 1949 жылы жұмыссыздардың саны 40 миллионнан асты, — яғни дағдарыс болған 1932 жылғыдан да көбейіп кетті. Ауыр экономикалық алапаттардың соққысы капиталистік дүниені тітіретті.

АҚШ басқа капиталистік жетекші елдердің шаруашылық және саяси қиыншылықтарын пайдаланып, оларды өзіне бағындырмақ болды. Көмек беру дегенді сылтауратып, АҚШ бұл елдердің экономикасына ене бастады, олардың ішкі істеріне қол сұға бастады. Ірі капиталистік елдер — Жапония, Батыс Германия, Италия, Франция, Англия — біреулері азырақ, енді біреулері көбірек дәрежеде АҚШ-қа тәуелді болды. Батыс Европа халықтарының алдынан американ империализмінің қол сұғушылығына қарсы өздерінің ұлттық суверенитетін қорғап қалу міндеті келіп туды.

Екінші дүниежүзілік соғыс біткен соң бес, алты жылдан кейін капиталистік елдер экономикалық қиыншылықтардың бірсыпырасын жеңді. Өндіріс соғыстан бұрынғы дәрежесінен асып түсті, жұмыссыз-

дардың саны азайды. Алайда капиталистер аса күшті экономикалық қайшылықтарды шеше алмады, тұрақты қалыпқа келе алмады. Өнеркәсіп өндірісінің өрлеуі кеселді, тұрақсыз негізде жүріп жатты. Капиталистік елдердің экономикалық дамуының әркелкілігінің күшеюі рынок проблемасын онан бетер шиеленістірді. Ықпал сферасы үшін және шикізаттың көзі үшін капиталистік державалардың арасындағы күрес жылдан жылға өрши түсті. Империалистік мемлекеттердің арасындағы қайшылықтар күшейді.

Ақырында, капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңі, бір жағынан, монополистік буржуазияның, екінші жағынан, жұмысшы табының, бүкіл еңбекшілердің арасындағы қайшылықтың онан әрі шиеленісе түсуімен сипатталады. Мұның өзі монополистік буржуазия үстемдігінің әлеуметтік негізінің тарылуына, буржуазиялық демократизмнің онан әрі ірі түсуіне апарып соқтырды. Барлық империалистік елдерде монополистік буржуазияның реакцияшылдығы күшейді. Ол демократиялық бостандықтар туын лақтырып тастап, өзінің ашық диктатурасын орнатуға қатты күш сала бастады.

Халық пен монополистік буржуазияның арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі тап күресінің күшеюінен де, жұмысшы табының саналылығы мен ұйымшылдығының артуынан да көрінді. Коммунистік партиялардың беделі мен ықпалы күшейді. Соғысқа дейін капиталистік елдердегі коммунистік партиялардың қатарында 1724 мың адам бар еді, ал 1946 жылы бұл елдердің саны едәуір азайса да, коммунистердің саны 5 миллионға жуық болды.

Бұрын саны аз болып келген кейбір коммунистік партиялар нағыз қалың бұқаралық партияларға айналды. Бірқатар елдерде (Италия, Франция) коммунистік партиялар халық бұқарасына ықпалы жағынан басқа партиялардың ішінде бірінші орын алды. Жұмысшы табының төңірегіне еңбекшілердің пролетарлық емес қалың тобы топтаса бастады. Капитализм системасында жаңадан оның әлсіз жерлері ашылды. Италияда, Францияда, Грецияда, Малайяда, Индонезияда, Бирмада, Филиппинда және басқа елдерде еңбекшілер реакцияға қарсы, шын бостандық үшін, халықтық өкімет үшін белсеніп күресе бастады.

Капиталистік елдердің көпшілігінде монополистік буржуазия халық бұқарасының революциялық тегеуірініне өз күштерімен төтеп бере алмайтын болды. Жұмысшы табына және барлық еңбекшілерге бірлесіп қарсы шабуыл жасау үшін, азаттық қозғалысты басып тастау үшін, демократияға және социализмге қарсы күресу үшін бұл елдердің билеуші топтары бас қосып, халықаралық реакциялық одақтар құра бастады.

АҚШ бастаған капиталистік дүние барлық күш-қуатын өздерінің әлсіз буындарын нығайтуға және бұларды империализм системасында сақтап қалуға жұмсады. Революциялық қозғалысты басу үшін қарулы күшті де, экономикалық қысымды да, басқа елдердің ісіне тура қол сұғуды да пайдаланды. 1947 — 1949 жылдары халықаралық реакцияның біріккен күштері Грециядағы халық қозғалысын басып тастады, Италияда, Францияда және бірқатар басқа елдерде еңбекшілердің азаттық күресіне ауыр соққылар берді. АҚШ-тың, Францияның, Италияның, Англияның монополистік буржуазиясы саяси салада кеңінен шабуылға көшу әрекетін жасады. Монополистік буржуазия өз елінде демократияны жоюды, жұмысшы қозғалысын басып тастауды мақсат етіп қойды. Демократия күштеріне қарсы жорық басталды, саяси өмірді фашистендіру тенденциясы күшейді, коммунистерге рабайсыз жала жабыла бастады. Бірақ фашистік және жартылай фашистік күштердің шабуылына негізінен тойтарыс берілді, пролетариат өзінің маңызды-маңызды позицияларын сақтап қалды. Коммунистердің халық бұқара-

сы арасындағы ықпалы бір елдерде сақталып, басқа бір елдерде тіпті ұлғая түсті. Ереуіл қозғалысы неғұрлым бұқаралық, неғұрлым белсенді қозғалысқа айналды. Пролетариаттың ұйымшылдығы мен саналылығы өсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін болған негізгі өзгерістердің нәтижесінде дүниенің саяси кескіні де мықтап өзгерді. Дүниежүзілік негізгі екі әлеуметтік-саяси лагерь құрылды: социалистік, демократиялық лагерь және империалистік, антидемократиялық лагерь.

Социалистік лагерьге СССР, Европа мен Азияның халықтық демократия елдері кірді. Бұл лагерьге бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысы, барлық маркстік-лениндік партиялар белсене көмектесті.

Совет Одағы Коммунистік партиясы басқа елдердің коммунистік партияларымен байланыстарын кеңейту жөнінде көп жұмыс жүргізді. Коммунистік партиялар өзара тәжірибе алысты, саяси және идеологиялық күрестің маңызды-маңызды мәселелерін бірге талқылап, ортақ көзқарас белгілеп отырды. Бұл байланыстардың формалары жағдайларға қарап өзгеріп отырды. 1947 жылы СССР-дің, бірқатар халықтық демократия елдерінің, Францияның және Италияның коммунистік партиялары Информациялық бюро құрды. Бұған тәжірибе алысу ісін ұйымдастыру және қажет болған күнде өзара келісу негізінде коммунистік партиялардың кимыл, әрекеттерін ұштастыру міндеттері жүктелді. Информбюроның жанынан баспасөз органы — «За прочный мир, за народную демократию!» («Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін!») газеті ұйымдастырылды. СССР Коммунистік партиясы басқа туысқан партиялармен екіжақты қатынас арқылы байланыс жасап отырды.

Капиталистік елдерде халықтардың ұлттық тәуелсіздігі мен демократиялық бостандықтар үшін белсенді күрес жүргізіп отырған қоғамдық күштер мен топтар да социализм лагеріне бейімделе бастады.

Бұл лагерьдің күштері бейбітшілік үшін жаңа соғыстың қаупіне қарсы дәйектілікпен күресуде, демократияны және халықтардың ұлттық тәуелсіздігін қорғауда. Бұлар социализм позициясын нығайтып, кеңейтуді көздейді, адамзаттың жарқын болашағын қамтамасыз етуді тілейді.

Реакцияшыл империалистік лагерьдің негізі — АҚШ бастаған басты-басты империалистік мемлекеттердің блогы. Бұл блокқа басқа капиталистік елдердің барлық реакцияшыл топтары, барлық антидемократиялық күштері қосылды. Империалистік лагерьдің мақсаты — капитализм позициясын нығайту, коммунистік қозғалысты басып тастау, халықтардың ұлттық тәуелсіздікке деген талабын күйрету. Қытайда, басқа халықтық демократия елдерінде және Совет Одағында капиталистік тәртіптерді қайта орнату.

Дүниежүзілік үстемдікке ұмтылып отырған АҚШ-тың билеуші топтары «күш көрсету тұрғысынан» ғана мақсатқа жете аламыз деп ашық айтты. Американ империалистері «қырғиқабақ соғыс» дегенді ашты. Олар үшінші дүниежүзілік соғыстың өртін тұтандырмақ болды. 1949 жылы АҚШ «Солтүстік Атлантика одағы» (НАТО) деген атпен әйгілі болған агрессиялық блокты құрды. 1946 жылдың өзінде-ақ батыс мемлекеттер Германияны бөлшектеу саясатын жүргізе бастады да, 1949 жылы батыс герман мемлекетінің құрылуынан бастап Германия негізінде бөлшектеніп тынды. Сонан былайғы кезде батыс мемлекеттер батыс герман мемлекетін милитаризациялау бағытын ұстады, мұның өзі Германияның бөлшектенуін бұрынғыдан да тереңдетіп, оның қайта бірігуін ересен қиындатып жіберді. Европада қауіпті соғыс ошағы қалыптаса бастады. Қиыр Шығыста АҚШ Жапонияны соғыс ошағына айналдыруға күш салды. Жапонияның территориясына американ қарулы күштері мен соғыс базалары орналасты.

1950 жылы АҚШ Қиыр Шығыста тікелей агрессияға көшті. Олар қытай аралы Тайваньды оккупациялап алды, Корей Халық-демократиялық Республикасы мен Оңтүстік Кореяны қарулы соқтығысқа арандатып корей халқына қарсы агрессиялық соғыс бастады. Кореядағы соғыс Қытай Халық Республикасына қауіп тудырды. Корей халқына қытай еріктілері жәрдемге келді.

АҚШ-тың Кореядағы соғыс авантюрасы халықаралық қатынастардағы шиеленісті қатты күшейтіп жіберді. АҚШ жанталаса қарулана бастады, атом, термоядро, бактериология және басқа жаппай қыратын қару түрлерін өндіру қарқынын күшейтті. Капиталистік дүниенің түрлі пункттерінде ең алдымен СССР-ге, Қытайға және басқа социалистік елдерге қарсы бағытталған американдық соғыс базалары жедел салына басталды. Соғыс блоктары жанталаса ұйымдастырылып жатты. Адамдарды жаппай қыру қарулары қолданылатын үшінші дүниежүзілік соғыстың қаупі мықтап күшейді.

Осы жағдайда бейбітшілік туралы мәселе бірінші дәрежелі маңыз алды. Бейбітшілікті қорғау ісі әрбір елде аса маңызды жалпыхалықтық, жалпыұлттық мәселеге, адам баласының прогрестік дамуы жолындағы күрестің түйінді өзегіне айналды. Барлық елде бейбітшілікті жақтаушылардың жалпы демократиялық қозғалысы өрістеді. Бұл қозғалысқа түрлі таптар мен партиялардың өкілдері, саяси көзқарастар мен діни сенімдері жағынан әралуан адамдар қатысты. Бейбітшілік жақтаушылардың қозғалысы — адам баласы тарихында ең бұқаралық қоғамдық-саяси қозғалыс. Мұның өзі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық құрылысына ешбір нұқсан келтірмейді. Бірақ бейбітшілік үшін күрестің үстінде неғұрлым агрессияшыл империалистік топтар әшкереленіп, оқшаулана береді; бұл өзі тұтас алғанда реакцияның позициясын мұқалтып әлсіретеді.

Бейбітшілік үшін күрес Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің бүкіл сыртқы саясат істерінің негізгі буыны болды. Түрліше қоғамдық системадағы елдердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын тыңғылықты ұстап отырған Совет Одағы халықаралық даулы мәселелерді келіссөздер негізінде шешуді, кәдімгі қарулар мен қарулы күштерді қысқартуды, атом қаруына тыйым салуды, қарусыздану жөніндегі барлық шаралардың дұрыс қолданылуын қатаң бақылауға алуды ұсынды. СССР барлық елдер арасында сауда қатынасы мен мәдениет байланысын әржақты дамытудың бастаушысы болды.

Совет үкіметі демократиялық негізде Германияның бірлігін қалпына келтіруді, бұған немістердің өздерін қатыстыруды, сөйтіп біртұтас демократиялық Германиямен бітім жасасуды әлденеше рет ұсынған болатын. Қиыр Шығыста СССР Жапонияның тәуелсіздігін қорғап, онымен әділ бітім жасасуға, тату көршілік қатынас орнатуға тырысты. СССР корей мәселесін бейбіт жолмен шешуге, АҚШ-тың тура көмегімен француз отаршылары жүргізген Вьетнамдағы соғысты тоқтатуға күш салды.

Партияның дәйекті бейбітшілдік саясаты бірқатар практикалық шаралардан көрінді. Соғыс біткеннен кейін СССР Қытайдан, Кореядан, Норвегиядан, Чехословакиядан, Болгариядан өз әскерлерін әкетті; бұл елдерге біздің әскерлер неміс және жапон агрессорларын қуған бетінде барып кірген болатын. Армияның көбі демобилизацияланды. Көп ұзамай-ақ СССР Қарулы Күштері соғыстан бұрынғы 1939 жылғы мөлшеріне түсіп азайды. Бейбітшілік жақтаушылардың қозғалысына қызу қатыса отырып, совет адамдары атом қаруына тыйым салу жөніндегі Стокгольм үндеуіне бір ауыздан қол қойды. 1951 жылы СССР Жоғарғы Советі соғысты насихаттау ауыр қылмыс деп жариялаған заң қабылдады.

Бейбітшілік жолындағы, халықаралық мәселелерді әділ шешу жолындағы күресте СССР Біріккен Ұлттар Ұйымына (ООН) белгілі мән береді, оның жұмысына белсене қатысып отырады. Біріккен Ұлттар Ұйымына тән толып жатқан кемшіліктер бар, бұл кемшіліктердің болып отырған себебі АҚШ өз айтқанын екі етпей орындайтын ұсақ мемлекеттерден ең алдымен Латын Америкасындағы мемлекеттерден үлкен топ құрды; бұған қарамастан, Совет үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысын халықаралық ынтымақ пен бейбітшілік жолындағы күрестің белгілі факторы деп біледі.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің дәйекті бейбітшілдік саясаты жер шарындағы барлық халықтардың, қоғамның барлық прогресшіл топтарының мүдделеріне сай. Өзінің бейбітшілік жолындағы күресінде СССР-дің капиталистік елдерде көптеген одақтастары бар. Коммунистік партия бастаған совет халқы барлық бейбітшілік жақтаушылармен тығыз байланыс жасады және солармен бірге агрессорлардың жаңа дүниежүзілік соғысты ашу әрекеттеріне қарсы белсенді күрес жүргізді, жүргізіп те отыр. Коммунизмге қарай жедел ілгерілей беру үшін совет халқына бейбітшілік керек.

## 2. Партияның халық шаруашылығын қалпына келтіру және онан әрі дамыту жөніндегі жұмысы. Төртінші бесжылдық жоспардың мерзімінен бұрын орындалуы

Соғыстың салдарынан және совет территориясын гитлершіл әскерлердің уақытша оккупациялап алуы салдарынан Совет Одағының халықтары орасан көп шығынға ұшырады. Гитлершілдер миллиондаған бейбіт совет азаматтарын қырып жіберді. Миллиондаған жауынгерлер майдандарда қаза тапты. Уақытша басып алған аудандарда гитлершілдер орасан көп мүлікті жойып, талан-тараж етті. Олар 1710 қаланы қиратып, талан-таражға салды. 70 мыңнан астам село мен деревня күлталқан болды немесе өртеніп кетті. 32 мыңға жуық өнеркәсіп орыны, 65 мың километр темір жол толық немесе ішінара жойылды, 98 мың колхоз, 1876 совхоз және 2890 машина-трактор станциясы таланды, көптеген ауруханалар, мектептер, техникумдар, жоғары оқу орындары және кітапханалар қиратылды. Небәрі 679 миллиард сом тұратын (соғыстан бұрынғы бағамен) мүлік таланып, жойылды. Мұның өзі шамамен алғанда СССР-де төрт бесжылдықтың ішінде жаңа фабрикалар, заводтар, темір жолдар, шахталар, электр станциялар, совхоздар, МТС-тер және басқа кәсіпорындар салуға жұмсалған қаржыға тең. Бірақ тартқан зиян мұнымен ғана бітпейді. Совет Одағы соғыс жүргізу үшін көп қаржы жұмсауға мәжбүр болды. Шаруашылықты соғыс мүддесіне лайықтап қайта құру мол шығын жұмсауды керек етті. Жау басып алған аудандардан өнім алудың тоқталғандығынан еліміз аса көп шығын тартты (ал бұл аудандарда соғысқа дейін СССР өнеркәсібінің барлық өнімінің үштен бірі өндірілуші еді). Бүкіл осы шығын шамамен алғанда 1900 миллиард сом (соғысқа дейінгі бағамен) болады.

Жау талан-таражға салған байлықты, соғысқа шығарған қаржыны және оккупацияға ұшыраған территориядағы кәсіпорындардан алынбай қалған өнімді түгел алғанда совет халқының заттай шығыны 2600 миллиард сомға жуық болды. Бірде-бір ел бірде-бір соғыста мұндайлық шығынға және мұндай бүліншілікке ұшыраған емес. Соғыс еліміздің коммунизмге қарай ілгерілеуін он жылдан астам уақытқа кідіртті.

Капиталистік мемлекеттердің қайсысы болсын мұндай шығындардан кейін көп жылдарға кері кетіп қала бермегені де, неғұрлым күшті державаларға тәуелді болар еді. Бірақ СССР мұндай халге түскен

жоқ. Социалистік құрылыс, совет адамдарының қаһармандық еңбегі, Коммунистік партияның басшылығы халық шаруашылығын тез қалпына келтіріп, ілгері қарай дамыта беруді қамтамасыз етті.

Партия мен Совет мемлекетінің аса маңызды міндеті еліміздің экономикасын соғыс жолынан бейбітшілік жолына көшіру болды. Капиталистік елдерде соғыс экономикасынан бейбіт экономикаға көшу стихиялы түрде және аса кеселді түрде өтті. Көптеген заводтар мен фабрикалар жабылып қалды. Миллиондаған жұмысшылар көшеге шығарылып тасталды. Қайта құрудың барлық ауыртпалығы еңбекшілердің мойнына жүктелді.

Социализм жағдайларында да соғыс экономикасынан бейбіт экономикаға көшу үлкен қиыншылықтармен өтті, уақытты және шығынды керек етті. Бірақ социалистік құрылыс экономиканы алапатсыз, жоспарлы түрде қайта құруға мүмкіншілік берді.

Заводтар, фабрикалар, барлық кәсіпорындар бейбітшілік өнімдерін өндіру жөнінде жоспарлы тапсырмалар алды. Осыған сәйкес жұмысшы күштерін, шикізатты, материалдарды қайта бөлу ісі жүзеге асырылды. Қайта құру ісі үстінде шаруашылықтың түрлі тараулары арасында жаңа пропорциялар қалыптасты. Соғыс шығынын азайтудың есебінен халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы едәуір көбейтілді. Соғыс өнеркәсібінің көпшілігі бейбіт мақсатқа пайдаланылды. Партия, ең алдымен кәсіпорындардың пайдалылығын арттырудың есебінен халық шаруашылығын қаржыландыруды қамтамасыз етті.

Бейбіт жағдайда шаруашылықты жүргізу және жұмысты ұйымдастыру әдістері өзгерді. Кәсіпорындарда еңбектің қалыпты тәртібі енгізілді. Міндетті түрдегі үстеме жұмыстар жойылды, жұмысшылар мен қызметшілер мезгілді уақытында дем алыс алатын болды. Шаруашылықты бейбіт жолмен қайта құру ісі негізінен алғанда 1946 жылы аяқталды. Мұның өзі шаруашылықты қалыпқа келтіру жұмысының өрісін кеңейтуге мүмкіншілік туғызды.

Бұқараны халық шаруашылығын қалпына келтіру және онан әрі дамыту ісіне жұмылдыра отырып, партия күрестің ұлы мақсатын — коммунизм орнату мақсатын — айқын көрсетті. Соғыс біткеннен кейін партияның XVIII съезі белгілеген программаны — социализм құру ісін аяқтау және біртіндеп коммунизмге өту программасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс елімізде қайтадан өрістетілді, коммунистік құрылыс проблемаларын теориялық жолмен талдап шешу жұмысы күшейтілді. Сол дәуірдегі бірқатар партиялық және мемлекеттік документтерде, партияның басшы қайраткерлерінің сөздерінде және мақалаларында коммунизм құрылысы туралы ілім ілгері дамытылды. Партияның таяудағы жылдарда және неғұрлым ұзақ тарихи уақытта жүзеге асыратын саяси, экономикалық және идеологиялық міндеттері нақтылы белгіленді.

Социализмнен коммунизмге біртіндеп өтудің нақты жолдарын белгілегенде партия коммунистік қоғамның бірінші сатысы өзінің сипатты белгілері жағынан СССР-де негізінен жүзеге асқандығын еске алды. Сонымен бірге социализмнің кейбір белгілері әлі толық ашылып жетпеген еді. Өндіргіш күштер халыққа қажетті товарлар молшылығын жасарлықтай және адамдардың тұрғын үй жөніндегі мұқтажын қамтамасыз етерліктей даму дәрежесіне жеткен жоқты. Өнім бөлудің социалистік принципін дәйектілікпен жүзеге асыруда ірі-ірі қиыншылықтар болды. Бұл қиыншылықтар әсіресе соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда айқын көрінді: карточка системасын сақтауға тұра келді, паектің төмен бағасы мен коммерциялық сауда дейтіннің жоғары бағасының арасындағы айырмашылық қалып қойды, колхоз базарларында баға онан да жоғары болды. Шаруашылық қалпына



келтіріліп, өндіргіш күштер дамыған сайын товар тапшылығы үздіксіз кеми берді. Бірақ кейбір өнімдер әлі де жетіспей жатты, сондықтан мемлекеттік кооперативтік сауда мен колхоз базарындағы бағалардың айырмасы сақталып қалды.

Социализм құрылысын аяқтау және біртіндеп коммунизмге өту жөніндегі партия ұсқауының мәнісі ең алдымен коммунизмнің бірінші фазасының шешілмеген міндеттері орындалуға тиіс, социализм толық баянды етілуге тиіс және осы негізде коммунизмнің жоғарғы фазасына қарай ілгерілеу қамтамасыз етілуге тиіс деген сөз еді.

**Өндіріс саласындағы міндет:** ең алдымен халық шаруашылығын мейлінше қысқа мерзімде қалпына келтіруде және оның соғысқа дейінгі дәрежесінен елеулі мөлшерде асып түсуде, еліміздің қуатын бұрынғыдан да мықтап нығайтуда, оны түрлі көздейсоқтан аман сақтауда болды. Неғұрлым ұзақ мерзімге белгіленген ұлы мақсат — негізгі экономикалық міндетті орындау — жан басына негізгі өнімдерді өндіру жағынан ең үздік дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу, еңбек өнімділігін капитализм тұсындағыдан жоғары сатыға көтеру, сөйтіп капитализмді экономикалық жағынан коммунизмнің толық жеңіп шығуын қамтамасыз ету еді.

**Экономикалық қатынастар саласындағы міндет** — өндіргіш күштердің дамуына қарай социалистік өндірістік қатынастарды дамытып жетілдіре беру: жалпы халықтық меншіктің ролін бұрынғыдан да жоғары көтеру, өндіріс құрал-жабдықтарына коллективтік меншікті анағұрлым нығайту; өнімді жұмсалған еңбектің саны мен сапасына қарай бөлудің социалистік принципінен ауа жайылушылықтың бәрін ең қысқа мерзімнің ішінде толығынан жою; еңбек ақы төлеуде болып келген теңгермені және басқа теріс нәрселерді жою, реалды жалақыны көтеру, өнім үлестірудегі нормалаудың бәрін жою.

**Идеология және мәдениет саласында қойылған міндеттер:** буржуазиялық көзқарастардың, әдет-ғұрыптардың қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізу, империалистік Батыстың реакциялық мәдениетінің шірік әсерін толығынан жою, барлық совет азаматтарын саналы патриоттар ету, еңбекшілердің мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеру, кітап, газет, журнал, кинофильмдерді көп шығару. Партия неғұрлым ұзақ мерзімге совет адамдарының күш-қайрат және ақыл-парасат қабілеттерін жанжақты өршітуді қамтамасыз ету, олардың санасындағы капитализм қалдықтарын жою, жұмысшылар мен шаруалардың мәдени дәрежесін инженер және агроном қызметкерлердің дәрежесіне көтеру, еңбек бөлінісінен туатын сойқанды зардаптарды жою, барлық азаматтарды, коммунистік қоғамның белсенді және саналы құрылысшыларына айналдыру міндеттерін белгіледі.

Социалистік қоғам құру ісін аяқтау және социализмнен коммунизмге өту үшін бірнеше бесжылдық керек. 1946 жылы СССР Жоғарғы Советі қабылдаған төртінші бесжылдық жоспар бұл міндетті жүзеге асыру ісіне қосылған зор үлес болды.

Төртінші бесжылдықтың негізгі шаруашылық-саяси міндеті «еліміздің зардап шеккен аудандарын қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғысқа дейінгі дәрежесін қалпына келтіру, сонан соң едәуір мөлшерде сол дәрежеден асып түсу» болды.

Ең алдымен ауыр өнеркәсіпті және темір жол транспортын қалпына келтіріп, дамыту ісі белгіленді; бұлай етпейінше СССР-дің бүкіл халық шаруашылығын тез және ойдағыдай қалпына келтіру мүмкін емес еді. Осы негізде ауыл шаруашылығын көтеру және халық тұтынатын заттарды өндіретін өнеркәсіпті өрлету, соғысқа дейінгі тұтыну дәрежесіне жетіп, одан асып түсу, товарлардың бағаларын үнемі төмендете отырып, сауданы кеңінен өрістету, мектептер, жоғары оқу орындары жүйесін қалпына келтіріп, ұлғайта түсу, тұрғын үй құрылысын

өрістетуге, халықтың денсаулығын қорғау ісін жақсарту міндеті белгіленді.

1946 жылы партия Орталық Комитеті бесжылдық жоспарды қабылдауға байланысты үгіт-насихат жұмысы туралы шешім алды. Осы шешімде соғыстан кейінгі бесжылдықтың міндеттерін еңбекшілерге түсіндіру жөнінде, социалистік жарысты ұйымдастыру, төртінші бесжылдықтың жоспарын орындау және артығымен орындау жолындағы күреске совет адамдарын жұмылдыру жөнінде партия ұйымдарының міндеттері белгіленді.

Партия заводтар мен фабрикаларда өндірістік кеңестерді жандандырды, бұқараның белсенділігі мен ынта-жігерін көтеру үшін мұның үлкен маңызы болды. 1946 жылы елімізде 4 миллионға жуық өндірістік кеңес өткізілді. Бұларға қатысушылар кәсіпорындардың жұмысын жақсарту жөнінде 5 миллионнан астам ұсыныс енгізді. Өндірістік кеңестердің және сол кеңестерде қабылданған рационализаторлық ұсыныстардың саны үздіксіз көбейе берді. 1950 жылы 6 миллионнан астам кеңес болып өтті және 9 миллионнан астам ұсыныс жасалды, бұлардың 7 миллионнан астамы іске асырылды.

Халықты төртінші бесжылдық жоспарды орындауға жұмылдыру жөніндегі жұмысында партия ұйымдары жаппай социалистік жарысты өрістетуге ісіне аса зор көңіл бөлді. Социалистік жарысты ұйымдастыру жұмысын жақсарту мақсатын көздеп, партияның Орталық Комитеті бірқатар кәсіпорындарда бұл жұмыстың жайын тексерді. Бұл жұмыста елеулі-елеулі кемшіліктер әйгіленді: формализм және бюрократизм элементтерінің барлығы, бұқаралық-саяси жұмыстың жете бағаланбайтындығы анықталды. Жергілікті партия органдары да нақ осындай кемшіліктерді ашты.

Осы кемшіліктерді жою үстінде социалистік жарыс жаңа сатыға көтерілді. Мұның сипаты бұқара белсенділігінің өсуінен, мазмұнының байлығынан, формаларының әралуандығынан көрінді.

1946 жылы Макеевка металлургтерінің, бірқатар Москва заводтары мен еліміздегі басқа да кәсіпорындар жұмысшыларының бастауымен бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолында Бүкілодақтық социалистік жарыс басталды. Бұған партия ұйымдары басшылық етті. Жарысушылардың алдыңғы қатарында коммунистер болды. Осылардың үлгісіне ерген жүз мыңдаған жұмысшылар жылдық жоспарды және бүкіл бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жөнінде жеке міндеттемелер алды. Партия ұйымдары жеке жұмысшылардың жоғары дәрежедегі табыстарынан бригадалардың, цехтардың және бүтін заводтардың жоғары өнімді еңбек етуіне көшу ісін ұйымдастырды. 1946 жылы жұмыстың жедел әдістері үшін қозғалыс басталды. Жеделші-токарьлар металл жонудың жеделдігін минутына 70 — 80 метрден 1000 — 1500 метрге жеткізді. Коммунистердің бастамасы бойынша жұмыстың жедел әдістері металлургияда, мұнай скважинасын бұрғылау жұмысында, кен ісінде кен тарады. Халық ішінде жеделшілерді уақыттан озушылар деп атап кетті. Ленинградтықтар ғылым мен өндіріс қызметкерлерінің тығыз достығының негізін салды. Бұл қозғалыс басқа қалаларға да тез тарады. Купавино биязы шұға фабрикасында (Москва облысы) шикізатты үнемдеу жолында жарыс басталды. Партия ұйымдарының жетекшілігімен шикізатты үнемдеу жолындағы жарысқа басқа да кәсіпорындардың жүздеген мың алдыңғы қатарлы жұмысшылары қосылды. Москвалықтардың ұсынысы бойынша елімізде кәсіпорындардың рентабельді жұмыс істеуі және жоспардан тыс пайда қорын көбейту жолында, айналым қаржыларының айналымын тездету жолында күрес үдей түсті. Мұның өзі СССР өнеркәсібінің бір ғана 1949 жылдың өзінде қосымша 20 миллиардтан астам

сомның өнімін өндіруіне мүмкіншілік берді. Москвадағы Краснохолм мауыты-мата комбинатының коллективі тек жоғары сапалы өнім шығару жолындағы жорықтың негізін салды.

Халық бастамасының тасқыны шапшаң үдей берді. Партия ұйымдарының зор ұйымдастырушылық жұмысының нәтижесінде жарысқа жұмысшылардың жаңа отрядтары үсті-үстіне қосылып жатты. 1946 жылы жұмысшылардың 80 процентінен көбірегі жарысқа түсті, ал 1950 жылы — жұмысшылардың 90 проценті қатысты. Цехтар цехтармен, заводтар заводтармен, Донбасс көміршілері Кузбасс көміршілерімен, Баку мұнайшылары Башқұрт мұнайшыларымен жарысқа түсті.

Елімізде рационализаторлар мен өнертабушылардың қозғалысы кеңінен өрістеді. Жұмысшылар жүздеген мың ұсыныстар енгізіп, бұл ұсыныстардың жүзеге асуын көздеп отырды. Төртінші бесжылдықтың ішінде орта есеппен жыл сайын 400 мыңнан астам өнертабыс, техникалық жаңалық және рационализаторлық ұсыныс енгізіліп отырды, бұлар өндіріс процесін жеделдетті және мол қаржы үнемдеуге мүмкіншілік туғызды.

Партия ұйымдары еңбекшілерді қаһармандық еңбек үлгісіне тәрбиеледі, озаттардың тәжірибесін жинақтап қорытты; оны бұқара арасында насихаттап отырды. Еңбектің озат әдістерін зерттеп, таратытын партиялық-техникалық конференциялар кең өріс алды, түрліше заводтар мен қалалардың алдыңғы қатарлы жұмысшылары тәжірибе алысу үшін кездесіп отырды.

Партия еңбекшілердің барлық күш-қуатын соғыс кезінде зардап шеккен аудандардың шаруашылығын қалпына келтіруге жұмсады. Соғыс жарақатын емдеп жазуда комсомолецтер партияның белсенді көмекшілері болды. Орыстың ежелгі 15 қаласын: Воронежді, Псковты, Новгородты, Орелді және басқа қалаларды қалпына келтіру ісін комсомол өзінің қамқорлығына алды. Ондаған мың комсомолецтер Донбасты, Днепрогэсті, «Запорожстальді» қалпына келтіру үшін еңбек етті. Күл-топыраққа айналып қираған заводтар мен фабрикалар, қалалар мен селолар совет адамдарының қаһармандық еңбегі арқасында қайта көтерілді. Кривой Рогтың рудниктері мен Донбастың шахталары, Оңтүстіктің металлургиялық кәсіпорындары, Харьков пен Сталинград трактор заводтары, Майкоп пен Грозныйдың мұнай скважиналары, барлық электр станциялары, оның ішінде Днепрогэс, гитлершілдер қиратқан басқа да мың-мың кәсіпорындар қайтадан сапқа қосылды. Соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жұмысының аса маңызды бір өзгешелігі — қайта тұрғызылған кәсіпорындар ең жаңа техникамен жабдықталды.

Партия ұйымдарының басшылығымен еңбекшілер соғыс жылдарындағы ерлік істерден кем соқпайтын қаһармандық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп отырды. Жүз мыңдаған еріктілер құрылыстарға келді. Жұмысшылар мен инженерлер көп өнер, көп тапқырлық көрсетті. Мысалы, «Азовсталь» зауытында гитлершілдер бүлдірген 4-номерлі домнаның сиқы бұзылып, өзі жерге шөгіп, қисайып кеткен еді. Оны түгел бұзып тастап, жаңа домна салу керек деушілер болғанды. Бірақ инженерлер мен жұмысшылар партия ұйымының бастауымен домнаны қалпына келтірмек болып шешті. Салмағы 1 300 тонналық пешті түзетіп, туралап, өз орнына қойды. Бұл операцияға небәрі бір жарым ай кетті, домна төрт ай бұрын іске қосылды. Днепрогэстің коллективі плотинаның түбіндегі тесіктерді бітеудің бұрын практикада болып көрмеген әдісін қолданып, оны қалпына келтіру жұмысын едәуір тездетті. Донбастың кеншілері өте қысқа мерзімнің ішінде шахталарды 650 миллион текше метр судан аршыды. Жұмыс көлемі жағынан мұның өзі кеңдігі 70 шаршы километр, тереңдігі 10 метр көлдің суын құрғатқанмен бірдей. Донбаста кеншілер ұзындығы 2 500 километр келетін, кө-

міліп қалған кендерді қалпына келтірді. Бұл жұмыс шамамен алғанда, Москвадан Парижге дейін тереңдігі 200 — 700 метр тоннель қазып, бекіткенмен бірдей. Донбасс еліміздің аса ірі көмір бассейні ретінде қайтадан қатарға қосылды.

Соғыстан зардап шеккен республикалар мен облыстардың халық шаруашылығын қалпына келтіргенде, партия мен халық Оралдың, Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азияның өнеркәсібіне сүйенді. Бұл аудандардың өнеркәсіп қуаты соғыс жылдарында едәуір өскен еді. Азат етілген аудандарға еліміздің шығысынан ең өндіргіш машиналар мен механизмдер көптеп жіберілді. Кезінде РСФСР, Украина, Белоруссия еңбекшілерінің көмегімен өздерінің артта қалғандығын жойған Қазақстан, Орта Азия республикалары енді соғыстан зардап шеккен аудандарға кадрлар мен техника жағынан орасан зор көмек көрсетті. Мұның өзі совет құрылысының қайнар бұлағы болып отырған халықтар достығының ұлы күшінің айқын көрінісі.

1948 жылы СССР-де өнеркәсіп өндірісінің көлемі соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп қана қоймай, онан асып та түсті. Өнеркәсіп аса қысқа мерзімде қалпына келтірілді. Азамат соғысынан кейін шаруашылықты қалпына келтіру үшін елімізге алты жыл керек болған еді. Ұлы Отан соғысында шеккен орасан шығынды ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Солай бола тұрса да, өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін екі жарым жылдай ғана уақыт керек болды.

Азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіре отырып, партия басқа республикалар мен облыстардың да өнеркәсібін есінен шығарған жоқ, елімізде өндіргіш күштерді орналастыру ісін онан әрі жақсартта берді. Төртінші бесжылдықтың ішінде Орал мен Сібір металлургиясының өндіріс қуаты едәуір өсті. Партияның инициативасы бойынша Орта Азия мен Закавказьеде қара металдар өндірісінің жаңа орталықтары пайда болды. СССР-дің европалық бөлегінің солтүстігінде металлургия базасы құрыла бастады. Кузбаста, Қарағандыда, Оралда көмір өндіру жылма-жыл арта түсті. Орал-Еділ бассейнінде мұнай көп шығарыла бастады. Жаңадан салынатын бу электр станциялары мен су электр станцияларының құрылысы кең өріс алды (Горький, Кама және басқалар). Еділде — Еділ және Сталинград су электр станцияларының құрылысы басталды. Машина жасау және химия өнеркәсібі мықтап алға басты.

Халық шаруашылығын кәзіргі заманғы техникамен жабдықтауда партия елеулі табыстарға жетті. Социализмнің капитализммен жарысы техниканы жедел өркендетуді керек етеді. Осы жолмен жүргенде ғана капитализм тұсындағыдан жоғары еңбек өнімділігін жасауға болады. Техникалық прогресс проблемасы бірінші дәрежелі саяси мағна алды. Партия ғылым мен техникада жаңа жолдарды іздеген ғалымдардың, инженерлердің, жаңашылдардың жорығын бастады, техниканың жетістіктерін өндіріске енгізу ісін ұйымдастырды.

Ғылым мен техниканы дамыту жолындағы партия күресі бірқатар елеулі табыстарға жеткізді. Бұлардың қатарында атом ішіндегі қуатты менгеру бірінші орын алады; бұл қуатты өндірісте қолдану адамзат тарихында ең терең техникалық революцияның басы, өндірістің дамуында жаңа заманның басталуы болып табылады.

Төртінші бесжылдық ішінде электрлендіру ісі мықтап дамыды, электрон техникасы енгізіле бастады, қара металлургияда ауыр жұмыстарды механикаландыру кең көлемде жүзеге асырылды, көмір қазуды механикаландыру ісі аяқталды, мұнай скважиналарын бұрғылаудың дүние жүзінде ең озат техникасы (турбобұрғылау) менгерілді. Машина жасауда үдемелі линия кең өріс алды. Автомат линиялар жасалды, автомобиль моторларының поршеньдерін шығаратын автомат завод салынды. Машина жасаушылар мыннан астам жоғары өнімді

жаңа станок, автомат, тағы басқа машина түрлерін ойлап шығарып, оларды көп өндіре бастады.

Бірақ техникалық прогресс саласында көп міндеттер әлі де шешілмей келді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының бірқатар тарауларында ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері өндіріске баяу еніп жатты. Жоғары өнімді машиналарды жобалауға жеткілікті көңіл бөлінбеді. Кейбір заводтар мен фабрикаларда жабдықтар ескіріп қалды, өнімі төмен технология қолданылды, конструкциясы ескірген станоктар мен механизмдер шығарылып жатты. Ағаш және көмір өнеркәсібінде ең жаңа машиналар мен механизмдер нашар пайдаланылды. Көптеген кәсіпорындарда жайбарақаттық, тіпті кертартпалық пен тоғышарлық үстем болды. Мұндай өнеркәсіптің басшылары жаңа техниканы меңгеруде белгілі бір табысқа жеткеннің артынан жайбарақаттыққа салынып, техникалық прогресс жолында күрес жүргізуді тоқтатты, жаңа техниканы ең жаңа техникамен ауыстыруға тырыспады. Ақырында осының салдарынан өнеркәсіптің кейбір тараулары техника жағынан дүниежүзілік ғылым мен техниканың дәрежесінен едәуір артта қалып қойды. Техникалық прогресс үшін күресу міндеті партия мен халықтың бірінші кезектегі, көкейтесті міндеті болып келді.

Жұмысшылардың қаһармандық еңбегі және партияның дұрыс басшылығы өнеркәсіп саласында төртінші бесжылдық жоспарының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етті. Төртінші бесжылдық ішінде, ұсақ кәсіпорындарды есептемегенде, 6 мыңнан астам өнеркәсіп орындары қалпына келтіріліп, жаңадан салынып, іске қосылды, яғни бірінші және екінші бесжылдықтар ішіндегі жалпы мөлшермен тең деуге болады. Күн сайын орта есеппен үштен астам кәсіпорын қатарға қосылып отырды. Төртінші бесжылдық тапсырмалары өнеркәсіпте 4 жыл 3 ай ішінде орындалды. Өнеркәсіптің жалпы өнімі 1950 жылы соғыстан бұрынғы дәрежесінен 73 процент асты, ал жоспар бойынша 48 процент асуға тиісті болатын. Қорытылған шойын 19 миллион тонна болды (1940 жылғыдан 29 процент артық), болат — 27 миллион тонна (соғыстан бұрынғыдан 49 процент артық), өндірілген көмір — 261 миллион тоннадан астам (57 процент артық), мұнай — 38 миллион тоннаға жуық (22 процент артық), электр қуаты — 91 миллиард киловатт-сағаттан астам болды. Өнеркәсіпте жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1940 жылғымен салыстырғанда 37 процент өсті.

Соғыстан, сонымен бірге 1946 жылғы құрғақшылықтан көп зиян шеккен ауыл шаруашылығында партия күрделі міндеттерді шешті. Партия еліміздің азат етілген аудандарында колхоздарды, совхоздарды және МТС-терді қалпына келтіру жұмысын ұйымдастырды, колхоз меншігін нығайту ісін қамтамасыз етті.

Коллективтік еңбектің артықшылығына өз тәжірибесінен көзі жеткен совет шаруалары, фашистерді қуып шыққанның артынша партия ұйымдарының басшылығымен колхоздарды қайта құрды. Қалпына келтіріліп жатқан колхоздарға Совет үкіметі машиналармен, малмен, тұқыммен мемлекеттік көмек көрсетіп отырды. Социалистік өзара жәрдем кеңінен өрістеді: шығыс аудандардың колхоздары қалпына келтіріліп жатқан колхоздарға көптеген мал, тұқым, ауылшаруашылық саймандарын жіберді.

Орталық Комитеттің бірқатар шешімдерінде және партия Орталық Комитетінің февраль пленумында (1947 жыл) ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде нақтылы шаралар белгіленді, оны ілгері дамыта беру жөнінде бірсыпыра ұсыныстар жасалды. Ауылшаруашылық өндірісін көтеру жолындағы күресте колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтудың бұл дәуірде айрықша зор маңызы болды. «Колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы» Совет үкіметі мен ВКП(б) Орталық

Комитетінің 1946 жылы күзде қабылдаған қаулысында және партия Орталық Комитетінің февраль пленумының шешімдерінде колхоз өміріндегі елеулі кемшіліктер (колхоздардың қоғамдық жерлері мен қоғамдық игілігін талан-таражға салу, еңбеккүндерді дұрыс жұмсамау фактілері) ашылды, бұл кемшіліктерді жою жолдары белгіленді.

Орталық Комитет партия ұйымдарының алдына мынадай міндеттер қойды: ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзушылықтың бәрін жою, колхоздардың қоғамдық жерлері мен қоғамдық игіліктерін талан-таражға салуға, еңбеккүнді теріс жұмсауға жол бермеу, колхоздарды басқаруда демократиялық негіздерді бұзушылыққа тыйым салу, жерді, көлік-сайманды пайдаланудағы иесіздікті жою, колхозшыларға еңбек ақы төлеуде және колхоз табыстарын еңбеккүн бойынша бөлуде теңгермені жою, колхоздарға агрономиялық және зоотехникалық жәрдем беруді күшейту, колхоз кадрларын, колхоз өндірісінің шеберлерін дайындау және қайта дайындау ісін жақсарту.

Партия Орталық Комитетінің қаулыларын жүзеге асыра отырып, жергілікті партия ұйымдары бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырды. Түрлі ұйымдар мен мекемелер пайдаланып отырған немесе колхозшыларға және басқа адамдарға заңсыз берілген қоғамдық жер, колхоз малы және басқа құнды заттар колхоздарға қайтарылды, колхоздардың басқару аппараты қысқартылды, мұның өзі толып жатқан еңбеккүнді үнемдеуге мүмкіндік берді. Орталық Комитеттің шешімдерін орындау жолындағы күресте колхозшылардың белсенділігі едәуір көтерілді. Алайда ол дәуірде колхоз өндірісін ұйымдастырудағы және колхоздарға басшылық ету ісіндегі көптеген ірі кемшіліктер ашылмай қалды да, бұл жағдай социалистік ауыл шаруашылығының дамуына үлкен бөгет жасады.

Партияның қамқорлығы арқасында ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы едәуір нығайды. Деревняға көптеген машина, жанар май және тыңайтқыш зат жіберілді. 1949 жылы колхоздар, МТС-тер мен совхоздар, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын 1940 жылғыдан екі жарым-төрт есе көп алды. Ауыл шаруашылығында тракторлар соғыстан бұрынғыдан көп болды. Колхоздарды, совхоздар мен МТС-терді электрлендіру жұмысы үдей түсті.

Колхоз өндірісінің материалдық-техникалық базасын нығайту, МТС-терді ең жаңа ауылшаруашылық техникасымен қаруландыру, колхоздардың қоғамдық өндірісін жетілдіре беру мәселесін күн тәртібіне әкеліп қойды. Елімізде 10 — 30 үйді біріктірген, жер көлемі аз, кішігірім колхоздар көп болды. Ұсақ колхоздарда техника нашар пайдаланылды, әкімшілік-басқару шығыны өте көп болды. Осындай колхоздар ауыл шаруашылығының өнімділігін дамытуға кедергі жасады.

Колхоздарды ірілендіру жөнінде көп жерлерден ұсыныстар түсе бастады. 1950 жылы коммунистердің бастамасы бойынша ұсақ колхоздарды ірі колхоздар етіп біріктіру жолында колхозшылардың кең қозғалысы басталды. Колхоздарды ірілендіру ісі бірігуші колхоздардың ықтиярымен және өзара келісімі бойынша ғана жүргізілді. Колхоздарды біріктіргенге дейін елімізде 254 мың ұсақ колхоз бар еді, ал біріктіргеннен кейін, 1953 жылдың аяғында, 91 мың ірі колхоз болды.

Колхоздарды ірілендірудің зор экономикалық маңызы болды. Ауылшаруашылық өндірісін дамыту үшін мұның өзі кең жол ашты. Ірі колхоздарда өнімділігі жоғары техника неғұрлым толық пайдаланылады, егіннен мол өнім алу үшін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін бұлардың мүмкіншіліктері көп.

Соғыс біткеннен кейін ауыл шаруашылығында жүргізілген әлеуметтік экономикалық ірі шара Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның батыс аудандарында, Эстонияда, Латвияда, Литвада коллективтендірудің жүзеге асырылуы болды. Совет Одағының құрамына

соғыстың алдында қосылған бұл облыстар мен республикаларда ауыл шаруашылығы жекеше, ұсақ товарлы шаруашылық еді. Бұл республикалар мен облыстардың партия ұйымдары жекеше шаруалардың арасында үлкен жұмыс жүргізді. Партия ұйымдары олардың алдында ірі колхоз өндірісінің артықшылығын көрсетіп, олардың осы жолға түсуіне жәрдемдесті. 1949 — 1950 жылдары бұл аудандарда ауыл шаруашылығын коллективтендіру негізінде аяқталды.

Соғыстан кейінгі уақытта село, партия ұйымдары едәуір нығайды. Армиядан босатылған көп коммунистер деревняға барды. Бірсыпыра коммунистер аудан мен қала орталықтарынан селоларға жіберілді. Селода коммунистік ұйытқы күшейді, ондағы партия ұйымдарының саны артты. 1947 жылы селода 110 800 бастауыш партия ұйымы бар еді, ал 1950 жылы 180 мыңнан асты. Бұларда 1 864 мыңнан астам коммунист болды.

Колхоздарды механикаландыру, ұйымдастыру — шаруашылық жағынан нығайту, социалистік жарысты күшейтіп, жаңашылдардың тәжірибесін пайдалану негізінде партия ұйымдары төртінші бесжылдықтың ауылшаруашылық өндірісі жөніндегі тапсырмаларын орындауда бірсыпыра табыстарға жетті.

Партия ұйымдарының басшылығымен және бүкіл совет халқының жәрдеміне сүйене отырып, колхозшылар, МТС және совхоз жұмысшылары ауыл шаруашылығына соғыстың тигізген сұрапыл зардаптарын негізінде жойды. Ауылшаруашылық өндірісі негізінен алғанда соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетті. Алайда колхоз құрылысының ішінде әлі ашылмай жатқан ауылшаруашылық өнімінің мөлшерін көбейту мүмкіншіліктері толық пайдаланылмады. Сондықтан ауыл шаруашылығы халықтың азық-түлік жөніндегі қажетін, жеңіл және тамақдәм өнеркәсібінің шикізат жөніндегі қажетін қанағаттандыра алмады. Дәнді астық проблемасы шешілмей келді. Дәнді астық егісінің көлемі бес жылдың ішінде 20 процент арта тұрса да, соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетпеді. Егін түсімділігі әлі де төмен дәрежеде қалып қойып отырды. Мал шаруашылығын дамытуда ірі кемшіліктер болды. Сиырмен шошқа соғысқа дейінгіден аз болды. Мал шаруашылығының өнімділігі төмен дәрежесінде қала берді. Көптеген колхоздарда техника қанағаттанғысыз пайдаланылды. Елімізде артта қалып келе жатқан колхоздар мен аудандар көп болды.

Мұның үлкен бір себебі — ауыл шаруашылығына басшылық етуде елеулі-елеулі жетімсіздіктер болды, жергілікті қызметкерлердің бастамасы тежеліп келді, колхоздар мен колхозшыларды еңбек нәтижесіне ынталандыру принципі бұзылып кетіп отырды. Соғыстан кейінгі дәуірде И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша кейбір негізсіз шаралар жүргізілді, бұлар ауыл шаруашылығының дамуына теріс әсерін тигізді.

Өнеркәсіптің тез өсуі негізінде және ауыл шаруашылығы дамуындағы белгілі табыстардың негізінде партия совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтерді. 1947 жылдың аяғында партия Орталық Комитеті мен Совет үкіметі карточка системасын жойып, азықты нормалап бөлу орнына мемлекеттік және кооперативтік сауданы кең өрістете жүргізді. Мұнымен бірге ақша реформасы жүзеге асырылды, көпшілік тұтынатын заттардың бағасы төмендетілді. Осы шаралардың бәрінен халық орасан көп пайда көрді. 1947 — 1950 жылдары көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үш рет төмендетілді. 1950 жылы жұмысшылардың, қызметшілердің және шаруалардың табысы 1940 жылғымен салыстырғанда едәуір көбейді.

СССР еңбекшілерінің тұтыну дәрежесі көтерілді. Алайда ең алдымен ауыл шаруашылығының кейіндеп қалуының салдарынан тұтынудың онан әрі өсуі бөгеліп отырды. Бірқатар мекендерде халықтың

азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде қиыншылықтар туды. Кейбір қалаларда еттің, майдың, сүттің, овоштың және жемістің жетімсіздігі сезіліп отырды.

Гитлершілдер қиратқан тұрғын үйлерді қалпына келтіру және жаңадан үйлер салу жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Бесжылдықтың ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде көлемі 100 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй қалпына келтірілді және жаңадан салынды, селолық жерлерде 2 700 мың тұрғын үй салынды. Бірақ тұрғын үйге мұқтаждық әлі орасан күшті еді де, тұрғын үй мәселесі ең ауыр мәселе болып қала берді. Емдеу орындарының, санаторийлердің саны едәуір көбейді, демалыс үйлерінің, клубтардың, театрлардың, кітапханалардың саны өсті.

Төртінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы күресте көптеген қиыншылықтар болды. Бірақ бұл қиыншылықтардың бәрі түгел жойыла қойған жоқ. Ал тұтас алғанда төртінші бесжылдық коммунистік құрылыстағы ірі табыстарды бейнелейтін бесжылдық болды. Бұл бесжылдық коммунизмнің материалдық-өндірістік базасын жасауда маңызды адым болды.

### 3. Партияның ұйымдастыру және идеологиялық жұмысы. КПСС XIX съезі

Төртінші бесжылдықта шаруашылық пен мәдениетті дамытуда совет халқы, партияның талмай жүргізген ұйымдастыру жұмысының арқасында, бейбіт жағдайда жұмыс жүргізу үшін партия қатарын шебер және тез қайта құру арқасында, партия басшылығын жақсарту, қоғамдық, мәдени, ғылыми жұмыстың идеологиялық дәрежесін көтеру арқасында зор табыстарға жетті.

Соғыс біткеннен кейін партияның Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарын нығайту, олардың беделі мен басшылық ролін көтеру міндетін алға қойды. Партия жергілікті орындарда мемлекеттік және шаруашылық мекемелердің ісін партия ұйымдарының шындап бақылауын жүзеге асыруды көздеді, бұқара арасында өзінің саяси және ұйымдастыру ролін ойдағыдай орындауын қамтамасыз етуге тырысты.

1946 — 1948 жылдары партияның Орталық Комитеті партия өмірінің мәселелері жөнінде бірқатар маңызды шешімдер қабылдады. Осы шешімдердің негізінде партия ұйымдары партия жұмысын жақсарту және мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдарға басшылық ету дәрежесін көтеру жолында табанды күрес жүргізді.

Партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін көтеру үшін партияның ішкі демократиясын онан әрі дамыта берудің шешуші маңызы болды. Соғыс кезінде партия жұмысының жақсы жақтарымен қатар өз ерекшеліктері де болды. Бірақ соғыс кезінде партияның ішкі демократиясының шеңбері белгілі шамада тежеулі болды. Бейбіт жағдайларда бұл практиканы қолдана беру коммунистердің белсенділігі мен ынта-жігерін төмендетер еді, партия органдарының бұқарадан қол үзу қаупін туғызған болар еді.

Соғыстан кейін партияның ішкі демократиясын қалпына келтірудегі тұңғыш адым партия жиналыстары мен комитеттердің пленумдарын мезгілінде өткізіп отыру, барлық партия органдарының есебі мен сайлауын партия уставында белгіленген мерзімде өткізіп отыру болды.

1945 — 1947 жылдары аудандық және қалалық партия конференциялары болып өтті; 1947 жылы және 1948 жылдың басында облыстық партия конференциялары болып өтті. 1948 жылдың аяғында және 1949 жылы одақтас республикалар коммунистік партияларының съез-



дері болды. Осыдан былай қарай жергілікті партия органдарының есебі мен сайлауы мезгілінде өтіп тұрады. Партия активтері ұдайы шақырылып тұратын болды. Коллективтік басшылық органдары ретінде партия комитеттері пленумдарының ролі артты.

Мұнымен бірге партиялық-саяси жұмыс пен шаруашылық жұмысты дұрыс ұштастыру жөнінде партия бірқатар шараларды жүзеге асырды. Орталық Комитеттің және партия конференцияларының шешімдерінде партиялық-ұйымдастыру жұмысын және идеялық-саяси жұмысты әлсіретіп жіберген немесе тіпті елеусіз қалдырған аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттері сынға алынды. Мұндай партия комитеттері өзіне тән емес жұмыстармен айналысып кетті. Бұлар советтік және шаруашылық органдарды шет қалдырып, барлық ағымдағы мәселелерді, керек десе ұсақ шаруашылық мәселелерді де шешумен шұғылданды. Бұлар колхоздар мен совхоздардың, МТС-тер мен кәсіпорындардың басшыларын барлық шаруашылық мәселелері жөнінде тек партия ұйымдарына баруға және тек солардан ғана нұсқау алуға баулыды. Жергілікті Советтердің ролі төмендетілді. Көптеген аудандық, қалалық комитеттер және облыстық комитеттердің бөлімдері шаруашылық қызметкерлерінің өтінішін білдірушілерге айналды. Осының салдарынан бірсыпыра партия қызметкерлері саяси басшылардан ведомстволық типтегі адамдарға айналып кеткенін, ал кейбір партия органдары жауынгер, айбынды саяси ұйымдардан өзгеше бір әкімшілік-жарлық мекемелеріне айнала бастағанын өздері де аңғармай қалды. Мұндай партия ұйымдары түрліше жершілдік, тар ведомстволық әрекеттерге көп жағдайларда қарсы тұра алмады. Түгелінен ағымдағы істермен ғана шұғылданып кеткендіктен, бұлар шаруашылықты дамытудың ірі, перспективалық мәселелерін естен шығарып алды, бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысты жете бағаламады. Орталық Комитет сонымен бірге партия қызметкерлерінің дербестігін жоғалтуы, шаруашылық органдарға тәуелді болуы сияқты фактілерді де ашты.

Орталық Комитеттің бастауымен жұмыстың осы теріс әдістерін, большевиктік емес әдістерін жою қолға алынды. Қамқоршылық және әкімшілік жасаудың зиянды практикасы біртіндеп жойыла бастады. Аудандық, қалалық, облыстық комитеттер совет және шаруашылық органдарының қызметкерлеріне қойылатын талапты күшейтті. Олардың қызметіне қатаң партиялық бақылау орнатылды. Жұмыс әдістерін жетілдіре түскен сайын партия ұйымдарының саяси басшылар ретіндегі ролі артты. Партия ұйымдары шаруашылық пен мәдениетті дамытудың негізгі мәселелерін шешуге жете назар аударуға мүмкіншілік алды. Бұлар коммунистік құрылыстың аса маңызды міндеттерін шешу ісіне бұқараны жұмылдыру жұмысын күшейтті.

Орталық Комитеттің шешімдерінде, партия комитеттерінің конференциялары мен пленумдарында партия жұмысының сыртқы, көзге түскіш жағымен әуестеніп, оның мазмұны мен пәрменділігін ұмытқан партия ұйымдары қатты сыналды. Мұндай ұйымдарда партиялық шаралар жөнді дайындалмастан жүргізіліп отырды. Шешімдер декларация түрінде алынып отырды және олар нақтылы болмады, шешімдерді орындау ісі ұйымдастырылмады, тексерілмеді.

Осы кемшіліктерді жою жолындағы батыл күрес үстінде партия мүшелерінің белсенділігі мен инициативасы, партия ұйымдарының жауынгерлік қабілеті күшейді. Мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыста, бұқараны саяси жағынан тәрбиелеуде партия ұйымдарының ұйымдастырушылық және жетекшілік ролі мықтап өсті.

Алайда бұл дәуірде партия жұмысындағы елеулі кемшіліктер ақырына дейін жойылып бітпеді. Партияның ішкі демократиясы кейде тежеліп отырды. Партия жұмысында әкімшілік жасау элементтері орын

алып келді, басшылық етудің коллективтік принципі бұзылды. Партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі бұқараның өскелең талаптарынан қалып қойып отырды. Осылардың бәрі қосылып партия ұйымдарының жұмысына теріс әсер етті, коммунистердің белсенділігін төмендетті.

Соғыстан кейінгі кезде партия жұмысында тәрбие жұмысы, идеологиялық жұмыс маңызды орын алды. Коммунизм дегеніміз бұқараның саналы тарихи творчествосының нәтижесі деп үйреткен В. И. Ленин. Бұқараның саналы, творчестволық белсенділігінің үздіксіз өсе беруі қоғамның прогрестік дамуының заңдылығы, социализмнен коммунизмге өтудің міндетті шарты болып табылады. Социалистік құрылыстың барысында партияның тәрбие жұмысының әсерімен совет адамдарының санасында келелі өзгерістер болды. Жоғары идеялылық, коммунизм ісіне шексіз сенушілік, еңбекті абырой әперетін, ерлік көрсететін іс деп қарау, социалистік меншікті көбейту қамын ойлау, советтік патриотизм және қоғамдық мүдделерді ең жоғарғы мүдделер деп түсіну—совет қоғамы адамдарының рухани бейнесінің сипатты белгілері осындай. Бірақ кейбір совет адамдарының санасында капитализмнің сарқыншақтары: жеке меншікшілдік психология мен буржуазиялық моральдің қалдықтары, Батыстың реакцияшыл мәдениетіне табынушылық, ұлтшылдықтың көріністері және басқалар сақталып қалды.

Социалистік құрылысты аяқтау және біртіндеп коммунизмге өту партияның идеологиялық жұмысын ескі, қанаушы құрылыстың қалдықтары мен дәстүрлеріне қарсы күрестің негізгі формасы етіп алдыңғы сапқа шығаруы заңды нәрсе. Капитализмді оның ең соңғы паналаған жерінен—идеологиялық қатынастар саласынан—айдап шығу қажет болған тарихи кезең басталды. Жеке меншікшілдік қатынастар ғасырлар бойы мәпелеп өсіріп келген дәстүрлер мен ғұрыптар толығынан жойылған кезде ғана «өзіміз жерлеп отырған капиталистік қоғамның табытына соңғы шеге» (В. И. Ленин, Шығармалар, 27-том, 421-бет) қағылды деуге болады. Ілгері қадам басқан сайын өмір жүзінде бірінші кезектегі мәселелер ретінде алға қойылып отырған коммунистік тәрбие мәселелері бірден-бірге үлкен маңыз алуда.

Соғыстан кейінгі кезеңде тәрбие жұмысы мен идеологиялық жұмысты күшейтуді қажет еткен басқа да кейбір жағдайлар болды. Соғыс дәуірінде ондаған миллион адамдар жау уақытша басып алған территорияда тұрды. Миллиондаған адамдарды гитлершілдер Германияға айдап әкетті. Көптеген совет әскери қызметкерлері тұтқында болды. Осы адамдардың бәрін гитлершілдер идеологиялық тезге салып бакты. Совет әскерлерінің Батысқа жасаған азаттық, антифашистік жорығы кезінде қарулы күштердің бір бөлегі капиталистік мемлекеттердің территориясында болды да, реакция түрлі әдістермен совет жауынгерлеріне өз ықпалын жүргізуге тырысты. Украина мен Белоруссияның батыс облыстарында, Прибалтикада гитлершілдер қалдырып кеткен буржуазияшыл ұлтшылдар халық арасында антисоветтік жұмыс жүргізді. Осы сияқты арналардың бәрі совет адамдарына зиянды идеологиялық әсер жасау үшін пайдаланылды. Бірақ бұқара өзіне таңылған реакциялық буржуазиялық көзқарастарды жирене аластап отырды. Әйткенмен бірсыпыра азаматтар идеологиялық табансыздық көрсетті, капиталистік тәртіптерге сын көзімен қарамады.

Сонымен қатар көптеген партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жете бағаланбағанын, насихат пен үгіттің мүлде нашар болғанын еске алу қажет. Партияның басшы кадрларының бірсыпырасы марксизм-ленинизм саласында өз білімдерін ұзақ уақыт бойы толықтырмай келді. Осылардың салдарынан бүкіл идеологиялық жұмыс партия шешетін міндеттерден, коммунистік құрылыстың қарыштаған қарқынынан қалып қойды.

Коммунистік құрылыстың жалпы қажеттерін және соғыстан кейінгі нақтылы жағдайларын еске ала отырып, партия идеологиялық майданда өзінің шабуылын өрістетті.

Тәрбие жұмысының ойдағыдай болуы ең алдымен коммунистердің идеялық дәрежесіне байланысты болды. Ұлы Отан соғысының жылдарында партия құрамы едәуір жаңарды. Соғыс біткеннен кейінгі алғашқы жылдардың ішінде партия қатары бұрынғыша тез өсе берді. 1946 жылы партияда 6 миллионға жуық адам болды. Бұлардың жартысынан көбірегі партияға соғыс жылдарында кірген еді. Коммунистердің едәуір бөлегі қажетті теориялық әзірлік алып үлгермегенді. Сөйтіп партияның сан жағынан өсуі мен коммунистерге саяси білім беру дәрежесі арасында кейбір сәйкессіздік туды. Осы сәйкессіздікті жою үшін, Орталық Комитет партия қатарының өсуін жеделдетпей, коммунистерге партиялық білім беру ісін кеңінен өрістетуге ұйғарды.

Партия ұйымдары партия қатарына өткісі келгендерді неғұрлым мұқият іріктеп алатын болды, коммунистерді саяси жағынан тәрбиелеу жұмысын күшейтті. Партия оқуының көп тармақты жүйесі: саяси сауат ашу мектептері, партия тарихын, саяси экономияны, философияны үйрену үйірмелері, аудандық партия мектептері, марксизм-ленинизм университеттері қайтадан құрылды. Көптеген коммунистер теорияны өздігінен үйрене бастады. 1946—1952 жылдардың ішінде партия және совет кадрларының көпшілігі қайта дайындалды.

Коммунистердің идеялық дәрежесінің көтерілуі бұқара арасында тәрбие жұмысын кеңейтуге мүмкіншілік берді. Партия ұйымдары халықтың барлық тобын саяси тәрбие жұмысымен қамтуға тырысты. Репатриацияланғандарды тәрбиелеу жөнінде арнаулы шаралар жүргізілді.

Бұқараға саяси тәрбие беру ісін жақсартуды көздеп, партия Орталық Комитеті үгіт жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Бірнеше партия ұйымдарында үгіт жұмысының жайы тексеріліп, бұл жұмыста елеулі кемшіліктер ашылды. Үгіт жұмысының жалпы өрісі мен идеялық дәрежесі халық алдында, партия алдында тұрған міндеттерге сай келмеді. Көп жағдайларда бұқаралық үгіт жұмысы айбынды сипатта болмады және еңбекшілердің саяси санасын көтеру үшін, халық шаруашылығын дамыту қарқындарын жеделдету ісіне бұқараны жұмылдыру үшін толық пайдаланылып отырмады. Көптеген партия ұйымдары саяси үгіттің ролін төмендетті, бұл жұмыс өндірістік-техникалық тақырыптарда әңгіме өткізумен тынып отырды. Орталық Комитеттің шешімін орындай отырып, жергілікті партия ұйымдары бұқара арасындағы үгіт жұмысын едәуір жақсартты.

Идеологиялық майданда партия басты соққыны буржуазиялық пікірлер мен көзқарастар қалдықтарына қарсы, Батыстың реакциялық буржуазиялық мәдениетін сын көзімен бағаламаушылыққа қарсы, ғылымда, әдебиетте және көркемөнерде марксизм-ленинизмнен шегінудің қарсы жұмсады.

Партияның идеологиялық жұмысының аса маңызды міндеті совет интеллигенциясы бір бөлегінің буржуазиялық Батыстың реакциялық мәдениетіне бас июшілік көріністерінің бәрін әшкерелеу және толығынан жою болды. Партия ұйымдары СССР-дің әрбір азаматын саналы совет патриоты ету, коммунизмнің белсенді күрескері ету мақсатын көздеді. Социализм құруда СССР-дің табыстарының дүниежүзілік тарихи маңызын, социализмнің капитализмнен артықшылығын аша отырып, партия совет адамдарының социалистік Отанға деген қасиетті сүйіспеншілік сезімін, патриоттық социалистік мақтаныш сезімін нығайта берді, олардың өз күшіне сенімін, коммунизм орнатуға қабілеті барлығына сенімін өршітті. Партия әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеуге, жастарды идея жағынан шыныққан, рухани сергек, ақ жарқын жайда-

ры, творчестволық жігері тасыған, коммунизм ісі үшін жан аямай күресуге әзір адамдар етіп өсіруге ерекше көңіл бөлді.

Советтік патриотизмді насихаттау Совет Одағы еңбекшілерінің рухани дамуында үздік роль атқарды. Совет адамдарының коммунизм құрушылардың идеялық дәрежесі көтерілді. Бұлардың өз күшіне сенімі бұрынғыдан да нығайды, белсенділігі артты. Сонымен бірге советтік патриотизмді насихаттау ісінде кейбір қателер де болды. Баспасөзде капиталистік дүниенің барлық өмірін жаппай ірушілік түрінде көрсету жиі кездесіп отырды. Прогресшіл күштердің ісі жете бағаланбады, шетелдік ғылым мен техниканың жетістіктері еленбеді. Мұның өзі шетелдік ғылым мен техника саласындағы ірі жаңалықтарды тез пайдалануға бөгет жасады, советтік және шетелдік ғалымдар мен техника мамандарының творчестволық қарым-қатынасының шеңберін тарылтты, капиталистік елдердің демократияшыл, прогресшіл топтарымен байланысты нығайту ісін қиындатты.

Идеологиялық жұмыстың таяудағы міндеттерін дұрыс белгілеу үшін Орталық Комитет бірқатар маңызды қаулылар алды: 1946 жылы — ««Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драмалық театрлардың репертуары және оны жақсарту шаралары туралы», ««Үлкен өмір» кинофильмі туралы», 1948 жылы — «В. Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» — қаулы алды.

Партия Орталық Комитетінің қаулыларында және партия баспасөзінің мақалаларында совет мәдениетінің жетістіктері көрсетілді және мұнымен бірге әдебиет пен көркемөнердің дамуындағы елеулі кемшіліктер ашылды. Кейбір жазушылар мен суретшілер көркем творчествода идеясыздық пен саясатсыздықты уағыздай бастады. Өмірлік шындықты бұрмалау, реалистік дәстүрден шегіну фактілері байқалды. Кейбір журналдардың беттерінде көркемдігі нашар, идеологиялық жағынан зиянды шығармалар басылып жүрді, кейде торығушылық пен түңілушілік, болашаққа сенбеушілік мұндай шығармалардың арқауы болды. Театрлардың репертуарына шетелдік буржуазиялық драматургтердің тым тайыз, көркемдіктен жұрдай, сұмпайы пьесалары енгізіліп отырды. Музыкада формалистік ауытқушылықтар көрінді. Осылардың бәрі кейбір көркемөнер қызметкерлері творчествосын халықтың өмірлік мүдделерінен, Коммунистік партияның саясатынан алшақтатып жіберетін белгілі қауіптің бар екенін көрсетті.

Орталық Комитет осы кемшіліктерді жою жөнінде мықты шаралар қолданды, көркемөнерді саясаттан бөліп алу әрекеттерінің бәрін баптыл айыптады.

«Совет әдебиетінің, дүние жүзіндегі ең озық әдебиеттің күші, — делінген ВКП(б) Орталық Комитетінің қаулысында, — оның халық мүдделерінен, мемлекет мүдделерінен басқа мүдделері жоқ және болмайтын да әдебиет екендігінде. Совет әдебиетінің міндеті — жастарды дұрыс тәрбиелеуде, оның тілектеріне жауап беріп отыруда, жаңа ұрпақты сергек, өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, кедергі атаулының бәрін де жеңе білетін етіп тәрбиелеуде мемлекетке көмектесу». («К П С С ... қ а р а р л а р ы», III бөлім, 533-бет).

Әдебиет пен көркемөнер мәселелері жөніндегі Орталық Комитеттің шешімдерінде совет мәдениетінің негізі болған лениндік принциптер: халық үшін қызмет ету, көркемөнердің биік қоғамдық ролін тану, кәзіргі заманның саяси міндеттерімен, халық өмірімен оның байланысы, көркемөнер реализмі ілгері дамытылды. Партияның Орталық Комитеті көркем творчество үшін партиялылықтың лениндік принципінің маңызын, социалистік болмысты шыншылдықпен көрсетуде маркстік-лениндік дүние танудың ролін мейлінше толық ашып көрсетті. Орталық Комитеттің шешімдерінде жоғары идеялылық пен кәміл көркемдік форманы ұштастыратын шығармалар жасау жолындағы күрестің

программасы белгіленді, формалистік қате тенденциялар терең сынға алынды.

Әдебиет пен көркемөнер жөніндегі Орталық Комитеттің шешімдері барлық творчестволық ұйымдарда талқыланды. Көптеген облыстық комитеттер мен қалалық комитеттер әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерімен бірге арнаулы кеңестер өткізді. Әдебиет пен көркемөнер мәселелерін талқылау ісіне жүздеген мың адам қатысты. Халық ішінде көркемөнер қызметкерлеріне қатаң талап қоятын, идеологиялық ауытқулармен ымыраға келіспейтін жағдай туды.

Мұнымен бірге Орталық Комитеттің кейбір қаулыларында көркемөнердің бірқатар талантты совет қызметкерлерінің творчасына ара тұра әділетсіз, жөнсіз қатаң баға берілді; мұның өзі жеке адамға табынушылық дәуіріне тән теріс белгілердің көрінісі еді. Баспасөзде және творчестволық ұйымдарда партияның осы шешімдерін жүзеге асыру ісінде кейде қателіктер мен бұрмалаушылықтар болып отырды: көркемдік проблемаларды творчестволық жолмен талқылау орнына кейде әкімшілік қолданылды, әдебиет, музыка және кино шығармаларына баға бергенде көбінесе бір шығармалар дәлелсіз сыналып, екінші бір шығармалар орынсыз мақталды.

Идеологиялық майданда шабуылды өрістете отырып, партия ғылымның дамуында да елеулі кемшіліктерді ашты. Көптеген теориялық еңбектер өмірден, коммунизм құрып жатқан миллиондаған адамдардың нақтылы тәжірибесінен алшақ жатты. Мұның өзі догматизм мен жаттампаздыққа қорек болды. Мұнымен бірге объективистік рухта жазылған еңбектер пайда болды; мұның өзі буржуазиялық идеологияға кеншілік жасағандық еді. Марксизмге жат концепциялар жаратылыс тану ғылымдарына да еніп кетті.

Орталық Комитеттің бастауымен философия (1947 жыл), биология (1948 жыл), физиология (1950 жыл), тіл білімі (1950 жыл), саяси экономия (1951 жыл) мәселелері жөнінде дискуссиялар ұйымдастырылды.

Философиялық дискуссияда маркстік-лениндік философияны жасауда партиялық принципін ұмыту, марксизм-ленинизм мен бұған жат философиялық бағыттардың арасындағы қайшылықтарды жұмсарту әрекеттері, кәзіргі заманның айбынды проблемаларынан алыстап кетушілік, схоластика көріністері сияқты кемшіліктер ашылып, сынға алынды. Дискуссия философиялық ғылымның майданын қайта құру жолдарын белгіледі.

Экономикалық дискуссияның үстінде кәзіргі капитализмнің экономикалық дамуының өзгешеліктері, қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың негізгі заңдылықтары, социализмнен коммунизмге біртіндеп өтудің жолдары талқыланды. Түрліше субъективтік-волютаристік көзқарастар айыпталды. Бұларды жақтаушылар экономикалық заңдардың объективтік сипатын теріске шығарды, социализм тұсында экономикалық заңдарды адамдар өз еркімен жасап, өзгертіп немесе жойып отыра алады деп есептеді. Мұндай көзқарас шаруашылыққа басшылық етуде берекетсіздікке, саясатта авантюризмге соқтыратын көзқарас еді. Дискуссия кезінде социалистік қоғам дамуының нақтылы процестерінен экономикалық ғылымның ұзақ уақыт алшақтап қалуынан туған елеулі зардаптары ашылды.

Ғылымның түрлі саласында партия ұйымдастырған дискуссиялар бірқатар идеологиялық бұрмалаушылықтарды жоюға көмектесті, ғылымда партиялық принципін нығайтты, ғылыми зерттеулердің дәрежесін көтеруге көмектесті. Алайда, И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықтың әсерінен бұл дискуссиялардың теріс зардаптары да болды. Жеке жағдайларда пікірлер күресінің шеңбері тарылып, ғылыми күштердің ауыз бірлігі бұзылған реттері де болды. Қоғамдық ғы-

лымдарда догматизм мен жаттампаздық көріністері, теорияның практикадан алшақтап кетуі арылмай қалды.

Жеке адамға табынушылықтан туған кейбір ұнамсыз жағдайларға қарамастан, идеологиялық мәселелер жөнінде партия Орталық Комитетінің шешімдері мен шараларының партия мен халықтың идеялық өмірінде, совет мәдениетінің дамуында үздік маңызы болды. Бұл шешімдер ғылымда теориялық ойдың дамуына мықты тірек болды. Совет әдебиеті мен көркемөнерін дамыту мәселелері жалпы мемлекеттік, жалпы халықтық іс ретінде қаралатын болды. Идеология мәселелерін талқылау үстінде ғылым мен көркемөнер қызметкерлері және еңбекші бұқара арасы бұрынғыдан да жақындай түсті, мәдениет пен ғылым мәселелеріне халықтың ынтасы артты, көркем творчество процесіне халықтың ықпалы күшейді. Идеологиялық шабуылдың барысында идеясыздыққа, объективизмге, космополитизмге және буржуазиялық идеологияның басқа да көріністеріне күйрете соққы берілді. Совет мәдениетінің идеялық дәрежесі едәуір көтерілді, мұның өзі совет халқының саналылығы мен мәдени дәрежесін жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік берді.

1952 жылы октябрьде партияның XIX съезі болды. Бұл съезге партияның 6 013 259 мүшесі мен 868 886 кандидатының өкілдері қатысты. Съезд совет халқының 12 жыл бойындағы күресі мен жеңістерінің қорытындыларын шығарды.

Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңіс, СССР халық шаруашылығын тез қалпына келтіру және оның жоғары қарқындармен ілгері дамуы, совет халқының материалдық тұрмысы мен мәдени дәрежесінің көтерілуі, советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың онан сайын нығаюы, бейбітшілік пен демократия лагеріндегі барлық күштердің Совет Одағы төңірегіне топтасуы — Коммунистік партия саясатының дұрыстығын растаған басты қорытындылар осылар еді. Съезд партия Орталық Комитетінің саяси жолы мен практикалық жұмысын мақұлдады.

XIX съезд шаруашылық пен мәдениет құрылысы саласында партияның жаңа міндеттерін белгіледі. Съезд СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1951 — 1955 жылдарға арналған бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларды бекітті. Жаңа бесжылдық жоспарда ауыр өнеркәсіпті баса өркендету негізінде халық шаруашылығының барлық тарауларын онан әрі өрлету, халықтың материалдық тұрмысы мен мәдени дәрежесін көтеру шаралары белгіленді. Жоспарда халық шаруашылығының барлық салаларында мықты техникалық прогресс жасаудың негізі болған металлургия, көмір, мұнай өнеркәсібін, электрлендіру және машина жасау өнеркәсібін жоғары қарқынмен дамыту көзделді. Бесжылдықтың ішінде өнеркәсіп өндірісін тұтас алғанда 70 процент, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін 80 процент және тұтыну заттары өндірісін 65 процент арттыру белгіленді. Машина жасау және металл өңдеу өнімдерінің өндірісі бесжылдық ішінде екі еседей, электр станцияларының қуаты шамамен алғанда екі есе, ал су электр станцияларының қуаты үш есе көбейтілмек болды.

Ауыл шаруашылығы саласында барлық ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігін көтеру, мал шаруашылығының өнімділігін едәуір арттыра отырып, қоғамдық мал басын көбейту және егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы өнімі мен товарлы өнімін көбейту міндеті алға қойылды. Алайда осы жоспарлы нұсқаулар қажетті экономикалық және ұйымдастыру шараларымен нығайтылмады, сондықтан да ауылшаруашылық өндірісі ұзақ уақыт бір орыннан табылмайды.

Директиваларда өнеркәсіпте еңбек өнімділігін шамамен алғанда 50 процент, құрылыста — 55 процент өсіру міндеті қойылды. Ұлттық табыс 60 процент көбейтілмекші болды. Осының негізінде еңбекшілер-

дің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін мықтап көтеру белгіленді.

XIX съезд партияның атын өзгерту туралы шешім қабылдады. Ол Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы — ВКП (б) — мұнан былай Совет Одағының Коммунистік партиясы — КПСС — болып аталсын деп қаулы етті. Біздің партияның қос аты («коммунистік», «большевиктік») меньшевиктерге қарсы күрестің нәтижесінде тарихи қалыптасқан ат еді және мұның мақсаты меньшевизмнен іргені айыру болатын. Ал СССР-де меньшевиктік партия әлдеқашан жоғалып кеткендіктен, партияны қос атпен атаудың маңнасы жойылды; оның үстіне «коммунистік» деген ұғым партияның негізгі міндетінің — коммунистік қоғам орнату міндетінің — мазмұнын неғұрлым дәл білдіреді.

XIX съезд партия уставына өзгерістер енгізу туралы Н. С. Хрущев жасаған баяндаманы тындап, уставқа өзгерістер енгізді. Жаңа уставта партия құрылысының XVIII съезден бергі жерде жиналған зор тәжірибесі қорытылды. Уставта КПСС жұмысшы табы, еңбекші шаруалар мен еңбекші интеллигенция адамдарынан ұйымдасқан пікірлес коммунистердің ерікті айбынды одағы деп оған қысқаша анықтама берілген.

Уставта Совет Одағы Коммунистік партиясының КПСС XIX съезі алға қойған басты міндеттері жазылған:

«...социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыс орнату рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қимылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру» («К П С С... қ а р л а р ы», III б ө л і м, 629-бет).

Уставта партияның басты міндеттері, коммунистік құрылыстың кәзіргі сатысында партия ұйымдары мен барлық коммунистердің міндеттері неғұрлым толық және нақтылы көрсетілген.

Жаңа жағдайларда коммунистердің совет қоғамындағы жетекшілік ролі туралы мәселе айрықша маңыз алды. Бұл жағы партия шешімдерін орындау жолындағы белсенді жауынгер ретіндегі коммунистің ролі туралы, неғұрлым толық және нақтылы белгіленген партия мүшесінің міндеттері мен праволары туралы устав қағидаларында баяндалған. Уставта коммунистің міндеті «партияның күштілігі мен қуаттылығының басты шарты партияның бірлігін барынша сақтау» деп баса айтылған.

КПСС уставының коммунистерге қойып отырған талаптарының аса зор саяси және тәрбиелік маңызы бар. Бұл талаптар коммунизм ісі жолындағы белсенді, саналы және жанқияр күрескер ретіндегі әрбір партия мүшесінің ролін бұрынғыдан да жоғары көтереді. Бұл талаптар партияның ішкі демократиясын кеңінен дамыту негізінде партия мүшелерінің өсе түскен белсенділігін көрсетеді.

Демократиялық централизм принциптеріне толық сәйкестіре отырып, съезд партияның орталық органдарының құрылымына бірқатар өзгерістер енгізді. Мұнан былай бүкілодақтық партия конференцияларын шақырмаған дұрыс деп танылды, өйткені партия саясаты мен тактикасының негізгі мәселелерін дер кезінде партия съездері қарап шешуге тиіс. Орталық Комитеттің Саяси бюросы Орталық Комитет пленумдары арасында жұмысқа басшылық етіп отыру үшін ұйымдастырылатын Орталық Комитет Президиумы болып қайта құрылды. Мұндай өзгеріс Саяси бюроның іс жүзінде орындап келген қызметіне сәйкес еді. Орталық Комитеттің орындаушылық сипаты бар ұйымдастыру жұмыстарын бір органның — Орталық Комитет Секретариаты-

ның — қолына беру қолайлы екендігін практика көрсетті; осыған байланысты Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы қажет болмай қалды. Коммунистердің партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылығына қарсы күресте партия бақылау органдарының ролін көтеру мақсатымен Партия бақылау комиссиясы КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Партия бақылау комитеті болып қайта ұйымдастырылды.

Съездің қорытынды мәжілісінде И. В. Сталин шығып сөйледі. Ол Совет Одағының Коммунистік партиясы мен дүние жүзіндегі барлық елдердің коммунистік партиялары өздерінің ең жоғарғы мақсатына жету үшін бірін бірі қолдап отыруға тиіс деп баса айтты. И. В. Сталин азаттық қозғалысында демократиялық бостандық пен ұлттық суверенитет үшін күрестің зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Азаттық қозғалысының басты жауы — монополистік буржуазия — бұрынғыдан да бетер реакцияшыл болды. Монополистік буржуазия адамдар мен ұлттардың тең праволылық принципін аяққа басты, ұлттық тәуелсіздік туын, буржуазиялық-демократиялық бостандық туын лақтырып тастады. Коммунистік және демократиялық партиялар, егер олар өз елінің патриоттары болғысы келсе, өз ұлттарының жетекші күші болғысы келсе, бұл туларды көтеріп ілгері апара алады және солай етуге тиіс те.

Съезде туысқан 44 коммунистік және жұмысшы партияларының делегаттары меймандар ретінде қатысып отырды. Бірқатар капиталистік елдердің үкіметтері тарапынан қуғын көрудің салдарынан СССР-ге өкілдері келе алмай қалған коммунистік және жұмысшы партияларынан съездің атына құттықтаулар түсті.

Съездің шешімдерімен рухтанған партия ұйымдары бесжылдық жоспарды орындау жолында, халық шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі дамыту жолында белсенді жұмыс жүргізді.

Съезден кейін көп ұзамай, 1953 жылы 5 мартта, Иосиф Виссарионович Сталин қайтыс болды. Социализм жаулары партия қатарында, оның басшылығында абыржу басталады деп, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде ауытқулар болады деп есеп жасаған еді. Алайда олардың есептері адыра қалды. Коммунистік партия өзінің Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасты, марксизм-ленинизмнің жеңімпаз туын бұрынғыдан да жоғары көтерді. Лениндік Орталық Комитет партияны және бүкіл халықты коммунизм жолымен ілгері қарай жеңіспен бастап әкетті.

#### 4. Социалистік елдердің достық ынтымағын нығайтуда КПСС ролі. Дүниежүзілік социализм системасының құрылуы

Социализмнің бір елдің шеңберінен шығуы Совет Одағы Коммунистік партиясы мен социалистік елдердің коммунистік партияларының алдына жаңа маңызды міндет — жаңа типтегі халықаралық қатынастар орнату, социалистік елдердің достық ынтымағын құру міндетін қойды. Бұл кезге дейін мұндай міндет қойылған емес және тарихта мұны ешкім шешкен де емес. Бұрын СССР-дің тек капиталистік елдермен ғана ісі болатын да, өзінің сыртқы саясатын осыған сәйкес құратын. Ендігі жерде социалистік елдермен де мемлекет аралық қатынастар жасау қажет болды.

Социалистік сыртқы саясаттың жалпы принциптері — елдердің толық тең праволылығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпауы, территория тұтастығын өзара қадірлеу, бейбітшілік ісін қорғау, — капиталистік елдермен екі арадағы қарым-қатынастардың мазмұны болған бұл принциптер Совет Одағының басқа социалистік мемлекеттермен де қарым-қатынасының негізі болды. Бірақ жас халықтық демократия республикалары саяси көмекке, экономикалық жәрдемге, социалистік



құрылыстың тәжірибесін алысуға мұқтаж болып отырғанда, социалистік державалардың арасында тек әлгіндей қарым-қатынаспен қанағаттанып қалуға болмайтын еді.

СССР-дің және Европа мен Азиядағы халықтық демократия елдері арасында жаңа типтегі халықаралық қатынастар қалыптаса бастады. Совет мемлекетінің сыртқы саясат ісінің мазмұны кеңіп байыды. Пролетариат диктатурасының интернационалдық сипатынан социалистік мемлекеттің бұған дейін болып көрмеген, принциптік жаңа функциясы—социализм кұруда басқа елдерге көмектесу функциясы және халықаралық социалистік қатынастарды жолға қою функциясы келіп туды.

Капитализмді құлатқан халықтардың арасында жаңа социалистік қатынастар орнату үшін объективтік экономикалық, саяси және идеологиялық негіздер болды. Барлық социалистік елдерде өкімет халықтың қолында, оған алдыңғы қатардағы бөлегі—коммунистік партия бастаған жұмысшы табы басшылық етеді. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің болуы бұл елдердің экономикалық мүдделерін ортақ мүдделерге айналдырды. Бұл жағдай тұтас социалистік лагерь шаруашылығын және оның жеке мүшелері шаруашылығын өркендетуге әрбір елді мүдделі етеді. Капитализмді құлатқан елдердің бәрінің де социализм мен коммунизмге бет алған әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыты бір, халықтардың революциялық жеңістері мен ұлттық тәуелсіздігін қорғауда бәрінің де мүддесі бір. Бұл елдер бірыңғай идеологияны—марксизм-ленинизмді—басшылық етеді. Капитализм езгісін жойған халықтардың арасында жаңа сапалы, социалистік қатынастар міне осы негізде қалыптасты. Бұл қатынастардың айрықша ерекшеліктері: туысқандық ынтымақ, өзара көмек, пролетарлық интернационализмнің негізінде коммунизм үшін күресте бірін бірі шын ниетпен қолдау.

Социалистік елдердің достық ынтымарын құрып, нығайту ісіне Совет Одағының Коммунистік партиясы белсене қатысты. Социализм орнатқан ең бірінші елдің жетекші күші ретінде, КПСС өзінің жаңа өмір құру жолындағы тәжірибесін туысқан партиялармен тең правосылық негізінде бөлісе пайдаланды, мұнан да былай солай етпек.

Өз елдері үшін социалистік құрылыстың неғұрлым қолайлы формалары мен әдістерін табу үшін, туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары КПСС жинаған социалистік құрылыстың тәжірибесін, КПСС-тің үкімет басына келгеннен кейінгі істерінің барлық жағын әбден шұғыл зерттеуде болды. «Біздің алдағы істеріміз,— деді Мао Цзэ-дун,— қиын іс, және біздің тәжірибеміз де жеткіліксіз. Сондықтан біз Совет Одағының озат тәжірибесінен үйренуге тиістіміз». КПСС-тің XIX съезінде сөйлеген сөзінде К. Готвальд: «...біз сіздерге социализмді қалай орнатуды үйрену үшін келеміз» деген болатын.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары, сондай-ақ мемлекеттік органдары совет тәжірибесін үйрену үшін СССР-ге партия және мемлекет қызметкерлерін, кәсіподақ қайраткерлерін, шаруашылық қызметкерлерін, инженерлер мен техниктерін, ғалымдарын, жұмысшылар мен шаруаларын жіберіп отырды. КПСС Орталық Комитеті, Совет үкіметі, жергілікті партия және совет ұйымдары олардың СССР-де социалистік құрылыстың тәжірибесін үйренуіне барынша көмектесті. Бұлар ол елдердің делегацияларын ықыласпен қарсы алып, оларға есіктерін кеңінен ашты. Дос елдердің жіберген өкілдері қалалар мен селоларды, фабрикалар мен заводтарды, колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды, ғылым орындары мен оқу орындарын, партия органдары мен мемлекеттік мекемелерді аралады. Туысқан партиялар совет тәжірибесін үйрене жүріп, оны өздерінің және басқа социалистік елдердің тәжірибесімен салыстырып отырды, бұл

тәжірибені өздерінде творчестволық жолмен қолданды, социализм құрылысының формалары мен әдістерін өз елінің нақтылы тарихи жағдайына неғұрлым сәйкес таңдап алып отырды.

КПСС пен халықтық демократия елдеріндегі туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары бірлесіп жүргізген теориялық және практикалық зор жұмыстың нәтижесінде қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың жалпы заңдылығын көрсететін СССР-дегі социалистік құрылыс тәжірибесінің маңызы жөнінде бірден-бір дұрыс, ғылыми көзқарас жасалды.

Совет халқы жүріп өткен жол барлық елдердің еңбекшілері үшін социалистік дамудың даңғыл жолы болып табылады. СССР-де социалистік революция мен социализм құрылысының негізгі белгілері мен заңдылықтарының жергілікті емес, ерекше ұлттық емес, халықаралық маңызы бар.

Совет Одағының Коммунистік партиясы СССР мен басқа социалистік елдердің арасында тығыз, шынайы, адал саяси ынтымақ орнатты. Достық және өзара көмек туралы екі жақты договорлар жасалды; мұның өзі халықтық демократия елдерінің ұлттық тәуелсіздігін нығайтты. СССР мен халықтық демократия елдері бейбітшілік жолындағы күресте ынтымақтас болды. Жаңа мемлекеттік аппарат құруда СССР социалистік елдерге достық жәрдем көрсетті. Олардың үкіметтерінің өтініші бойынша СССР ол елдерге түрлі мәселелер жөнінде кеңесшілер жіберді.

КПСС-тің және туысқан коммунистік партиялардың бірлесіп күш жұмсауы арқасында СССР мен халықтық демократия елдерінің арасында толық тең праволылықтың, өзара тиімділіктің және өзара жолдастық көмектің негізінде экономикалық ынтымақтың жаңа типі құрылды, бұл ынтымақтың формалары жасалды. Бұл ретте социалистік елдердің өзара қатынастары осы қатынастардың нығая түсуіне қарай экономикалық және қоғамдық өмірдің бірден-бірге жаңа-жаңа салаларын қамти берді.

Алғашқы кезде экономикалық ынтымақтың негізгі формасы сыртқы сауда болды. Сыртқы сауда, капитализм тұсындағы сияқты бәсеке арқылы және әлсіздерді аяусыз жаныштау негізінде емес, ешқандай құлқындық мақсат көздемейтін толық теңдіктің, екі жаққа бірдей тиімділіктің негізінде жүріп отырды. Товар айналымы жылдан жылға өсе берді. Дүниежүзілік социалистік рынок қалыптаса берді.

Кейін экономикалық ынтымақ неғұрлым көп жақты ынтымаққа айналды. Кредитпен көмектесу үлкен маңыз алды. Соғыстан кейінгі жылдары (1952 жылдың аяғына дейін) СССР халықтық демократия елдеріне жалпы сомасы 15 миллиард сомға жуық ұзақ мерзімді кредиттер берді. Кредит беру шарттары барынша қолайлы болды.

Өндірістік-техникалық өзара көмек жылдан жылға ұлғая түсті. Совет Одағы халықтық демократия елдеріне жаңа өнеркәсіп орындарын жобалауға, оларды салуға, менгеруге көмектесті. Ғылыми-техникалық ынтымақ қалыптаса бастады. СССР социалистік елдерге көптеген кәсіпорын салып беруге көмектесті және оларға өнеркәсіп пен мәдениет объектілері құрылысының көптеген жобаларын, жаңа машиналар мен жабдықтардың жиынтық чертеждерін, технологиялық ыспаттамалары мен есептерін берді. Кадрлар даярлау және техниканы менгеру жөнінде үлкен көмек көрсетілді. Советтік жоғары оқу орындарында халықтық демократия елдерінен мыңдаған мамандар білім алып шықты. Бірқатар туысқан елдерден көптеген жұмысшы ең жаңа техниканы совет заводтарында менгерді. Совет Одағы да халықтық демократия елдерінен өндірістік-техникалық көмек алып отырды.

Экономикалық ынтымақтың дами түсуіне қарай шаруашылық қатынастарды ұштастырып отыратын арнаулы орган құру қажеттігі бірден-бірге күшейе берді. 1949 жылдың басында СССР және европалық халықтық демократия елдері Экономикалық өзара жәрдем советін құрды. Мұның міндеті шаруашылық тәжірибесін алысу ісін ұйымдастыру, шикізат, азық-түлік, машиналар және т. т. жөнінде өзара көмек көрсету болды.

Экономикалық ынтымақ пен өзара көмектің ең жоғарғы формасы шаруашылық жоспарларды байланыстыру болды. Алғашқы жылдары бұл байланыс аракідік болып келіп еді. Бесінші бесжылдықта халықшаруашылық жоспарларын ұштастыру жөнінде алғашқы адымдар жасалды. Социалистік елдердің өндірісін мемлекетаралық мамандандыру және кооперативтендіру жолға қойыла бастады. Осылардың бәрі өндіргіш күштердің дамуына неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауды, өндіріс пен шикізат қорларын неғұрлым жақсы пайдалану мүмкіндігін туғызуды қамтамасыз етті, социалистік құрылыстың қарқындарын жеделдетті және халықтық демократия елдерінің экономикалық дербестігін нығайтты.

Социалистік елдердің өзара қатынастары дамып, халықтық демократия елдерінде социалистік өндіріс әдісі нығая түсумен бірге дүниежүзілік шаруашылықтың социалистік системасы құрыла берді; мұның негізгі бір бөлегі дүниежүзілік социалистік рынок болып табылады. Дүниежүзілік социализм системасы тәуелсіз және суверенді мемлекеттердің ұлттық социалистік шаруашылығының жиынтығы болып табылады, ол социализмге тән экономикалық заңдылықтың негізінде дамиды. Дүниежүзілік социализм системасында біртіндеп социалистік елдердің халықаралық еңбек бөлінісі қалыптасады, бұл система үшін өндірістің мамандануы мен кооперациялануы сипатты нәрсе. Мұның ең маңызды ерекше белгісі жолдастық ынтымақ пен өзара көмек. Осылардың бәрі әрбір елдің және тұтас алғанда социализмнің бүкіл дүниежүзілік шаруашылық системасы экономикасының жоспарлы түрде тез дамуын қамтамасыз етеді.

Социалистік елдердің ынтымағын құру және дамыту процесінде белгілі қиыншылықтар кездесті, жеке кәтелер де болып отырды. Югославия Коммунистік партиясымен қатынас, СССР мен Югославияның мемлекеттік қатынасы Орталық Комитетті қатты ойландырды. КПСС, халықтық демократия елдерінің коммунистік партиялары өзара қарым-қатынастарын марксизм-ленинизм рухында жолға салып отырғанда, Югославия Компартиясының басшылығы бірқатар принциптік мәселелер жөнінде маркстік-лениндік көзқарастарға қайшы келетін позицияны ұстады. Югославия Компартиясының басшылығы пролетарлық интернационализм принциптерінен барған сайын аулақтай берді, ұлтшылдық позицияға ауытқи берді. 1948 жылы коммунистік және жұмысшы партиялардың Информациялық бюросы, — бұған Югославия Компартиясы да мүше болатын, — осы мәселені қарап, «Югославия Коммунистік партиясындағы жағдай туралы» қарар қабылдады. Барлық негізгі қағидалары жағынан бұл қарар дұрыс қарар еді. Мұнда Югославия Коммунистік партиясы басшыларының кәтелері маркстік-лениндік тұрғыдан принциптік сынға алынды. Бұл шешімді барлық маркстік-лениндік партиялар мақұлдады. Югославия Коммунистік партиясының басшылығы Информбюроның жұмысына қатысудан бастартты, барлық сын пікірлерді тіпті қарағысы да келмей, бірден қабылдамай тастады. Алауыздық қатты шиеленісіп кетті.

Осы алауыздықтарды жою жолындағы күрестің үстінде И. В. Сталин елеулі кәте жасады. Югославия Компартиясы басшылығының теріс көзқарастарын және қимыл-әрекеттерін жолдастық принциптік жолмен мықтап сынаудың орнына, бұл көзқарастар мен әрекет-

тердің марксизм-ленинизм негіздеріне жат екендігін көрсетудің орнына, И. В. Сталин СССР мен Югославия арасындағы қалыпты мемлекеттік-дипломатиялық қатынастарды бұзу жолына түсті. Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Югославия Компартиясының арасындағы байланыстардың бәрі үзілді. Берияның және оның қол шоқпарларының қастық әрекеттерінің әсерінен Югославия Компартиясы басшыларына бірсыпыра негізсіз айыптар тағылды. Кейін Совет Одағының Коммунистік партиясы СССР мен Югославия арасындағы дағдылы қатынастарды қалпына келтіру жөнінде өз ынтасымен қадам жасады.

КПСС жүргізген достық және өзара көмек көрсету саясаты толығынан жеңіп шықты. Туысқан елдермен өзара қатынастарымызда болған қателер мардымсыз, кездейсоқ сипатта болды. Бұл өзара қарым-қатынастардың мәні шын социалистік қатынастар, пролетарлық интернационализмнің принциптеріне толығынан сай қатынастар еді. КПСС барлық күшін халықтық Қытаймен, басқа да халықтық демократия елдерімен достығын нығайтуға жұмсады және бұл саясатта толығынан жеңіп шықты. КПСС-тің және үкімет басында тұрған басқа компартиялардың бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде социалистік елдердің туысқандық ынтымағы құрылды және жаулардың ешбір әрекеті туысқан елдердің тілектестігі мен бірлігін шайқалта алмады, шайқалта да алмайды. Социалистік лагерьдің күш қуатының қайнар бұлағы — осы бірлікте.

Жаңа типтегі халықаралық қатынастардың және дүниежүзілік социализм системасының құрылуы халықтардың ұлы тарихи жеңісі болды. Жолдастық ынтымақ болмайынша, өзара көмектесу болмайынша социалистік елдердің экономикалық және мәдени дамуында қолы жетіп отырған ірі-ірі табыстары мүмкін болмас еді.

Социалистік елдердің арасында қалыптасқан достық және өзара көмектесу қатынасы әрбір елдің мүдделерін тұтас социалистік лагерьдің мүдделерімен жақсы ұштастырып отырады. Социалистік елдердің арасындағы қарым-қатынас проблемасы қаншама күрделі, жаңа бола тұрса да әрбір елдің және бүкіл социалистік лагерьдің мүдделеріне сәйкес ойдағыдай шешілді.

### ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Фашистік агрессорларға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы партия мен совет халқының бейбіт еңбекке, берекелі еңбекке, социализм құрылысын аяқтау және біртіндеп коммунизмге өту ісіне қайта кірісуіне мүмкіндік берді.

Соғыс біткеннен кейін партияның және совет халқының аса маңызды міндеті мейлінше аз мерзімнің ішінде халық шаруашылығын қалпына келтіру, оның ілгері қарай үздіксіз дамуын қамтамасыз ету болды. Осы міндетті шешуге партия еліміздің еңбекшілерін аттандырды, республикалар мен облыстардың өзара жәрдемдесуін ұйымдастырды. Партия азат етілген аудандарды қалпына келтіру жұмысының жедел қарқындылығын еліміздің шығысындағы өнеркәсіпті онан әрі дамыта беру ісімен, шаруашылықты техникамен қаруландыру ісімен, заводтар мен фабрикалардың рентабельділігін көтеру ісімен ұштастырып отырды.

Партия соғыстан кейінгі жағдайларда партия басшылығының дәрежесін көтерді, партиялық саяси және идеологиялық жұмысты едәуір жақсартты. Соғыс жағдайларында партияның ішкі демократиясы тежелген болса, енді бұл тежеу, ақырына дейін болмағанымен де, ойдағыдай жойыла бастады, сын және өзара сын белгілі дәрежеде өріс алды. Партиялық-саяси жұмыс пен шаруашылық жұмысты дұрыс ұш-

тастырудың арқасында, саяси басшылар ретіндегі партия ұйымдарының ролі көтерілді. Идеологиялық шабуыл процесінде партия идеясыздыққа, космополитизмге, объективизмге және буржуазиялық идеологияның басқа да көріністеріне күйрете соққы берді.

Фашистік агрессорларды жеңіп шығу нәтижесінде Совет Одағының жағдайы нығайды, оның халықаралық ықпалы мен беделі күшейді. Дүниежүзілік аренада күштердің арасалмағы социализмнің пайдасына, капитализмнің зиянына мықтап өзгерді.

Соғыстан кейін дүниежүзілік аренада болған өзгерістерді партия коммунизм құрылысы үшін қолайлы халықаралық жағдайлар жасау мақсаттарына пайдаланды.

Халықтық демократия елдерінің пайда болуымен бірге социализмнің дамуында жаңа кезең басталды. Социализмнің дүниежүзілік системасы құрылды. Енді СССР капиталистік мемлекеттердің қоршауындағы бірден-бір социалистік ел емес. Ол социалистік дүниеде жетекші ел болып отыр. КПСС-те жұмыстың жаңа саласы пайда болды, ол — социалистік құрылыста халықтық демократия елдеріндегі туысқан партияларға жәрдемдесу, олармен ынтымақты және өзара көмекті нығайту. Бұл өзара көмек Совет Одағына, жеке алғанда әрбір социалистік елге, тұтас социалистік лагерьге тиімді көмек.

Бейбітшілік ісін сақтап, нығайту мақсаты үшін, американо-ағылшын соғыс құмарларына қарсы күрес жүргізу үшін партия Совет Одағының орасан зор беделін пайдаланды. Қоғамдық системалары әртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік саясатты дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, партия СССР мен капиталистік елдердің экономикалық жарысын өрістетті; партия бұл жарыста коммунизм бүкіл дүниежүзілік тарихи шешуші жеңіске жетеді деп көміл сенеді.



# Партия тұрмысы

## Бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары

А. БЕРДАЛИН,

*ККП Оңтүстік Қазақстан обкомының партия органдары бөлімінің меңгерушісі*

КПСС XXI съезінен кейін бастауыш партия ұйымдарының өмірінде зор өзгерістер болды. Коммунистер партияның XXI съезі мен КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының қарарларын жүзеге асыруда үлкен белсенділік көрсетуде.

Бүкіл совет халқы сияқты Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері де жетіжылдық жоспарды өзінің жауынгерлік іс программасы деп білді. Олар жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске қосыла отырып, жоғары міндеттеме қабылдады. Облыс партия ұйымы бұл міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін едәуір жұмыс істеді. Колхоз, совхоз, кәсіпорын коллективтері, сондай-ақ аудандар арасында жетіжылдықтың бірінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістеді. Өнеркәсіп өнімін өндірудің жеті айлық жоспарын артығымен орындауға сеп болды бұл.

Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де жаңа табыстарға ие болды. Олар жеті ай ішінде өткен жылғы осы мерзімдегіден 21 мың тонна ет, 960 тонна сүт, 7831 тонна жүн, 90 мың қаракөл елтірісін, 250 мың жұмыртқа артық берді.

Қой шаруашылығын өркендетуде қол жеткен айтарлықтай табыстары үшін біздің облысымызға Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Бұл облыс малшыларының КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асырудағы алғашқы табыстары.

Биыл алдымызда зор міндеттер тұр. Өнеркәсіп қызметкерлері жылдық жоспарды 20 декабрьге дейін орындап, жоспардан тыс 100 миллион сомның өнімін беруге тиіс. Ал ауыл шаруашылығының еңбеккерлері биыл кем дегенде 200 мың тонна шитті мақта жинап, тапсыруға, мемлекетке 57 мың тонна ет, 40 мың тонна сүт, 8 миллионнан астам жұмыртқа сатуға, әрбір гектар жүгеріден 30 центнерден дән алып, 550 центнерден сүрлем салуға сөз бергенді.

Бұл орасан зор міндеттерді орындауда бастауыш партия ұйымдары көрнекті орын алады. Бастауыш партия ұйымдары кәсіпорындар мен құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың шаруашылық жұмыстарына тікелей араласып, бұқараны коллектив алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыруда ұйытқы болады, еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсарту ісіне қамқорлық жасайды. Ішкі мүмкіндіктер мен қорларды мейлінше толық пайдалану жөнінде де бастауыш партия ұйымдары мұрындық болуы керек. Сондықтан бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары жоғары идеялық дәрежеде ұйымшылдықпен өтіп, коммунистердің творчестволық белсенділігін өрістетуге тиіс.

Есеп беру-сайлау жиналыстарында үстіміздегі жылдың міндеттемелерін абыроймен орындап шығуға коммунистердің назарын аудару керек. Бүгінгі таңдағы ең маңызды міндет — жылдық өндірістік тапсырмаларды ойдағыдай орындап, күзгі ауылшаруашылық жұмыстарын тиянақты жүргізу, ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуды мерзімінен бұрын аяқтау, қысқа жақсы әзірлену.

Өткен жылғы есеп беру-сайлау жиналыстары ұйымшылдықпен, жоғары дәрежеде, коммунистердің зор белсенділігімен өтті. Бастауыш партия ұйымдарының басым көпшілігінде есеп беру-сайлау жиналыстарына коммунистер түгел қатысты, онда коммунистердің 40 — 45 проценті сөйлеп, сын айтты, ұсыныс жасады.

Есеп беру-сайлау жиналыстарында сын мен өзара сын жоғары болды. Коммунистер бұл жиналыстарда өз жұмысын парасаттылықпен сынап, шешілмеген мәселелерге баса назар аударды, қабылданған міндеттемелерді орындаудың жолдарын көрсетті, кемшіліктер мен қателердің бетін ашты, оларды жою шараларын белгіледі.

Барлық бастауыш партия ұйымдарында мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Мысалы, Қаратас ауданының «Күйік» совхозында баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген жолдастар социалистік жарысты ұйымдастыруда, мал шаруашылығында озат тәжірибені таратуда және коммунистерді орналастыруда елеулі кемістіктер бар екенін атап көрсетті. Партия комитеті бұл сын ескертпелерден тиісінше қорытынды шығарды. Қазір мұнда 117 коммунистің сексен жетісі тікелей өндірісте, оның ішінде қырық екісі мал шаруашылығында істейді.

Совхоз партия комитеті социалистік жарысқа жанды басшылық ете білді. Социалистік жарыстың қорытындысы әр он күн сайын бригада жиналыстарында талқыланады. Оған мамандар мен партия комитетінің мүшелері қатысады, озып шыққандарға ауыспалы Қызыл ту немесе жалаушалар тапсырылады. Мұнда ондаған үгітшілер мал шаруашылығының тамаша шеберлері Жолай мен Жұмаш Әбенювтер, Қалшыбеков, Тұрғынбаев сияқты әр жүз саулықтан 131 — 138-ден қозы алған озаттардың тәжірибесін басқа малшылар арасында кеңінен таратып отырады.

Бастауыш партия ұйымдарының іскерлік қабілеті артқаны жөнінде тағы мынадай мысал келтіруге болар еді. Өткен есеп беру-сайлау жиналысында Киров ауданының «Шымқорған» совхозында партия бюросы мал шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын кеміту мәселесімен аз шұғылданады деп атап көрсетілді. Бұл жиналыста сонымен қатар кейбір шопандардың малды қолдан ұрықтандыру әдісін бағаламайтыны айтылды. Бұдан кейін партия ұйымы бұл сын ескертпелердің іске асуына қатаң бақылау жасап, өте дұрыс істеді. Партия ұйымы түсіндіру жұмыстарының түрлі әдістерін орнымен пайдалана білді.

Партия бюросы өнімнің түсер құнын кемітуде де едәуір жұмыс жүргізді. Коммунистердің тікелей араласуымен қой қырку жұмысы толығынан механикаландырылды. Барлық отарлар механикаландырылған суаттармен қамтамасыз етілді, бұл шара 170 адамды басқа жұмыстарға ауыстыруға мүмкіндік берді.

Есеп беру-сайлау жиналыстары Шымкент пресс-автомат зауытының, мақта-мата комбинатының және басқа да бірқатар кәсіпорындар мен құрылыстардың бастауыш партия ұйымдарында жоғары идеялық-саяси дәрежеде өтті. Жарыссөзде сөйлеген коммунистер партия бюросының өндіріске жаңа техника енгізу, станоктарды жаңғырту, кәсіпорындағы жабдықтарды толық пайдалану мәселелерімен қанағаттанғысыз шұғылданып, құрылыс жұмыстарының түсер құнын кеміту және еңбекті жоспарлау мен оны ұйымдастыруды жақсарту үшін нағашар күресетінін сынады. Бұл партия ұйымдары өткен уақыт ішінде

коммунистердің осы сын ескертпелерінен қорытынды шығару бағытында көптеген жұмыс істеді. Кәзір облыстың кәсіпорындары мен құрылыстары өздерінің социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді деп айтуға болады. Ал мақта-мата комбинатының коллективі биыл халық шаруашылығы советі мен облыстық кәсіподақ советінің ауыспалы Қызыл туын екі рет жеңіп алды.

Партия жиналыстары, әсіресе есеп беру-сайлау жиналыстары — партия ұйымдарының өміріндегі ерекше маңызды оқиға. Осы жиналыстарда есеп беріп отырған мерзім ішінде істелген жұмыстар қорытындыланады, тәжірибе жинақталады, алдағы істелетін жұмыстардың жоспары белгіленеді. Бұл үшін есеп беру-сайлау жиналыстарына тиінақты әзірленіп, өткен жылғы кемістіктер мен қателерді жібермеу керек. Көп жағдайда есепті баяндаманы әзірлеуге жүрдім-бардым қарап, оны активтердің қатысынсыз тек секретарьлардың өздері ғана әзірлейді. Мұндай баяндамаларда, әдетте, партия ұйымының жұмысына терең талдау жасалмайды, дәйектілікпен жасалған ұсыныстар кездеспейді, партиялық қатал сын мен өзара сын болмайды. Өткен жылы Сайрам, Түркестан және Арыс аудандарында баяндаманы алдын ала партия бюросының мәжілісінде талқыламау фактілері кездесті, ал талқылағанның өзінде жиналысқа бір-екі күн қалған қысталаң жағдайда талқыланды. Әрине, мұндай талқылау кезінде баяндамаға қосымша іскер ұсыныстар мен елеулі өзгерістер жасау мүмкін емес. Осының салдарынан Арыс ауданының «Октябрь» колхозы, Георгиев ауданының Чапаев атындағы, Ленин атындағы колхоз партия ұйымдары секретарьларының баяндамалары үстірт жасалды. Олардың баяндамаларында социалистік жарыстың, озат тәжірибені насихаттау ісінің қалай ұйымдастырылғаны жөнінде, партия ұйымының ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын кеміту, колхозшыларды социалистік міндеттемені орындау ісіне жұмылдыру жолындағы күресті қалай ұйымдастыратыны жөнінде толық айтылмады.

Биылғы есеп беру-сайлау жиналыстарында мұндай кемшіліктер мен қателерге жол бермеу үшін облысымыздың бастауыш партия ұйымы секретарьлары өздерінің баяндамасында қандай жұмыстар істелгендігіне, шаруашылықты өркендетуге бағытталған социалистік міндеттемені орындау үшін не істеу керек екендігіне баса назар аударады.

Жақында химфарм заводында, Шаян ауданының Жамбыл совхозында бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Химфарм заводы партия ұйымының жиналысында 13 адам сөйлеп, техникалық прогреске көңіл бөлмей отырғаны үшін партия комитетін қатаң сынға алды.

Жамбыл совхозы мал шаруашылығынан да, егіншіліктен де артта қалып келеді. Мұнда төл алу науқаны ұйымшылдықпен өтпеді, мемлекетке ет тапсыру үлкен олқылықта. Егіннің түсімі нашар. Зябь жыртудың қарқыны мүлдем төмен. Партия қатарын өсіру мәселесімен партбюро қанағаттанғысыз шұғылданады. Міне осындай кемшіліктерді таяуда өткізілген есеп беру-сайлау жиналысында коммунистер атап көрсете келіп, партбюроға үлкен мін тақты.

Жиналыстың бүкіл барысына баяндаманың саяси дәрежесінің күшті әсер ететіндігін естен шығармау керек. Сондықтан да есепті баяндаманы әзірлеуге асқан жауапкершілікпен қарап, оны әзірлеуге жұмыстың әртүрлі салаларын жақсы білетін белсенді коммунистерді тартпақпыз. Баяндамада жұмысқа терең талдау жасалып, кемістіктерге дұрыс баға берілмесе және шаруашылыққа басшылықты жақсартудың нақты шаралары айқын белгіленбесе болмайды. Мұнымен қатар баяндамада бүкіл партиялық-ұйымдастыру және үгіт-көпшілік жұмыстарын көтерудің нақты шаралары, сондай-ақ қабылданған со-



циалистік міндеттемелерді орындаудың және асыра орындаудың нақты міндеттері белгіленеді. Егер бастауыш партия ұйымының секретарьлары өздерінің есепті баяндамасында бұрынғы өткен есеп беру-сайлау жиналысының қарары бойынша не істелгенін айтса өте дұрыс болған болар еді. Осыған байланысты қаулы әзірлеуге және оның жобасын жасауға ерекше қамқорлық жасап, өткен жылғы кемшіліктерге жол бермеу қажет болады. Өткен жылы кейбір партия ұйымдарында жалпылама, даурықпалы қарарлар қабылдауға жол берілді. Мысалы, Георгиев ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымы секретарының баяндамасы бойынша төрт пункттен қаулы қабылданды. Онда былай делінген: «Жұмыс қанағаттанғысыз деп табылсын, сын мен өзара сын күшейтілсін, әйелдер арасындағы жұмыс жақсартылсын, социалистік жарыс өрістетілсін».

Біздіңше, жиналыс қарарларында, ең алдымен әрбір нақты ұсыныс бойынша, жиналысқа қатысушылардың ой-пікірін білдіріп, оның орындалу мерзімін және кімге тапсырылғанын көрсету керек. Мұнымен қатар партия ұйымы мүшелерінің назарын шешілмеген мәселелерге аударып, партиялық-ұйымдастыру және үгіт-көпшілік жұмыстарын күшейту жөнінде, партияның ХХІ съезі мен КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындауды қамтамасыз етіп, КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумын лайықты табыстармен қарсы алу жөнінде нақты шаралар белгілеген жөн.

Көзір бастауыш партия ұйымдарының ең маңызды және жауапты міндеті КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумын лайықты табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістету және еңбекшілерді осы мақсатқа жұмылдыру. Алдағы болатын есеп беру-сайлау жиналыстарының қарарларында қабылдаған міндеттемелерді орындау жолындағы күрестің нақты ұсыныстарын белгілеп, ең алдымен барлық істелетін ауыл шаруашылығы жұмыстарының нақты мерзімін көрсету керек.

Қалалық және аудандық партия комитеттері есеп беру-сайлау жиналыстарын әзірлеген кезде тек график жасап, өздерінің өкілін бөліп қана қоймай, сонымен қатар партия ұйымдарының жұмысымен жан-жақты танысып, кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы жұмыстың жайын терең зерттеп, есеп беру-сайлау жиналыстарының жоғары саяси-идеялық дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етеді.

Есеп беру-сайлау жиналыстарында партия органдарын сайлау—ең маңызды және түйінді жұмыс. Өйткені партия ұйымының алдағы жұмысы тікелей партия бюросының немесе партия комитетінің құрамына кімдердің сайланғандығына көп байланысты. Сондықтан партия органдарын сайлау ісін бетімен жіберуге болмайды, ал өткен жылғы сайлау кезінде мұндай фактілердің болғанын атап кету керек. Партия органдарын сайлау сияқты жауапты жұмыстарды бетімен жіберудің ішкі партиялық демократияны большевикше түсінумен ешқандай қатысы жоқ. Әрине, ешкім кандидатурасын тықпалауға, жиналысқа қатысушыларға қысым жасауға, коллективтің пікірін бұрмалауға тиіс емес. Тек осындай жағдайда ғана істі дұрыс шешіп, адамды сыңаржақты бағалаудан аулақ боламыз. Есеп беру-сайлау жиналыстарында партия органының құрамына ұсынылған коммунистердің күнгей және көлеңке жақтарын белсенділікпен талқылап, олардың ең лайықтысын партия басшылығына сайлау—біздің абыройлы борышымыз.

Есеп беру-сайлау жиналыстарын ұйымшылдықпен өткізу партия ұйымдарына КПСС ХХІ съезі белгілеген жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын толық орындауда еңбекшілердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

# Коммунистің жеке ісін қарауда Уставтын талаптары қатан сақталсын

Ж. БАҚАУОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия комиссиясының председатели*

Коммунистік құрылыстың барысында партияның, оның әрбір бастауыш ұйымының ролі арта түседі. Халық бұқарасын ХХІ съезд алға қойған ұлы міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыра отырып, партия өзінің ұйымдастыру және саяси жұмысын жетілдіре түседі; халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарда белгіленген тапсырмаларының орындалуына коммунистердің жауапкершілігін арттыра береді.

Партиямыздың ұлы көсемі және ұйымдастырушысы В. И. Ленин партияның екінші съезінің өзінде-ақ былай деген болатын: «Біздің міндетіміз партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтере беруіміз керек...» (Шығармалар, 6-том, 534-бет).

Ұлы Ленин тәрбиелеп өсірген Совет Одағының Коммунистік партиясы совет қоғамының басшы, бағыттаушы күші. Партияның бүкіл ішкі өмір заңы КПСС Уставы болып саналады. Устав партия мүшелері мен кандидаттарынан жоғары идеялықты, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатан сақтауды, бұқарамен тығыз байланыс жасап отыруды, еңбекте де, жеке тұрмыста да үлгілі тәртіпті болуды талап етеді. Партиялық тәртіп оның басшыларына да, қатардағы мүшелеріне де бірдей міндетті.

Коммунистік партия өз тарихының өн бойында марксизм-ленинизмнің жауларына қарсы үнемі күрес жүргізе отырып, өзінің бірлігін, іскерлік қабілетін шындай түсті, өз қатарын коммунист деген атаққа лайықсыз адамдардан тазартып отырды.

Партия туралы лениндік ілімге сүйене отырып, КПСС ХІХ съезі Н. С. Хрушев жолдастың баяндамасы бойынша партиямыздың Уставына партия мүшесінің, партия ұйымдарының ролін көтере беруге бағытталған бірсыпыра өзгерістер енгізді. Уставта партияның бірлігін сақтау, қорғау коммунистің бірінші дәрежелі міндеті делінген, өйткені мызғымас бірлік партияның күш-қуатының басты шарты.

ХХ съезд партиямыз бен халқымыздың тарихынан ерекше орын алды. Съезд партия өмірінің лениндік нормаларын қалпына келтіру, партиялық ішкі демократияны дамыту, коллективтік басшылықты күшейту, бүкіл ұйымдастыру жұмысын жақсарту шараларын белгілеп берді. ХХ съездің осы тарихи шешімдерін жүзеге асыруға кедергі жасап, партияны лениндік жолдан тайдырғысы келген Маленковтың, Кагановичтың, Молотовтың, Булганиннің және Шелиловтың партияға қарсы тобын партияның Орталық Комитеті талқандады.

Міне осы шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде коммунистердің саяси белсенділігі, ынта-жігері арта түсті, партия ұйымдарының еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысы күшейді, олардың елімізде коммунизм құрудың міндеттерін жүзеге асыруда ролі арта түсті. Осыған орай коммунистерге қойылатын талап та артты.

Партия коммунистерге қатан талаптар қоюмен бірге олардың тағдырына ерекше сергектікпен қарайды, үздіксіз қамқорлық жасап оты-

рады. Устав партия ұйымдары мен партия комитеттерінен коммунистің жеке басына қатысы бар мәселені шешкенде бұған мейлінше сақтықпен, жолдастық қамқорлық көрсетуді талап етеді. Коммунистердің жеке ісін қарау оларды марксизм-ленинизм тұрғысында тәрбиелеуге, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтуға, партияның қатарын коммунист деген атқа лайықсыз адамдардан тазартып отыруға қызмет ететін маңызды шара.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті партияның XX съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, бастауыш партия ұйымдарының, аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттерінің коммунистердің жеке істерін қарау жөніндегі жұмыстарын жақсартуға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде көптеген партия ұйымдары Уставтың талаптарын мүлтіксіз орындап, коммунистердің тағдырына сергектікпен қарайтын, оларға тағылған айыптың дұрыс-терістігін егжей-тегжейлеп тексеріп анықтайтын болды. Оны мына мысал да дәлелдейді: 1956 жылы қалалық және аудандық партия комитеттерінің жеке іс, партия қатарынан шығару туралы шешімдерінің үштен бірін ҚКП облыстық комитеттері бекітпей тастады. Ал 1958 жылы ондай шешімдердің төрттен бірі ғана бекітілмеді.

Мұның өзі бір жағынан соңғы жылдары партия ұйымдары коммунистерге маркстік-лениндік тәрбие беру жұмысын жақсартқанын, осының нәтижесінде олардың саяси саналылығы артып, идеялық жағынан шыныға түскенін, партиялық, мемлекеттік тәртіптің нығая түскенін көрсетеді. Коммунистердің партиялық тәртіпті бұзу фактісі мейлінше азайды. Партиялық тәртіпті бұзғаны үшін талқыға салу, коммунистер тезіне алу, партиядан шығару мейлінше сиреді. Мысалы, өткен жылы Гурьев облысында бір адам, Ақтөбе облысында үш адам партия қатарынан шығарылған.

Бірақ әлі де болса республикамыздың партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Коммунистің жеке ісін қарауда аудандық, қалалық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары Уставтың талаптарын бұзады.

Коммунистердің жеке ісін тиянақты, дұрыс шешу үшін аудандық, қалалық партия комитеттері оны жанжақты әзірлеп, коммунистке тағылған айыптың анық-қанығына жетумен бірге, партия мүшесінің қабілетін, іскерлігін, мінез-құлқын түгел зерттеп білуі керек. Міне сонда ғана коммунистің партиялық ісі туралы дұрыс, негізді шешім қабылдауға болады.

Коммунистердің жеке істерін әзірлеуде партия комитеті аппаратының ролін арттыра берген дұрыс, бірақ кейбір партия комитеттерінің секретарьлары бұл істі өзі бақылауға алмайды, оған өзі тура араласпайды. Бұл дұрыс емес. Партия комитетінің қызметкерлері коммунистің жеке ісін әзірлегеннен кейін ол іс бюро мәжілісінде қаралғанға дейін іспен танысып, коммунистің өзімен әңгімелесіп, тәртіп бұзу қандай жағдайда болғанын анықтау, егер керек болған жағдайда істі қайта тексеру керек. Бұл секретарьдың міндеті. Өйткені коммунистің, адамның тағдырын жеңіл-желпі шеше салуға болмайды.

Коммунистің жеке ісін қарауда Уставтың талаптарын орындамау, оған жеңіл-желпі қарау дұрыс шешім қабылдауға кедергі жасайды. Мысалы, Қостанай аудандық комитеті «Красный партизан» совхозының шопаны Біржанов жолдасты өз міндетіне салақ қарады деп партиядан шығарған. Ал тексере келгенде Біржанов жолдасқа тағылған айып орынсыз болып шықты. Сол сияқты Лебяжі аудандық партия комитеті коммунист Шадихановты шопан болудан бас тартты деп партиядан шығарған. Ал іс жүзінде Шадиханов кемтар кісі еді, оның денсаулығы жоқ-ты. Павлодар облыстық партия комитетінің бюросы аудандық

ұйымның шешімін бұзды. Мұндай фактілер республикамыздың партия ұйымдарында әлі жиі кездеседі.

Уставтағыдай, мәселенің жай-жапсарын ең алдымен бастауыш ұйымда өлшеп-піссе коммунистердің жеке ісін қараудағы мұндай шағалайлықтар болмас еді. Амал не, кейбір партия комитеттері билікті, төрелікті бастауыш партия ұйымдарына бермей, тіпті онда мәселені талқылатпай-ақ тура өздері қарап, қаулы қабылдайды. Мұндай кемшілік әсіресе Оңтүстік Қазақстан облысындағы партия ұйымдарында көп кездеседі. Өткен жылы осы облыстың Қаратас, Сарыағаш аудандық партия комитеттері коммунистердің жеке істерінің көпшілігін бастауыш партия ұйымынан аттап өтіп қараған. Былтыр Келес аудандық партия комитетінің бюросына түскен коммунистің жеке ісінің бірдебірі бастауыш партия ұйымында талқы көрмеген-ді.

Мұндай практикаға жол беруге болмайды. Партияның Уставы бойынша коммунисті партиядан шығару мәселесі сол өзі есепте тұратын бастауыш ұйымның жалпы жиналысында шешілуге тиіс. Бұл шешім аудандық партия комитетінде қаралып, облыстық партия комитеті бекіткеннен кейін ғана күшіне енеді.

Коммунистің тәртібін ең алдымен бастауыш ұйымда қарау бұл мәселені шешуде қате жібермеуге мүмкіндік береді. Өйткені бастауыш партия ұйымы партияның негізі болып табылады, ол коммунистің жан дүниесін жақсы біледі, сондықтан ол коммунистің мінез-құлқына жан-жақты дұрыс баға бере алады.

Екіншіден, коммунистің тәртібін бастауыш ұйымда қараудың басқа коммунистер, әсіресе жас коммунистер үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін күшейтеді, партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайтуға көмектеседі.

Партияның аудандық немесе қалалық комитеттерінің коммунистің жеке ісін керек жағдайда өздері қарап шешуге правосы бар. Бірақ олар өздерінің бұл правосымен ерекше жағдайда ғана пайдаланады. Олар коммунистің жеке ісін тікелей өздері қараған жағдайда өз шешімдерін коммунист есепте тұратын партия ұйымының жиналысында баяндап, түсіндіруге тиіс.

КПСС Уставында Одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық комитеттердің мүшелерін партия қатарынан шығару мәселесі сол комитеттердің пленумдарында шешіледі деп көрсетілген. Бұл басшы партия органдарына сайланған коммунистердің жауапкершілігін арттыра түседі.

Партияның аудандық, қалалық, облыстық комитеттерінің жұмыс практикасында мына сияқты елеулі кемшілік те бар. Кейбір партия комитеттері коммунистердің жеке ісін оның өзін қатынастырмай, сырттан қарайды. Мысалы, өткен жылы Қостанай облысында аудандық партия комитеттері коммунистердің жеке істерінің 41 процентін сырттан қарап шешкен.

Коммунистердің жеке ісін, олардың өздерін қатыстырмай сырттан қарау партия Уставының талаптарына қайшы келетін теріс практика. Партияның әрбір мүшесі мен кандидат өзінің қызметі немесе тәртібі туралы мәселе қаралған кезде өзін міндетті түрде қатынастыруды талап етуге правосы. Мұның өзі біздің партиядағы демократиялық принциптің айқын көрінісі. Ал коммунистің жеке ісін оның өзін қатысуынсыз сырттан қарау партиялық демократияны, партия өмірінің лениндік нормаларын бұзғандық болып табылады. Өзінің кінәсі туралы мәселені қарағанда тікелей қатысып, оған коммунистің өзі түсінік беруі партия комитетінің мүшелеріне ол туралы дұрыс қорытынды шығаруға да көмектеседі.

Партияның Уставында коммунистердің жеке ісін қарап шешудің белгілі мерзімі көрсетілген. Устав бойынша партиядан шығарылған-

дардың шағымы әрі кеткенде жиырма күннен кешіктірмей қаралуға тиіс. Бірақ көптеген партия комитеттері Уставтың бұл талабын орындап отырмайды. Мысалы, Қостанай облысының Қарабалық аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымының Барабанщиковты партиядан шығару туралы шешімін сегіз ай өткен соң барып қараған. Мұндай фактілер көп-ақ.

Кейбір партия ұйымдары өз шешімін жоғары партия органдарына бекітуге тапсырмайды. Өткен жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне С. Шәріповтан шағым түсті. Біз Жамбыл облыстық партия комитетінен Шәріповтың ісін сұратқанымызда Көктерек аудандық партия комитеті оны 1955 жылы апрельде партия қатарынан шығарған, бірақ үш жылдан бері өз шешімін облыстық партия комитетіне бекітуге жібермеген болып шықты. Коммунистердің жеке ісін қарау мерзімі Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола облыстарының партия комитеттерінде де төзгісіз ұзаққа созылады.

Жеке істерді Уставта көрсетілген мерзімде қараудың маңызы зор. Міне сонда ғана ол өзінің тәрбиелік маңызын жоймайды. Сондықтан оны бастауыш партия ұйымында, аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінде партияның Уставында белгіленген мерзімде қаралып шешілуіне ерекше көңіл бөлу керек. Аудандық, қалалық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының секретарларына үнемі көмектесіп, үйретіп отырумен бірге, олардың жұмысын тексеріп, ашылған кемшіліктерді тез түзетіп отыруға тиіс.

Аудандық, қалалық партия комитеттерінің бюро мәжілісінде коммунистің жеке ісі қаралғанда оған бастауыш партия ұйымының секретары да қатынасатыны белгілі. Ол бюро мәжілісіне қатысушыларды партия ұйымының шешімімен таныстырады. Бірақ бұл қалыптасқан тәртіпті кейбір партия комитеттері әр уақытта сақтап отырмайды.

Сол сияқты облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде коммунистің жеке ісі қаралғанда аудандық, қалалық партия комитеттерінің өкілдерінің қатысып отыруы да жақсы нәтиже береді. Мұның пайдалы бір жағы аудандық комитеттің өкілі коммунист туралы алынған шешімді жанжақты дәлелдеп береді. Екіншіден, ол коммунистердің жеке ісін қарау тәжірибесімен танысып, көп нәрсені үйрене алады. Сондықтан партия комитеттері мұндай практиканы кеңінен қолдана беруге тиіс.

Партиялық жұмыстың негізгі әдісі адамды сендіру, тәрбиелеу. Партиямыз коммунистерге саяси тәрбие беру ісінде оған идеялық ықпал жасауды, оның коммунизм ісі үшін, партияның шешімдерін жүзеге асыру үшін саналы күрескер болып қалыптасуына қамқорлық жасауды көздейді. Міне сондықтан да партия мүшесінің мәселесін қарағанда оны ат үсті шешуге, беталды жазалай беруге болмайды. Партияның Уставында ұсақ кінәлар үшін партиялық жазаның ең жоғарғы шарасы — партиядан шығару емес, партиялық тәрбие және ықпал жасау шаралары (бетіне басу, сөгіс жариялау т. т.) қолданылуға тиіс деп жазылған.

Бірақ кейбір партия ұйымдары коммунисті ұсақ-түйек үшін беталды қатаң жазалайды, олар кеңес беру, ескерту, кінәсін бетіне басу сияқты тәрбиелеу шараларының да әсері күшті болатынын ескермейді.

Коммунистің жеке ісін қарағанда оған жанашырлық, қамқорлық көрсету партия мүшесіне қойылатын жоғары талапты босаңсыту, төмендету деген сөз емес. Коммунистің жеке ісін қарағанда іждағатты, байсалды, әділ болу міндет. Мәдениеттілік, әдептілік партия қызметкерінің көркі. Әрине, мұның бәрі партиялық қатаң принципті талаппен тығыз ұштасуы абзал. Өйткені коммунистке жоғары талап қою бүкіл партиямыздың іскерлік қабілетін арттырудың маңызды шарты.

Коммунист партиялық шешімді мақұлдап қана қоймай, оны жүзеге асыратын белсенді күрескер болуға тиіс. Партиямыз кадрларды сөзіне қарап емес ісіне қарап бағалайды. В. И. Ленин былай деп жазған болатын: «Жалған партия мүшелерінің бізге текке де керегі жоқ. Мүшелерінің санын көбейтуге емес, қайта олардың сапасын арттыруға, партияны «көлденеңнен қосылғандардан» тазартуға қам істеп отырған дүние жүзіндегі бірден-бір үкіметтік партия біздің партиямыз — революцияшыл жұмысшылардың партиясы болып табылады» (Шығармалар, 30-том, 48-бет).

Партия мүшесі партияның алдында шыншыл, адал болуға, өзара сынды және төменнен болатын сынды өрістетіп отыруға міндетті. Партия шешімдерін орындауға селқос, формальды қарау партия қатарында болумен сиыспайды. В. И. Ленин партияның әрбір мүшесі партия үшін жауап береді, партия әрбір коммунист үшін жауап береді деп үйреткен болатын. Осы лениндік нұсқау партия өмірінің негізіне алынған.

Бірақ республикамыздың кейбір партия ұйымдары коммунистке қойылатын талапты төмендетеді, оның жағымсыз қылықтары үшін көңіл жықпастық шешім қабылдайды. Мысалы, партия мүшесі Күземханов аудандық тұтынушылар одағының экспедиторы болып жүріп, жалған документ жасау арқылы кооперативтің көп ақшасын жеп қойған. Ал Қоңырат аудандық партия комитеті Күземхановтың тәртібін қарап, оған сөгіс берумен ғана тынған. Қарағанды облыстық партия комитеті бұл шешімді бұзып, жемқор Күземхановты партия қатарынан шығарып, өте дұрыс істеді. Немесе тағы бір мысал келтірейік. Партия мүшесі Капланский Лениногор полиметалл комбинатының тұрғын үй басқармасының бастығы бола жүріп, дәрекілік көрсеткен, сынды тұншықтырған, өзін сынаған, кемшілігін айтқан адамдарды осы бастықсымақ қудалаған. Лениногор қалалық партия комитеті Капланскийге қатаң сөгіс беріп, партия қатарында қалдырды. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті қалалық партия комитетінің бұл шешімін бұзып, Капланскийді партия қатарынан шығарды. Бұл өте орынды. Сынды тұншықтыру, сын үшін қудалау партияның Уставында көрсетілгендей, партия қатарында болумен сиыспайды.

Партиялық шараның қандайынын болса да тәрбиелік маңызы үлкен. Партиялық жаза алған коммунист одан елеулі қортынды шығарады, өзінің қатесін түзетіп, онан кейін партия ұйымынан партиялық жазаны алуын сұрайды. Бірақ кейбір партия ұйымдары партиялық жазаның тәрбиелік мәнін елемейді, коммунистің өз қате-кемшілігін іс үстінде қалай түзетіп жүргенін бақыламайды. Осының салдарынан республикамызда партиялық жаза алғанына ұзақ уақыт болған көптеген коммунистер бар. Мысалы Қостанай қаласының партия ұйымдарында партиялық жаза алғанына жеті жылдан он үш жылға дейін уақыт өткен 381 коммунист бар. Мұндай фактілер басқа партия ұйымдарында да кездеседі.

Партияның Уставында партиялық жазаны алудың мерзімі белгіленбеген. Партиялық жазаны әрбір жеке жағдайда коммунистің қателерін түзетуіне қарай оның арызы бойынша бастауыш партия ұйымы қарап алып тастауға тиіс. Бұл жөнінде еске сала кететін бір жағдай: партиялық жазаны алу туралы мәселені тек коммунистің өтініші бойынша емес, егер партия ұйымы ол коммунист өз қатесін түзетті деп есептесе, партия ұйымының өзі де қарауына болады.

Кейбір партия комитеттері партиядан шығарылған адамды жұмыстан босатуға жол береді. 1938 жылдың өзінде КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы бұл теріс практикаға тиым салып, партиядан шығарылған адамды оны бұл жұмыста қалдыруға болмайтын жағдайда ғана, онда да басқа жұмысқа орналастырғаннан кейін босату ке-

рек деп көрсеткен болатын. Партия Орталық Комитетінің бұл нұсқауын партия органдары қатаң сақтауға міндетті.

Партиямыз коммунистерді халықтың адал қызметшісі, коммунизм ісіне берілген рухта тәрбиелей отырып, ескіліктің қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізеді. Қызмет бабын пайдалану, социалистік меншікті ұрлау, талан-таражға салу, ішкілікке салыну, тұрмыстан азу сияқты ескіліктің қалдықтарынан арыла алмай жүргендерге қарсы партия қатаң шара қолданып отырады. Өткен жылы түрлі себептермен партиядан шығарылғандардың үштен бірінен көпшілігі міне осындай қылықтары үшін шығарылды.

Партиямыз кәзір ескіліктің маскүнемдік сияқты зиянды да апатты қалдығына қарсы күресті күшейту міндетін алға қойып отыр. Бұл жөнінде жақында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы арнаулы Заң қабылдады. Коммунистер ауылда да, қалада да саналы сәнді тұрмыс құруда еңбекшілерге үлгі көрсетуге міндетті. Осылай бола тұрса да ішкілікке салынушылар партия мүшелерінің арасынан да бірен-саран табылады. Партия ұйымдары мен партия комитеттері ондай азғындардан партияның қатарын тазартып отыруға тиіс.

Республика партия ұйымдары мен партия комитеттерінің коммунистердің жеке ісін қарап, шешу жөніндегі жұмысына талдау жасау әлі де болса коммунистік тәрбие жұмысын күшейте беру керек екенін көрсетеді. Коммунистерді еңбекшілер бұқарасының мүддесі үшін адал қызмет ететін, өзіне де, басқаға да жоғары талап қоя білетін, кемшіліктерге төзбейтін, сын мен өзара сынды өрістететін қарапайым, партиялық принципшіл етіп тәрбиелеу керек.

Міне сонда ғана олар елімізде коммунизм құрудың ХХІ съезд белгілеп берген міндеттерін жүзеге асыруға еңбекшілер бұқарасын жұмылдыра алады. Партия комитеттерінің міндеті — коммунистердің жеке істерін қараудағы кемшіліктерді жоя отырып, әрбір коммунистің мінез-құлқындағы жағымсыз қылықтарға қарсы батыл күресе отырып, партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайта беру, партия ұйымдарының жауынгерлік, іскерлік қабілетін арттыра беру.

## Партиялық бақылау дұрыс жүзеге асырылсын

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің республикада да жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес барған сайын кең өрістей түсуде. Бұл күресте республикамыздың еңбекшілері алғашқы табысқа жетті: өнеркәсіп өнімдерін шығарудың жарты жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды, өнеркәсіп өнімдерін шығару өткен жылғыдан 14 процент, ал цемент, темір рудасын шығару 1,8 есе, темірбетон конструкциялары мен темірбетон бұйымдарын шығару 1,5 есе артты. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары мемлекетке ет сатудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, өткен жарты жылғыдан етті екі есе артық өндірді. Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрестің қарлығаштары осындай. Табысты баянды етіп бүкіл шаруашылықтың ілгерілеуін қамтамасыз ету керек. Бұл міндет бұқараның белсенділігін, ой-пікірін, талабын өрбіту, еңбекшілерді, қоғамдық ұйымдарды мемлекетті басқару ісіне кең қатыстыру арқылы сөзсіз орындалады. Бұқарамен берік, терең, жан-жақты байланысы бар партия ұйымы еңбекшілерді шаруашылық және мәдени құрылысты басқаруға кең қатыстыратын ең ебдейлі құралымыз. Партия ұйымдары әрбір кәсіпорында, колхозда, совхозда өндірістік өрлеу туғызуға, өнегелі еңбек дүбірін бастап отыруға, оған мұрындық болуға тиіс. Мұның үшін бастауыш партия ұйымдарының ролін, іскерлік қабілетін арттыра беру талап етіледі.

КПСС Орталық Комитетінің өнеркәсіп, транспорт және құрылыс кәсіпорындарының, сауда ұйымдарының, жобалау ұйымдарының, конструктор бюролары мен ғылыми-зерттеу институттарының бастауыш партия ұйымдарында әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссиялар құру жөнінде қабылдаған шешімі ең алдымен партия ұйымдарының ролін арттыра беру мақсатын көздейді. Партияның директивалары мен шешімдерін жүзеге асыруды қолма-қол ұйымдастыратын, ол шешімдердің орындалуын бақылап отыратын партияның негізгі тірегі бастауыш партия ұйымдары.

Партиямыз әруақытта да партия мен үкіметтің директиваларының орындалуын бақылауды күшейтуге және оны ұйымдастырып отыруға ерекше мән беріп келген болатын. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин елімізде социализм құру күресінің алғашқы кезінің өзінде-ақ бізге керегі — адамдардың іске жарамдылығын тексеру, істің нақтылы орындалуын тексеру. Бізге керегі — ұйымдастыру жұмысын жоғары сатыға көтеру, — бүкіл партиялық жұмыстың тетігі осында деп әлденеше рет ескерткен болатын.

Партия шешімдерінің орындалуын тексеріп отырудың маңызы, әсіресе кәзір, еліміз коммунизм құрылысына жаппай кіріскен кезде бұрынғыдан да арта түсіп отыр. Сондықтан да партия Орталық Комитетінің июнь Пленумы мемлекет, партия, шаруашылық орындардың барлық буындарында да партия шешімдерінің, істің орындалуын тексеруге баса назар аударды. Н. С. Хрушев жолдас бұл пленумда сөйлеген сөзінде кәзіргі ең басты міндет «пәрменді ұйымдастыру жұмысын күшейту, қабылданған шешімнің орындалуын тексеру — жетіжылдық жоспардың орындалу тағдырын міне осы шешеді» деп көрсетті.

Партияның Уставы өнеркәсіп пен сауда орындарындағы бастауыш партия ұйымдарына әкімшіліктің жұмысын бақылау правосын



береді. Бұл право партия ұйымдарына ондағы істің жағдайы үшін зор жауапкершілік жүктейді; кемшіліктерді түзетіп кәсіпорынның, сауда ұйымының жұмысын жақсарту жолындағы күресте партия ұйымының қолына күшті құрал береді. Бірақ партияның Уставында әкімшіліктің жұмысын қалай бақылау керек екені анықталмаған болатын. Сондықтан көптеген партия ұйымдары өздерінің праволарын толық жүзеге асыра алмай келді. Екінші жағынан бақылауды ұйымдастырудың бұрынғы түрлері мен әдістері жаңа жағдайға, жаңа міндеттерге сай келмеді. Көбінесе партиялық бақылау шаруашылық басшыларының есебін тыңдаумен ғана тынып жүрді.

Партия Орталық Комитетінің партиялық бақылау комиссияларын құру жөніндегі шешімі осы кемшіліктерді жоюмен бірге шаруашылыққа басшылық етудің лениндік принциптерін онан әрі дамыта түседі. Партиялық бақылау комиссияларының құрылуы партиялық ішкі демократияны өрістетіп, коммунистердің белсенділігін күшейтеді. Сонымен бірге бұл бұқараның творчестволық бастамасы мен талабын онан әрі дамытып мемлекеттік істерді басқаруға, шаруашылық және мәдени құрылысқа қоғамдық ұйымдарды, барлық еңбекшілерді бұрынғыдан да белсенді қатыстыруға жағдай жасайды.

Қазір коммунистер партия Орталық Комитетінің қаулысын кеңінен талқылап, өз коллективтерінің сипатына сай комиссиялар сайлап жатыр. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде жұмысқа кірісті. Білімді, іскер, беделді, табанды коммунистер осы комиссияларға сайланады. Мысалы, Қарағанды көмір комбинатында Қостенко атындағы шахтаның партия ұйымында шығарылатын көмірдің сапасын арттыру, түсер қунын кеміту және құрылыс жұмыстарының сапасын жақсарту мәселесін бақылайтын комиссияның жетекшісі болып жоспарлаушы-экономист Тоший жолдас, комиссияның мүшелері болып шахтаның озат фрезеровшигі Д. Васильев, техникалық бақылау бөлімінің мастері И. Алексеев жолдастар сайланды.

Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпорындарда 51, транспортта 29, құрылыс ұйымдарында 9, сауда орындарында 29 комиссия құрылып жұмысқа кірісті. Комиссиялар өз жұмысын дұрыс жолға қоя білген жерде олар кәсіпорының, коллективтің өміріне жаңа леп кіргізді, сын мен өзара сынның өрістеуіне, кемшіліктерді тез ашып, түзетуге, жаңа техниканы шебер пайдалануға, өндірістің жаңа резервтерін табуға көмектесіп отыр.

Шымкент цемент заводының партия жиналысында коммунистер заводтың алдына қойылған міндеттерге сай өндірістік жоспардың орындалуы мен шығарылған өнімнің сапасын бақылайтын, жаңа техниканың өндіріске енгізілуін, өндіріс процестерінің автоматтандырылуын бақылайтын, техникалық құралдар мен транспортты тиімді пайдалануды бақылайтын комиссиялар құрған еді. Бұл комиссиялар іске кірісті. Мысалы, Чернов жолдас басқаратын өндірістік жоспардың орындалуын және шығарылған өнімнің сапасын бақылайтын комиссия пеш цехы мен ұсату цехтарында жабдықтар толық қуатымен пайдаланылмайтынын, олардан сапасы төмен өнім шығарылатынын анықтап, бұл кемшіліктерді жедел түзетуге бағытталған нақты ұсыныс енгізді.

Шымкент цемент заводы республикамыздағы ең жас кәсіпорындардың бірі. Ол әлі өз жұмысын дұрыс жолға қойып кете қойған жоқ. Міне осыған қарбалас бақылау комиссиялардың құрылуы бұл жас коллективке өз жұмысын жетіжылдық жоспардың талаптарына сай жолға қоюна зор көмек көрсетеді. Облыстың басқа кәсіпорындары мен сауда ұйымдарында, құрылыстарында партиялық бақылаудың жаңа түрі жүзеге асырыла бастады.

ҚПСС Орталық Комитетінің комиссиялар құру жөніндегі қаулысы мен ол комиссиялардың жұмысы жөніндегі ережеде комиссиялар құ-

рылуға тиісті неғұрлым маңызды жұмыс салаларының аты аталумен бірге, бастауыш партия ұйымдары жергілікті жағдайға, кәсіпорынның, цехтың, ұйымның, институттың алдында тұрған міндетке сай басқа мәселелер бойынша да комиссиялар құра алады деп көрсеткен. Комиссияларды құруда назар аударатын ең басты мәселе — коллективтің алдында тұрған негізгі міндеттерді дұрыс анықтап, партиялық бақылауды сол міндеттердің мерзімінде, сапалы орындалуына бағыттау. Қай істе болса да бір сарындылыққа, көргенінен жазбау сияқты зиянды әдетке жол беруге болмайды. Комиссиялар құру да қанатты ойды, сезімтал жүректі керек ететін творчестволық іс.

Республикамыздың партия ұйымдары Орталық Комитеттің осы нұсқауын мүлтіксіз орындайды. Мысалы, Семейдің ет комбинатында одақтық, республикалық және жергілікті қорларға тиісті өнімдердің дұрыс шығарылып жөнелтілуін бақылайтын; жаңа техниканы енгізу жоспарының орындалуын және өндіріс жұмыстарын механикаландырып, автоматтандырылуын бақылайтын; шығарған өнімнің түсер құнын арзандатуды бақылайтын; өндірістің санитарлық және тазалық жағдайын бақылайтын; өнімдердің сапасын бақылайтын комиссиялар құрылды. Ал, Алматының трикотаж фабрикасының партия ұйымы мұндағы өндірістің жағдайына байланысты шығарылған өнімнің сапасын бақылайтын; жаңа техниканы енгізілуін; мемлекеттік жоспардың орындалуын бақылайтын комиссиялар құрды. Гурьевтің Петровский атындағы машина жасау заводында жоғарыда аталған комиссиялармен бірге өндірістің материалдық-техникалық жағынан дұрыс жабдықталуын бақылайтын комиссия ұйымдастырылды. Бұл мысалдар республикамыздың партия ұйымдары партиялық бақылау жүргізетін комиссияларды өз кәсіпорындарының жағдайы мен міндеттеріне сай құруға күш салып жатқанын көрсетеді.

Кәсіпорында құрылған комиссиялар өздерінің алғашқы қадамынан бастап-ақ жаңа техниканы өндіріске енгізуге, өндіріс процестерін автоматтандыруға, механикаландыруға баса назар аударуда. Өйткені жұмыстың бұл саласы жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың, елімізде өнім молшылығын жасаудың, еңбек өнімділігін арттырудың негізгі кепілі.

Мысалы, Алматы трикотаж фабрикасында жаңа техниканы енгізу, өндіріс жұмыстарын автоматтандыру және механикаландыру ісін бақылайтын комиссияны цех бастығы Артюхин жолдас басқарады. Бұл комиссия өз жұмысын фабрикада жаңа техниканы пайдаланудың жағдайымен тыңғылықты танысудан бастады. Сөйтіп ол өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру ісіндегі бірсыпыра кемшіліктердің бетін ашып, оларды түзету туралы нақты ұсыныс жасады. Завод дирекциясы мен партия ұйымы комиссияның ұсыныстарын бірлесіп талқылай отырып, биыл жыл аяғына дейін істелетін жұмыстың жоспарын белгіледі. Биыл жыл аяғына дейін механикалық цехқа көмір беруді және онан шлак шығаруды механикалық әдіске көшіру, «Интерлок» системалы тұтас трикотаж тоқитын 20 машинаны қатарға қосу, бояу цехына 4 механикалық бояғыш машина орнату, «КМ-16» маркалы жіп бояғыш машинаны пайдалануға беру жобаланды. Бұл шараларды жүзеге асыру фабриканың өндірістік қуатын, өнімнің сапасын арттыра түседі. Міне мұның өзі фабрика коллективінің жетіжылдық жоспарды 1963 жылы орындауына зор көмек болады.

Республикамызда сауда ұйымдарында, сол сияқты машина-жөндеу станцияларында да әкімшіліктің жұмысына партиялық бақылау жүргізетін комиссиялар құрылуда. Сауда ұйымдарында негізінен советтік сауда тәртібінің қатаң сақталуын, дүкенге товарлардың үзіліс-

сіз жеткізіліп тұруын бақылайтын комиссиялар құрылып жатыр. Бұл өте орынды. Жұмыстың бұл екі саласы сауда қызметкерлерінің негізгі міндеті сонымен бірге олардың бұл міндеттерді орындауында еңбекшілер бұқарасының заңды ренішін туғызатын кемшіліктер де көп. Қала мен ауылда советтік сауданың тәртібін бұзу, шалғай мал жайылымдарына, тіпті кейбір елді жерлерге аса қажетті товарларды уақытында жеткізіп тұрмау фактілері жиі кездеседі. Ал сауда ұйымдарында партиялық бақылау жүргізетін комиссиялар келешекте бұл кемшіліктерге жол бермеуге тиісті.

Республикамыздың машина-жөндеу станцияларының партия ұйымдарында ауылшаруашылық техникасының сапалы және мерзімінде жөнделуін бақылайтын комиссиялар құрылуда. Мұндай алғашқы комиссиялардың бірі Ақмола облысының Макин РТС-інде құрылып, жұмысқа кірісті. Бұл комиссия техниканың сапалы, мерзімінде жөнделіп, ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуде колхоздарға елеулі көмек көрсетеді. Әсіресе кәзір мол астық үшін күрестің шешуші күндерінде колхоз механизаторларына техникалық көмекті күшейтуге жағдай жасайды.

Өнеркәсіп, транспорт және сауда кәсіпорындарының партия ұйымдарында құрылған комиссиялардың ең басты міндеттері: өндірістік тапсырмалардың, мемлекеттік заказдардың өнімнің барлық түрлері жөнінен мерзімінде орындалуын, жоғары сапалы өнімдер шығарылуын, барлық қызметкерлердің мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауын, техниканы ілгері дамыту жолында күрес жүргізуін қадағалау, іске ведомстволық тұрғыдан қараушылықтың барлық көріністеріне жол бермеу, өйткені бұл жалпы мемлекеттік мүддеге зиян келтіреді. Айталық бір кәсіпорынның кооперативтендірілген өнім шығару жөніндегі тапсырмасын орындамауы басқа бірсыпыра кәсіпорындардың жұмысын қиындатады, сөйтіп мемлекетке орны толмас зиян келтіреді. Мұндай кемшіліктерге жол бермеу үшін партия ұйымдары партиялық бақылаудың барлық түрлерін дұрыс пайдалануға, комиссиялардың жұмысын үнемі басты міндетке бағыттап, олардың бастамалары мен ұсыныстарын қолдап отыруға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысында бұл комиссияларға мемлекеттік тәртіпті бұзушыларға, тек жергілікті мүддені ғана көздеп жалпы мемлекеттік мүддеге нұқсан келтірушілерге қарсы күресу үшін кең право берілген. Партиялық бақылау комиссиялары әкімшіліктің заңсыз, теріс іс-әрекеттеріне қарсылық көрсетіп, олардың партия мен үкіметтің директиваларына қайшы келетін шешімдері жөнінде партия, совет органдарына хабарлап отырады. Халық шаруашылығы Советтерінің, кәсіпорындардың және басқа да шаруашылық ұйымдарының басшылары партия ұйымдары мен олардың комиссияларының ұсыныстарын жедел қарап, жұмыстағы кемшіліктерді тез жойып отыруға міндетті. Егер шаруашылық басшылары партия ұйымдарының дабылына құлақ аспай, олардың дұрыс ұсыныстарын елегісі келмесе, комиссиялар өздері көрген кемшіліктерді жоғарғы партия, совет органдарына, тіпті КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советіне дейін хабарлауға праволы.

Партия ұйымдары мен партия комитеттері комиссиялардың жұмыс істей бастағанының алғашқы күндерінен-ақ олардың бірде-бір пайдалы ұсынысы аяқсыз қалмауын ескеру керек. Партиялық бақылау комиссиялары мүшелерінің мәселені принципиальді қоюы, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды талап етуі кейбір шаруашылық басшыларына ұнамауы да мүмкін. Мұндай жағдайда партия органдары комиссия мүшелерін барынша қолдап отыруға тиіс. Ашылған кемшіліктерді түзету жөнінде жедел шара қолданылған жағдайда ғана қалың бұқара партиялық бақылаудың өмірлік күшін айқын сезеді.

Партия ұйымдары комиссиялар құрумен бірге қоғамдық бақылаудың сыннан өткен басқа түрлерін де кеңінен пайдалануға тиіс. Шаруашылық басшыларының есебін тыңдау, тұрақты жұмыс істейтін, өндірістік мәжілістер, кәсіподақ комитеттерінің өндірістік комиссиялары, комсомол постылары, қоғамдық бақылаудың басқа да түрлерін тығыз байланыстырып, олардың жұмысын бір ізге салып отыру керек. Міне сонда олардың бәрі шаруашылық басшыларының жұмысына кесір келтірмейді, оларды орынсыз алаң етпейтін, қайта көмектесіп отыратын болады.

Кейбір адамдар партиялық және қоғамдық бақылаудың күшейтілуі шаруашылыққа жеке басшылық принципін бұзбай ма деп ойлауы мүмкін. Бұл дұрыс емес. Қоғамдық бақылау шаруашылық басқару аппаратының өз міндеттерін толық жүзеге асыруына көмектеседі. Шаруашылық қызметкерлері өз жұмысында партия ұйымына, бүкіл жұмысшы коллективіне сүйенетін болуы керек. В. И. Ленин жеке басшылықты төменнен болатын сан алуан бақылаудың түрлерімен міндетті түрде ұштастырып отыру керек деген болатын.

Ал кейбір шаруашылық басшыларына қоғамдық бақылаудың күшеюі ұнай қоймауы да мүмкін, ондайлар бұқараның сынынан қорқады. Партия сынды, әсіресе бұқараның сынын көтере алмайтын, оған қысым жасайтын, сынның бағалы жақтарын сезіп пайдалана білмейтін адамдарды басшы қызметкер болуға, шаруашылықты басқаруға жарамайтын адамдар деп есептейді.

Партия ұйымдарының аса жауапты міндеттерінің бірі комиссиялардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Комиссиялардың жұмысында жауапкершілік, іскерлік, нақтылық басым болуға тиіс. Комиссиялардың мүшелері өз міндеттерін кемшіліктерді тізіп отырушы емес, ол кемшіліктерді түзетуді қолма-қол ұйымдастырушы деп білуге тиіс. Бақылау ісіндегі басты мәселе — партия шешімдерін жүзеге асыру жолында табандылықпен күресу, ол шешімдердің жүзеге асырылуын дереу ұйымдастыру. Сондықтан комиссиялардың жұмысында әртүрлі мәжіліс, қағаз жазу, қаулы алу мейлінше аз болуға тиіс. Рас, комиссия кейде бас қосып, белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысуы, бірлесіп ұсыныс қабылдауы, ол ұсыныс тиісінше қағазға жазылуы да мүмкін. Бірақ комиссиясының басты жұмысы бұл емес, ашылған кемшілікті сол мерзімінде қолма-қол түзету, жоспардың, тапсырманың орындалуын қамтамасыз ету, ұйымдастыру болуға тиіс. Комиссия бұл үшін өз төңірегіне кәсіподақ, комсомол мүшелерінен, озат жұмысшылардан қалың актив топтастыра білуі керек.

Комиссиялардың жұмысын осы талаптарға сай ұйымдастыру үшін жергілікті партия органдары олардың жұмысына дұрыс бағыт сілтеуі, комиссиялардың жұмыс тәжірибесін үнемі қорытып, таратып отыруы, кәсіпорындар, Халық шаруашылығы советтері, тағы басқа шаруашылық және совет ұйымдары басшыларының ашылған кемшіліктерді кешіктірмей түзетуін қадағалап отыруы керек.

Партиялық бақылауды дұрыс жүзеге асыру республика партия ұйымдарында коммунистердің белсенділігін, еңбекшілер көпшілігінің арасындағы авангардтық ролін арттыра, партия ұйымдарының еңбекшілердің қалың тобымен байланысын нығайта береді. Мұның өзі республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетудің жетіжылдық жоспарда көрсетілген тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға жағдай жасайды. Партиялық бақылауды дұрыс жүзеге асыру бүкіл ұйымдастыру жұмысын партияның ХХІ съезі мен КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы қойған міндеттердің дәрежесіне көтереді.

Қ. ӘБІЛДАЕВ

# Қазақстанның қоғамдық ой-пікір тарихынан

## Ш. Уәлихановтың философиялық көзқарасы

О. СЕГІЗБАЕВ,

*философия ғылымының кандидаты.*

Шоқан Уәлиханов қазақтың атақты ғалымы, белгілі саяхатшысы, аса көрнекті ағартушысы, алдыңғы қатарлы қоғам қайраткері болумен бірге өз заманының философиялық теориясына да татымды үлес қосқан тамаша ойшыл адам болды. Шоқанның «Жоңғария очерктері», «Қазақ еліндегі шамандықтың қалдықтары», «Қырдағы мұсылмандық жайында», «Сот жұмысын қайта құру туралы», «Алты шаһардың немесе қытай провинциясы Нан-Лудың (Кіші Бұхардың) шығысындағы алты қаланың жайы туралы» деген, басқа да еңбектерінің ислам дініне қарсы күресте маңызы үлкен болды, материалистік көзқарастың таралуына едәуір әсер етті.

Уәлихановтың саяси және социологиялық ой-пікірі, сол сияқты философиялық көзқарасы Россияның прогрестік ықпалымен Қазақстанда XIX ғасырдың орта шенінде болып өткен терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің айрықша бір идеологиялық көрінісі болды. Ғалым-ағартушының материалистік ұғымы қалыптасуына орыстың революцияшыл демократтарының философиялық ілімі күшті ықпал жасады. Шоқан дарынды демократтардың идеясымен бала жастан-ақ таныс болды, ал өзінің есейген шағында Н. Г. Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген, сол сықылды В. Г. Белинский мен Н. А. Добролюбовтың бірқатар философиялық еңбектерімен таныс болды, оларды жақсы білді.

Орыстың революцияшыл демократтарының терең ғылыми пайымдауы, оралғы болғанның бәрін ысырып тастап отыратын өрен талабы Шоқанды толғантпай қоймады. Белинскийдің, Чернышевский мен Добролюбовтың философиялық шығармаларындағы жалынды, сенімді үміт, қайтпас жігер Уәлихановты да тебірентті. Надандықтың, қараңғылықтың шымылдығын түріп тастап, діни соқыр сенімді ығыстыра салтанат құратын ғылымның, ақыл-ойдың жаршысы болған революцияшыл-демократтардың нақты іс-үлгісі Шоқанға күш-жігер берді.

Бірақ Шоқан Уәлиханов орыстың революцияшыл демократтарының дәрежесіне дейін көтеріле алмады. В. И. Ленин айтқандай, орыс демократтары, ең алдымен Чернышевский Россияда басы байлық құрылыс үстем болғанына қарамастан, неокантшылдық, позитивизм, махизм тағы басқалары сияқты тозығы жеткен идеалистік көзқарастан, адасудан арылып, біртұтас философиялық материализм тұрғысын берік ұстаған болса, олар 40—60-ыншы жылдардағы Россияда диалектикалық материализмге тақап келіп, тарихи материализмге келіп тоқтаған болса, XIX ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанда Шоқан Уәлиханов сынды алғыр ойшылдың өзіне философияда мұндай дәрежеге көтерілуіне әлеуметтік, экономикалық жағдай мүмкіндік бермеді. Қазақ халқы түгел дерлік сауатсыз болған жағдайда, қазақ еліне кертартпа ислам діні екпіндеп ене бастаған жағдайда Уәлихановтың материалистік дүниетану бағытында болуы, материалистік көзқарасты насихаттауы шын ұлы еңбек болды. Бұл арада көбінесе Шоқанның дінге қарсы пікіріне толығырақ тоқталмақпыз. Өйткені дін—идеалистік философияның тұрпайы бір түрі екені мәлім.

Философиялық ой-пікірді дамытуда өзгеше бір философиялық жүйе жасау, жаңа бағыт ұстау мақсатын көздемегенімен, Уәлиханов XIX ғасырдағы орыстың аса көрнекті ойшылдары философиясының өте-өте дінге қарсы бітіспес күрес рухын Қазақстанның нақты тарихи жағдайына творчестволықпен жіті колданды. Дінге қарсы идеялық күрес жүргізген кезде ол өзінің ағартушылық пікірін де негізге алды. Ағарту ісін қоғамдық прогрестің бірден-бір жолы деп ұғынған Шоқан ғылыми білімді таратуға көлденең тұрған нәрсенің бәріне, әсіресе дінге жирене қарады. Мұсылман мешітінің кертартпа көзқарасын оның жек көргені соншалық, «тіпті Қашқарға барғаны туралы өзінің асығыс жазылған очеркінде де, — деп жазады Сібірдің белгілі ғалымы Ядринцев, — ол қыр молдасын түйреп өтпей қалған жоқ» («Сибирский вестник» газеті, 1866 жылғы 18 январь, № 3).

Оның пікірі бойынша халыққа білім беру ісіндегі бірінші әрі басты бөгет — ислам діні. Сондықтан да ол Орта Азия мен Қазақстандағы феодалдық және патриархалды-феодалдық құрылыстың рухани тірегі — ислам дініне қарсы күресу ісін өзінің алдына игі міндет етіп қойды. Осы мақсатпен өз сынының өткір қырын негізінен дін басыларына, олардың кертартпа діни дүние танымына қарсы қойды.

«Алты шаһардың немесе қытай провинциясы Нан-Лудың (Кіші Бұхардың) шығысындағы алты қаланың жайы туралы» деген еңбегінде, «Қазақ еліндегі шамандықтың қалдықтары», «Қырдағы мұсылмандық жайында» деген мақалаларында, «Сот жұмысын қайта құру туралы» тағы басқа еңбектерінде Уәлиханов мешітке, шіркеуге қарсы батыл күресу дәрежесіне дейін көтерілді. Ол Азия елдерінде дін иелерінің үстем болғанын әрдайым атап көрсетті. «Мұсылман шығысында, — деп жазады ғалым, — Мұхамбеттің тұқымы ерекше құрметке бөленген және сейіт, шайхы, қожа, әмір деген атпен рухани дворяндар сияқты үстем тап құрайды» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1958 ж., 518—519-беттер). Ол бұған мейлінше қарсы болды. Өйткені мұсылман дін басылары үстемдік жағдайын пайдаланып, дінді таратуды күшейте түседі. Бүкіл дін атаулы кертартпа болғандықтан оның ықпалының күшеюі халықтың санасын уландырады, сөйтіп тарихи дамудың қарқынын бәсеңдетеді.

Қалайда дін иелерінің халық бұқарасына тигізер зардабын жоюға ұмтылып, оның үстем жағдайда болуына батыл қарсы шыға отырып, Уәлиханов ислам дініне жиренішпен қарап, оның кертартпалық қызметін аяусыз әшкереледі. Өзінің бірқатар еңбектерінде ол Азиядағы клерикалдардың халықтың надандығын пайдаланып, надандықты әдейі қолдап отырғанын, мешітке қарасты жерді пайдаланушыдан алым-салық алып, байып отырғанын көрсетіп берді. «Алты шаһардың... жайы туралы» еңбегінде ол былай деп жазды: «Әулие мазары жанындағы шайхылар мазарға қарасты жерлерден табыс алып тұрады, сондықтан да олар өте байып кеткен» (Бұл да сонда, 497-бет).

Уәлихановтың сөзімен айтсақ, Азиядағы дін иелері мұнымен қанағаттанып қалмайды; олар халықты езіп-жаншушы үстем таптың сойылын соғады, діни надандықты, соқыр сенімді, өресі тар ұлттық томағатұйықтықты уағыздайды, ұлт өшпенділігін, бас араздықты коздырады, әйелдерді қоғамдық өмірден аластап, күн есебінде ұстауды насихаттайды, халықты дарақыландырып, топастандырып жібереді.

Азияны мекендеген дін иелерінің осындай кертартпалығын жете түсінген Уәлиханов «әсіре клерикалды бағыт» «халықтардың әлеуметтік дамуына зиянды әсер етеді» деген дұрыс қорытынды шығарады. Мұсылман дін иелерінің бекіне түсуі, олардың халыққа ықпалының күшеюі қоғамның ілгері басуына тұсау болады, халықтың ұзақ жылдар бойы озық ой, шебер қолмен жасап, жинап-терген мәдени мұрасын қиратуға, бүлдіруге себепкер болады. Дін ұғымына қайшы келген нәрсе-

нің бәрін жек көрген фанатик молдалардың сұрқиялығы салдарынан «Маврель-наһрды (кәзіргі Бұхар, Хиуа, Қоқанд), ерте замандағы (XIV және XV ғасырдағы) Шығыстың ең мәдениетті және ең бай елін,—деп қынжыла жазды Уәлиханов,—кәзір қай жердегіден де күшті надандық пен кедейшілік басып жатыр. Самарқанның, Ташкеннің, Ферғананың (Қоқанд хандығы), Хиуаның, Бұхардың тағы басқаларының кітапханаларын, Самарқанның обсерваториясын татар вандализмімен бұхар инквизициясы рақымсыз талқандап жойды, олар діни уағыздан басқа білімнің бәріне де лағнат айтты» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары, 84-бет).

Шоқан Уәлихановтың мешітке, шіркеуге қарсы батыл күресі сол замандағы қазақ елі үшін ғана емес, бүкіл мұсылман Шығысының барлық елдері үшін үлкен де атаулы оқиға болды. Ол Азиядағы дин иелеріне, діннің зардабына қарсы күресіп қана қойған жоқ, Шоқанның өз сөзімен айтқанда, ислам дінінің «мейлінше надан, тағы уағыздарының» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары, 227-бет) шын мазмұнын өлтіре сынау дәрежесіне дейін көтерілді. Азия елдерінде үстем болып, XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанға тарай бастаған дін көзқарасқа қарсы осындай батыл күрес үстінде Уәлихановтың материалистік көзқарасы қалыптасты. Оның материалистік көзқарасы терең мағналы, соны пікірлі, ғылыми мағлұматы күшті, болжамды болып келеді. Қазақ ғалымы материализмінің ерекшеліктері мен өзіне тән өзгешелігі сол кездегі айрықша жағдайдың, ол құлшына қызмет еткен ортаның жемісі болды.

«Шығыстың діни оқымыстылығын» Уәлиханов тек мұсылман мешіті «әулиелерінің» халықты алдау үшін ойлап тапқан түсініксіз, қисынсыз, дәлелсіз жалған сөздердің жиынтығы деп есептеді. Дін дегеніміз «адам айтқысыз бос қиял, өлі схоластика, шындық ойдан жұрдай» (Бұл да сонда, 232-бет) нәрсе, дейді Шоқан.

Ғалым-ағартушы өзінің еңбектерінде діни ұғымның басынан аяғына дейін қисынсыз екенін дәлелдей келе, діни дүние пайымдау мен дүние туралы ғылыми түсініктің бүтіндей бір-біріне қарама-қарсы екенін дәлелдеді. Бұл қарама-қарсылық, Ш. Уәлиханов дұрыс атап көрсеткендей, мынада: діни ұғым тек ойдан шығарған бос қиялға сүйенеді, сондықтан да ол өзінің қорытындыларын өмір шындығын мұқият зерттеуге негіздейтін ғылымға қас жау. «Профессор Березин өзінің мұсылман діні туралы әйгілі мақаласында,—деп жазады Уәлиханов,—мұсылмандық пен білімділік бірі мен бірі сыйыспайтын, тіпті біріне бірі қас бірін бірі ығыстырып шығаратын ұғым екенін құраннан және дін аңыз кітаптардан алынған текстер негізінде соқырға таяқ ұстатқандай айқын дәлелдеп берді. Мысалы, Мұхамбет көк (яғни планеталық шеңбер) жеті қабат дейді, демек Мұхамбет дініндегі адам-Птоломей заманынан бері ашылған астрономиялық жаңалықтардың бәрін жокқа шығаруға тиіс, әйтпесе ол дінге берік мұсылман болмайды» (Бұл да сонда, 230-бет).

Надандық пен діни нанымның ұйтқысы болған ислам, Уәлиханов айтқандай, қоғам дамуына көмектеспейді, қайта тұсау болады.

«Өзінің түп негізі, — деп жазады ол, — алтыншы ғасырдағы көшпелі арабтардың тағылық надан соқыр сенімі болған және сол замандағы спиритуалистердің, жүһіттердің аңызы мен парсы сыйқыршыларының көз бояу үшін шығарған әртүрлі әмметіне негізделген бұл діннен қандай ізгі жаңалық күтуге болады. Егер түрік пен парсының исламы осындай болса, мұсылман дініндегі пуританизм сияқты татарлар исламы (яғни татар молдалары тарататын—О. С.) қандай болуға тиіс. Татарлар поэзияны, тарихты, математиканы, философияны және жаратылыс тану ғылымын түгел жокқа шығарады, оларды ақылы тайыз адам баласын азғырушы деп есептейді де, бір ғана мұсылман дінінің

өмір шындығына жанаспайтын жалған уағызын дәріптейді» (Бұл да сонда, 230-231-бет).

Объективті нақты тарихи жағдайға байланысты Уәлиханов өзінің өткір сынын ислам дініне қарсы бағыттады. Бірақ ол сонымен бірге дін атаулының бәріне қарсы болды, оның кертартпалық мәнін жақсы түсінді. «Европада да теологиялық рухтың басым болуы халық дамуына үлкен қырсық болып тигені белгілі» (Ш. Уәлиханов. Шығармалары, Орыс географиялық қоғамы этнография бөлімінің жазбалары, 29-том, Санкт-Петербург, 1907 жыл, 196-бет) деп жазды ол.

Діни уағыз яғни бүкіл әлемді, адамды құдай жаратты деу, бәрі де құдайдың құдіретімен болып тұр деу қоғамдық дамуға, адамзаттың ілгері басуына үлкен кедергі болатын болса, онда ілгері басу үшін халықтың санасынан құдай туралы ұғымды, түрлі діни соқыр сенімді аластау керек. Уәлиханов дәл осындай қорытындыға келді. Оның шын атеист болғандығын достарының айтқандарынан да көруге болады «Дін жарына келгенде ол еркін ойшыл болды»—деп жазды, мәселен, орыстың белгілі ғалымы А. Н. Пыпин, Г. Н. Потанин де осындай пікірде болған. Өзінің естеліктерінде ол былай деді: «шындығында діни мәселелерде ол (яғни Уәлиханов—О. С.) рационалист болды».

Ф. М. Достоевскийге жазған хаттарының бірінде Шоқан өзінің атеист екенін атап айтады. Россияда білім алған қазақтардың, оның ішінде өзінің жағдайын сыйпаттай келіп, ол Достоевскийге былай деп жазды: «Жерлестеріміз бізді діннен безген, көпір деп есептейді, неге десең, өзің білесің, нанбай тұрып, бір ғана саясат үшін кез келген жерде күніне бес уақыт намаз оқу қиын екен...» (Таңдамалы шығармалар, 564-бет). Сонымен қатар Атбасар округінің аға сұлтанын сайлау кезінде Шоқанға қарсы қазақтардың жұртты азғыру үшін оның құдайға сенбейтінін де пайдаланғанын хабарлады Достоевскийге «Менің құдайға сенбейтінімді және жеке басым Мұхамбетпен араз екенімді де елге жайыпты» (Бұл да сонда, 563-бет) деп жазды.

Қорыта айтқанда Ш. Уәлиханов құдай бар деген ұғымды жоққа шығарып, молдалар мен поштардың табиғат, адамдардың тұрмыс жайы құдайдың құдіретімен болған нәрсе деген жалған сөзін әшкереледі.

Уәлиханов діннің халыққа тигізер зиянын көрсетіп берумен ғана тынған жоқ. Ол діни ұғымның шығу себебін, жалпы діннің пайда болу себебін түсіндіруге ат салысты. Бұл себептерді ол адам мәңгі өзгермейді деген ұғымнан іздеген жоқ, қайта адамға тәуелсіз объективті дүниеден, сол дүниенің адамға жасайтын ықпалынан іздеді. Бұған, мәселен, Азияның артта қалған көшпелі халықтары арасында шаман ұрымының шығу себептерін түсіндіруі дәлел бола алады. «Шамандық дегеніміз,—деп жазады ол,—бір жағынан, жалпы және жеке алғанда табиғатқа табыну: адам үнемі табиғаттың ықпал етуі жағдайында қызмет етеді және өмір сүреді. Бұл мағынада шамандық — әсіре материализм болып табылады. Екінші жағынан, өлгеннен кейін адамның өзі аруақ болып кетеді—бұл барып тұрған спиритуализм» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары, 146-бет). Сонымен шамандықтың ерекшеліктерін сыйпаттай келіп, Уәлиханов бұл діннің «балалық дәуірдегі» адамды таңқалдырған табиғаттың сыртқы құбылысының ықпалымен пайда болғанын дәлелдеп берді. «Табиғат пен адам, өмір мен өлім адамды таңқалдырған керемет, зерттеуге болмайтын құпия сыр болып көрінді. Табиғат пен адам! Айтыңызшы, табиғат пен адамнан тамаша және жұмбақ сыр бар ма? Кереметі көп әлемді тани білу, өмір мен өлім және адамның табиғатқа қатынасы туралы мәселелер шамандықты—әлемді немесе табиғат пен өлген адамдардың аруағын құрметтеуді тудыды. Сөйтіп балалық дәуірдегі адам күнге, айға, жұлдыздарға және біз табиғат немесе әлем деп атайтын шексіз, мәңгі және алуан түрлі құбылыстарға бас иетін болды» (Сонда, 146—147-беттер).



Табиғаттың дүлей құбылыстарын түсінбеген, бүтіндей соның ықпалында кеткен «балалық дәуірдегі адам» табиғат құбылыстарын жаратылыстан тыс, ғажайып күш деп түсініп, оларға табынды. Күнге де, айға да, көк тәңірі деп аспанға да, табиғаттың ғажайып құбылыстарының бәріне табына берді. Осыдан барып шамандық пайда болды, ол дін болып қалыптасты.

«Балалық дәуірдегі адам» үшін табиғаттың құбылыстары ғана емес, адамның өзі де жұмбақ сыр болды. «Тағы бір керемет—адам. Осы жан, адамның қабілеті, әр нәрсені білуге құмар ойшыл рух күдіреттің, зерттеуге болмайтын сол мәңгі күштің өзі емес пе екен?—деп ол тірі әулиеге (шаман рухына) және өлген кісінің аруағына сиынатын болды» (Бұл да сонда, 147-бет).

Алғашқы дәуірдегі адамға сыртқы табиғаттың ықпал жасауы, ғалым ағартушы айтқандай, шамандықты тудырумен бірге, шамандық діни ырым-жора мен соқыр сенімнің пайда болуына себепші болды. «Бірақ өмірде табиғаттың адамға әсіресе балалық дәуірдегі адамға ықпалы,—деп жазды ол,—өте күшті, өте пәрменді болды, сондықтан ол сырлы табиғатқа қатынасында басшылыққа алатын ереже жасауға, нені істеуі керек, нені істемеуі керек екенін белгілеуге тиіс болды. Қазір біз шамандық соқыр сенім деп атайтын әдет-ғұрып пен ырым-жора осылай пайда болған...» (Бұл да сонда, 147-бет).

Уәлихановтың діннің, ең алдымен шаман дінінің пайда болу себептеріне ғылыми түсінік беруге ұмтылуы оның аса көрнекті еңбегі, өз заманындағы озат философиялық ой-пікірге қосқан құнды үлесі болып табылады. Дегенмен Шоқанның шаман дінінің шығу жолын толық ашып бере алмағанын атап көрсетпеске болмайды. Мұны мынадан көруге болады: Уәлиханов діннің түпкі тамыр-тегін ашуға белгілі дәрежеде жақындап келгенімен, оны алғашқы дәуірдегі адамның сыртқы дүние құбылыстарының шын себептерін білмеуінен деп қарағанымен, оның шын әлеуметтік тегін мүлде көрмеді. Ол шынында діннің шығу жолын рационалистік тұрғыдан ғана түсінді. «Балалық дәуірдегі адамның» надандығы салдарынан туған табиғат туралы теріс, жалған түсінік, қазақтың ғалым-ағартушысының пікірі бойынша, адамдардың діни түсінігінің басты негізі болып табылады. Сонымен Уәлиханов жалған діни көзқарастан арылу үшін адамдарды нағыз ғылыми біліммен қаруландыру, оларды оқыту керек деген қорытынды шығарды. Әрине, бір ғана бұл шара жеткіліксіз болды. Діннің әлеуметтік тегін түсінбегендіктен, Уәлиханов діни нанымнан арылу жолындағы күрестің басқа, неғұрлым дұрыс жолын белгілей алмады. Артта қалған қоғамда өмір сүрген ол, В. И. Ленин айтқандай «ағартуды көксеген бір ғана кітапшамен» дінді жою алмайтынын түсінген жоқ және дінге қарсы күресті шын мәніндегі тап күресімен ұштастыра білмеді. Ол діни соқыр сенімді жою үшін бір-біріне карама-қарсы бітіспес таптардың қоғамдық құрылысын революциялық жолмен мүлде қайта құру керек екенін, тек пролетарлық социалистік революция ғана дүниені, әлемді, адамды күдірет жаратты және бәрі де соның күдіретімен болып тұр деген теріс діни ұғым тудыратын жағдайды мүлде өзгерте алатынын түсінбеді.

Уәлихановтың атеизмі өресі тар ағартушылық атеизмнен асып кете алмады, діннің материалдық негізін ашып, материалистік тұрғыдан түсіндіре алмады. Рас, Шоқанның дінді бекерге шығаруы, табиғаттан тыс ешқандай күдіретті күш жоқ, табиғат тәуелсіз объективті болмыс деп қарауы сөзсіз материалистік көзқарас еді. Бірақ ол дінді тудырған себептерді түсіндіруде тар шеңберлі көзқараста қалды.

Адамдардың діни ұғымын қатты сынау, олардың жаратылыстан тыс «күдіретті күшке» сенуінің дәйексіз, негізсіз екенін батыл әшкерелеу арқылы Уәлиханов материалистік дәрежеге дейін көтерілді.

Табиғат яки күллі әлем, оның түсінігі бойынша, сыртқы дүние болып табылады, ол құдайдан, адамның санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүреді. Табиғат немесе әлем — шексіз, шетсіз, мәңгілік және алуан түрлі деген ұғымды Уәлиханов ерекше дәлелдеуді керек етпейтін, өзінен өзі белгілі ақиқат ретінде қабылдады. Шексіз, мәңгілік, алуан түрлі табиғат яки күллі әлем алғашқы болып табылады. Ал адамның санасы—осы сыртқы дүниенің жай ғана сәулесі. Сондықтан да шамандардың діни түсінігі балалық дәуірдегі адамның надандығы салдарынан туған сыртқы дүниенің теріс, қиялдан шығарған бейнесі болды. Адамзат санасы дамудың белгілі бір сатысында сыртқы дүниенің дұрыс сәулесін, бейнесін бере алады. Демек, сана соңғы, өзінің алғашқы негізінің туындысы болып табылады. Сондықтан оны өз алдына жеке дербес нәрсе деп қарауға болмайды. Адамның санасы оның тәнімен тығыз байланысты. Сананы денеден бөліп алу діни түсінікке әкеп соқтырады. Бұдан Уәлихановтың шаман діни өкілдерінің өлген адамның рухын құдірет, аруақ деп тануын «барып тұрған спиритуализм» деп есептеуі әбден дұрыс екенін көреміз.

Адамзат санасынан тәуелсіз, ешқандай құдіретті күш жасамаған сыртқы материалдық дүние өзінің даму заңына бағынады. Діннің табиғат құдайдың әмірінде болады деген пікірі дәйексіз. Бұған қарама-қарсы, Уәлиханов айтқандай, дүниенің құбылыстары арасында себепті байланыс бар; табиғаттың заңдылығы міне осыдан айқын көрінеді. Адамға құбылыстың өзі ғана емес, сонымен бірге оның себептері де айқын болған кезде,—міне сонда ғана ол ұтымды әрекет ете алады. Мәселен, өзінің «Сот жұмысын қайта құру туралы» деген еңбегінде ғалым-ағартушы: «Аурудың белгілері ғана емес, сонымен қатар негізгі себептері де айқын болған кезде ғана дәрігер ауру адамды жазамын деген сеніммен емдей алады...» (Ш. Уәлиханов, Мақалалары мен хаттары, Алматы, 1947 ж., 42-бет) деген тұжырымға келді.

Алайда құбылыстардың жасырын себептерін білу оңай емес; ол адамзат санасының жоғары дәрежеде дамуын талап ететін өте күрделі іс. Қандай да болмасын танымның негізі — дүние құбылысын жігі аңғару, адамзат түйсігі. Бірақ түйсіктің деректерін дамудың әртүрлі сатысында тұрған адамдар түрліше қолданады және ол әртүрлі нәтижеге әкеп соқтырады. Мәселен, «тағы әрі жетілмеген адам,—деп жазады Уәлиханов—өзінің сыртқы сезімін түгел билей алмайтын бала сияқты болады. Бала сықылды оған өзінің түйсігін іспен ұштастыру қиынға түседі» (Бұл да сонда, 41-бет). Сондықтан анайы, тағы адам түйсіктен шын білімге көше алмайды да, мақсатқа жету сапарында өтірікті шындық деп, зиянды пайда деп түсініп, қате жібереді. Ш. Уәлиханов қандай да болмасын діни нанымнан арылған, өзінің ісін діни нанымға негіздемей, шындық өмірді құмарта жіті зерттеуге негіздеген зерек, оқыған, саналы адамның табиғат пен қоғамның даму заңдарын біле алатынына қатты сенді. Қазақтың атақты ғалымы, ағартушысы Уәлиханов философиясының халықты тезірек оқытып, ағартуға түгел бағышталған себебі де осы.

# Хат және корреспонденция

## Астық үшін аттаныс

Биыл Қостанай даласында егін аққұла бітік. Қайда барсаң да жайқалған егін. Қостанай түбіндегі «Көкұйықтан» әрі асқасын-ақ телегей-теңіз егіннен көз сүрінеді. Қостанайлықтар ерекше қуанышты. Облыстың басшыларынан бастап қарапайым колхозшыға дейін белді бекем буып, жігерлене түскен. Бәрінің ойындағысы бір-ақ түйін: бітік егінді дер кезінде шашпай-төкпей жинап аламыз!

Астықты аудандардың бірі—Семиозер ауданы. Бұл өзі көптен егіншілікпен айналысып келе жатқан, мал десе малы, өндіріс десе өндірісі бар іргелі аудан. Сұлукөл, Диев, Москалев сияқты совхоздары қоныс тепкелі 30—32 жыл боп қалды.

Соңғы бес-алты жыл ішінде мұнда әлденеше мың гектар тың игерілді. Биыл аудан дәнді дақылдардың өзінен ғана 307 мың гектар жердің егінін жинайды. Егіннің түсімі тәуір. Көп жерлерде гектарына 14—15 центнерден айналады.

Семиозерлықтар көршілес Октябрь ауданы еңбеккерлерінің Н. С. Хрущев жолдасқа жазған хатынан кейін мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін қайта қарап, бұрынғысының үстіне тағы да қосты. Отан қоймасына 12 миллион 567 мың пұт астық өткізу—міне байлам осы. Міндет ауыр, жауапкершілік зор.

Аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқару комитеті барлық күш-мүмкіншілікті егін орағын ұйымшылдықпен өткізуге жұмылдыруда. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілістерінде егін жинау мен астық тапсырудың жайы, орын тепкен кемістік-кемшіліктер, қайтсе міндеттемені сөзсіз орындап шығу мәселесі қаралып отырады. Мысалға егін орағы енді қыза бастаған кезде өткізілген бір бюро мәжілісін алайық. Бюро мәжілісі Сталин атындағы колхозда, Чернышевский, Ново-Нежин совхоздарында егін жинаудың қалай өтіп жатқанын талқылады. Аталған шаруашылықтарда көптеген комбайндар мен лафетті жатқалар іске қосылмаған. Әсіресе Чернышевский совхозында егін жинаудың қарқыны баяу болды. Совхозда техника жеткілікті, бірақ комбайндар мен жатқалардың көбісінде ақау бар. Сонымен бірге жұмыс істеп жүрген комбайндардың өнімділігі төмен. Совхоз басшылары (директоры Кривошеев, партия ұйымының секретары Лысакова жолдастар) аса жауапты науқанға әзірлік ісін бетімен жіберген. Совхоздың бірсыпыра бөлімшелерінде еңбек тәртібі нашар. Егіс қосы басында үгіт-бұқаралық жұмыс жолға қойылмаған. Аудандық партия комитеті осындай елеулі кемшіліктерді атап көрсете келіп, егін жинаудың бескүндік тапсырмаларын бұлжытпай орындап отыруды барлық колхоз, совхоз басшыларынан талап етті. Бұдан кейінгі болған бюро мәжілісінде аудандық комитет Чернышевский совхозына қайта оралып, мұнда келесі бескүндік графигтің орындалуын тағы сөз қылды.

ҚКП аудандық комитетінің бюро мүшелері жеке колхоздар мен совхоздарға бекітілген. Мұнымен қоса ірі совхоздарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты өкілдері бар. Олар іс үстінде кездескен кемшіліктерді түзетуге қолма-қол көмектеседі. Ұзақ уақыт бойы Құймақкөл астық совхозында аудандық партия комитетінің секретары К. Қожакелдин жолдас болып, совхоздың егін жинауда артта қалушылығын жоюға едәуір күш салды. Аудандық партия комитетінің

бірінші секретары В. А. Бусаров жолдас пен аудандық совет атқару комитетінің председателі Ф. Жақсылықов жолдас ауданның колхоз, совхоздарын жиі аралайды.

Бүгін де бюро мүшелері бас қосты. Олар аудан бойынша мемлекетке астық тапсырудың барысына талдау жасады. Аудандық комитет республикамыздағы ең ірі астық қоймаларының бірі Аманқарағай элеваторының коллективіне келелі міндеттер жүктеді. Сол сияқты Семиозердің № 1, № 2 автобазаларының астық тасуды ұйымдастырудағы шалағайлығын бетке басты. Аудандық комитет комбайннан тура элеваторға астық жөнелту жөніндегі облыста дереу қолдау тапқан игі бастаманы қызу мақұлдады.

Өткен жылдардағы тәжірибе, өмірдің өзі егінді дестелеп жинаудың әрі тиімді, әрі қолайлы екенін көрсетті. Мол астыққа деген аттаныста егінді дестелеп жинамайынша күрделі табысқа жету мүмкін емес. Семиозер ауданының егіншілері, механизаторлары бұл әдістің пайдасын өткен жылы өз көзімен көрді. Егін орағының мерзімін қысқартамын, астық ысырабына жол бермеймін десең егінді дестелеп жинау әдісін барлық жерде кең қолдан! Міне мұны семиозерлықтар жақсы түсінеді. Ауданда егін жинауға 1 200 комбайн, 400 лафетті жатқа шығарылды. Мұның өзі егінді мезгілімен жинап алуда үлкен күш. Аудан партия ұйымы егінді дестелеп жинаудың маңызын механизаторлардың құлағына құйып, осы жолда қажырлы күрес жүргізіп келеді. Кейбір колхоздар мен совхоздарда бұл озық әдістен үркіп, «кежегесі кейін тартқан», механизаторлар да, басшылар да табылды. Ново-Нежин совхозының бірінші фермасында осындай жағдай болды. Совхоз директоры Гнилицкий мен партбюро секретары Кокорин жолдастар дестелеп жинауға келетін алқаптарды тура комбайнмен шабамыз деп арқаны кенге салған. Аудандық комитет мұндай теріс пиғылдарға кезінде тойтарыс берді.

Семиозер даласында егінді дестелеп жинаудың тамаша үлгісін көрсетіп жүрген комбайншылар мен лафетті жатқа машинистері аз емес. Солардың бірі Сұлукөл совхозының комбайншысы Владимир Гаар. Оның есімін кәзір бүкіл аудан біледі. Владимир Гаар КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумы құрметіндегі социалистік жарысқа қосылып, 500 гектар жердің егінін дестеге салуға, 600 гектар жердің егінін жинауға міндеттенген еді. Атақты комбайншы сөзінде тұрды. Оның агрегаты тоғыз жұмыс күні ішінде 500 гектар жердің егінін дестеге салды. Владимир Гаар мен тракторшы Роберт Шнебельге әрбір минут қымбат. Бұл екеуі бозала таңнан тұрады да, ымырт жабылып, қас қарайғанша жұмыс істейді. Агрегаттың еңбек өнімділігі кей күндері 60—62 гектарға дейін барды.

Диев совхозында арайынды Иосиф пен Иван Безер жолдастардың қайта жабдықталған комбайны да күндік тапсырмаларын асыра орындайды. Олар күніне 40—50 гектар жердің дестесін жинайды.

Сұлтан Баймағамбетов атындағы колхоздың Майкөл учаскесінде Василий Показей жұмыс істейді. Ол ертеректе комбайншы болып еді, соңғы кезде Семиозер РТС-інің гараж меңгерушісі қызметін атқарды. Отанымызға Қазақстан астығын көп беру жорығынан Василий Показей де шет қалған жоқ. Ол комбайн штурвалына қайта отырды. Дала кемесінің бір кездегі тәжірибелі капитаны тағы да алдына жан салмады. Алғашқы үш күнде ол жинағышы бар комбайнмен 90 гектар десте жинап, 1 100 центнер тың астығын бастырды.

Міне мұндай озат механизаторлар ауа райының қолайсыз болуынан туған қиыншылықтарға, кедергі-кеселдерге қарамастан, жанқиярлықпен еңбек етеді.

Семиозер аудандық «Коммунизм жолы» газеті, колхоз, совхоздардың қабырға газеттері, жүздеген үгітшілер озат механизаторлардың

тамаша өнегесін қалың көпшілікке таратып отыр. Мысалы, Сұлтан Баймағамбетов атындағы колхозда Василий Показейге арналып қабырға газетінің кезекті номері шықты, колхоз үгітшілері егіс қосы басында бірнеше рет әңгіме өткізді.

Семиозер ауданында егін жинау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарымен күнделікті шұғылданып, ауыл-село коммунистерінің ұйытқысы, ұйымдастырушысы болып отырған жеке бастауыш партия ұйымдары бар.

Диев совхозының партия ұйымы (партбюро секретары М. Жүнісбеков жолдас) егін жинау науқаны басталғаннан бері коммунистер мен партияда жоқтарды астық майданына бастап келеді. Партия ұйымындағы 42 коммунистің отыз екісі тікелей өндірісте істейді. КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерімен қаруланған совхоз коллективі КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумын лайықты табыстармен қарсы алмақшы. Бастауыш партия ұйымы егін орағына байланысты мәселелерді күн тәртібінен түсірмейді. Август айының өзінде екі рет ашық партия жиналысы өткізіліп, қайтсе бітік егінді уақтылы жинап алу мәселесі үлкен сөз болды. Коммунистер мен партияда жоқтар жұмыстары кемшіліктерді ашып, құнды-құнды ұсыныстар айтты. Совхоз партия ұйымының үгіт коллективінде 45 адам бар. Үгітшілер механизаторларға барып әңгіме өткізеді, дауыстап газет оқиды. Дала бригадаларының кітапханалары бес күн сайын жаңа кітаптармен толықтырылады. Бастауыш партия ұйымы жұмысшы комитетімен бірлесіп отырып, алынған міндеттемелердің орындалуын әрбір он күн сайын тексереді. Диев совхозы егін жинаудан аудан бойынша алда.

Бүгінгі таңда Москалев совхозы партия ұйымының (партбюро секретары Қ. Есімтаев жолдас) жұмысы да егін жинау науқанына бағындырылған. Совхоз партия ұйымында 54 коммунист бар. Олардың 44-і не мал фермаларында, не егін шаруашылығында істейді. Коммунист Есеев Әли «СК-3» комбайнын жүргізеді. Ол күніне 20 гектар жердің егінін шауып, сменалық нормасын үнемі асыра орындайды. Коммунист Тезин Александр «РСМ-8» комбайнында жұмыс істеп, басқаларға үлгі көрсетуде.

Бастауыш партия ұйымы қырман менгерушілерін іріктеп алуға айрықша көңіл бөлді. № 4, № 5 механикаланған қырманда менгеруші болып коммунистер Қадырбаев Қәрім мен Качко Евдокия істеп жүр. Жасыратыны жоқ, совхозда комбайншылар жетіспейтін. Егін орағы басталардан көп бұрын партбюро бұрын комбайншы болған, кейін басқа салада қызметте жүрген бір топ механизатормен әңгімелесіп, олардың қайтадан комбайншы болуына ақыл берді. Көп ұзамай мастерской жұмысшысы А. Астафьев, койма менгерушісі И. Никифоров тағы басқалары комбайн штурвалына отырды.

Партбюро секретары Есімтаев Қайырбек, совхоз директоры Наметов Жүсіп жас десең жас, жігерлі, сергек басшылар. Партбюро мәжілісінде, фермалардағы партия топтарының жиналыстарында егін жинау мәселелері жиі-жиі талқыланып отырады. Жақында өткен совхоз партия ұйымының жиналысы механизаторлар арасында саяси тәрбие жұмысы туралы мәселе қарады. Мұның себебі де бар еді. Екінші фермада моторист Дядуро Иван жұмыс уақытында ішкілікке салынып, төбелес шығарған. Мұндай оқиға оның басында бір емес, бірнеше рет болған. Механизаторлардың жалпы жиналысы Дядуроны қызметтен шығаруды совхоз дирекциясынан сұраған. Нормасын орындамау, техникаға жаны ашымау, жұмысқа кеш шығу, ерте қайту сияқты ұнамсыз фактілер де кездесті механизаторлар арасынан. Саяси тәрбие жұмысының төңірегінде коммунистер мен партияда жоқтар түйінді сөз қозғады.

...Қ. Есімтаев жолдаспен бірге № 5 ферманың егін алқабын аралап жүрміз. — Бұл ферма егін орағында алда келеді, — дейді партия ұйымының секретары. — Егінді дестеге салу жоспарын ферма орындапта қалды. Мұнда комбайндар топтап пайдаланылады. Өне, көрдіңіз ғой, әрбір зағонда екі агрегат, — бірінің артынан бірі жүріп отырады.

Бізге қарай екі жігіт бұрылды. Бірі ферма партия тобының ұйымдастырушысы Ахметбеков Бақытжан да, екіншісі ферма агрономы Абдуллин Мырзағали екен. «Жұмыс барысы қалай, агроном жолдас?» деп сұрайды Есімтаев. «Жақсы, — деп жауап береді Абдуллин. — Тек қана дестелеп орып жатырмыз. Осы қарқыннан таймасак жұлде біздікі болады» деп жымия күледі.

— Абдуллин пысық жігіт, — деп таныстырып қояды Есімтаев. — Партияға кіруге даярланып жүр. Өзіне жаңадан үй салып жатырмыз...

Партия ұйымының секретары түскі үзіліс кезінде егіс қосы басында механизаторлармен шүйіркелесіп, олардың тұрмыс күйімен танысты, жауынгерлік листоктың соңғы санын оқыды. Егіншілердің тамағы тоқ екен, ал төсек-орын жағынан тапшылық байқалады. — Рабкооппен сөйлесілді, төсек-орын бүгін әкелінеді деп сендірді Есімтаев.

Москалев совхозының партия ұйымында 48 үгітші, 8 үгіт пункті бар. № 4 фермада үгітші Мұқанов Мырзағазы қабырға газетін шығарысады, № 5 фермада үгітші Чумак Мария қырман басындағы әйелдермен әңгіме өткізеді, дауыстап газет, кітап оқып береді. Екі жылжымалы киноаппарат бригадаларға кезек-кезек кинофильмдер көрсетеді. Біз барғанда механизаторлар кешкісін «Оның заманы келеді» (Шоқан Уәлиханов), «Жазықсыз кінәлілер» фильмдерін көрді.

Москалев совхозы партия ұйымының жұмысындағы тағы бір жетістік — көрнекі үгітке жақсы көңіл бөлінген. Қайда барсаң да көз тартарлық ұрандар, плакаттар, көрсеткіш тақталары. Ұрандар мен плакаттардың көбі совхоз міндеттемелеріне бағындырыла жазылған. Олардың ішінен: «Семиозер ауданының еңбекшілері! Егінді қысқа мерзім ішінде ысыралсыз жинап алу үшін социалистік жарысты кең ерістетіндер!», «Дестелеп ору егін ысырабын азайтады. Москалев совхозының егіншілері, дестелеп ору әдісін батыл қолданайық!», «Тракторшылар, комбайншылар, лафетті жатка машинистері! Тракторларды, комбайндарды, жаткаларды өнімді пайдаланындар!», «Москалев совхозы биыл мемлекетке бір миллион 300 мың пұт астық тапсырады. Міндеттемемізді екі етпей орындайтын болайық!» деген ұрандарды оқисың.

Совхоз кеңсесінің алдында екі тақта тұр. Бірі құрмет тақтасы, екіншісі совхоздың байырғы адамдарының суреті ілінген тақта. Өне бір суретте Николай Антонович Тонконог. Ол совхоз құрылғаннан бері ферма басқарушысы. Жасы ұлғайса да пенсияға шықпай отыр. Әлі біраз жыл қызмет істеуге күш-жігерім жетеді дейді Николай Антонович. Ол басқарған № 3 ферма озаттар қатарында. «Адал коммунист, ферма шаруашылығын бес саусағындай біледі, өзін малшы да, механизатор да, қазақ та, орыс та сыйлайды» дейді Тонконог туралы совхоз басшылары.

— Бізде мал да көп. Кәзір 20 мың малымыз бар. Биыл 34 мың гектар дәнді дақыл ектік. Соның 28 мыңдайы бидай. «Сарбидайық» деген жерден биыл тыңға 13 мың гектар егін салып едік, кереметтей бітік шықты. Айыбы кештеу пісетін түрі бар. Берген уәдеміз — Отан қоймасына бір миллион 300 мың пұт астық құю. Мұны сөзсіз орындаймыз, — дейді совхоз директоры Наметов.

Аманқарағай астық қабылдау пункті партия ұйымының (секретары Н. Захарченко жолдас) ат салысуымен элеватордың электр жабдықтары, дән тазартқыш, астық кептіргіш машиналары, астық қоймалары күні бұрын даяр болды. Партия ұйымы коммунистерді дұрыс орналас-

тыра білді. Август айының басында Сұлукөл совхозынан қабылданған жаңа егіннің алғашқы астығы, август айының орта кезінде еліміздің өнеркәсіпті орталықтарына жөнелтілген бірінші эшелон Аманқарағай элеваторы коллективінің есінде. Осы элеваторға ағылған машинаның ұшы-қиыры жоқ. Бірақ астық тиеген машиналар тіптен бөгелмейді. Қазір бастауыш партия ұйымы қырманға соқпастан Аманқарағай элеваторына тікелей комбайн бункерінен астық қабылдау жарысын ұйымдастыруда.

Семиозер ауданының дала қостарында бес жүзден аса үгітші жұмыс істейді. Олардың ішінде қажырлы ісімен, жалынды сөзімен көзге түскендері көп. Мәселен, Ленин атындағы колхоз үгітшілерінің бірі комбайншы Н. Ярошенко. Ол күніне 23—25 гектар жердің дестесін жинайды. Оның егінді дер кезінде шашпай-төкпей жинап алуға шақырған сөздері, өз басынан алған мысалдары жолдастарының көкейіне қона кетеді. Аудандағы екі мәдени-үгіт бригадасы да, ондаған мәдени-ағарту мекемелері де егіншілердің еншісіне тиген.

Аудандық комитет үгітшілердің, лекторлардың семинарларын, кештерін жергілікті жерде өткізіп отыруды дағдыға айналдырып келеді. Мысалы жақында Құймақкөл, Москалев совхоздарында, «Победа» колхозында үгітшілер семинары өткізілді.

Еңбекшілер арасында лекциялар оқуға, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруға, әртүрлі мәдени-көпшілік шараларын жүзеге асыруға ауыл интеллигенциясы: зоотехниктер, агрономдар, мұғалімдер, дәрігерлер, сол сияқты аудандық мекемелердің қызметкерлері қатыстырылады.

Семиозер аудандық партия ұйымы социалистік жарысты ұйымдастыру, оны жария ету мәселелерін де қағажу қалдырып отырған жоқ. Аудандық Құрмет тақтасы, колхоз, совхоздардың құрмет, көрсеткіш тақталары осы игі мақсатқа қызмет етеді. Социалистік жарыстың қорытындысы әрбір бес күн сайын жарияланып, озып шыққандарға қызыл тулар мен жалаулар, бағалы сыйлықтар беріледі.

Мол астық жолындағы күресте бір аудандық партия комитетінің жүргізген ұйымдастыру, саяси жұмыстарының алғашқы кейбір тәжірибелерін айтқанда онда қате-кемшілік жоқ, төрт аяғынан тік тұр деуден мүлде аулақпыз. Семиозер ауданында егін жинау мен мемлекетке астық тапсыру ісінің елеулі кемшіліктері бар. Айталық, егінді дестелеп ору барлық жерде бірдей жақсы жүргізіліп жатыр деуге болмайды.

Артта қалған шаруашылықтарға басшылық, көмек тым жеткіліксіз. Біраз совхоздарда айқай-шу, мәжіліскұмарлық орын алған. Ауданда егін жинағыш машиналар мен комбайндар толық қуатымен пайдаланылмайды. Жаңа астықтың элеваторлар мен қоймаларға тасылуы қанағаттанғысыз. Жауынды-шашынды күндері, сол сияқты түндегі жұмысты ұйымдастыруда керенаулық басым.

Еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық, саяси тәрбие жұмыстарында да кемшіліктер көп. Жоғарыда аудан бойынша бес жүзден аса үгітші жұмыс істейтінін айттық. Бірақ солардың едәуір бөлігі қағаз жүзінде санатта бар да, іс жүзінде ештеңе бітірмейді. Халыққа кино көрсету жайы мәз емес.

Дегенмен, әңгіменің негізгі түйіні тың астығын уақтылы жинап алуда. Сондықтан бітік шыққан егінді дер кезінде ысырапсыз жинап алу, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемені асыра орындау, сөйтіп ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастыру негізінде КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумын татымды табыстармен қарсы алу—Семиозер аудандық партия ұйымына үлкен абырой.

Т. ЫДЫРЫСОВ

## Ұйымдастыру жұмысының жемісі

Жамбыл облысының Талас аудандық партия комитеті аудан еңбекшілерін жеті жылда қоғамдық мал басын шұғыл өрге бастыру үшін бар мүмкіншілікті толық пайдалануға жұмылдырып отыр. КПСС Орталық Комитетінің алда болатын пленумында республика ауыл шаруашылығының дамуы, қоғамдық мал шаруашылығының өркендеуі жайлы арнаулы мәселе қаралатындығы туралы хабар аудандық партия комитетіне еңбекшілердің еңбектегі жаңа өрлеуін ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде партия комитеті алынған көтеріңкі міндеттеме мен қабылданған жоспардың сөзсіз орындалуына ұйтқы болып отыр.

Партияның XXI съезі қарарында атап көрсетілгеніндей жоспардың табысты болуы тікелей шаруашылықтардың өзінде шешіледі. Осыған байланысты жергілікті партия органдарының, бастауыш партия ұйымдарының ролі онан сайын арта түседі. Олар үнемі бұқараны нақты өндірістік тапсырмаларды жүзеге асыруға ұйымдастырып, жұмылдырып отыруға тиісті. Бұдан былай қарай әрбір партия ұйымының, оның есебінде тұратын әрбір коммунистің ісіне баға беруде партия шешімін жүзеге қалай асырғаны, социалистік міндеттемені қалай орындағанына қарай, жоспардың орындалуына қалай ат салысып, үлес қосқаны ескерілетін болады. Бұл үшін жеке коммунистерді колхоз, совхоз өндірісінің ең шешуші учаскелеріне дұрыс орналастырып, олардың тапсырылған іске жауаптылығын, белсенділігін арттырудың маңызы өте-өте зор.

Бұл күндері аудан колхоз, совхоздарының ең шешуші учаскелерінде 726 коммунист жұмыс істейді. Мұның 269-ы тікелей мал шаруашылығында еңбек етіп жүр. Оның 37-сі ферма меңгерушісі, 94-і аға шопан, 69-ы жәрдемші шопан, 24-і сиыршы, 15-і жылқышы, 3-і бұзаушы, 6-ы сауыншы, 7-і түйеші болып жұмыс істейді.

Коммунист — партия шешімін жүзеге асыру жолында күресуші, еңбектің үлгі-өнегесін көрсетуші жауынгер. Әрбір партия мүшесі бұқарамен байланысты нығайтып отыруға, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауға, төменнен болатын сын мен өзара сынды өрістетіп, жұмыстағы кемшіліктердің бетін ашып отыруға міндетті. Міне осыларды жүзеге асыру аудандық партия комитетінің міндеті. Бастауыш партия ұйымдарын нығайту, олардың партиялық-ұйымдастыру және саяси жұмысын жолға қоюына нақты көмек көрсету, озат жұмыс тәжірибесін тарату, артта қалған колхоздар мен совхоздарға ерекше назар аударып, оларға қамқорлық жасау, оларды озаттардың дәрежесіне жеткізу, сөйтіп алынған міндеттемені әрбір шаруашылықтың, әрбір еңбеккердің орындауын қамтамасыз ету болып табылады. Міне бұл талаптарды Талас аудандық партия комитеті мүлтіксіз орындап келеді.

Аудан еңбекшілері биыл мал басын 12 — 16 процент көбейтіп, мемлекетке өткізетін мал өнімдерін былтырғыдан екі есе артық тапсыруға міндеттенген еді. Мұны аудан еңбекшілері іс жүзінде орындап шығу үшін күресуде. Аудан колхоз, совхоздарында мал басы өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда көп өсті. Оның ішінде ірі қара мал 21 процент, қой 23,6 процент, шошқа 5 процент көбейді. Биыл аудан бойынша әр жүз саулықтан 116-дан төл алынды. Ауданның «Талас», «Түгіскен», «Келес» совхоздары мен Ленин атындағы колхоз малшыларының көрсеткіштері бұдан да жоғары. Мысалы, «Талас» совхозының шопандары жүз қойдан 130-дан қозы алып отыр. Аудан мемлекетке қаракөл елтірісін өткізудің жылдық жоспарын 115 процент орындап, 93 мыңнан аса елтіріні тек жоғары сортпен тапсырды.



Ауданда етті мол өндіру жұмысы да қолға алынуда. Аудан ет өткізудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Кәзір мемлекетке өткізілген ет өткен жылғымен салыстырғанда 12 есе артық тапсырылды. Биыл етке тапсырылған 10 мыңнан аса қойдың тірідей салмағы орта есеппен 51 килограмнан айналды. «Қаратау» совхозы етке өткізген 2 мың ісек қойдың әрқайсысы 59 килограмнан, «Ойық» совхозы етке өткізген қойдың салмағы 60 килограмнан айналды. «Түгіскен» совхозы етке өткізген ірі қара малдың салмағы 530 килограмнан, ал Ворошилов атындағы колхоз өткізген малдың салмағын 480 килограмнан болды.

Ауданда малды қыстан аман алып шыққан, әрбір аналықтан көп қозы алған озат шопандар да көп-ақ. Мысалы, «Талас» қаракөл совхозының ферма меңгерушісі, партия мүшесі Үдербаев жолдас өткен жылы ферма бойынша әр жүз саулықтан 115-тен қозы алып, мемлекетке қаракөл елтірісін өткізудің жылдық жоспарын 115,3 процент орындаған еді. Биыл да оның көрсеткіші жақсы. Сондай-ақ осы совхоздың озат шопандары Жолдыбаев, Айдынбаев, Үсенбаев, Жарболовтар өздеріне бекітіліп берген 800—880 саулықтан биыл 130—134 қозы алып, аман өсіріп келеді.

Мұндай озат тәжірибеге «Түгіскен» қаракөл совхозының шопандары да ие болып отыр. Кәзір совхоз бойынша қолда бар 41 894 саулықтың әр жүзінен 120 қозы алынып, аман өсірілуде. Сондай-ақ осы совхоздың белгілі шопаны, КПСС мүшесі Ү. Омаров жолдас әр жүз аналықтан 117-ден қозы алып отыр. Жас шопан, партия мүшесі Ж. Жүсіпбаевтің аға шопан болып жұмыс істей бастағанына үш жылдан аса уақыт болды. Міне осы уақыт ішінде ол өзінің іскерлігін, білімділігін көрсете білді. Ол биыл да келелі табысқа ие болып отыр. Өзінің қаруындағы 802 аналықтан 129-дан қозы алды.

Аудан малшыларының мұндай табыстарға жетуі партия комитетінің тыңғылықты басшылығы арқасында болып отыр. Коммунистерді алда тұрған міндеттерді орындауға белсене қатыстырып, өздеріне тапсырылған жұмысты ойдағыдай атқаруға жұмылдыра білуінде.

Ауданның мал шаруашылығындағы коммунистері 35 партия тобына бірігеді. Партия тобын қолынан іс келетін, алдыңғы қатарлы коммунистер басқарады. Озат шопан Әуезов Бәйділде басқаратын «Түгіскен» совхозының № 4 фермасы партия тобы жұмысын мысалға алуға болады. Мұндағы коммунистер кезекті міндеттерді орындаудың жоспарын күні бұрын ферма шопандары болып ақылдасып шешеді. Партия тобы ұйымында тұрушы коммунистер совхоз шаруашылығын өркендетуде белсенділік көрсетумен қатар жұмысшы, шопандар арасында бұқаралық-саяси жұмысты үнемі жүргізіп, социалистік жарыстың жаршылары болып келеді. Соның нәтижесінде ферма 10 мың саулықтың әр жүзінен 123 қозыдан алып аман өсіріп отыр. Фермада әр жүз саулықтан 120—130-дан қозы алған Ү. Омаров, Ж. Жүсіпбаев сияқты еңбекшіл озат шопандар көптеп саналады. Сондай-ақ фермада алдыңғы қатарлы үгітші, озат шопан Ө. Өмірбеков сияқты жастар да көп.

Ө. Өмірбеков Үшарал селосындағы орта мектепті бітірісімен тұрған аулында шопан болып қалған еді. «Жас келсе іске» дегендей оған үгітші болу да қоса тапсырылған. Үгітші-шопан Өмірбеков аптасына екі рет малшылар арасында газет оқып, әңгіме өткізеді. Әсіресе кәзіргі алда тұрған негізгі міндет — жеті жылда мал басын өсіру, мал шаруашылығының өнімділігін көбейту мақсатын малшыларға түсіндірумен болады. Ол ерінбей оқып, өз білімін де үнемі көтерумен келеді. Жақында ол «Жетіжылдық жоспар біздің іс программamız» деген тақырыпта әңгіме өткізді. Ол бұл әңгімесінде жеті жылдың ішінде совхоз малшыларының алдында тұрған елеулі міндеттер мен келелі істерге егжей-тегжейлі тоқталды. Совхоз қойын 1965 жылы 178 мыңға жеткі-

зу жоспары барлығын түсіндірді. Шопан-үгітшінің бұл әңгімесі өте әсерлі болды.

Партияның XXI съезі шешімдерімен қаруланған аудан малшылары коммунистше еңбек етудің жоғарғы үлгісін көрсетуде. Ауданда коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін кәзір 2 ферма, 13 бригада жарысып отыр. Аудандық комитет дәуіріміздің ең құрметті де қадірлі атағын алу үшін жарысушыларға үзбей қамқорлық жасауда.

Бұл күндері аудандық партия комитеті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумы мен КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулыларын жүзеге асыра отырып, ауыл-село коммунистерін, барлық еңбекшілерді жетіжылдықтың бірінші жылын табысты аяқтауға, социалистік міндеттемелерді абыройлы орындап шығуға бағыттап отыр.

Ж. ҚАБДЫШЕВ.

## Қоғамдық тәртіпті қорғаушылар

...Өскемен металлургтерінің мәдениет сарайы. Бір бөлменің маңдайшасында «Ерікті халық жасағының штабы» деген жазу бар. Кенде жарық бөлмедегі стол басында орта жастағы бір адам отыр. Бір кезде телефон шылдыр еткенді. Ол трубканы жедел алды да:

— Мен штаб кезекшісі Утробин едім, тілегіңізді айта беріңіз, — деді.

Жастар жатақханасында төрт жұмысшының ішкілік ұйымдастырып, айқай-шу шығарып, басқа жұрттың тыныштығын бұзғанын хабарлады. Жедел шара қолданып, тәртіп орнату үшін кезекші өзінің сол күнгі екі көмекшісін жатақханаға жіберді.

Ішіп алған мастар жасақшыларға өршелене қарсы шықты. Оларға дәрекі сөздер айтып, балағаттай бастады. Екі жасақшының сойылдай төрт жігітке, оның үстіне мастықпен лепіріп алғандарға, әрине, шамасы жете ме?

— Енді не істеу керек?

Жасақшылар жағдайды милиция бөліміне білдіре қойды. Дабыл көтерді. Милиция кезекшілері келіп, маскүнем-сотқарларды тиісті жеріне жеткізді. Ертеңіне «төрт батыр» жұмыс істейтін коллективтің жиналысында талқыланды. Кінәлілерді жолдастары қатаң сынға алып, айыбын бетіне басты. Олар маскүнемдікке салынғандарға:

— Егер сендер осы теріс қылықтарыңды қайталасандар, біздің ұйымшыл коллективтің арасында болмайтындарың естерінде болсын, — деп ескертті.

Жасақшылар түнде қызметте жүргенде, олардың қырағы көзінен ұсақ-түйек те сырт қалмайды. Мысалы, бір күні жасақшылар Гамбере Кроль, Маляутдиновтар кешкі сағат оның шамасында нан дүкенінен жеті жастағы баланы көреді. Оның қай жерде тұратынын, қандай себеппен келгенін сұрап біліп, оның үйіне барған. Олар баланың ата-анасымен әңгімелесе отырып, түнде баланы бейсуат жібермеуді, кешеге шығармауды ескерткен.

Лениногор қаласындағы 2300 жасақшы қоғамдық тәртіпті қырағы сақтаушы екенін іс жүзінде көрсете білді. Олар социалистік қоғам тұрмысы ережелерін бұзуға тиым салады, қылмысты элементтердің әрекет етуіне жол бермейді. Бұл жөнінде бір мысал келтіруге болады. Жуықта инженер Карапухин жолдас басқарған «Реммехбазасының» жасақшылары түнгі сақшылықта жүргенде біреудің жүріс-тұрысына сезіктеніп, оны тоқтатып тексеруді ұйғарады. Сезікті адам жасақшы-

ларға бағынбай кетуге тырысады. Бірақ «көпке топырақ шашсын ба», халық жасағының қармағына ілініп, милиция бөліміне әкеп тексергенде, оның қауіпті қылмыс істеген Чумаков деген екені анықталған.

Республиканың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары ерікті халық жасақтарын құруда игілікті де маңызды жұмыстар жүргізді. Кәзіргі уақытта Қазақстанда құрамында 83 мың адамы бар 2668 халық жасағы құрылып, қызу жұмыс істеуде.

Халық жасақшылары таңдаулы адамдар—озат еңбеккерлер, моральдық жағынан ұстамды, тәртіпті, тұрмыста да басқаларға үлгі боларлықтай. Мысалы, Алматы аяқкиім фабрикасында Сабыржан Хасенов жолдас таңдаулы жұмысшының бірі. Өндірістік тапсырманы асыра орындағаны үшін талай рет сыйлық алған. Ол коллективтің қоғамдық өміріне де белсене қатысады, жұмысшылардың лайықты құрметіне бөленген, мінез-құлқы да үлгілі. Ерікті халық жасағына мүше Хасенов жолдас қоғамдық тәртіпті сақтауға белсене қатысып келеді. Халық жасағының мүшесі тоқыма киім фабрикасының товароведі коммунист Құсайын Арынғазиев жолдас та еңбек озаты, өзі тәртіпті адам. Ол жақында ұрыларды ұстауға көмектесті.

Ерікті жасақтардың жұмысына 50 қалалық, 190 аудандық штаб басшылық етіп отырады. Аудандық, қалалық, облыстық партия, совет, органдарының жауапты қызметкерлері осындай штабтардың жұмысын тікелей өздері басқарды. Бұл сүйсінерлік іс. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау халық жасақтары штабының бастығы қалалық партия комитетінің екінші секретары Шүлембаев, Ақтөбе қалалық штабының бастығы—қалалық партия комитетінің секретары Тананайский, оның орынбасары қалалық Совет атқару комитетінің бөлім меңгерушісі Тәжібаев, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты штабының бастығы—комбинат партия комитеті секретарының орынбасары Одиашвили, тағы басқа көптеген жауапты қызметтегі жолдастар штаб жұмысын басқарады.

Кәзір Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының аудандары мен елді мекендерінде, Алматының Ленин, Октябрь аудандарында, Кентау, Лениногор, Зырян қалаларында және тағы басқа жерлерде халық жасақтарының жұмысы жақсы жолға қойыла бастады. Жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер және интеллигенттер жасақ мүшелері болып, қоғамдық тәртіпті батыл қорғауда. Олар «Ерікті халық жасағы» деген жазуы бар қызыл шүберекті жеңдеріне байлап, көшелер мен қоғамдық орындарда түнгі сақшылықта жүреді. Осы қызыл шүберекті сақшылардың көшелерге келіп көрінуі, үлгілі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге үлкен әсер етуде. Өйткені бұрын араққа бөртеп алып, жұртшылықты мазалайтын, балағаттайтын сотқарлар кәзір жасақшыларды көргенде теріс айнала жытып, көрінбей кететін болды. Көптеген қалалар мен селоларда соңғы кездерде социалистік қоғам тұрмысы ережелерін бұзушылық шұғыл азайды.

Жасақшылардың жүргізетін ісінде қызықты жайлар аз емес. Олар көшелерде сақшылықта жүреді, жұртшылық органдарында, керек еткен жағдайда азаматтардың қора-жайы мен пәтеріне де кіреді. Ұрыс-жанжалдарды қойғызады, автобустар мен троллейбустар аялдайтын орындарды да шолып қояды.

Шығыс Қазақстан облысының жасақшылары соңғы кезде 250 қоғамдық тәртіпті бұзушылар мен мас адамдарды, 8 қылмыстыны ұстады. Әсіресе, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Лениногор және Зырян қалалары жасақтарының жұмысы бірсыдырғы тәуір.

Республикамыздың кейбір қалалары мен елді мекендеріндегі жасақшылар азаматтардың праволарын қорғаушылар, қоғамдық тәртіп үшін табанды күресушілер екенін кәзірдің өзінде айқын көрсетіп жүр.

Кентау қаласында құрылған он жасақта 950 адам істейді. Олардың бастықтары болып кәсіпорындардың жауапты қызметкерлері, партия ұйымдарының секретарьлары тағайындалған-ды. Жасақшылар бірнеше тәртіп бұзушылар мен сотқарларды ұстады, қылмысты істер жасаудан сақтандырды. Жасақшылар Коростиллов, Скуригин, Қолдасов, Кузнецов, Боярский және басқа жолдастар ерекше көзге түсуде.

Шымкент қорғасын заводының жасақшылары да жұмысты жақсы істеп келеді. Олар өз учаскелерінде қоғамдық тәртіпті бұзған 48 адамды жауапқа тартқызды, бірнеше қылмыстылар мен алып сатарларды ұстады.

Жамбыл станциясындағы халық жасағы пенсионерлерден ұйымдастырылған-ды. Жасақты азамат және Ұлы Отан соғысына қатысқан қарт коммунист Андрей Иванович Герасимов басқарады. Осы жасақтың мүшелері бақылаусыз балаларды жинау, магазиндер мен асханаларда сауда ережелерінің сақталуын тексеру жөнінде бірнеше рет рейділер ұйымдастырды. Жасақшылар балалар панасыздығы мен бақылаусыздығына қарсы күресті, сатып алушыларды алдау фактілерін ашуда пайдалы жұмыстар жүргізіп, кінәлі адамдарды тәртіпке шақыртып, шаралар қолданылуына жетті.

Партия мен үкіметтің «Елімізде қоғамдық тәртіпті сақтауға еңбекшілердің қатысы туралы» қарарын жүзеге асырудағы жалпыға бірдей ортақ іске—қоғамдық тәртіпті сақтауға бүкіл жұртшылық болып жұмылды. Әрине, жасақшылар үшін бұл соны жұмыс, мұнда сәтсіз жайлар, социалистік заңдылықтан ауытқушылық та кездесіп қалуы мүмкін ғой. Міне сондықтан да, халық жасақтары құрыла бастағаннан-ақ милиция қызметкерлері штабтар мен жасақтардың жұмысын бірге атқарысып, оларға көмек көрсетіп келеді.

Жасақшыларды арнаулы даярлықтан өткізу шаралары да жүзеге асырылды. Олардың көбіне «самбо» тәсілдері—бұзақы, қылмыстыларды тәртіпке шақыру әдістері үйретілді.

Милицияның поселкелік, аудандық мекемелерінен бастап, республикалық басқармаға дейін олардың қызметкерлері штабтар мен халық жасақтарына өздерінің қызмет ететін учаскелеріндегі оперативтік жағдайды хабарлайды, жасақ жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі.

Партияның ХХІ съезінің нұсқауларына сәйкес коммунистік қоғамның кең өрістетілген құрылыс дәуірінде советтік демократия мейлінше дамытылуға, қоғамдық істерді басқаруға барлық азаматтар белсенді қатыстырылуға, мемлекеттік органдар атқарып келген көптеген қызмет қоғамдық ұйымдардың қарауына бірте-бірте көшуге тиіс. Қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың праволарын қорғау, қылмыстан алдын ала сақтандыру ісінде халық милициясы—жасақтар, жолдастық соттар тағы басқа ерікті қоғам ұйымдары үлкен орын алуы керек. Өйткені қоғамдық ықпалдың күші елеулі күш.

Еңбешілерді коммунистік рухта тәрбиелеу, социалистік тұрмыс ережелерін, қоғамдық тәртіпті сақтау ісінде жасақшылардың маңызы ерекше. Мұны халық жасақшыларының алғашқы қадамы айқын көрсетіп отыр. Бірақ бұдан ешбір мін жоқ деген ұғым тумайды.

Жеке аудандарда халық жасақтарының жұмысына жергілікті органдар тарапынан көңіл бөлмеушілік бар. Соның салдарынан жасақтардың штабы жұмыс бөлмесімен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етілмеген. Қарағанды, Алматы облыстарының көп жерінде жағдай осындай болып отыр. Мұндай кемшіліктерді жедел түзету керек.

Партия, совет ұйымдарының күнделікті басшылығымен халық жасақтарының жұмысын кәзіргіден анағұрлым жақсартуға тиіспіз.

О. ҚОЖБАНОВ

# Оқушылардың сұрақтарына жауап

## Африка халықтары тәуелсіздік үшін күресте

Біздің заманымыз капитализмнің уақыт өткен сайын шеңбері тарылып, іргесі шайқалып отырған, ал адамзаттың жарқын болашағы социализмнің күн асқан сайын салтанат құрып отырған заманы болып отыр. Бұл тарихи процесс. Азия мен Африка халықтарының өз тәуелсіздігі мен ұлт бостандығы үшін жүргізіп отырған ерлік күресі бұл процесті оған әрі тереңдете түсуде, империализмнің маскара болған отарлық жүйесінің толық жойылу мезгілін жақындата түсуде. Әсіресе соңғы үш-төрт жылда Африкадағы жағдай мейлінше өзгеруде.

Кәзіргі кезде Африканың миллиондаған халқы бірлесіп, түгелдей дерлік империализмнің бұғауын күйретуге көтерілуде. Бұл туралы жақында Американың «Крисчен сайенс монитор» газетінің тілшісі «Африка отаршылдыққа ескерту қонырауы соғылуда» деп үрейлене жазды. Ал Англияның «Экономист» журналы «Африка құрлығындағы болып жатқан өзгерістердің стихиялығы, екпіні мен өрісі соншалық, тіпті оларды революциялық өзгеріс деп сипаттау дұрыс болар еді»,— деп мойындайды.

Бірақ буржуазиялық баспасөздің кейде амалсыздан осылай шындықты мойындауынан империалистік елдерде тарихи даму процестеріне еркін жол беріліп отырады екен деген ой тұмауы керек. Қайта керісінше, шикізат қоры мол, адам күші өте арзан әрі товар өткізетін рынок болып табылатын тәуелді және отар елдерден, оның ішінде Африкадан империалистік жыртқыштар ешуақытта өздігінен бас тартқысы келмейді. Олар отарлық жүйені сақтай отырып, Африка халықтарын құлдықтың шыңырауында матай беру саясатын жанталаса жүргізуде. Империалистер өзінің қараниет мақсатына жету үшін неше түрлі алдау, арбау әдісін қолданып, Африка халықтарының ұлт азаттық қозғалысын айқын жолдан адастыруға тырысады, тіпті олар бұл қозғалысты қанға тұншықтырудан да тайынбайды.

Соңғы жылдары батыстың реакцияшыл мемлекет және қоғам қайраткерлері мен баспасөзі «отаршылдық тәртіп» жойылды, империалистік басып алу саясаты «келмеске кетті», капиталистік елдер артта қалған Африка халықтарын бостандыққа жеткізу үшін мейлінше күш салуда деп даурығуда. Американың «Ньюсуик» журналының бас редакторы Арно де Боргрейвтің айтуына қарағанда, Қара Африкадағы барлық саяси билік түгелдей дерлік негрлердің қолына көшкен көрінеді-міс, ал отаршыл елдер «негрлерді олардың аяғы қаншалықты оралымға келсе, соншалықты жылдамдықпен алға итеруге толық бел байлапты-мыс». Ал, ағылшын зерттеушілік Вирджиния Томпсон мен Ричард Эдлоф 1958 жылы Лондонда басылып шыққан «Француз Батыс Африкасы» деген кітабында тек француздардың арқасында ғана Француз Батыс Африкасының едәуір бөлегі тарихи қысқа мерзім ішінде «кетпен дәуірінен плуг пен машина дәуіріне өтті» деген жалған пікірге жұртшылықты сендірмек болады. Сөйтіп олар Француз Батыс Африкасының халқы Француз одағының құрамында әлі де болса кемінде 10—15 жыл болғанда ғана (яғни отарлық, қанау жағдайында

қала бергенде—А. Т.) тәуелсіздікке жетуіне жағдайлар туар еді деген қорытындыға келеді. Ағылшын итаршылары француз отаршыларының сұрқия мақсатын қалай қорғайды десеңізші! «Күзғынның көзін күзғын шұқымайды!»—деген емес пе.

Ал фактілер нені көрсетеді? Империалистердің жалдамалы итаршыларының айтқанынан фактілер алшақ жатыр.

Бұл күндері Африкада ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрес барған сайын күшейіп отыр.

Өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан алжир халқының қуатты қимылы Африкадағы түбегейлі қозғалыстың ең биік шоқтығы. Алжир Сахарасының көсіліп жатқан кер даласында мұнайдың аса көп қоры мен мол табиғат байлығы бар. Француз отаршылары көп жылдар бойы алжир халқын аяусыз қанап, бар табиғат байлығын шексіз пайдаланып келген еді. Енді француз отаршылары өз ұлттық тәуелсіздігіне қол созып отырған, өзінің ең табиғат байлығын өз қажетіне жаратуды көксеп отырған алжир халқының күресін тұншықтыруды мақсат қылып отыр. Бірақ алжир халқының бұл күресін дүние жүзінің прогресшіл адамдары қолдап отыр. Сондықтан да алжир халқының бұл қажырлы күресі де түбінде жеңіске жетпекші.

Кәзіргі кезде Африка құрлығында 9 ұлттың тәуелсіз мемлекеті бар, олардың Гана, Гвинея, Марокко, Судан және Тунис сияқты бесеуі соңғы үш жарым жыл ішінде тәуелсіздік алды (мұнда біз Оңтүстік Африка Одағын тәуелсіз ұлттық африкан мемлекеттерінің қатарына қоспай отырмыз, өйткені онда ат төбеліндей европалық буржуазия тобы миллиондаған тұрғын халықты аяусыз қанап, өкімет билігін өз қолдарында күшпен ұстап отыр). Бұл мемлекеттер халқының жалпы саны 100 миллионға жуық та, территорияларының көлемі Африка құрлығының үштен біріне тең. Бірақ әлі де болса көп халқы бар Африка территориясының қалған үштен екі бөлегі қанаушы империалистердің отарлық құлдығында отыр. Англия, Франция, Бельгия, Португалия және Испания сияқты отаршыл мемлекеттер әлі күнге дейін Африкада көптеген отар елдерді қанап отыр. Африкадағы империалистердің «қамқорлығындағы» отарлардың жалпы көлемі, оларды қанаушы европалық елдер территориясынан 14 есе көп. Соңғы кезде америка монополистерінің өз әріптестерін Африкадан ығыстыруы нәтижесінде америка отаршылдарының саны барған сайын көбейе түсуде.

Кәзіргі кезде Африканың ерекше маңызы бар. Азиядағы отарларынан түгелдей дерлік айырылған империалистік монополиялар табиғи байлығы есепсіз мол және жұмысшы күші көп Африка құрлығын қолдарынан шығарғысы келмейді. Африка олар үшін шикізат қорының бұлағы болып отыр.

Шынында да Африкада табиғат байлығы ғажап мол. Африка капиталистік дүниеде алмас, кобальт, литий және ниобий өндіруде бірінші орын, асбест шығаруда екінші орын, ал мыс өндіруде үшінші орын алады. Онда көптеген темір рудасы, қалайы, мырыш, қорғасын, ванадий, бериллий, графит және боксит шығарылады. Соңғы кезде Сахарада өте бай мұнай қоры мен көмір, түсті және қара металдар барлығы анықталған.

Бірақ осыншама байлық Африка халықтарының өз игілігіне жұмсалмай отыр. Африкадан өндірілетін шикізат түгелімен дерлік Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарына әкетіледі. Одан империалистік жыртықтар орасан зор пайда түсіріп, байыған сайын бап түсуде. Оған мынадай мысал келтірсек те болады. АҚШ монополиялары мен үкіметінің ресми документі болып есептелетін, өткен жылы Нью-Йоркте басылып шыққан «Шикізат» деген кітаптың жазуына қарағанда, 1956 жылы Америка Құрама Штаттары басқа елге сатқан барлық танталдың 79 процентін, колумбийдің 78 процентін, кобальттың 76 про-

центін, марганецтің 42 процентін Африкадан алған. Қазіргі кезде Англияның шаруашылығында пайдаланылатын бокситтің, темір рудасының және мақтаның үштен бірі, марганец пен хром рудаларының, асбестің, мыстың 46—65 проценті, сурьма мен алмас түгелімен Африкадан әкелінеді. Империалистік елдер сутегі, атом бомбаларына қажетті шикізатты да Африкадан алады. Бельгия Конгосы мен Оңтүстік Африка Одағында өндірілетін уран Америка мен Англияға, ал Мадагаскардан өндірілетін уран Францияға жеткізіледі. АҚШ пен Англия сутегі бомбасын жасауға пайдаланылатын литийді Оңтүстік-батыс Африкадан, Оңтүстік Родезиядан, Оңтүстік Африка Одағынан және Мозамбиктен алады.

Африка қойнауының мол байлығын көз алдымызға елестету үшін мына бір мысалды айтайық. Бельгия Конгосындағы жұмысшылар жыл сайын 11 500 килограмм таза алтын, 5 500 тонна түйірлі кобальт, 360 мың тонна марганец, 240 мың тонна мыс, 90 тонна күміс, миллиондаған карат өнеркәсіп алмасын және 600 мың караттан астам зергер алмасын, сондай-ақ қорғасын, платина, радий және уран өндіреді. Мұнда Конго халқының бір процентіне жетпейтін қанаушылардың үлесіне тиіп отырған ұлттық табыстың мөлшері 13 182 мың, бұл конголықтардың үлесіне тиіп отырған мөлшерден әлдеқайда артық!

Африка құрлығындағы барлық тәуелді отар елдердің жағдайы да осындай. Бұл мысал Африканың мол табиғат байлығының сол жерде тұрушы жергілікті халықтың тұрмысын жақсарту, мәдениетін дамыту үшін емес, империалистік монополиялардың байлығын арттыра беру үшін пайдаланылатынын дәлелдейді.

Ағылшын, француз, американ және басқа шетелдік монополиялардың жетекшілері жергілікті халықтарды мейлінше қанау, отарлардың табиғат байлығын жыртқыштықпен жалмау есебінен орасан зор пайда түсіріп отыр. Лондонда шығатын «Дейли Уоркер» газетінің мәліметіне қарағанда Родезия мен Ньясалендте өктемдік жасап отырған ағылшын қанаушылары 1957 жылы 110 миллион фунт стерлинг пайда көрген.

Шетелдік капиталдың отарлық езушілігі мен мейірімсіз қанауы Африка тәуелді халықтарының дербес дамуына бөгет болып, оларды бишаралық, қайыршылық жағдайға кіріптар етіп, аштыққа, жоқшылыққа ұшыратып отыр. Мысалы, ресми мәліметтер бойынша 1956 жылы Бельгия Конгосының әкімшілік орталығы Леопольдвиль қаласында тұрушы бір жұмысшының бір тәуліктік күнелту қаражаты 45 франкке тең болған. Ал сол жұмысшының бір күндік жалақысы 15 франктен аспаған. Егер Леопольдвиль базарының нарқын — еттің килограммы 30—65 франк, қанттың килограммы—12,5 франк, күріштің килограммы—7 франк екенін еске алсақ, онда жоғарыдағы жұмысшы жалақысының қаншалықты мардымсыз екендігі түсінікті. Капитализмнің итаршылары аштық пен жалаңаштыққа қарсы, бас бостандығы мен ұлттық тәуелсіздік үшін күреске бел байлап отырған Африка халықтарының әділетті қадамын түншықтыруды, сөйтіп отаршылдық қанауды онан сайын жүргізе беруді көздеп неше түрлі сұрқиялық айла-әдістерді қолданады. Олар қайсыбір жерлерде сөз жүзінде демократиялық бостандықтар беруге, территориялық заң шығарып соған орай атқару органдарын қайта ұйымдастыруға мәжбүр болып отыр. Бірақ соның өзінде де өкімет билігі іс жүзінде отаршыл әкімдердің қолында, ал істейтін жұмыстарына мейлінше шек қойылған кейбір жергілікті органдар көбінесе европалықтардан құрылған, сондықтан да оларда жергілікті тұрғындар өкілі болмашы ғана болып отыр.

Ағылшынның билеуші топтары 1953 жылы өзінің Солтүстік және Оңтүстік Родезия мен Ньясалендтегі отарларын біріктіріп Орталық Африка Федерациясы дейтінді құрды. Буржуазиялық баспасөз бұл Фе-

дерация жергілікті халықтың мүддесі үшін құрылып отыр, енді африкандар толық та тең праволы азаматтар қатарына қосылды, олар бұдан былай қарай ауқатты өмір сүретін болады деп көкіді. Осыған байланысты Лондонда шығатын «Дейли Уоркер» газеті фактілерге сүйене отырып, мұндай жалған өсектің шындықтан алшақ жатқанын, қайта Федерация отарлық тәртіпті бұрынғыдан да гөрі нығайта түскендікті көрсетеді деп жазды. Федерация құрамында 7 140 мың жергілікті халық бар. Бірақ олардың іс жүзінде саяси праволарының болмауынан өткен федеральдық сайлау кезінде тек 58 мың африкандарға ғана сайлауға қатысу правосы берілді, ал солардың тек 40 мыңы ғана дауыс беруге қатысты. Федерация құрамына кіретін Ньясалендтегі ауыл шаруашылығының тоқырауға ұшырағандығы соншалық, ондағы жұмысқа жарамды 150 мың шаруа жұмыссыз қалған. Ол ол ма Ньясалендте тұрушы ерлердің 40 процентіне жуығы жұмыс іздеп босып кеткен.

Капиталистік елдер қанап отырған Африканың отар елдерінде денсаулық сақтау, сондай-ақ жергілікті халыққа білім беру ісіне де мүлде көңіл бөлінбейді. Отар елдердің басым көпшілігінде жалпыға бірдей бастауыш білім беру тәртібі енгізілмегені былай тұрсын, тіпті мектеп жасындағы балаларды оқуға тартуға да ешқандай әрекет жасалмайды. Мысалы, Ньясалендтегі әрбір 1000 баланың біреуі ғана орта мектепте оқиды. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1957 жылы басып шығарған статистикалық жинағынан көрініп отырғанындай, Француз Экваторлық және Француз Батыс Африкасында тұрушы халықтың 15 жастан жоғарысының 99 проценті түгел сауатсыз. 13 миллионнан аса халқы бар Конгода тек бір африкалықтың ғана орта мектепте сабақ беруге правосы бар. Ал жергілікті халықтан шыққан бірде-бір дәрігер жоқ.

Батыстың милитарлық топтарында Африканы соғыс плацдармына айналдыруды көздейтін де жоспарлар жасалған. Атап айтқанда Франция үкіметі Сахарада өзінің атом қаруын сынайтын полигон жасамақ. Африка құрлығында Американың жаңадан бірнеше соғыс базалары салынып, бұрынғылары кеңейтіліп, қайтадан жөнделген. Ал Англияның соғыс министрі Соомстың мәлімдемесіне қарағанда, ағылшын отары—Кения соғыс бола қалған күнде Англия әскерлерін Таяу Шығысқа тез жеткізуге керекті әскери-соғыс тірегіне айналдырылған.

Африка халқы батыс елдерінің мұндай агрессиялық саясатына үлкен қарсылық көрсетіп отыр. Олар жаңа соғыс бола қалған жағдайда өз елі мен мол табиғат байлығы адам айтқысыз апатқа душар болатынын айқын түсініп отыр. Сондықтан да Марокко үкіметі өз жеріндегі Американың барлық соғыс базаларының жойылып, шет ел әскерлерінің бірі қалмай елден шығарылуын талап етуде. Бұл орынды талапты Африканың басқа да елдері де қолдады.

Империалистік елдерден үздіксіз саяси және экономикалық қысым көріп келген африкан халықтары өз тәуелсіздігін нығайту үшін, тәуелсіздікті онан әрі баянды ете беру үшін бір-біріне көмек көрсетудің, өзара байланысты нығайтудың қажет екендігін түсініп отыр.

1958 жылдың 23 ноябрінде Гананың астанасында Гвинея республикасының премьер-министрі Секу Туре мен Гананың премьер-министрі Куаме Нкрума арасында Гана мен Гвинея республикасы негізінде Батыс Африканың Құрама Штаттарын ұйымдастыру туралы бірлескен декларацияға қол қойылды. «Біртұтас тығыз одаққа бірігуді құрлығымыздың барлық халықтары қостап отырғанын ескеріп,—деп көрсетілген декларацияда, — біз Африка тәуелсіз мемлекеттерінің үкіметтерін, сондай-ақ әлі күнге дейін қанауда, тепкіде отырған отарлардың басшылары мен халқын осы одаққа қосылуға шақырамыз».



Осы жылғы июль айында Санникелиде (Либерия) Гананың премьер-министрі Куаме Нкруманың, Гвинеяның премьер-министрі Секу Турениң және Либерияның президенті Уильям Табмэннің арасында болып өткен келіссөздердің нәтижесінде «Тәуелсіз Африка мемлекеттерінің Бірлестігі» құрылғандығы жарияланды. Басқа халықтар сияқты африкандардың да толық тәуелсіздік алуға, сондай-ақ өзін өзі билеуге, басқаруға әбден праволы екендігі мазмұндамада атап көрсетілген. Бірлестік мүшелері федерация құрамында өздерінің ұлттық даралығы мек конституциялық құрылысын сақтайтын болады. Бірлестіктің басты мақсаты—әлі күнге дейін қанауда отырған тәуелді африкан елдерінің тәуелсіздік алуын тездетуге көмектесу. Африканың қай елі болса да тәуелсіздікке ие болғаннан кейін бұл бірлестікке мүше бола алады.

Өткен жылдың апрель айында болып өткен тәуелсіз сегіз Африка мемлекетінің конференциясы мен 1957 жылғы декабрьде Аккрада өткен Африка халықтарының конференциясы да бірлік ұранымен өткізілді. Бірлік ұранымен өткізілген Африка халықтарының бұл конференциясы африкан халықтарының антиимпериалистік күресіндегі жаңа белес болды. 200 миллионнан аса африкандардың атынан жиналған делегаттар отаршы елдердің әкімшілігі Африка жерінен түгел тайып тұруын және барлық билік жаппай сайлау негізінде жергілікті халықтардың өзіне берілуін талап етті. Аккра конференциясы империалистердің Африканы милитарландыруды, сондай-ақ оны агрессиялық соғыс мақсаттарына пайдалануды көздеп отырған жоспарларын барынша айыптады. Мұның өзі Африкадағы қалған отар елдерінің таяу арада тәуелсіздік алуына қолайлы жағдайлар туғызуда.

Таяу болашақта Африканың бірнеше елі ұлттық тәуелсіздік алғалы отыр. Совет Одағы мен басқа да социалистік елдердің белсенді қолдауына сүйенген Азия мен Африка елдерінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ұзақ та табанды талабының нәтижесінде Батыс Африкадағы Того мен Камерун және Шығыс Африкадағы Сомали 1960 жылдың 1 январынан бастап ұлттық тәуелсіздік алатын болды.

Соңғы уақытқа дейін «бөліп ал да, билей бер» дейтін саясатты жүргізіп келген ағылшын отаршылары 33 миллионнан аса халқы бар Нигерияны үшке бөліп аяусыз қанап келген-ді. 1957 жылы елдің негізгі ұлттық ұйымдары бірлесе отырып, ағылшындарға Нигериядағы өкімет билігін жергілікті халықтың өз қолына беруі жайында үзілді-кесілді талап қойған болатын. Нигерия халқының қатаң талап етуінің арқасында ағылшын билеп-төстеушілері ұзақ созбалаңнан кейін Нигерияға 1960 жылы 1 октябрьде ұлттық тәуелсіздік беруге көніп отыр.

Сөйтіп ғасырлар бойы қаналған, надандық пен құлдықтың ауыр азабын шеккен, қорлық пен жоқшылықтың мекенатын көп көрген Африка халықтары кәзір өз тағдырын өзі шешуге белсене кірісіп отыр.

Африка халқының мұндай қайырлы қадамына дүние жүзінің бостандық сүйгіш барлық халықтары, оның ішінде Совет Одағының күллі халқы да әрдайым тілектестік білдіріп, қамқорлық жасап, Африка халықтарының өз бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы әділ күресіне үн қосып отырады. Африка халықтарының кәзіргідей қарқынды да қажырлы күресін тоқтатар күш капиталистік дүниеде жоқ. Африка халқы әлі-ақ құлдықтың тот басқан бұғауын біржола үзіп, бостандықта еркін өмір сүретін болады.

А. ТУҒАНБАЕВ

# Сын және библиография

## Ұлы көсемнің ұмытылмас бейнесі

Қазақ мемлекет баспасы жуырда Владимир Ильич Ленин туралы есте қалғандар жинағының екінші бөлімін<sup>1</sup> басып шығарды. Мұнда ұлы көсемнің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жылдардағы өмірі мен қызметі баяндалады. Бұлардың ішінде В. И. Лениннің серіктерінің, партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол қызметкерлерінің, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің, жұмысшылар мен шаруалардың, қызыл әскерлердің естеліктері бар. Олар кеменгер көсемнің мәңгі ұмытылмас жарқын бейнесін, адамгершілік асыл қасиеттерін зор сүйіспеншілікпен сипаттайды.

Жас совет елі өмір сүрген алғашқы күндерден-ақ, В. И. Лениннің тікелей басшылығымен Коммунистік партия совет мемлекетін нығайтудың аса қиын мәселелерін шешу, Октябрь жеңістерін қорғау, социалистік құрылысты ұйымдастыру жолында жан аямай күресті. Міне осындай аса жауапты, өзекті мәселелерді шешу үстінде, В. И. Ленин социализм орнату ісінде партияның басшы және жетекші роль атқаруына, оның бірлігіне, партия тұрмысы нормаларының мүлтіксіз жүзеге асырылып отыруына, басшылықтың коллективтік принципін қатаң сақтауға, партияның бұқарамен байланысын нығайта беруге айырықша мән берді. Данышпан көсем кадрларды принципшілдікке баулады, ол жұмысшы табының жауына дегенде ымырашылдықты білмеді, оппортунистерге қарсы, марксизмді титтей де болса бұрмалаушылыққа қарсы батыл күресті, революциялық теорияны қорғап, оны творчестволықпен дамытты. В. И. Лениннің шәкірттері, қызметтес серіктері А. А. Андреев, С. М. Киров, М. И. Калинин, В. В. Куйбышев, И. В. Сталин, Н. К. Крупская, Г. М. Кржижановский өздерінің естеліктерінде Ильичтің жоғарыда аталған ауыр қызметтерді қалай атқарғанын жазады. Олар Коммунистік партияның асқан теоретигі, ұйымдастырушы көсемі, әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін қалаушы және оның басшысы болған ұлы адамның алып тұлғасын бейнелейді. Сонымен қатар, бұл естеліктерде кішіпейіл, сыпайы мінезімен, қайырымдылығымен, еңбекші бұқараға жасаған аталық қамқорлығымен халықтың сүйіспеншілігіне, құрметіне бөленген, сөйтіп сүйікті Ильич атанған В. И. Лениннің ұлы бейнесі көз алдына елестейді.

А. А. Андреев жолдас 1917 — 1922 жылдар арасында Ленинмен сан рет дидактасып, соншалық терең, естен кетпес әсер алғанын толғана жазады. В. И. Лениннің революция қарсаңында Петроградқа келуі, оны сағына күткен жұмысшы табының өз көсемін шексіз қуанышпен қарсы алуы, Лениннің апрель конференциясына қатысуы, оның революцияның даму жолдарын нақты, айқын көрсетіп беруі сияқты партиямыздың тарихындағы елеулі оқиғаларды А. А. Андреев жолдас тартымды етіп баяндайды. Ол Владимир Ильичтің Советтердің II съе-

<sup>1</sup> Владимир Ильич Ленин туралы есте қалғандар. II бөлім. Қазақ мемлекет баспасы. 1959 жыл.

зін, партиямыздың ІХ съезін, Коминтерннің екінші конгресін ұйымдастыруға, өткізуге, басқаруға белсене қатысқанын айтады.

Ойдың айқындығы, бар мәселеде тез байымдағыштық, принциптілік, жұмысты бірлесіп, ақылдасып істеудің әдеттерін қатаң сақтау, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін шапшаң танып қалуға ғажап білгірлік, зеректік, барлық мәселені қолға алысының батылдығы және жан-жақтығы, ел назарын ең маңызды мәселеге аудара білу — міне Ленин тап осындай сегіз қырлы қасиеттің адамы болған.

Ұлы Ленин өзін тыңдаған жұртты еркінен тыс еліктіріп, баурап әкететін жалынды үгітшілік, насихатшылық қасиетті, керемет ұйымдастырушылық қабілетімен шебер ұштастыра білген.

«...Лениннің қандай болғанын білгін келсе, — деп түйеді естеліктерін А. А. Андреев жолдас, — оны қимыл-харекет үстінде, өзінің ұлы істерінің үстінде елестеткің келсе, Лениннің өзін, оның мақалаларын, кітаптары мен сөйлеген сөздерін оқы, оның суреті соларға толық түскен. Оқи отырып, ойының асылы мен түйінін аңғар, баяндау әдістерін, құрыш логикасы мен ой толғауының ғажайып диалектикасын бақылап отыр. Оның образы өз еңбектерінде өмір сүреді. Өзінің күллі от жалынды мінез-бітімін, күллі революцияшыл жігерін, ішкі бар керемет күшін — осының бәрін өз шығармаларына енгізген.

...Лениннің шығармалары — ой мен өмірдің мәңгі сарқылмас мөлдір бұлағы» (47-бет).

И. В. Сталин Ленин туралы естеліктерінде оны ұлы сипатты басшы, күресте қорқуды білмейтін, партияны орыстың революциялық қозғалысының соны жолдарымен алға батыл бастайтын тауқыраны есебінде суреттейді.

В. В. Куйбышев естеліктерінен ұлы Лениннің социализмнің жанадан өрби бастаған өркендерін дамытуға, соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіріп, оның сан алуан саласын дамытуға күнделікті басшылық жасап, бақылап отырғанын көреміз.

Владимир Ильичтің жан досы, өмір серігі, жаңа социалистік мәдениетті құруда өлшеусіз көп еңбек еткен қайраткер Н. К. Крупскаяның есте қалғандарын оқығанда Владимир Ильичтің әрбір адамның жүрегіне ерекше жақын, аса ыстық, мәңгі ұмытылмас асыл қасиеттері көз алдыңнан тізіліп өтіп жатады; Горький айтқандай «бойында еңбек адамдарының жүрегі мен ықыласын өзіне тартып тұратын магнетизм сияқты бірденесі» бар Ильичтің ақ жарқын, мейірбан мінезі, кіршіксіз таза жаны, әділдігі мен адалдығы айқын көрінеді.

## II

Ұлы Ленин жас совет өкіметінің өміріне, халық пен партияның тағдырына байланысты үлкенді-кішілі маңызды мәселелерді шешуге тікелей қатысып отырды. Шетелдік басқыншылық пен азамат соғысының сұрапыл жылдарында елді жаудан қорғау жолында көп еңбек етті. Қызыл Армияны құрып, нығайту жолында, ішкі және тысқы контрреволюцияның қастандығын талқандау күресіне совет халқының күш-жігерін ұйымдастыру жолында жанқиярлықпен қызмет етіп, бұл іске үздіксіз басшылық етті. М. С. Кедровтың, В. П. Антонов-Саратовскийдің, А. Ф. Мясниковтың, С. С. Каменевтің, С. И. Араловтың, А. Д. Блохиннің және басқаларының естеліктерінде Лениннің осынау қыруар жұмысы толық жазылған.

Владимир Ильич Советтік Россия еңбекші бұқарасының халық шаруашылығын қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету, ауыр индустрияны, елді электрлендіру ісін ілгері бастыру, еңбек өнімділігін арттырып, сауданы күшейту ісіне, мәдени-құрылыс мәселесін шешу ісіне белсене араласып, оған бас-көз болды. И. И. Радченко, А. Д. Цюрупа, С. В. Малышев, А. В. Винтер, И. М. Губкин,

А. В. Луначарский, Н. А. Семашко және басқалары өздерінің мақалаларында Лениннің жаңа өмір кұрудағы ұйымдастырушылық, басшылық қызметін, мәселені қолма-қол шешетінін екжей-текжейлі баяндап береді.

1918 жылы отын өндіруді молайту ісі шұғыл қолға алынды. Өйткені елге отын жетіспеді. Шымтезек өндіру мәселесі көтерілді. Тұңғыш шымтезек шығарылатын жер — Шатура кені болды. Ленин бұл іске қолма-қол араласты. И. И. Радченко Владимир Ильичтің советтің тұңғыш Шатура электр станциясын салуға, шымтезек өндірудегі ауыр жұмысты жеңілдетіп, техника қолдануға көп күш салғанын жазады.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, азамат соғысы жылдарында азық-түлік комиссары болған А. Д. Цюрупаны «Владимир Ильич және азық-түлік саясаты» деген естелік мақаласында Октябрь революциясының алғашқы күндерінен-ақ Лениннің еліміздегі азық-түлік жағдайына қадағалап зер салғанын айтады.

Атакты геолог, академик И. М. Губкин Владимир Ильич туралы естеліктерінде кеменгер көсемнің мұнай өнеркәсібін жолға қойып дамытуға, Курскі магнит аномалиясын зерттеуге байланысты мәселелерді шешуге нақты көмек көрсеткенін еске түсіреді.

Қарт большевик, академик Кржижановский «Әрі ой иесі, әрі революционер» деген мақаласында Россияны электрлендіру жоспарын жасауға Лениннің өзі басшылық еткенін әңгіме етеді.

Ұзақ жылғы соғыстан, шетел қаракшыларының зұлымдығынан тұраларан, тоналған елде тап осындай данышпандық жоспар жасау тек Ленинге тән қасиет еді. Лениннің бұл көрегендігін сықак етіп, оны «Кремльдің қиялшысы» деп атап, «Россия тұн-түнекте» деген кітап жазған ағылшын жазушысы Уэлльстің сәуегейлігін тарихтың өзі жоққа шығарды. Қазір біздің ел электр қуатын өндіру жөнінен дүние жүзінде алдыңғы қатарлы орындардың бірін алады.

Үлкен ғалым, советтік денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушылардың бірі Н. А. Семашко, совет мәдениетінің таңдаулы өкілдерінің бірі, көрнекті мемлекет қайраткері, әдебиет сыншысы А. В. Луначарский естеліктерінен ұлы Лениннің елімізде денсаулық сақтау және мәдениет пен халық ағарту ісін көркейтуде сіңірген баға жетпес еңбегі, іс жүзінде асырған келелі жұмыстары туралы оқимыз.

### III

В. И. Ленин еліміздің шаруашылығы мен мәдениетіне нақты басшылық жасау ісін жолға қою үшін мемлекеттік аппаратты жақсартуға айрықша назар аударды. Ол мемлекеттік тәртіпке, өз міндетіне жауапсыз қарап, салақтыққа, енжарлыққа салынғандармен, төрешілдікпен, кеңсешіл қағазбастылықпен ымырасыз күрес жүргізді. Н. П. Горбунов, Л. А. Фотиева, А. И. Елизарова, Ш. М. Манучарьянц, М. А. Володичева және басқалары Лениннің бұл саладағы игілікті істерін тебірене еске түсіреді.

Владимир Ильич қызметтес кісілерге қатал талап қойған. Әр істің тынғылықты орындалуын қадағалап, мұқият зер салған. Бұл жөнінде 1917 — 1918 жылдары Лениннің хатшысы болған Н. П. Горбунов былай деп жазады:

«Владимир Ильич жұмыс жөнінен талапты мейлінше қатты қоятын, ең ұсақ деген істің өзін де ғажап қадағалап, ақырына дейін жеткізетін, істің орындалуын сан рет тексеретін, мысалы, жіберген пакеттің жеткенін телефон арқылы өзі сөйлесіп, анықтап отыратын, керемет наулық, ұқыпсыздық біткенді қатал шенеп, айыптыларды әшкерелеп отыратын, былықты, жұмысқа шалағайлықты, салдыр-салақтықты, мәдениетсіздікті сан рет мінеп, бетке басып отыратын. Бірақ мұны

Владимир Ильич сондай шебер істей білетін, сондықтан оны ешкім ешуақытта қорлық деп сезбейтін» (65-бет).

Қарауындағы қызметкерлерге қатал талап қоя отырып, Ильич өзіне де мейлінше қатал талап қоя білген. Ол ешқашан да қызмет бабын пайдаланбаған, орнатылған тәртіп, заң дегеннің бірде-біріне немқұрайды қарап, нұқсан келтірмеген. Оның Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысына жазған хаты жұртшылыққа мәлім. Бұл хатта Владимир Ильич өзінің, Халық Комиссарлары Советі Председателінің жалақысын ешкіммен келіспей өз бетінше, заңға қайшы 500 сомнан 800 сомға көбейткені үшін В. Д. Бонч-Бруевичке қатан сөгіс жарияларан.

В. И. Лениннің ескі, төрешіл мемлекеттік аппаратты қиратып, басқару ісіне қалың еңбекшілерді қатыстыру негізінде жаңа советтік аппаратты құруға көп күш-жігер жұмсағаны мәлім. Бұл жөнінде Л. А. Фотиева қызғылықты естелік жазған.

1919 жылы 6 январьда Ленин Курскінің Төтенше комиссиясынан Москваның ашыққан 120 жұмысшысына көмек етпей, оларды құр қол қайтарғаны үшін азық-түлік қызметкері Коган дегенді жедел қамауға алуды талап еткен. Ол іске жеңіл-желпі қарап, бойкүйездікке салынғандарға, жұмысшыға жәрдем ете білмегендерге қолданылатын шара әруақытта қатан болады деп ескертеді.

Аса маңызды, жауапты мемлекеттік, тіпті дүниежүзілік маңызы бар саяси мәселелермен шұғылдана отырып, Ленин ағымдағы уақ жұмыстан қол үзбеген, түрлі ұсыныспен, шағыммен, үлкенді-кішілі іспен келген адамдарды кідіртпей қабылдап, олардың сөзін асықпай тыңдап, мұқтажын өтеп жіберуге ұмтылған. Ильич талай адамды қабылдап, сөйлескен, жұмысшы мен шаруаны, қызыл әскерді, партия, совет қызметкерлерін, ғалым мен журналисті, саяси қайраткерді, инженер мен жазушыны, дәрігерді Ленин қадірлі қонағындай қарсы алып, олармен ең жақын досындай сыр шертісіп, әңгімелеседі екен.

Қарт коммунист М. Н. Скрыпник «Шаруа өкілдер Смольныйдары Ильичтің қабылдауында» деген естелігінде халықтың нағыз ортасынан шыққан, көсемнің бұқарамен тығыз байланысты адам болғанына тоқталады. «Бұл бір Ленинге келушінің ағылып жататын кезі еді, — дейді Скрыпник жолдас, — күн сайын ертеден кешке дейін Владимир Ильичті көруге жер-жерден келген ондаған адам тұратын... Қаншама жалынғанға қарамастан, делегаттар Ленинді тым болмаса, алыстан да болса, бір көрмей, қайтпай қоятын. Кейбіреулер қабылдаудан кейін қолына хатшының атынан «қағаз» берілуін сұрайтын. Ол «қағазда» Лениннің қабылдағаны рас деп жаз деген талап қоятын. Көбіне мұндай қағаз шаруа өкілдеріне берілетін. Ондай өкіл-шаруалар әлгі қағазды дұғалықша қасиеттеп, таза шүберекке орап, қойнына тығып алатын. Ленинді көзімен көріп оның кеменгерлік ақылын есітіп қайтқан шаруа-өкілдер ол кезде селодағы бірінші кісі болып есептелетін. «Ленинге жолығып, онымен сөйлескен» «адамның сөзін естуге деревня кедейлері ағылып баратын» (84 — 85-беттер).

Ильичтің қуанышпен, мейірлене қарсы алғанын көрген шаруалар оның хал-ахуалын, жай-жапсарын біліп, қамын жеуге тырысады екен. Олар тіпті Лениннің тамағы қалай екенін қадағалап сұрайтын болған. Міне мұнан халықтың көсемге, көсемнің халыққа деген шексіз сүйіспеншілігін байқаймыз.

#### IV

Адамзат тарихындағы тұңғыш социалистік мемлекеттің басшысы, дүниежүзілік жұмысшы қозғалысының екпінді бригадасы атанған даңқты Коммунистік партияның ұлы көсемі Ленин мейлінше қарапайым, кішіпейіл, ғазиз жан болған. Ол қарауындағы қызметкерлері-

не, үзегілес жолдастарына, үй ішіне мейірбан, бауырмал, жаныашыр дос, ұстаз болған. П. Д. Мальковтың, М. И. Ульянованың, В. Н. Розановтың, В. Д. Бонч-Бруевичтің, А. М. Сысоеваның, Н. В. Крыленконың, Я. Э. Рудзутақтың, С. К. Гильдің, Н. И. Альтманның, И. И. Борисовтың және басқа көптеген авторлардың мақалаларында В. И. Лениннің үй ішінде жүргендегі мінез-құлқы, кішіпейілдігі, балаларды жанындай жақсы көретіні сөз болады.

В. И. Лениннің замандас достарына деген қамқорлығын оның Горькийге жазған хаттарынан айқын сеземіз. Бұл екі ұлы адам қиыспас дос болды. Ильич Горький бастаған істің бәрін қолдап, оның жемісті жұмыс жасауына, денсаулығына үнемі зер салып отырды. «Алексей Максимович көбіне Владимир Ильичтің пәтеріне келетін,—деп жазады М. И. Гляссер.— Ал кейде Владимир Ильич оны өзінің кабинетінде қабылдайтын. Горький Петроградтан келер қарсанда-ақ әдетте Владимир Ильич хатшысын шақырып алатын да, қуанышқа кенеліп былай дейтін: «Ертең таңертең Горький келеді, оған менің машинамыды жіберіңіз, әрі Алексей Максимовичтің пәтерінде өзі келгенге дейін керегінің бәрі әзір болу жағына қам жасаныз, үйі жылы ма, отыны бар ма, біліңіз дейтін еді» (465-бет). Мұндай мейірбан жақындықты, аса ыстық дос пейілін Ильичпен қатар жүрген серіктері, шәкірттері жақсы білетін болған.

Владимир Ильич мейлінше жайдары, кішіпейіл, әдепті кісі болған. Үлкен-кіші демей, шен-шекпеніне қарамай жұрттың бәрімен жарқылдап ашық сөйлеседі екен. Оның қарапайымдығын мынадай бір жайдан айқын көруге болады:

«Бірде Владимир Ильич,—дейді В. А. Карпинский,— Кремльдің бүйіріндегі тар баспалдақпен үшінші қабатқа көтерілді. Бір мезгілде баспалдақтың айналмасында қолында шелегі мен шылапшыны бар төмен түсіп келе жатқан үй сыпырушы әйел Бурилина жолдасты көріп қалды. Ленинді көріп, ол сасып қалды да, кейін қарай қайта көтерілуге ыңғайланды. Бірақ Владимир Ильич оны тоқтатып былай деген:

— Жоқ, жоқ, жолдас, оныңыз не, оның үстіне жүгіңізбен тағы жоғары көтерілудің керегі қанша? Міне, көріңізші, мен мына бұрышқа былай тығыла тұрам, сонда сіз өтіп кете аласыз» (785-бет).

Міне, мұнан Владимир Ильичтің қарапайым адамға деген дос пейілін, қадір-құрметін айқын көреміз. Немесе мынадай бір мысалды алайық, 1922 жылы мартта В. А. Карпинскийдің сұрауы бойынша Владимир Ильич «Беднота» газетінің төртжылдық мерекесіне мақала жазады. Мақаламен бірге ол алақандай қағазға хат жазып, өзінің сырқатын ескерте келіп былай дейді: «Сондықтан, «Беднотаның» төртжылдық мерекесіне жөндем ешнәрсе жаза алмаймын. Лайығы болса, осы ұсынып отырғанымды басарсыз, лайығы болмаса,—корзинаға тастай салғаннан артығы жоқ. Сіздің Ленин». Мұндай қарапайымдылық Лениннің қадірмен қасиеттерінің бірі еді.

## V

В. И. Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысын терең зерттеп, оның барысына, мән-жайына зор ықыласпен көңіл бөліп отырды, бұл қозғалыстың келелі міндеттерін көрегендікпен белгілеп берді. Кітапта В. И. Ленин туралы халықаралық жұмысшы қозғалысы мен коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткерлері жазған естеліктер бар. Мысалы, К. Цеткиннің, Б. Шмеральдің, У. Галлахердің, М. Кашеннің, Хр. Кабакчиевтің, А. Запотоцкийдің, Цюй Цю-боның, Сен-Катаяманың, Д. Джерманеттоның естеліктерінде Ильичтің пролетарлық интернационализмнің принциптерін табандылықпен қорғағаны, жұмысшы табы бірлігі болуын, Коммунистік партиялардың принципті және икемді

саясаты болуын, олардың еңбекші бұқарамен байланысты нығайтуының қажеттігін табандылықпен көрсеткені айтылады.

Чехословак жұмысшы табы мен Коммунистік партиясы басшыларының бірі Антонин Запотоцкий 1920 жылы жазда Коминтерннің конгресіне қатысқанда Ленинмен диалогтасып әңгімелескенін еске түсіреді. «Июнь күндерінің бірінде, — дейді ол, — қонақ үйге келген едім, маған Кремльдегі Ленин жолдасқа баратын болдық, ол чех делегаттарын шақырып жатыр деп хабарлады. Бұл шақыруды естіп, төбеміз көкке жеткендей болдық. Чехословакиядан делегат болып келген біздерге бұлайша әдейі елеп, көңіл бөліп отырғанда, қалай қуанбасын. Басқа елдерден келген көп делегаттар, сөз жоқ, бізге қызғанышты көзбен қарады. Мен сасып та қалдым. Ленинмен қалай және не жайында сөйлеспекпін? Өзім болсам, социал-демократиялық партияның көмірлі Қладнодан келген қатардағы қызметкерімін! Біздің ат төбеліндей Чехословакиядан Ленин көңіл аударар қойғандай не бар?»

Лениннің жұмыс істейтін кабинетінің алдыңғы бөлмесінде отырғанның өзінде де осы ойлардың соңында болдым. Бірақ бұл күдіктерімнің бәрі де бекер болып шықты. Ленин біз туралы көп біледі екен» (598-бет).

Британия компартиясының қарт қайраткерлерінің бірі У. Галлахер өз естелігінде Британияда компартия құру туралы Ленинмен әңгімелескенін айта келіп, оның көрегендігін, ақылшы ұстаз екенін баса көрсетеді. «Мен ешуақытта да бұл сияқты әңгіме естіп көрген емен, — деп жазады ол. — Ленинді ойлағанда менің есіме революциядан бөтен, қаншалық қиынға түскенімен де оны ілгері бастырудан бөтен ешнәрсе түспейтін болды. Меніңше, бұл лениндік ұлы даналықтың негізгі қасиеті еді: ол ешқашан да өз басы туралы ойламайтын, ол күрестің жан жүрегі еді, және қайда да болсын ұлы сенімнің дем беруші күшін өзімен бірге ала жүрді». (584-бет).

Естеліктер жинағы екінші бөлімінің аудармасы жалпы жақсы. Шынында да білім дәрежесі, мамандығы, жазу мәнері, тіл стилі әрқилы ондаған авторлардың тебірене, толғана жазған естеліктерінің маңызын, мазмұнын, қадір-қасиетін әлсіретпей, жоғалтпай, қазақ оқушыларының көкейіне қона кететіндей, көңіліне ұялайтындай жатық, ұғымды етіп аудару оңай жұмыс емес. Ал аталған жинаққа енген мақалалардың көбі қазақ оқушысының ұғуына жеңіл, түсінікті аударылған, біздің ана тілімізде де қысылмай-қымтырылмай еркін сөйлеп тұр.

Алайда В. И. Ленин туралы естеліктер жинағындағы бірсыпыра мақалалар аудармасында елеулі кемшіліктер бар. Мұндай кемшіліктер, әсіресе Н. П. Горбуновтың, Л. А. Фотиеваның, М. С. Кедровтың, Г. Н. Воеводиннің және басқалары естеліктерінің аудармасында кездеседі. Бұл мақалалардың аудармасы шалағай, оқуға қиын, түп нұсқамен дәлме-дәл, сөзбе-сөз келгенімен, қазақ тілінің ерекшелігі ескеріле бермегендіктен, илеуі қанбай сіресіп, шытырлап тұр.

Бірнеше мысал келтірейік: «Осындай әңгімелері арқылы, өз басына ғана тән ерекше бір сезігі арқылы Владимир Ильич коллективтік ой пікірді, бұқараның тәжірибесін бойына сіңіріп, керемет миына толғатып, әбден саралап, сонап, оны ұлы ұрандарға айналдыратын». (64-бет). Аудармашының олақтығынан бұл сөйлем түсініксіз, шұбаланқы болып кеткен; мұндағы әрбір сөз өзара қабыспай, әрқайсысы әржаққа ала қашып тұр, оқушының көңіліне қонбайды.

«Владимир Ильичтің адамдар жайында қандай үздіксіз қамқорлық көрсеткені көпке аян. Ал бұл қамқорлық үлкен болатыны өз алдына, сонымен қатар ол сол көрсетілген адамның күллі мұң-мұқтажына жете, сыпайы түрде және шектен тыс көңіл бөлу түрінде жасалған қамқор-

лық болатын» (242-бет) деген сөйлем де тек әшейін зорлықтың күшімен аударылған.

Аудармашы ана тілінің мол сөз қазынасын көзін тауып пайдалана алмағандықтан, шалағайлықтан, «Ленин то и дело вставлял свои замечания, иногда с иронией говорил: «Ну, ну, смотрите, не особенно раздражайте крепкого сибирского мужичка. Да и казаков привлекайте с толком, а то они вас там сомнут. С патрохами проглотят...» деген сөйлем «Ленин сөз арасында ескертулерін айтып, кейде әзілдеп былай дейді: «Ой, ой, байқандар, мығым сибирь мұжығының ызасына онша қаты тие бермеңдер. Ал казактарды да еппен тартыңдар, өйтпегенде ол жерде сендерді омырып жібереді. Бітеудей түк қалдырмастан жұтып жібереді». (269-бет) деп алынып, қазақшасында бар ажар-көркінен айрылып, жүдеп кеткен.

\* \* \*

В. И. Ленин туралы екі томдық естеліктер жинағының шығуы — республикамыздың рухани өміріндегі елеулі оқиға. Бұл жинақтан халықтың қалың бұқарасы, жас буын ұрпақ данышпан көсемнің, біріміздің әкеміз және ақылшы досымыз Владимир Ильич Лениннің мәңгі жасайтын алып тұлғасын, жарқын бейнесін көреді. Олар Ленин туралы есте қалғандар жинағын оқи отырып, жаңа өмір орнатуды, коммунистік құрылыстың ұлы істеріне шын жүректен беріліп, белсене қатысуды және басқа ізгі қасиеттерді үйренеді.

Э. ЖҰМАБАЕВ.



# Партия тұрмысының хабарлары

## БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ МӘЖІЛІСІ

Таяуда Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті өнеркәсіпорындары мен сауда мекемелері бастауыш партия ұйымының жанында құрылған бақылау комиссиялары председателдерінің мәжілісін өткізді. Мұнда әкімшілік жұмыстарын бақылай бастаған комиссиялардың тұңғыш тәжірибелері жинақталды. Мәжіліске қатысушылар бақылау комиссияларының алғашқы жұмыстарының жақсы нәтиже беріп отырғанын атап көрсетті. Бақылау комиссияларына қатардағы белсенді коммунистер мен жұмысшылардың тартылуы әкімшілік жұмысына төменнен болатын қадағалауды күшейтіп отырғаны баса айтылды.

Бақылау комиссиясы председателдерінің мәжілісінде сөйлеген 9 шешен партиялық бақылаудың бұл формасының ықпалды екенін нақты дәлелдеді. Ал, Лениногор полиметалл комбинаты байыту фабрикасы бастауыш партия ұйымының секретары Пальчиков жолдас: партия ұйымдары жанынан әкімшілік жұмысына бақылау жасайтын комиссиялар құру шаруашылыққа басшылық етудің, сондай-ақ партия тұрмысы нормаларының лениндік қағидаларын дұрыс қолдануға мүмкіндік берген жаңа камқорлық деді. Ол партия ұйымы жанынан құрылған үш комиссия жұмысының тиянақты нәтиже бере бастағанын айтты. Өндіріске жаңа техника мен автоматиканың енгізілуін бақылайтын комиссия, өндіріске енгізуге жобаланған 33 жаңа ұсыныстың пайдалану барысын тексерген. Комиссияның қорытындысы бойынша партия ұйымы бұл ұсыныстардың өндірісте сыннан өткізілуін тездететін шаралар белгілеген.

Алтай қорғасын құрылысы тресінің құрылыс материалдарын пайдалануды бақылайтын комиссиясының председателі Хохлов жолдас комиссия құрылыс материалдарын жұмсаудың тәртібін тексергенде көптеген кемшіліктердің беті ашылғандығын мәлімдеді. Содан кейін

партия ұйымы ол кемшіліктерді дереу жоюды қолға алған.

Мәжілісте, сондай-ақ партия ұйымдары жанынан құрылып жатқан комиссияларға іскерлік қабілеті мол, беделді, принципшіл партия мүшелері мен кандидаттарын, сол сықылды өнеркәсіп пен сауданың белсенді, озат активтерін тартудың орнына, кім көрінгенді ұсыну сияқты елеулі кемшіліктің барлығы сөз болды. Мысалы, қалалық сауда бөлімінің Аблакет бөлімшесіндегі партия ұйымы жанынан құрылған товардың тұтынушыларға дер кезінде жеткізілуін бақылайтын комиссияның құрамына ол жұмысқа қатысы шамалы 3 адам — 2 пенсионер, 1 үй шаруашылығындағы әйел сайланған.

Мәжілісте бақылау комиссияларына қандай зор міндеттер жүктелетіндігі, оның құрамына қандай кісілерді сайлауға болатыны жөнінде толық түсінік берілді.

## РАЦИОНАЛИЗАТОРЛАР ҚОРЫ

КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумынан кейін Жезқазған кәсіпорындарында өнертапқыштардың техниканы ілгері дамытуды барынша жылдамдатуды көздеген жаңа ұсыныстары көбейе түсті.

Сондай ұсыныстың бірін № 45 шахтаның бас механигі Ю. Баширов жолдас енгізді. Ол алдағы жеті жылда өндірісте қолданылған жаңа ұсыныстар есебінен түскен қаржыдан рационализаторлардың арнаулы қорын жасау қажеттігін айтты. Өз басы 1965 жылға дейін осы қорға екі миллиард сом ақша үнемдеп қосуды үлесіне алды. Ю. Баширов жолдастың мұндай ұсынысын көптеген кеншілер құп алып қызу қуаттады.

Жезқазған қалалық партия комитетінің жақында болып өткен бюросы Баширов жолдастың бұл патриоттық бастамасын қостап, қалалық газет редакцияларына жаңа бастаманы жақтаушылардың үлгісін үзбей тиянақты жазып отыруды тапсырды.

## РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:

Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

11/IX-1959 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70 X 100/16 — 3,5 к. — 9,59 авт. т.

УГО1001. Тиражы 16 200. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 676.

1049976